является недостаточное владение языковой картиной мира изучаемого языка, а также разница между языковой картиной мира изучаемого языка и родного языка. Было выявлено, что механизм формирования языковой картины мира происходит в актах мышления, где осуществляется переработка информации об окружающем мире. В сознании же человека формируется целостная картина мира, которая в значительной мере детерминирует поведение человека. Такие понятия как знания, убеждения, мнения и оценки играют существенную роль в создании картины мира. Сформировавшаяся в результате такой деятельности картина мира в дальнейшем процессе жизнедеятельности постоянно дополняется и модифицируется. Согласно мнению В. И. Постоваловой, следует выделить критерии оценки картины мира: ее адекватность действительному миру, оптимальность выбора ракурса для отображения человеческой жизнедеятельности, гармоническое равновесие между миром и человеком.

Суммируя сказанное, можно считать, что под картиной мира в лингвистике понимают 1) совокупность знаний о мире, которая приобретается в деятельности человека, 2) способы и механизмы интерпретации новых знаний.

Наиболее ярко языковую картину мира народа отражает фразеология. Фразеология, метафорические, синонимические средства выражения – все это относится к тем участкам языковой картины мира, которые несут в себе национальную ментальность носителей языка. Фразеологизмы являются «зеркалами жизни нации», это обусловлено тем, что они связаны с фоновыми знаниями носителей языка и с их культурно-историческими традициями, практическим опытом. По мнению Ф.И. Буслаева, фразеологизмы являются своеобразными микромирами, которые содержат в себе «и нравственный закон, и здравый смысл, выраженные в кратком изречении, которые завещали предки в руководство потомкам» [1]. Фразеологизмы, являясь фрагментами языковой картины мира, не просто описывают мир, а оценивают, интерпретируют и выражают к нему субъективное отношение. Профессор В. Н. Телия считает, что фразеологический состав языка – это «зеркало, в котором лингвокультурная общность идентифицирует свое национальное самосознание» [4].

В качестве сравнения были выбраны фразеологизмы с их частичными лексическими соответствиями на русском, английском и китайском языках (таблица 1).

Таблица 1 – Анализ лексических соответствий фразеологизмов

<i>As hungry as a lion</i>	Голодный как волк	狼吞虎咽 (<i>lang tun hu yan</i>)
<i>Owl train</i>	Ночной поезд	夜火车 (<i>ye huo che</i>)
<i>Owl car</i>	Ночное такси	夜出租车 (<i>ye chu zu che</i>)
<i>Kill two birds with one stone</i>	Убить двух зайцев одним выстрелом	一举两得 (<i>yi ju liang de</i>)
<i>It's pouring cats and dogs</i>	Льет как из ведра	倾盆 (<i>qing pen</i>)
<i>The bird of peace</i>	Голубь мира	和平鸽 (<i>he ping ge</i>)

Из вышеприведенных примеров, можно сделать вывод, что эквиваленты в фразеологизмах во всех трёх языках частично схожи. Например, «*as hungry as a lion*» – «голодный как волк», «狼吞虎咽» (*lang tun hu yan*), «*the bird of peace*» – «голубь мира». Но также имеются и различия: «*kill two birds with one stone*» – «убить двух зайцев одним выстрелом» – «箭双雕» (*yǐ jiàn shuāng diāo*). В данном примере различие в эквивалентах наблюдается только в русском языке. В русском языке основной эквивалент «заяц», в английском «*bird*» – «птица», в китайском «箭» – «стрел». Следует сделать вывод, что посредством использования фразеологизмов можно раскрыть языковую особенность нации, познать способность социального общения страны изучаемого языка.

ВЫВОДЫ

В сегодняшнем мире изучение иностранных языков важно не только само по себе, но и как средство постижения менталитета и культуры других народов.

Языковая картина мира отражает в себе национальный менталитет народа, его историю, культуру, традиции. Петр Вяземский писал: «Язык есть исповедь народа: в нем слышится его природа, его душа и быт родной». Языковые картины мира имеют общую основу у всех языков мира, однако они отличаются специфичностью в каждом отдельном языке. Различия в языковых картинах мира приводят нас к разным ментальным мирам. Национальная ментальность народа проявляется абсолютно во всем: в лексике, грамматике, прагматике, семантике языка. Можно закончить словами С. Г. Терминасовой: «Язык фиксирует далеко не все, что есть в национальном видении мира, но способен описать все» [5].

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ

- 1 **Буслаев, Ф. И.** Русские пословицы и поговорки, собранные и объясненные. – М. : Русский язык, – 306 с.
- 2 Вильгельм фон Гумбольдт Избранные труды по языкознанию. – М. : Прогресс, 1984, – с. 345.
- 3 **Каменская, О. Л.** Текст и коммуникация. М., 1990.
- 4 **Телия, В. Н.** Русская фразеология. Семантический, прагматический и лингвокультурологический аспекты. – М. : Школа Языки русской культуры, 1996. – 288 с.
- 5 **Терминасова, С. Г.** Язык и межкультурная коммуникация : Учебное пособие. – М. : Слово/Slovo, 2000. – 624 с.
- 6 **Malinowski, V.** / The problem of primitive languages // Ogden C. K., Richards J. A. The meaning of meaning. 3rd ed. – L., 1930. – P. 296–336.

Материал поступил в редакцию 03.04.20.

Г. Б. Жумабекова¹, А. А. Капезова²

Тіл әлемдік бейне, ойлау және ұлттық менталитеттің негізі құралы ретінде

^{1,2}Педагогикалық шет тілдер факультеті,
Абылай хан атындағы Қазақ Халықаралық Қатынастар
және Әлем тілдері университеті,
Алматы қ., 050022, Қазақстан Республикасы.
Материал 03.04.20 баспаға түсті.

G. B. Zhumabekova¹, A. A. Kapazova²

Language as the main tool of reflection of world views, thought and national mentality

^{1,2}Teacher Training Faculty of Foreign Languages,
Kazakh Ablai Khan University
of International Relations and World Languages.
Almaty, 050022, Republic of Kazakhstan.
Material received on 03.04.20.

Мақалада мемлекеттік қайраткерлердің ой-пікірлері негізінде тілдің әлемдік бейнемен, ойлау және Ұлттық менталитетпен өзара байланысы туралы мәселелер қарастырылады. Оқылатын тілдің коммуникативтік кедергілерінің пайда болуының негізгі себептері мен мәселелерін ашуға әрекет жасалды. Әлемнің тілдік

суретін қалыптастыру механизміне ерекше көңіл бөлінеді. Әлемнің тұтас тілдік бейнесін қалыптастыру үшін әр түрлі халықтардың фразеологизмдерін зерттеу мен қолданудың маңыздылығы ашылады. «Әлем бейнесі» концептісін неғұрлым толық түсіну үшін салыстыру ретінде орыс, ағылшын және Қытай тілдеріндегі фразеологизмдер мысалдары ұсынылды. Тіл әлем мен мәдениетті көрсетеді, сондай-ақ тіл тасымалдаушыларды қалыптастырады деген объективті дәлелдер келтіріледі. Тілдің грамматикалық құрылысы менталитетті айқын көрсетеді деген идея негізделген, өйткені ол бізге ойлаудың ішкі ұйымдастырылуы туралы түсінік береді. Ана тіліндегі тіл мәдениеті де елеулі өзгерістерге ұшырайды деген көзқарастар баяндалады. Бұл модальды білдіру құралдарының кең палитрасы, бағалаулар мен пайымдауларда үзілді-кесілді болдырмауға ұмтылу қолданылуымен байланысты. Бүгінгі әлемде шет тілдерін үйрену тек қана өзі ғана емес, сонымен қатар басқа халықтардың менталитеті мен мәдениетін ұғыну құралы ретінде де маңызды деп пайымдауға болады.

The article discusses the relationship of language with the picture of the world, thinking and national mentality on the basis of statements and opinions of statesmen. An attempt is made to reveal the problem and the main causes of the communicative barrier of the studied language. Considerable attention is paid to the mechanism of formation of the language picture of the world. The importance of studying and applying phraseological units of different nationalities for the formation of a holistic linguistic picture of the world is revealed. For a better complete understanding of the concept of «picture of the world» were presented comparative examples of phraseological units in Russian, English and Chinese languages. Objective arguments are given that language reflects the world and culture, as well as forms native speakers. The idea substantiates that the grammatical structure of the language most clearly reflects the mentality, as it gives us an idea of the internal organization of thinking. Views are expressed that the language culture in the mother tongue is also undergoing significant changes. This is due to the fact that a wider palette of means of expressing modality is used, the desire to avoid flatness in assessments and statements. It can be assumed that in today's world the study of foreign languages is important not only in itself, but also as a means of understanding the mentality and culture of other people.

Г. А. Жумабекова¹, Р. М. Муталиева²

¹PhD, қауымд. профессор, Гуманитарлық-педагогикалық факультеті, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ., 140000, Қазақстан Республикасы;

²ф.ғ.к., профессор, Гуманитарлық-педагогикалық факультеті, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ., 140000, Қазақстан Республикасы

e-mail: ¹zhumabekova.gaukhar@mail.ru; ²raushan_mutaliev@mail.ru

ӘБІШ КЕКІЛБАЙ КӨСЕМСӨЗІНДЕГІ ТӘУЕЛСІЗДІК ТОЛҒАУЫ

Ә. Кекілбайдың тәуелсіздік тақырыбындағы көсемсөзінде қазақ елінің кешегісі (отар ел), бүгінгісі (тәуелсіз ел), келешегі (дамыған ел), ел мен жер философиясы жан-жақты талданып, жаңаша байламдармен тұжырымдалады. Қазақстанның тәуелсіздікке қалай қол жеткізгені, әлемдік тарихпен сабақтастыра отырып, жетпіс жыл бойы Қазақстанның қызыл империядан көрген зорлығы құр жалаң сөзбен емес, нақты фактілермен дәйектеледі. Отаршылдықтың зардабы қазақ қоғамына қаншалықты зиян тигізгенін ашып айтады. Әбіш Кекілбайдың тәуелсіздік толғауы туралы мақалаларының ұлттық аяда шектеліп қалмай, дүниежүзілік тарихи үдеріспен байланысты сыр-сипаты ашылады. Қаламгердің публицистикасында тарихи мәліметтер, цифрлық деректер мен ғылыми фактілердің көптеп кездесетіндігі мысалдармен беріледі. Ә. Кекілбайдың кеңес өкіметі кезіндегі қазақ ұлтын ұлтсыздандыру үшін жасалған амалдар сипатталады. Публицистің тәуелсіз қазақ елінің дамуы туралы ұсыныстары талданады. Қаламгердің көсемсөзіндегі ерекшеліктеріне де баса назар аударылады.

Кілтті сөздер: көсемсөз, тәуелсіздік, толғау, тарих, ұлттық сана, ерекшеліктер, ауызбіршілік.

КІРІСПЕ

Әбіш Кекілбай – Қазақстанның Халық қаһарманы, Қазақстанның халық жазушысы, Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының бұрынғы спикері, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері.

«Ғасыр соңындағы елдегі түбегейлі өзгерісті талдап-таразылап, халық санасына қопарып жеткізу бақыты қаламгер Әбіш Кекілбайдың еншісіне бұйырды» [1, 436 б.].

Қазақ көсемсөзінің жаңа дәуір өрісінде Ә. Кекілбай замансөзінен ғылыми-танымдық сипат аңғарылады.

Әбіш Кекілбайдың тәуелсіздік және тіл туралы жазған көсемсөзін тақырып ретінде алу себебіміз – оның көсемсөзінде қазақ елінің кешегісі (отар ел), бүгінгісі (тәуелсіз ел), келешегі (дамыған ел), ел мен жер философиясы жан-жақты талданып, жаңаша байламдармен тұжырымдалуында дер едік.

Көсемсөзінің Қазақстанның тәуелсіздікке қалай қол жеткізгенін, әлемдік тарихпен сабақтастыра, шешендік тілмен жазғанын, жетпіс жыл бойы Қазақстанның қызыл империядан көрген зорлығын құр жалаң сөзбен емес, нақты фактілерді сөйлеткенін талдау.

Ғалым А. Сейдімбек «Біртуар» мақаласында: «Әбіштің бірегейлігі үш салада айрықша жарқырап, шапағаты мол өреде көрінеді деп ойлаймын. Бірінші, Әбіш – суреткер. Екінші, Әбіш – мемлекет және қоғам қайраткері. Үшінші, Әбіш – нағыз даңғыл көкірек, шешен публицист. Әбіштің шешендік-публицистік қасиеті болса, мұнысын шын мәнінде ерекше құбылыс деуге болады. Меніңше, мұның сыры Әбіштің қоғамдық ғылымдар саласындағы энциклопедиялық-академиялық білім өрісінің биіктігінен деп ойлаймын. Тәңір шебер Әбішке сол білгендерін еліміздің кешегі, бүгінгі және болашақтағы тағдыр талайымен шендестіре ала алатын сараптамалық (аналитикалық) зерде берген. Бәлкім, даналық дегеніміздің өзі осы болар» [2, 175 б.], – деп шабыттана толғайды.

Энциклопедиялық шалқар білімді игерген Әбіш Кекілбайдың «Тәуелсіздік және тіл» көсемсөзінің өзектілігі – қазақ елінің КСРО құрамына енген дәуірдегі ұлтсыздандыру саясатына қалай ұшырағанын нақты дәйекпен әшкерелеу және әлемге таныту. Тұтастай алғанда, бұрынғы тарихи қателіктерге ұрынбай, тиісті қорытынды шығарып, дамудың сара жолына түсу үшін Әбіш Кекілбай шығармашылығындағы көтерілген қоғамдық-әлеуметтік, мәдени-рухани мәселелерге қатысты ұсыныстарын зерделеу және оның шешендік өнері мен тілінің образдылығын, ойшылдық қыры мен саяси көрегендігін саралап, таныту. Біз талдап таразылаған мәселелер бізге дейінгі зерттеулерде қарастырылмағанын ескерткіміз келеді.

Тақырыптың мақсаты – Қазақстанның тәуелсіздігі және тіл мәселесіне байланысты Әбіш Кекілбай көсемсөзінің ұлттық ерекшелік белгілерін ашу дер едік. Бұл мақсатқа жету үшін мынадай міндеттерді алға қоюды жөн санадық:

– Әбіш Кекілбайдың тәуелсіздік және тіл туралы мақалаларының ұлттық аяда шектеліп қалмай, дүниежүзілік тарихи үдеріспен байланысты сыр-сипатын ашу;

– оның публицистикасында тарихи мәліметтер, цифрлық деректер мен ғылыми фактілердің көп келтірілетінін көрсету;

– Әбіш Кекілбайұлы көсемсөзінде ойды жеткізуде образды, шешен сөздердің ерекше роль атқаратынын талдау;

– кеңес өкіметі кезіндегі қазақ тіліне жасалған қиянатты көрсету;

– кеңес өкіметі кезіндегі қазақ ұлтын ұлтсыздандыру үшін жасалған амалдарды ашып көрсету;

– қаламгердің тәуелсіздіктен кейінгі ана тілімізді қалпына келтіріп, дамытудағы ұсыныстарын қарастыру;

– тәуелсіз қазақ елінің дамуы туралы публицистің ұсыныстарын қарастыру» [3, 84 б.].

Біздің зерттеуімізге дейін Әбіш Кекілбай туралы Б. Жақыптың «Қазақ публицистикасының қалыптасу, даму жолдары (генезис, эволюция, поэтика)», М. К. Абдраевтың «Әбіш Кекілбайұлының публицистік шеберлігі», С. Ғұбайдуллиннің «Әбіш Кекілбаев прозасының тілі», Ж. Дүйсенбаеваның «Әбіш Кекілбаев шығармаларындағы тарих тағылымы» атты кандидаттық диссертациялар қорғалды. Осы зерттеулердің ішінде біздің тақырыпқа жақын келетіні М. К. Абдраевтың зерттеуі. Бұл зерттеуде Әбіш Кекілбайдың журналистік қызметіне толық тоқталады, оның кезеңдерін ашып көрсетеді. Жазушының көсемсөзіне тән стильдік ерекшеліктерді атап өтеді.

Ә. Кекілбайдың «Тәуелсіздік толғауы» деп аталатын мақалалар жинағына мынадай тақырыптар енген: «Медет етсек бір мезет», «Азаттық төркіні алыста», «Елдіктің ежелгі сүрлеуі», «Тәрік болған тәуелсіздік», «Қайта оянған үміт», «Күрмеуі мол күрес», «Тәуекелге мінер кезең», «Тізгін қолға тигенде».

Мақалалары бір-бірімен мағынасы жағынан байланысып, жалғасып жатады. Автордың «Тіл және тәуелсіздік» деп аталатын келесі бір жинағында мынадай тақырыптар қамтылған: «Өңгімені әлімсақтан бастасақ», «Өшпенділік өзгешелікті өгейсітуден басталады», «Әлімжеттік пен әділет», «Заманнан заман оралған», «Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ», «Ұлт бостан болмайынша, адам бостан бола алмайды», «Тіл мерейі – ел мерейі».

С. Абдрахманов «Сардар. Ділмар. Елдар» мақаласында «Тіл және тәуелсіздік» толғауындағы этнология, ұлттық даму, демографияны тақырып ретінде жеке-жеке жіктеп көрсетеді [2, 180 б.].

Жазушы тақырыптарды жүйелі түрде баяндайды. Көсемсөзші осы мақалаларында жалпы тәуелсіздіктің бүкіл адамзатқа қажет екенін айту үшін әңгімені тіршіліктің жаратылуынан бастайды. Қазақстанның тәуелсіздігін айту үшін әлемдік масштабтағы жалпы жаулап алушылық, отаршылдық, зорлық-зомбылық мәселелерін қозғайды, КСРО кезіндегі саяси идеологияға және Қазақстанның сол кездегі тарихи оқиғаларына сараптама жасайды.

Біздің зерттеуіміздің маңыздылығы көсемсөзшінің осы талдауларында ашылады.

Ә. Кекілбай көсемсөзінде Қазақстанның жетпіс жыл бойы отар ел болуына байланысты дүниежүзілік тарих, саясат туралы көптеген фактілер келтіріледі. Бұдан қаламгердің аналитик көсемсөзші екені анықталды. Ол Қазақстанның тәуелсіздікке қалай қол жеткізгенін айту үшін қызыл империяның саяси бет-бейнесін ашып береді. Қызыл империяны айту арқылы XX ғасырдағы «саяси ойында» кімдердің қандай қателіктер жібергенін қысқа да нұсқа түрде түсіндіріп береді. Әбіш Кекілбай бірнеше томға өзек болатын материалды бірнеше мақала көлеміне сыйғызып, сығымдап беретін ерекшелігі де бар.

Біз Әбіш Кекілбай көсемсөзін талдағанда мынадай нәтижелерге қол жеткіздік:

– Әбіш Кекілбайдың кеңес өкіметінің деспотиялық кемшіліктерін көрсетуі;

– Әбіш Кекілбайдың XX ғасырдағы державалардың қателіктерін ашуы;

– Әбіш Кекілбайдың қазақ елінің бодан болу себептерін негіздеуі;

– Әбіш Кекілбайдың Ресей патшалық өкіметі мен кеңес одағының қазақ тілін жоюдағы саясаттарының іске асырылуын көрсетуі;

– Әбіш Кекілбайдың публицистикасындағы бейнелі сөздер мен шешендік өнері.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Әбіш Кекілбайдың кеңес өкіметінің деспотиялық кемшіліктерін көрсетуі

Біріншіден, «Тәуелсіздік толғауы» жинағында Қазақстанның қалай тәуелсіздікке жеткенін айту үшін, оның алдындағы жетпіс жыл өмір сүрген кеңес өкіметінің қалай ыдырағанына сипаттама береді. Кеңес өкіметінің саяси қателіктерін көреген саясаткер ретінде жан-жақты талқылап береді. Ә. Кекілбайдың мұндай сараптамалық мақалаларынан мынадай стильге бой алдырғанын аңғарамыз: бір тақырыпты айту үшін әлемдік деңгейдегі ұқсас тақырыптарды қамтиды, тарихи-салыстырмалы мәтін түзеді. Мысалы, жоғарыда аталған жинақтың ішіндегі «Елдіктің ежелгі сүрлеуі» мақаласында әлемдік тарихи тұлға Шыңғыс хан туралы «Жаулап алуға әскери тегеурін таба алғанмен, ұстап тұруға өркениеттік тегеурін таба алмады» [4, 14 б.] – деуінен болжамдық сипатты бағамдауға болады.

Бұл жерде көсемсөзші Шыңғыс ханның жалпы стратегиялық қателігін ашып тұрғандығын айта кету керек. Шыңғыс хан – әлемдік, мәңгілік тақырып деңгейіндегі феномендық құбылыс. Мұндай тарихи тұлғаның қателігін ашып көрсету үшін де көсемсөзшіге тән қасиет батылдық, парасаттылық керек.

Тарих беттерінен, жалпы деректер мағлұматтарынан мұсылмандардың басқа елдерді жаулап алғанда өздерінің білімі мен ғылымын, мәдениетін түгел алып барғандығын жақсы білеміз. Және сол жерге кең етек жайып, түркілік өркениетті дамытуға зор септігін тигізгені анық. Әбіш Кекілбайдың айтайын деген ойы да осы еді. Бұл жерде мынадай заңды сауал туатыны хақ: Ә. Кекілбай мақаласына Шыңғыс ханның қандай қатысы бар, не үшін Шыңғыс ханды мысалға келтіріп отыр? Себебі, тарихта ұқсас, қайталанатын оқиғалар болады. Яғни Шыңғыс хан жарты әлемді қарумен жауласа, бұрынғы кеңес өкіметі идеологиямен жаулағанын айтады. Тоқ етеріне келгенде, екеуінің де ғұмыры баянсыз болғанын көрсетеді [4, 23 б.].

Ә. Кекілбай кеңес өкіметінің мынадай кемшіліктерін толығымен ашып береді:

Ә. Кекілбай алдымен, кеңес өкіметінің империядан бас тартпағанын, екіншіден, деспотияны сақтап қалуын үлкен саяси қателіктер ретінде былай көрсетеді: «Олар монархияны құлатқанмен, империяны құлатпаған, патшалық деспотияның орнына коммунистік деспотияны орнатқан» [4, 33 б.]. Қаламгер олардың осындай қателіктерінен қорытынды шығара отырып, біз тәуелсіздікке қол жеткіздік деген ойды аңғартады.

Автор кеңес өкіметінің Қазақстанға істеген әділетсіздігінің астарын ашып: «...оған қарауындағы бодан елдердің басындағы эволюциялық сәйкессіздікті одан әрі асқындыра түсу тиімді еді. Сол бұрынғы *өгіз аяқ күнелтіс* қалпынан асырмай ұстай тұру арқылы қалған адамзаттың даму қарқынына ілесуден қаралай күдерлерін үздіріп, әбден титықтатып, *өз беттерімен ел бола алмайтындай қылып, өз-өзінен аздырып-тоздырып жіберу көзделген-ді*» [4, 17 б.]. Осы мысалдан Қазақстанның кезінде дамымай қалып, сол өтіп кеткен уақыттың есесін енді қайтарып жатқанын көруге болады.

Кеңес өкіметі кезінде қазақ ұлтының менталитетіне жасалған қысымды: «Соғыс біткен бойда ұлт-азаттық қозғалысының қайтадан әлемдік қарқын ала бастап, Азияда, Африкада, Латын Америкасында көптеген елдердің тәуелсіздікке ие бола бастағанын көріп, кеңес халықтарында да азаттықшыл көңіл-күй оянып кете ме деген қауіп күшейді. Елуінші жылдар басындағы идеологиялық шабуыл содан өрбіді. *Ұлттық тарих, ұлттық әдебиет, ұлттық мәдениет тарихының құйрық-жалы қайтадан күзеліп шыға келді*» [4, 20 б.], – деп сипаттайды.

Қазақтар санының азаю себебі түсіндіріледі: «Ұлттық сананың жаңа дүмпінінен қорыққан тоталитаризм екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі ұлт-азаттық қозғалыстарының жеңістерінен өзінше қорытындыны осылай жасады. Ұлттық республикаларды, әсіресе Қазақстан сияқты табиғи ресурстарға аса бай елдерді ондай дәмеден біржолата күдер үздірудің

шаралары алдын ала және жан-жақты қарастырылды. Оның бірден-бір «тиімді жолы» – *байырғы халықты өз жерінде өзін азшылыққа ұшырату еді*. Бұны жүзеге асырудың кең ауқымды іс-қимыл бағдарламасы жасақталды. Тың игеру қарқындады» [4, 20 б.].

Қазақтарды ұлт ретінде жоюды қалай жүргізгендігі жайында автор: «Байырғы халықтың үлес салмағы қырық пайызға да жетпейтін боп құлдырай бастады. Одан әрмен мүшкілдене түсуіне бағыт ұсталды. *Енді сол аз қазақтардың өзінің кім екендіктерін өздеріне ұмыттыру керек болды*. Мәдениет пен білімге кең жол ашу деген желеумен *өз мәдениетін өзіне өгейсітіп, өзге мәдениетке баурайтын – аккультурация саясаты ашық жүргізілді*» [4, 21 б.], – дейді.

Көсемсөзші кеңес өкіметінің бет-бейнесін былай ашады: «Бүгін қайта құрудың коммунистерге тән құрғақ *қиялылық пен жалаң утопизмнің* кезекті бір шалығы болғанына көз жете түсті» [4, 24 б.].

КСРО-ның ыдырау кезіндегі кеңес өкіметінің мүшкіл халін: «Мәжілістен қол бос кезде Женева көлінің жағасындағы Мэрия үйіне қабылдауға бардық. Қабырғаға ілулі тұрған бір плакатқа көзіміз түсті. Көктемгі сең жүріп жатқан аласапыран кезде, жан-жаққа жапа-тармағай қашып жатқан мұздарды бытыратпаймын деп, үстеріне етпеттей жығылып, *қол-аяғына ие бола алмай тырбаңдап жатқан Горбачев бейнеленіпті*» [4, 30 б.]. Осы суреттен батыс елдерінің кеңес өкіметінің құлайтынын алдын ала болжағанын байқаймыз.

КСРО-ның құлауы туралы Ресей ғалымы В.П. Кирсановтың зерттеуінде мынадай мәлімет бар: «Н. Назарбаев сияқты байсалды саясаткердің бағалауы бойынша, егер де сол кездегі КСРО басшылары елді реформалауға жүйелі түрде көшсе, өздерінің алдына қалай да болса, оның тұтастығын сақтауды басты мақсат етіп қойғанда, мүмкін 1990 жылдың өзінде оқиғалар ағымын өзгертуге болушы еді, бірақ Горбачев және оның айналасы ат-экономиканың алдына арба-саясатын қойды. Нәтиже анық» [5, 158 б.].

Ә. Кекілбай КСРО-ны ыдыратпаудағы кеңес өкіметінің айла-шарғыларын: «...бұрынғы көзбояушылық демагогия белден басылып, ашық кемсітушілік технологиялар қосылды. Халықтар достығының алдыңғы шебі саналып келген аймақтардың бірінен соң біріне әрқилы айыптар тағыла бастады. Біреулері – «жаппай ұры-қарлықтың елі» ретінде *шиге шанышлып*, екіншілері – көршілерімен жерге таластырылып, үшіншілері – жершілдік, топшылдық салғыласуға ұрындырылып, жаппай орнықсыздық кеңістіктеріне айнала бастады. «Халықтар достығының лабораториясы» саналып келген Қазақстан бір күннің ішінде қазақ ұлтшылдығының ұясы атанып шыға келді» [4, б. 25], – дейді.

Кеңес өкіметінің тағынан түскісі, үстемдіктен айырылғысы келмегендігі туралы: «Ол өле-өлгенше әлемдік қағидаға айналған *отаршылдық заңсыздық*

екенін, сондықтан тарихи әділет қалтына келуі керек екендігін мойындамауға тырысып бақты» [4, 46 б.], – деп сипаттайды.

Әбіш Кекілбайдың XX ғасырдағы державалардың қателіктерін ашуы

Біріншіден, көсемсөзші тек кеңес үкіметінің қателігімен шектелмейді. XX ғасырдағы бүкіләлемдік қателіктердің себептерін ашып көрсетеді. Мысалы, «Таза саяси-экономикалық қатынастарды біржақты әспеттеу үлкен әлеуметтік солақайлықтарға ұрындырды. Жер шарының алтыдан бірінде тапшылдық идеологияның, әлеуметтік нәсілшілдіктің үстем алуы – жиырмасыншы ғасырдағы ең үлкен эволюциялық сәйкессіздік еді» [4, 22 б.].

Екіншіден, XX ғасырдағы «саяси ойында» державалардың текетіресі: «Кімнің техникасы күшті, кімнің әскері күшті, кімнің экономикасы күшті деген тайталас, айналып келгенде қоршаған ортаны, адамгершілік табиғатын көзсіз талапайлау болып шықты» [4, б. 23].

Үшіншіден, кеңес өкіметі мен басқа елдердің өштестігі және оның Қазақстанға тиген зардабы турасында былай дейді: «Мұның бәрі Қазақстанды дүниежүзілік текетірестің алдыңғы шебіне шығарды. Оның табиғи ресурстары алғіндей әлемдік бәсекенің жемтігі бола бастады. Оның аумағын әлемде бар ең қорқынышты қарулардың барлығы басты нысанаға алды» [4, 24 б.].

Әбіш Кекілбайдың қазақ елінің бодан болу себептерін негіздеуі

Әбіш Кекілбай Шыңғыс ханнан басталған қателікті ой жүгірте отырып, өзіміздің ата-бабамыздың бодан болуға себепкер болған қателігін де пайымдайды. Мысалы, «Біздің бабаларымыздың дәурендеу тарихы мен дәрменсіздендіру тарихы өзімен өзі болып тоқмейілдудің де, не біреудің мәңгілік панасына тығылып, одақтастығына жүгінген кіріптарлықтың да ащы дәмін татудай-ақ татып болған» [4, 50 б.].

Ә. Кекілбай көсемсөзіндегі отарлаушы елдердің қателіктері және қазақ ұлтының бодандыққа түсу себепін келесі сурет арқылы көрсетуге болады (сурет 1).



Сурет 1 – Отарлаушы елдердің қателіктері және қазақ ұлтының бодандыққа түсу себебі

Көсемсөзшінің жоғарыдағы «XX ғасырдағы державалардың қателіктерін ашуы», «Қазақ елінің бодан болу себептерін негіздеуі» бөлімдеріндегі ойларынан Ә. Кекілбайдың өзіндік байламдарын көреміз.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорыта келгенде, Әбіш Кекілбай Қазақстанның КСРО құрамында болған дәуірдегі кіріптарлықты, тәуелсіздік алған тұстағы қиыншылықтарымызды және келешектегі елдің даму механизмдерін дәлдік есеппен, дәйекпен тап басып талдау жасайды. Ә. Кекілбай білімділікпен, шешендікпен, саяси көрегендікпен кеңес өкіметінің қазақ ұлтына жетпіс жыл бойы жүргізген тоталитарлық жүйесін жан-жақты екшеп, сараптап береді.

Әбіш Кекілбай өз көсемсөзінде кеңес өкіметінің саяси қателіктерін санамалап ашып түсіндіреді. Сонымен бірге XX ғасырдағы ірі державалардың саяси қателіктеріне талдау жасайды. Тіпті арғы замандағы әлемге танымал Шыңғыс ханның мықты жаулап алушылық тактикасы болғанымен, прогресстік эволюцияның болмау себебін көрсетеді.

Қазақтардың бодан ел болуға себеп болған әлсіз жақтарын да баян етеді. Көсемсөзші осы мәселелерді қарастырғанда әлемдік деңгейдегі ғалымдарға сүйенеді. Сондай-ақ, көптеген ғылыми фактілер мен тарихи

деректер келтіреді. Бұдан көсемсөзшінің жан-жақты білім иесі, зияткерлік мол мүмкіндігі танылып тұрады.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Жақып, Б.** Публицистикалық шығармашылық негіздері / Б. Жақып. – А. : Қазақ университеті, 2007. – 486 б. – ISBN 9965-30-443-2.

2 **Кекілбаев, Ә.** Өнегелі өмір. Ш. 71 / Ә. Кекілбаев. ред. басқ. Ғ. М. Мұтанов. А. : Қазақ университеті, 2016. – 386 б.

3 **Zhumabekova, G. A., Mutaliyeva, R. M., Trushev, A. K., Zeynulina, A. F., Altybassarova, M. A.** / Publicism about Independence by Abish Kekilbayuly: dependence, independence and future of the Kazakh nation / G. A. Zhumabekova, R. M. Mutaliyeva, A. K. Trushev, A. F. Zeynulina, M. A. Altybassarova. Man In India (Scopus). – India, 2017. – Vol. 97, Issue 22. – P. 83–104.

4 **Кекілбаев, Ә.** Шығармаларының жиырма томдық толық жинағы: 10-том. Көсем сөздер / Ә. Кекілбаев. – А. : Жазушы, 2010. – 328 б. – ISBN 978-601-200-272-0

5 //https://cyberleninka.ru [электронды ресурс].

Материал 03.04.20 баспаға түсті.

G. A. Zhumabekova¹, R. M. Mutalievva²

Размышления о независимости в публицистике А. Кекильбая

^{1,2}Гуманитарно-педагогический факультет,

Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова,
г. Павлодар, 140000, Республика Казахстан.

Материал поступил в редакцию 03.04.20.

G. A. Zhumabekova¹, R. M. Mutalievva²

Reflections on independence in A. Kekilbay's journalism

^{1,2}Faculty of Humanities and Education,

S. Toraihyrov Pavlodar State University,
Pavlodar, 140000, Republic of Kazakhstan.

Material received on 03.04.20.

A. Kekilbay в своей публицистике разносторонне анализируя тему независимости, философию страны и народа, прошлое (колониальная страна) настоящее (независимая страна) и будущее (развитая страна) формулирует свои новые выводы.

Последовательно повествуя, подкрепляя конкретными фактами, не голословно излагает, как в течении семидесяти лет «Красная империя» причиняла страдания Казахстану. Открыто говорит о последствиях колонизации, о нанесении колоссального вреда казахскому обществу. Суть статей-толгау о независимости Абиша Кекильбая раскрываются в процессе всемирно-исторических процессов, не ограничиваются национальной средой. Исторические данные и цифровые сведения в публицистике писателя, а так же множество научных фактов подкреплены примерами. Описываются способы совершения денационализации во времена советского союза. Анализируются рекомендации публициста по развитию независимого казахского народа. Делается акцент на особенности публицистики писателя.

A. Kekilbay in his journalism comprehensively analyzing the theme of independence, the philosophy of the country and the people, the past (colonial country) the present (independent country) and the future (developed country) formulates his new conclusions.

Consistently narrating, supporting with concrete facts, not unfounded expounds how during seventy years «Red Empire» caused sufferings to Kazakhstan. He openly talks about the consequences of colonization, about causing enormous harm to the Kazakh society. The essence of the articles-tolgau about the independence of Abish Kekilbay are revealed in the process of world-historical processes, not limited to the national environment. Historical data and digital information in the writer's journalism, as well as many scientific facts are supported by examples. The ways of denationalization during the Soviet Union are described. The recommendations of the publicist on the development of the independent Kazakh people are analyzed. Focuses on the features of the writer's journalism.

K. P. Zhussip¹, N. K. Zhussupov², M. N. Baratova³

¹Doctor of Philological Sciences, Professor, Faculty of Humanities and Education, S. Toraighyrov Pavlodar State University, Pavlodar, 140000, Republic of Kazakhstan;

²Doctor of Philological Sciences, Professor, Faculty of Humanities and Education, S. Toraighyrov Pavlodar State University, Pavlodar, 140000, Republic of Kazakhstan;

³Candidate of Philological Sciences, Professor, Faculty of Humanities and Education, S. Toraighyrov Pavlodar State University, Pavlodar, 140000, Republic of Kazakhstan

e-mail: ¹nartai1970@mail.ru; ²nartai1970@mail.ru;

³baratova.muhabbat1970@mail.ru

THE PROBLEM OF THE LYRICAL HERO

The article reflects the problem of lyrical heroes in kazakh literary criticism. It can be said that in this article the display of the lyrical hero in the form of a phenomenon, in the form of things, etc. is collected. And also, it is known that the character of the lyrical hero affects the plot, composition, idea, language, etc. in poems of poets. The lyrical hero is considered in many ways in the scientific works of the following poets: A. Kunanbaev, S. Seifullin, B. Maylin, etc.

Keywords: lyrical hero, poem, poet, kazakh literature, criticism.

INTRODUCTION

Putting together and analyzing the conclusions about a persona, we cannot but note that in many verses it may seem that instead of a lyrical image, certain phenomena the image of an object plays an advanced role. For example, saying that in Abai's verse «Summer» describes the life of the Kazakh village in the last century, the question arises whether there is a persona in verse? And indeed in the verse the word «I» is not specifically spoken: that is, there are no such actions with the words «I did this or that.» But this does not mean that the persona is completely absent or has nothing to do with the events. In the work of the description, foals and snowdrops are «jumped abruptly» and women and girls are described «skillfully and dexterously» in accordance with the preference of the lyric hero. At the beginning of the verse, the «blooming flowering» flowers are described, the grass «grows up», the river «noisily» flows, and this describes the way of life of Kazakhs connected with cattle breeding and the author's preferences

in accordance with this. Because Kazakh pasturing the cattle wish to have more grass and water. Therefore, such words as «rising skyward» «noisily flowing» not only points to the natural phenomenon, but also the view of a persona. In addition, the description of fast riding horses is quite suitable, which is often found in the everyday life of the people and that a person, a persona describing it enjoys such a spectacle (Abay was more than forty years old when he wrote this verse). It's not difficult to notice that the persona misses his youth when he describes the movement of the girls. Before this, the persona describes frisky galloping horses, fast-flying ducks and birds, laughing girls. That is, in spite of the fact that «I» does not exist in the verse, one can not exclude the fact that this «I» does not exist at all. Although it is not said directly, «I did this», watching how the persona describes the phenomena, you can be sure that he chooses it with his heart.

But if it seems that some verses speak of a certain object or phenomenon, then you can see the thoughts of the persona. Let's say about the mountains, spring or ring. But when we see we like not the flower, not the bracelet and not the river but like what you prefer yourself, that is, through the prism and taste of the persona. So in verses there can be a certain natural phenomenon, an object, etc. Taken as a separate conditional image. But all this in our opinion is aimed at describing the image and understanding the lyrical image [1].

MAIN PART

Speaking about the style of Saken Seifullin, we try first of all to reveal the personal style of the persona. And this is understandable. The presence of a description of the lyric's own style influences the plot, composition, idea, language, etc. In general for all elements of the author's verse. If you understand the background of the actions of the lyric hero in special circumstances, then his properties as restlessness, arrogance, sensitivity, energy, etc. Play a decisive effect in the plot, the idea, the language of the work. So we want to draw attention to the distinction between works of the poet before 1917 and works after. For example, in the works of «Nur» (1914), «Movement to pasture» (1914), we can see the similarity with Abai's lyric «Summer»:

Girls and women have accumulated behind the nomad,
To go together and look after each other.
In a row are comparing their pacers,
To face their kerchiefs and feathers of owls on their heads.
They laugh at themselves,
Guys next to them.
The children are fighting on the yearling,
Old men choose the road to a fast camp.

If Abai describes the persona heading to the village with a «quick step» and the mood of the young children «deftly playing by the water» and the peculiarity in their movements, different looks, this work very clearly describes the actions inherent in certain classes of the people. Namely, when the aul (village) is roaming, the actions of all groups are not the same: the old people are trying to choose the fastest way to the parking lot, the children are mooing the snow gun races and the young girls have other actions. Also in the verse «Nura»:

In summer time
Paradise flowers blossomed
When birds sat on branches of a bird
Having grown up singing songs.
...In the read flowing water
Bathed the young girls
On their noise and laughter
They came hiding behind trees

So, colors of flowers are described with the help of such words as «blooming», the peculiarity of the bird «singing», the purity of water as «transparent», carelessness of young girls «bathe», watching as «hiding behind trees». All this proves that it is impossible to describe every natural phenomenon, each group of people is the same and says that each homogeneous thing has its own peculiarity. All this is an example of how Abai in his verse «Summer» described each natural phenomenon, each group of people. Nevertheless, in the verse «Nura» the persona of Saken manifests such feelings as anxiety and grief:

Farewell to Nura until the next meeting,
May God give prosperity
The one who loves you will shed tears
Even more sad will be the birds singing
What can we do?
Heart boils with fire

If you understand, even in this passage, as in Abai's «Summer» versus observing the beauty of summer and awakening people, there is also the bitterness of having to part with such beauty. So in troubled days, anxiety about the destiny of the people describes the mood, struggle, action of the lyric hero. From the side it seems that in the poems «Abandoned Land» (1914), «Sadness» (1914), there is a melancholy persona because of parting with his beloved. However, the grief is caused not only by the separation from the beloved, but, in general, the concern about the confused life and the accompanying grief. One line from «Unknown fate in one truth» says that here there is bitterness of love and something else.

You can see the grief of the persona Saken in the verse «Who will lead my people?»:

The elder to people becoming smaller
will be a support and take care of it
They are not friendly in the family they
Which we call our leaders
They cannot find a common language.
What kind of road people lead?
How will they choose the way to the unlit Kazakhs,
If they bite each other, they cursing each other?

As we see, not only the enmity of the people's leaders but also the bitterness of the persona in relation to this is described.

Summing up, in the poet's initial works the experiences of the persona take place, then later, especially after 1917, the fighting spirit, participation in the struggle, freedom, windedness in the hope of approaching victory is felt. An example is the poem «In the street.» In a work such words as «riding on a six-year-old wild horse», «shouting loudly», «Breaking up breasts», «hooting on the broad steppe» indicate how much the persona is involved in the struggle, his belief in real freedom will soon come, special courage. Therefore it seems right to compare the verses of S. Seifullin «In the Steppe» and B. Mailyn «In the Edge» written on the same topic, the theme of freedom. Like the persona S. Seifullin, the fighter B. Mailyn feels pride in the freedom that has come. Nevertheless, although feelings for the freedom that has come are the same, you can observe different behavior of joy. And in fact, B. Mailyn joy is described as «stepping cheerfully,» «intoxicated» «the body is not obedient.» But this description can apply to all ordinary people. While S. Seifullin, on the contrary, the hero «sits astride a wild horse», «omnipotent», «unusually dared». The unusual courage and heroism of the hero S. Seifullin even determined the rhyme, the motive and rhythm of the poems. So to reveal signs of perseverance, it seems that the old measures of poetry are not enough. Given that there are individual works studying the interlacing of poems, rhythm, tune [2], let us dwell on the poet's poem «Marseillaise of Kazakh Youth» (1918). Although taking into account that basically all the old Kazakh verses were from eleven or seven and eight syllables, because of the fact that in this work everything except the refrain consists of nine syllables, there were changes in the rhythm and motive of the verse. Because of this, not only at the end of the line, but also inside the line and inside the segments, there was a pause and even sharpening of attention to each word. Such a pause and emphasis make the meaning of each word wider and help to reveal the anxiety and arrogance of the persona. Moreover, the verse of nine syllables after each sixth line in the first two lines of the chorus is extended by twelve syllables and in the same verse on the last two lines again goes over to nine syllables and because of this the rhyme of the whole verse changes. Thus, changing the rhythm and increasing the stress

serve to show the wrestling spirit of the lyric hero. Feature of the lyric hero: to stand much higher than ordinary human possibilities with the help of striving for high peaks is visible in the verses «My horse» (1918) and «In prison» (1918):

I'm in prison
Lost my body in the fight against the enemy
But they will never win
My freedom-loving and wayward disposition
(«In the prison»)

In this verse the very word «lost» indicates that the persona is in despair and in unequal conditions, but ending with such words as «freedom-loving and wayward disposition nobody will win» indicates that the persona does not give way to despondency. In addition, as mentioned above in the poem «Escape from prison» (1919), one can see the exceptional character and stamina of the persona. After removing all the rest, his heroic strength rushes into his eyes when the wrestler, freed from prison, embraces all «heaven and earth» (imagine how much effort it takes to embrace the whole earth and the sky). The growth of the personality of the persona S. Seifullin is particularly visible in the verse «Altai» (1923). The initial verse verses are dedicated to the extraordinary height of the Altai mountains:

Grow Altai touching the frosty sky
Grow white snow-white chest
Accumulated from all sides surrounded by clouds
Embracing and caressing your snow-white chest

In this passage, in the words «touching the frosty sky» we see the greatness of the mountain, and the words «frosty» give extraordinary greatness to this height. Such an effect is still attached to such words as «accumulated» and «surrounded» describing the multitude of the olive trees (if there were only two clouds, then they would not be able to take the top). Just as we animated the clouds with such words as «embracing» «caressing» we see a natural phenomenon. Moreover, we see the enthusiasm and conformity of nature to the mood of the persona when he looks at the mountains and clouds. So we see not just descriptions of Mount Altai (we know it and by geography) but also a description of the species in accordance with the distant height. So with the help of not only in the work with a direct effusive feeling in works with descriptions of phenomena in nature you can see your own character and the special style of the persona Saken. So the author describes not only the admiration of nature but also the intervention of the lyric hero in the events that are taking place (recently the verse of Abai «Summer» where poets describe one phenomenon of nature, do not directly involve the persona and the «I» – K.Zh.). Of course, the persona who comes to some kind of environment and chooses a certain action stands out for its heroism, a reliable and enterprising way:

On the slope plays a goat kid
Clever as a mirage jumps playing
Ah I wish to climb onto your high cliff
Dive a look at the red field of flowers
To fly and sit like an eagle
And watch the world

If one understands that one can see that the persona describing how on the slope plays a gazelle kid and deftly as a mirage springs, it is evident that he enjoys the beauty of his movement. So before understanding the unsurpassed beauty of the persona, he gets an unorthodox description at the beginning of the passage when he took off like an eagle on a cliff and not as ordinary people crawled for a long time to the top. Further lines of the work also narrate about the remarkable strength of the persona:

... Screaming I will sing the hymn of Asia
The heroes would gather together
... Announcing the whole world looking for the enemy
The flow would have gone to the front
Bending the wings over the black earth
Having reached Altai from Europe

The voice of the persona is dedicated not to one city or country but to whole Asia points to the special strength of the hero. Moreover, how the heroes will flow as they flow, then how they conquer the land, not only by «bending their rifles on the black earth», all this indicates not only with what enthusiasm the fighter is given but also that a persona is purposeful. Of course, given the modern world, it is impossible to imagine how the heroes will gather to look for the enemy.

CONCLUSION

Nevertheless, one can notice the mood and opinion of people of those times and distinguishing Saken's style makes sense to take into account the influence of that time. In conclusion, we can say that all these considerations, given the idea of the modern world, the persona of Saken who is in the forefront of the struggle and has a personal opinion, character, feelings and other characteristics, all this proves the poet's own style.

REFERENCES

- 1 Тимофеев, Л. И. Основы теории литературы. – Москва : Просвещение, 1966. – Б. 63.
- 2 Ахметов, З. Өлең сөздің теориясы. – Алматы : Мектеп, 1973; Негимов С. Өлең өрімі. – Алматы : Ғылым, 1980.

Қ. П. Жүсін¹, Н. Қ. Жүсіпов², М. Н. Баратова³

Лирикалық қаһарман мәселесі

^{1,2,3}Гуманитарлық-педагогикалық факультеті,

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті,

Павлодар қ., 140000, Қазақстан Республикасы.

Материал 03.04.20 баспаға түсті.

К. П. Жусун¹, Н. К. Жусупов², М. Н. Баратова³

Проблема лирического героя

^{1,2,3}Гуманитарно-педагогический факультет,

Павлодарский государственный университет имени С. Торайғырова,

г. Павлодар, 140000, Республика Казахстан.

Материал поступил в редакцию 03.04.20.

Бұл мақалада қазақ әдебиеттану ғылымындағы лирикалық қаһарман мәселесі жан-жақты қарастырылады. Лирикалық қаһарман жайындағы байқауларды түйіндей келе, өлеңдердің біразында лирикалық бейненің құбылыс, зат бейнесі т.б. болып көрінуі осы мақалада жинақталып берілген. Сондай-ақ лирикалық қаһарманның өзіндік сипаты болуы ақындар өлеңдерінің сюжетіне, композициясына, идеясына, тіліне т.б. – бар элементтеріне әсер ететіні белгілі. Лирикалық қаһарман А. Құнанбаев, С. Сейфуллин, Б. Майлинның т.б. ғылыми еңбектерінде жан-жақты сараланады.

В статье отображается проблема лирических героев в казахском литературоведении. Можно сказать что в данной статье собрано изображение лирического героя в виде явления, в образе вещей и т.д. А также, известно что характер лирического героя влияет на сюжет, композицию, идею, язык и т.д. в стихотворениях поэтов. Лирический герой разносторонне рассматривается в научных трудах следующие поэтов: А. Кунанбаев, С. Сейфуллин, Б. Майлин и т.д.

Л. Н. Ибраимова¹, Ш. Қ. Айнақожаева²

¹п.ғ.к., доцент, Тараз мемлекеттік педагогикалық университеті, Тараз қ., 080000, Қазақстан Республикасы;

²магистрант, Тараз мемлекеттік педагогикалық университеті, Тараз қ., 080000, Қазақстан Республикасы

e-mail: ¹leskul.ibraimova@mail.ru

АБАЙ МҰРАСЫН ОТБАСЫЛЫҚ БАЛА ТӘРБИЕСІНДЕ ПАЙДАЛАНУ

Мақалада А. Құнанбаевтың шығармаларында отбасылық тәрбиені бала тәрбиесінде пайдаланудың жолдары қарастырылған. Абай мұраларының жастарға отбасылық тәрбиелік маңызы және тәрбие берудегі жетілу сатылары баяндалған. Ақынның мұрасын бала тәрбиесінде тиімді қолдану, бір жүйеге келтіру мәселелері мұқият қарастырылады. Мақалада бала тәрбиесінің жолдары айқындалып, ұлы Абайдың қара сөздерінің отбасылық тәрбие берудегі маңызы көрсетілген.

Кілтті сөздер: Абай Құнанбаев, отбасы тәрбиесі, жұбайлық өмір, ата-ана, жастар тәрбиесі, ағартушы, жоғарғы сынып оқушылары, жетілу, рухани білім, өлең, адам, өмір, ақыл, адамгершілік, жұбайлық өмір.

КІРІСПЕ

Елбасы Н. Ә. Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында: «Ұлттық жаңғыру деген ұғымның өзі ұлттық сананың кемелденуін білдіреді. Оның екі қыры бар. Біріншіден, ұлттық сана-сезімнің көкжиегін кеңейту. Екіншіден, ұлттық болмыстың өзегін сақтай отырып, оның бірқатар сипаттарын өзгерту. Қазір салтанат құрып тұрған жаңғыру үлгілерінің қандай қатері болуы мүмкін? Қатер жаңғыруды әркімнің ұлттық даму үлгісін бәріне ортақ, әмбебап үлгіге алмастыру ретінде қарастыруда болып отыр. Алайда, өмірдің өзі бұл пайымның түбірімен қате екенін көрсетіп берді. Іс жүзінде әрбір өңір мен әрбір мемлекет өзінің дербес даму үлгісін қалыптастыруда. Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс. Абайдың даналығы, Әуезовтің ғұламалығы, Жамбылдың жырлары мен Құрманғазының күйлері, ғасырлар қойнауынан жеткен бабалар үні – бұлар біздің рухани мәдениетіміздің

бір парасы ғана» деп, ұлы ағартушы мен ақын, композиторларымыздың шығармалары келешек ұрпақ үшін өшпес мұра екендігін тағы да айқындады.

Қазақстанда XIX ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген қазақтың реалистік әдебиеттің негізін салушы ұлы ойшылы, талантты ақыны Абай Құнанбаев өзінің халқына, келер ұрпағына өшпес әдеби және тәлім-тәрбиелік мұралар қалдырды.

Сол өте бай мұраның тақырыбы, жанры сан алуан болғанымен оның негізгі идеясы – біреу. Ол – нұрлы ағартушылық идея. Ақынның қай шығармасын, қай өлеңін, қай бір өлең жолын алсақ та тәлім-тәрбиелік мәні зор асыл қазына.

Ұлы Абай бар асыл ойын замана жастарына, келер заман ұрпағына арнады. Сондықтан да жастар тәрбиесінің сан қырына, оның өзекті салаларына әлеуметтік тұрғыдан қарады. Соның бірі отбасы тәрбиесіндегі жастарды жұбайлық өмірге баулу мәселесі болатын. Абай мән берген бұл проблема қазірде заманымыздың көкейтесті мәселесі болып отыр.

Жастар тәрбиесінің бар тамырын басып байқаған ұлы ағартушы олардың жұбайлық өмірлерінің дұрыс, даярлықпен басталуын олар көрер бақыттың басы деп білді. Сол бақытқа жету жолындағы іс-әрекетке педагогикалық-этикалық тұрғыдан талдау жасады, бағдар ұсынды.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Көреген ақынның осы мәселеде ой толғаған ағартушылық пікірлері бүгінгі талап-тілектерге өте жақын екенін байқатты. Сондықтан бұл күндері Абай жырларын жаттап өскен қазақ отбасында да, қазақ мектептерінде де балаларды болашақ жұбайлық өмірге баулуда ақынның көптеген құнды пікірлерін жаңа проблема – жастарды отбасылық өмірге баулу проблемасына арқау етеміз. Абай заманында аталмыш мәселеге жауапкершілік тек ата-анада болса, қазірде бүкіл қоғамымыз қолға алып, ең әуелі мектеп пен мұғалімдерге үлкен міндет жүктеп отыр.

Басы халық педагогикасынан, бері келе Абайдай ғұлама ағартушылар дамытқан өмірлік үлкен мәні бар күрделі проблема кейінгі кезде қатты қолға алынып, кең етек жайып отыр. Бұл күндері көмелетке толған жастардың физиологиялық жағынан жұбайлық өмірге әзір екендігі белгілі болғанымен, олардың отбасылық өмірге көзқарасы, даярлығы жағынан әлі де әзір еместігі айқын.

Ертеде көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан қазақ елінде тұрақты қалыптасқан дәстүр болғандығы белгілі. Ер балалар аттың жалында, атаның қомында жүріп мал бақты. Қыз балалар үйде анасына болысып, өзінің іні-сіңлілерінің тәрбиесіне көмектесті. Өздерінің болашағы, көтерер шаңырағы жайлы ойлап, қажетті жипаз-жасау даярлады. Анасымен бірге кесте тігіп,

шілтер тоқып, сырмақ ойып, ши тоқып, киіз басып, кілем тоқып, көрпе тігіп дегендей т.б. өзінің болашағына қажет бұйымдарын өздері жасап үйренді. Ал қазіргі кезде ата мен ананың қызметте болуы немесе олардың жұмыссыздығы, баланың үйде күні бойы өзімен-өзі болуы көптеген шаруаларға икемделе беруге қиындық тудырып келеді.

Мектепте жоғарғы сынып оқушылары оқитын «Отбасылық өмірдің этикасы мен психологиясы» курсы жастарды бүгінгі және таяу болашақтағы отбасы проблемаларынан хабардар етеді. Әртүрлі мамандық иелері жүргізетін ғылыми-практикалық сабақтар жасөспірімдерге отбасылық өмірдің барлық қажетті проблемаларымен таныстырады, баулиды. Әсерлі сабақтар жасөспірімдердің қызығушылығын тудыруда. Өз отбасындағы жұмбақ мәселелерге дұрыс түсінік алуда, өте қажетті іс болып отыр.

Оқу жүйесінде болсын, отбасында болсын Абай мұрасын бала тәрбиесінде барынша тиімді қолдану үшін оны желілеп, бір жүйеге келтіру керек. Сондай жүйені мұқият қарастыратын болсақ, бала тәрбиесінің жолдары айқын көрінеді. Баланың өмірі анасының құрсағынан басталатыны белгілі нәрсе. Сол кезден бастап оның психикалық, келешектегі денсаулығы, тіпті рухани дәрежелері жетіле бастайды. Ол анасының жеке қасиеттеріне және оған сол кездегі әсер ететін сыртқы жағдайларға байланысты. Сөйтіп баланың жетілу жолы әріден басталады.

Ал ол бұл дүниеге келгеннен кейін оның алдында жолдың үш торабы жатады.

Жетілудің бірінші сатысы – ретсіз бейберекет өмір. Бұл өмірде адам баласы материалдық жетістікті де рухани жетістікті де сезіне алмайды. Абай шығармаларының көпшілігі осындай бақытсыз өмір туралы. «Қартайдық, қайрат қайтты, ұлғайды арман», «Байлар жүр жиған малын қорғалақтап», «Көжекбайға», «Сабырсыз, арсыз, еріншек», «Бөтен елде бар болса» сияқты көптеген өлеңдері адамға мұндай өмірдің бақытсыз екенін көрсетіп, оны жөнді жолға бағыттауға арналған. «Адасқанның алды жөн, арты соқпақ» дейді Абай [2].

Екінші саты материалдың жетілуі болып табылады. Бұл сатыға көтерілгендер қарапайым өмірдегі «бақытты өмір» деген ұғыммен сипатталатын дәрежеге жеткендер. Себебі олар түрлі реттегіш тәртіптер қабылдау арқылы өмірін бір жүйеге бағыттаудың арқасында материалдық жетістікке жетеді. Өмірі адамгершілік қағидаларына бағынған адамда қанағат болады. Қанағаты бар адамға өзінің сезімдерін қанағаттандыру оңайға түседі. Себебі материалдық жетістік дегеніміздің өзі қанағатқа байланысты болатын салыстырмалы нәрсе ғой. Сөйтіп адам өмір қанағатана жетеді. Қарапайым адам үшін «бақытты өмір» дегеніміз осы. Бұл өмірде адамның ынта-жігері тірі жанның барлығына да лайық нәрселер: ұйқы, өзіне қорек табу, ұрпақ

қалдыру және өзін басқалардан қорғау сияқты төрт процеске шоғырланған. Сондықтан өзінің басқа тірі жандардан айырмашылығы, соған байланысты өмірінің түпкі мақсаты туралы ойлар келіп, бұндай өмірге қанағаттанбай, ынталы бала рухани ізденіс жолына түседі.

Сөйтіп ол рухани білім ала бастайды. Бұл оған жан мен тәннің қасиеттерін білуге, өзінің өмірдегі орнын табуға көмектеседі. Абайдың «Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тапта бар қалан» дейтін данышпандық сөзі осыған сілтейді. Рухани білімнің арқасында бала өзінің жан екенін, ал тән адамның негізгі мақсатына жету үшін берілген уақытша нәрсе екенін түсінеді. Данышпан Абай өзінің әйгілі өлеңінде бұл туралы былай дейді:

Ақыл мен жан-мен өзім, тән-менікі,
«Мені» мен «менікінің» мағынасы-екі».
«Мен» өлмекке тағдыр жоқ әуел бастан,
«Менікі» өлсе өлсін, оған бекі.

(Көк тұман-алдындағы келер заман) [3].

Бала өзінің сипатын түсінгеннен кейін Жаратқанды да ұғынып, енді оған қайту керек екенін біледі.

Жетілудің бұл төрт деңгейі адам мақсаттарының әлі де болса таза рухани емес, материалдық сипаттары болғандықтан, бұл саты жетілудің материалдық сатысы болып табылады. Абайдың бұл деңгейлердегі адамдарға арналған шығармалары да көп. «Бір дәурен кемді күнге-бозбалалық», «Базарға, қарап тұрсам, әркім барар», «Әуелде бір суық мұз-ақыл зерек», «Сәулең болса кеудеңде», «Сап, сап, көңілім, сап, көңілім!», «Өлсе өлер табиғат, адам өлмес» тағы осы сияқты көптеген өлеңдері адам баласына бастапқы рухани білім беріп, жетілудің кемел шыңын көрсетуге арналған.

Үшінші саты адамның жетілуінің жоғарғысы. Бұл сатыға көтерілген адам өзін Жаратқанның махаббатпен, яғни сүйіспеншілікпен жаратқанын, сондықтан да оның да Жаратқанды сүюі керек екенін, ал ол сүйіспеншілікке жету үшін Жаратқанның жаратқандарын, яғни адамзатты сүюі керек екенін түсіну дәрежесіне жетеді. Сөйтіп ол Құдайға құлшылық жолына түседі. Мұндай адамдар сирек кездеседі. Бұл рухани жетілу жолы. Абай бұл жолдағы адамды «толық адам», «жәуанмарт» деп, жетілу жолын «үш сүю жолы» деп атайды.

Осы үш сию болады имани гүл,
Иманның асылы үш деп сен айқын біл.
Ойлан-дағы, үшеуін таратып бақ,
Басты байла жолына, малың түгіл [4].

Абай үш сүюдің маңызын осылай көрсетеді. «Жәуанмарттық», «толық адамдық» үш қасиетпен-шындық, адалдық, естілік-белгіленетінін айтады Абай. «Бұлар-өз талапкерлігіңменен таза ниетіңмен ізденсең ғана

берілетін нәрселер, болмаса жоқ. Бұл айтылмыш үш қасиеттің иелерінің алды-пайғамбарлар, онан соң-әулиелер, онан соң-кәкімдер, ең ақыры-кәмәл мұсылмандар», дейді ойшыл отыз сегізінші сөзінде. Сонымен адамдардың арасындағы ең жетілген адам пайғамбар.

Ол өзіне дейінгі сатыда тұрғандардың барлығының қасиетіне ие. Сол сияқты төменгі сатыдағылар да өзіне дейінгі сатыда тұрғандардың қасиеттеріне ие.

Рухани жетілу жолына, үшінші сатыға көтерілу өте қиын да сирек берілетін нәрсе. Бұл сатыға көтеріле алатын адамдар данышпандар мен әулиелер. Бұл деңгейлер қарапайым халық үшін жол көрсететін алыс меже ретінде болады. Сондықтан бұған арналған Абайдың шығармалары көп емес. Олардың өзі өмірінің соңғы кезінде, әбден кемелденген жылдары жазылған. Оларға «Алланың өзі де рас, сөзі де рас», «Алла деген сөз жеңіл» сияқты өлеңдері және 27, 28, 34, 35, 36, 38, 45-сөздері жатады [5].

Жетілу барысында баланың қай жолмен көтерілетіні әуел баста оның « маңдайына жазылған» тағдырына байланысты. Бұл туралы Абай отыз сегізінші сөзінде былай дейді. «Әуелі адамның адамдығы ақыл, ғылым деген нәрселермен. Мұның табылмақтығына себептер-әуелі өзіне тән мінез-құлық және тән саулығы. Бұлар туысынан болады, қалған өзгелерінің бәрі жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады. «Яғни баланың жетілу барысы оның ақылына, алатын біліміне байланысты. Ал оларды толығымен алу мүмкіндігі оның мінез-құлқы, яғни психикалық деңгейі мен тәнінің қалай жетілгеніне тәуелді. Ал олардың толық болуы туысынан, яғни қазіргі ғылыми сөзбен айтқанда генасынан болатын мінез-құлық пен саулығына байланысты екенін айтады. Мұның өзі адам өмірінде ата тектің маңызы үлкен екенін көрсетеді.

Адамның әрі қарайғы өмірі ата-анасына байланысты. Абай мұрасын қолдана отырып әркім өзінің жетілу деңгейіне көз жүгірте алады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Сонымен, баланың жетілуі анасының құрсағынан басталып, бұл дүниеге келгеннен кейін әрі қарай жалғасады. Абай баланың әуелгі жетілуі көбінесе оның тәрбиесіне және қоршаған ортасына байланысты болса, ержетіп, есейгеннен кейін оның өзіне, талабына, ниетінің шындығына байланысты болатынын білдіреді. Егер шын ниетімен талаптанса ол жетілу жолымен тезірек көтерілуге мүмкіндік алады. Бірақ көпшілік адамдар рухани білімі болмағандықтан мұны білмейді, сондықтан уақыттарын босқа өткізіп, сол төменгі сатыда өмірден өтеді.

Өкінішке орай қазіргі адамдардың рухани деңгейіне байланысты балалардың басым көпшілігі өмірін жетілудің төменгі бірінші сатысынан

бастайды. Олар туралы Абай бабамыз «даладағы аңдарсың», «ақымақ көп, ақылды аз» дейді.

Қорыта келгенде, Абай өзінің қол артқан үміті жастардың жұбайлық өмірді алдын ала даярлықпен бастауына үлкен мән берді. Ол өз кезіндегі отбасы құрлымының барлық жай-жапсарын, жетістік-кемістігін түк қалдырмай алдарына жайып салды. Жақсысынан үйренуге, жаманынан жиренуге бар қолынан келген үгіт-насихатын арнады.

Осылайша, халқымыздың кемеңгер ұлы, өз халқын, замана жастарын прогреске жетелеген заңғар ойшыл, ағартушы ақын Абай Құнанбаев жастардың жан-жақты өсіп жетілуіне зор көңіл бөлді. Әсіресе олардың бірлік одағы – жұбайлық өмірді дұрыс бастауын көрер бақыттарының басы деп, жаңа заман дәстүр-салттының басталуы деп қарады.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Назарбаев, Н. Ә.** Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. – Астана, 12 сәуір, 2017 ж.

2 **Кобесов, А.** Абайтану дәрістері. – Алматы : РБК, 2000.

3 **Құнанбаев Абай.** Шығармаларының I-томдық толық жинағы. I том. – Алматы : Қазақстан, 1968. – 516 б.

4 **Құнанбаев Абай.** Шығармаларының 2-томдық толық жинағы. II том. – Алматы : Қазақстан, 1977. – 183 б.

5 **Абай.** Қара сөздері. – Алматы : Өнер, 2010. – 124 б.

Материал 03.04.20 баспаға түсті.

Л. Н. Ибраимова¹, Ш. Қ. Айнақожаева²

Наследие Абая в воспитании детей в семье

^{1,2}Таразский государственный педагогический университет,

г. Тараз, 080000, Республика Казахстан.

Материал поступил в редакцию 03.04.20.

L. N. Ibrahimova¹, Sh. Q. Ainaqojaeva²

The legacy of Abai in the upbringing of children in the family

^{1,2}Taraz State Pedagogical University,

Taraz, 080000, Republic of Kazakhstan.

Material received on 03.04.20.

В статье рассматриваются способы использования семейного воспитания в воспитании детей в творчестве А. Кунанбаева. Описано семейно-просветительское значение наследия Абая для молодежи и этапы развития воспитания. Рассмотрены вопросы эффективного использования и систематизации наследия поэта в воспитании детей. В статье обозначены способы воспитания детей и значение слов великого Абая в семейном воспитании.

The article discusses how to use family education in raising children in the work of A. Kunanbaev. The family-educational significance of Abay's heritage for young people and the stages of development of education are described. The issues of the effective use and systematization of the poet's heritage in raising children are considered. The article outlines ways of raising children and the meaning of the words of the great Abay in family education.

Ж. Т. Қадыров¹, А. Сәркенқызы²

¹ф.ғ.к., профессор, Тіл және әдебиет институты, М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Петропавл қ., 150000, Қазақстан Республикасы;

²профессор, капитан, «Тілдік дайындық» кафедрасы, Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланы Әскери институты, Петропавл қ., 150000, Қазақстан Республикасы

e-mail: ¹zhkadyrov_777@mail.ru

МАҒЖАН ДӘСТҮРІНІҢ ӨМІРШЕҢДІГІ

Мақалада Мағжан дәстүрінің жалғастығы айшықталған. Жаңашылдығымен танылған Мағжан ақынның кейінгі буын ақындарына ықпалы қарастырылған.

Кілтті сөздер: жаңашылдық, дәстүр, ақын, әдебиет, өміршеңдік, поэтикалық дәстүр, көркем тіл, шеберлік.

КІРІСПЕ

Қазақ халқы үшін алтын кезең Бұхардан, Дулаттан бір байқалса, Абай да шеберлік шыңында көрінді. «Абайды ұлы деп танытатын отырған белгі – оның поэтикалық дәстүрінің, рухани қазынасының, көркем тілінің жалғастық тапқандығына өзінен кейінгілерге үлгі-эталон болатындығынан көрінеді», – дейді академик Р. Сыздық [1, 56 б.]. «Соқтықпалы соқпақсыз жерде» өскен, «Мыңмен жалғыз алысқан», Мағжанша айтсақ, «мың жыл жүрсе де, сөзінің дәмі кетпейтін» қазақ халқының асыл тұлғаларының бірі Абайды пір тұтып, одан үлгі алмаған, үйренбеген ақын-жазушы жоқ.

Жаңашылдық пен дәстүр ұғымына «Қазақ әдебиеті» энциклопедиясында мынадай түсінік беріледі:

Дәстүр мен жаңашылдық – әдебиет пен өнердің даму барысында сабақтастық пен жаңғыруды, мұрагерлік пен қайта жасауды, бұрынғы мен соңғының байланысын білдіретін ұғым.

Дәстүрге ғасырлар бойы қалыптасып, сұрыпталған әдет-ғұрыптар, жол-жобалар көзқарас-түсініктер жатады.

Жаңашылдық – өткен өмірдің, кешегі күннің тәжірибесі мен жемістерінің ішінде мән-мағынасы бай, дәрежесі жоғары заман талабына жауап беретін бұрынғы срағының тар шеңберінен шығып, болашаққа кең жол ашатын аса маңызды ізденіс әрекеттер. Даму барысында жаңашылдықтың өзі біраз уақыттан кейін дәстүрге айналады, келесі сатыда басқа жаңашылдық туып өрбиді.

Дәстүрге көркемөнердің тақырып ауқымы, өмірге қатынасы, идеялық бағыты, халықтығы жатады. Көркемөнердің жеке түрлерінде суреттеу амалы мен тәсілдері, композициялық құрылымы, шығармаларының тұтастық принципі – дәстүр болып саналады.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Өнердегі жаңашылдық тақырыпты бұрын қолданылмаған әдіспен көркем тіл арқылы суреттеу, соны мәселеге батыл ешім табу, жаңа шығармалар жасау.

Жаңашылдық – әрқашан асқан шеберлік пен зор таланттың нәтижесі, ол әдебиет пен өнердің өрісін кеңейте түседі. өнердің бұрын қол жеткен табысына, ұлы суреткерлердің тәжірибесіне сүйенбей, творчествода ілгері басу мүмкін емес.

Дәстүр мен жаңашылдық тек түрді, сыртқы өзгерістерді білдірумен қатар, ішкі мазмұнды, мағынаны білдіреді, түр мен мазмұнды бірдей қамтып, шығарманың идеялық-көркемдік немесе ұлттық сипатын жаңа сатыда елестетеді. Енген жаңалық әдебиетке сіңіп, дәстүрге айналып кетуі мүмкін. Қазақ поэзиясында Абай Құнанбаев енгізген жаңалық үлкен дәстүр болып қалыптасты. Абай көркем сөзді жоғары сатыға көтерді, ауыз әдебиетінің дәстүрінде келе жатқан Абай қалдырған басты дәстүр – әр нәрсені көркем бейнелеп жеткізу [2, 194 б.].

Поэзияның ауыз әдебиетінен бастау алып, ұлы Абай қалаған әдеби тілге дейін, одан кейін Абай ізбасарлары дамытқан поэзия жаңашылдыққа толы. Кез келген қаламгер өз шығармасының мән-мазмұнын ашу үшін, оқырман жүрегіне жеткізу үшін сан алуан тілдік қолданыстарды пайдаланды. Жаңашыл ақынның өзі өзінен бұрынғы ақын-жазушылар қолданған әдіс-тәсілдерді игеру арқылы дамиды. Мағжан осы нәрлі де, құнарлы дәстүрді игере отыра, өзіндік «жаңа дәстүр» жасап, жаңашылдыққа бастады.

Мағжаннан кейінгі ақындар оның шығармаларынан біраз үлгі-өнеге алды. Бұл сөзімізге мына пікір дәлел бола алады: «Күшті ақын өзгелерді өзіне еріксіз еліктетеді, соңынан шәкірт ереді, әдебиет жүзінде жаңа жол ашады. Мағжан да күшті ақын. Күштілігі еліктеткенінен көрінеді. Осы күнгі өлеңшілердің көбі Мағжан өлеңінің сыртқы түріне, не ішкі мазмұнына еліктемей жаза алмайды. Кім өлең жазса, Мағжан сөзінен бірдемені алмай қоймайды. Алайын деп алмаса да, еріксіз, өзі байқамай алып қояды. Неге? Кестелі, ырғақты, күшті даяр сөз, даяр түр ауызға түсе кетеді.

...Олай болса, ақындық жүзінде Абайдан соңғы әдебиетке жаңа түр кіргізіп, соңына шәкірт ерткен, мектеп ашқан күшті ақын Мағжан екенінде дау жоқ», – дейді Ж. Аймауытов [3, 56 б.].

Мағжан поэзиясының кәусар бұлағынан нәр алып, өткен жүзжылдықта өмір сүрген, өз заманының елеулі оқиғаларына өзінше үн қосып, жыр шашуын шашқан халық ақындарының мұралары бір төбе.

60-жылдары ұлы М. Әуезов сөзімен айтқанда «Жыл келгендей жаңалық сезінермін» жаңа тегеурінді ақындар толқыны келді. Әдебиетімізге олар өлеңдерінің өміршеңдігімен, көркемдік ерекшеліктерін әдебиет табалдырығын аттап, бұл күнде бұғанасы бекіген, кемел жасқа ғана емес, поэзиямызды кемелдікке жеткізді. Бұл кезеңдегі өзіндік үлгі, өзіндік ізденістерімен әдебиетімізге енген ақындар Т. Молдағалиев, Қ. Шаңғытбаев, С. Жиенбаев, Қ. Мырзалиев, С. Асанов, М. Сатыбалдиев т.б. ақындар творчествосы көркемдік жағынан да, эстетикалық әсер тұрғысынан да айқын қолтаңбамен әдебиетімізге өз соқпағын салуға ұмтылды.

Ж. Аймауытов: «Мағжан сыршылдығымен, суретшілдігімен, сөзге еркіндігімен, тапқыштылығымен күшті, маржандай тізілген торғындай үлбіреген нәзік күйімен, шерлі, мұңды зарымен күшті», – деген болатын [3, 101 б.].

Сол кезде жоғарыда келтірілген шеберлік компоненттері – Мағжан ақынның бір басынан артылып төгіліп жатса, 60–70-жылдардағы профессионал деңгейге көтерілген поэзия, жеке-жеке үлкен арна тартты. Мағжанның ақындығы туралы Ж. Аймауытов көрсеткен бір шебердің басындағы мінез бір адам бойындағы көрінген қасиет-дарын, салаланып, 60-жылдары Тұманбай Молдағалиев – Мағжанның сыршылдығын, Жүмекен Нәжімеденов – суретшілдігін, М. Мақатаев сөзге еркіндігін, Қадыр Мырзалиев – тапқыштығын, Төлеген Айбергенов – күшті маржандай тізілген, Сағи Жиенбаев – торғындай үлбіреген нәзік үнді күйін меңгеріп, соны үлкен арнада, нағыз өнерге тән профессионалдык бағытта дамытты деуге әбден негіз бар» [4, 101 б.].

Мағжан жалпыхалықтық тілдегі семантикалық бір-біріне жуыспайтын деректі және дерексіз ұғымдарды іріктеп таңдап алып жаңа ұғымға жаңа мазмұнға сай етіп, Абай үлгісімен қоюластырып жасаған жаңа бейнелер жасаған.

Мысалы, Жұмақ суы (Жұмақ суы сылдырынан), тәңірдің нұры, ерік құсы (Ерік құсы қайта ұшып келгеніне), ерік тізгіні (Өзіңе ерік тізгінін береміз біз), Жібек түн (Жібек түн – бәрі тың), желдей жынды жүрек (Желдей жынды жүректің екпінінен), интернациональный жүрек (Интернациональный жүрегі бар), сиқырлы сөз (Бота көз, сиқырлы сөз, ханым Гүлсім), қастық уы (Жақын жандар қастың уын шашқан күн), сиқырлы сөз күші, (Қасиетті сиқырлы сөз күнгі), Қасірет уы (Жойынды, бүгінгі күн қасірет уы), Өмір оғы (Жүргіне өмір оғы көп тиген), өмір уы (аямастан өмір уын беріп тұр), рақмет есігі (Ашты рақмет есігін), жауыз жел (жердің жауыз желімен), қайғылы қайын

(Қайғылы қайың! Аяныш жаның), жұмақ нұрлы жаз, (Жұмақ нұрлы жаз келген), сұлулықтың асығы («Сұлулықтың асығы – жыршы!» – дер ме?), қиялдың толқындары (Қиялдың толқындары алды қағып), алаштың арыстаны (Алаштың арыстаны – Абылай ері...), Көкшенің тас жүрегі (Көкшенің тас жүрегі жаралы да), сұм садақ (Сұм садақ кетсе де үзіп жас жүрегін), қулық-сұмдық сабағы (Қулық сұмдық сабағын), бейнеттің шөл даласы (Бейнеттің мұнарланған шөл даласын).

Кейінгі буын ақындары да осы дәстүрді сақтаған.

Мысалы, С. Жиенбаевта: Түннің қабағы (Қабағы түннің салбырап), жартастың жүзі (Қабағын қалың қар жапқан, Жартастың жүзі жұмсарып), жанымның шоқпары (Жанымның үрлеп шоқтарын), ақынның жалын жыры (Ақынның жалын жырымен өртеніп жатты бұлттар да), жеңістің таңы (Жеңістің тұңғыш таңы бұл, жауынгерлердің жоқ иесі), көңілдің жайлауы (жайлауын көрдім көңілдің, жақсы бір күйге түстім мен), адалдықтың ақ көрпесі (Жамылып адалдықтың ақ көрпесін, Жатады мұңсыз орман, мұңсыз дала), өзге өмірдің құшағы (Жатады шал түніменен күрсініп, Өзге өмірдің құшағында түршігіп), жапырағымның еңсесі (Қонып жатыр шықтар да жапырағым, Жапырағымның еңсесін төмендетіп), тағдыр торы (Қазір-ақ тұр ғой салғалы, Түскендегі тағдыр торына), қара шаңырақтың ары (Қасиетті қара шаңырақтың тимесін ешкім арына).

Қ. Шаңғытбаевта: Күдік оты (Кербез кемел сауалықпан, Күдік оты шарынды), шабыттың бұлағы (Шабыттың шалқып бұлағы, Ағады-ау, ағад сарқылмай) сезім көбесі Сөгіліп сезім көбесі, Тамады жасы аш көздің), көңілімнің нәзік қылы (Күйкұмар көңілімнің тәтті қылы, Жанымды тербетеді тәтті үнімен), қайғының қара бұлтты (Жат өлке, күнгей жайлардан, Қайғының қара бұлтты бар), ойдың мұхиты (Таусылар ойдың мұхиты, Кебіртен тартар, қақа болар), ажалдың ала туы (Алаурап таңы атады, Ажалдың ала туындай), ғашық оты (Өзеннің аржағында сайрап бұлбұл, Тұтанды ғашық оты жайлап, құрғыр), жырдың жаңбыры (Тұтасып жырдың жаңбыры, Түнеріп ақын қарайды), өлеңнің зері (Нұр қағып күннің көзінен, Жұлдызды жұлқып үздім мен, Қазақтың гауһар сөзінен, Өлеңнің зерін сыздым мен), шешек толы қайран жүрек (Шешек толы қайран жүрек, Шерменде боп аш кетті), ғасырлар мұң зары (Қалғандай ғасырлар мұң зары, Серейіп қараңғы мұз болып), махаббат оты (Ереуіл толқын тулайды, Махаббаттың оты лаулап тынбайды да), ерке жел (Ерке желдің ығында, Тербетіліп қалтырап), адалдықтың ақ көрпесі (Жамылып адалдықтың ақ көрпесін, Жатады мұңсыз орман, мұңсыз дала), көңілдің жайлауы (Жайлауын көрдім көңілдің, Жақсы бір күйге түстім мен)

Қ. Мырзалиевте: Қулық кестесі (Қулық деген кестені, Тоқу оған қиын ба?), өтірік мазары, ақиқаттың ауылы (Өтіріктің мазарында түнейсің, Ақиқаттың

ауылына қонбайсың), қарттық кемесі (Шайқап қарттық кемесі, Кетеді ғой мазам да), мұңның бұлты (Ерте батар, мұңның бұлты ұстайды көлегейлеп), қуаныш шаңырағы (Бағзы көңіл – қуаныш шаңырағы. Бос қыстаудай құлазып, қаңғырады), әділеттің досы (Алдыменен әділеттің досымын, Ақын үні әр уақытта тосын үн), әзіл бомбасы (Жатады әзіл бомбасы, Күлкі болып жарылып), махаббат аспаны (Мың жұлдызым болса да, байқамайсың басқаны, Бір жұлдыздан тұрады махаббатың аспаны), махаббаттың пәк туы (Жоғары ұстап махаббатың пәк туын, Жүрмегендер – Қасіреттің тәтті уын), өлеңнің болашағы (Сене алмаймын, Жоқ дегенге өлеңнің болашағы) қулықтың арам асы, ой шөлмегі (Қыдырып жүр деп біледі ел мені. Отырғаннан толмайды ой шөлмегі), игіліктің ақ сүті (Итаяққа төкпесе, Игіліктің ақ сүтін), үміт желі (Мың көшеді, Үміт желі ескенде), адалдықтың жаңбыры (Бәрін шайып кетеді, Адалдықтың жаңбыры), шындықтың шапаны (Шындықтың киіп шапанын, Шығады төрге лақаптар), шабыттың ауылы (Алыс емес ашудан, Шабыттың да ауылы), шындықтың ауылы (Әңгіме бұл біздерде өріс алған, Ауылынан шындықтың теріс ауған), көңіл жыртығы (Жалғыз-ақ жылы сол лебіз, Жамайтын көңіл жыртығын), көңілдің тосабы (Қалындай береді. Көңілдің тосабы!), ұлылықтың күмбезі, зұлымдықтың кірпіші (Ұлылықтың күмбезі, Зұлымдықтың кірпішінен қаланбас), жастық шақтың уы (Жастық шақтың уын да, Балын да ішіп), сенімнің шарабы (Шарабына сенімнің, Береді олар у қосып), көңілімнің айдыны, арамдықтың ащы уы, зұлымдықтың қақпаны (Ішсең де арамдықтың уын ащы, Түссең де зұлымдықтың қақпанына), тірліктің уы (Керегі не у ішіп, Жетпей ме уы тірліктің), жалғыздық уы (Алғанмен елдің батасын, Жалғыздық уын татасын).

Т. Молдағалиевте: Жастықтың ауылы (Мен жастықтың ауылында-ақ жүрер едім, Сол достарым өледі-ау қызғаныштан), төзімдіктің көйлегі (Сағынбасаң, сұрамай-ақ та қой мені, Жыртыла қоймас төзімдіктің көйлегі), ойдың теңізі (Отырдым ойдың теңізін, Отырдым үнсіз сапырып), үміттің өзендері (Нысанаға алған бір бет түзік пе, Өзендері үміттің өткізіп пе), қайғының уы (Сегізге енді қараған жасым, Қайғының уын қабына жұтты), қуаныштың желі (Соққанда қуаныштың желі бұрқап, Жарқырар ұлы Абайдың елі шырқап), бақыттың жағасы (Інісін де іздей бер, ағасын да, Бәрі бүгін бақыттың жағасында), қайғының наны (Сұм ажал бәрін шешті де, Қайғының нанын жейді ішім), жырымыздың тығыны (Көңілімізде көптен жүрген шырқалмай, Жырымыздың ағытайық тығынын), жастық желі (Бітіпті жастық желі де, Бұл өмір сынау, бір сынау), жақсылықтың ішігі (Көңілшектің жүрегі – жаз, іші – мұң, Тоздырмайды жақсылықтың ішігін), қазағымның алтын күні (Менің тілім өлмейді – халқым тірі, Қазағымның сөнбейді алтын күні), жігіттіктің аты (Лапылдап жанған кезде от үміттей, Жүре ме жігіттіктің аты үрікпей).

Ақындар Абай, Мағжан тудырған сөз тіркестерін қолданумен қатар, соны тіркестер тудырған.

ҚОРЫТЫНДЫ

Табиғат лирикасына ең алдымен Абайдың Шәкәрім мен Мағжан лирикаларын айта аламыз. Мағжан табиғат лирикасы арқылы ұлттық бояу нақышпен табиғат пейзажын екінші бір мақсатта қолданады. Бірақ жалаңаш табиғаттың аясында қалмайды. Мағжан жырларында табиғат пен адамның жан дүниесі бірге өріліп, астасып жатады. Бұған ақынның «Қысқы жол», «Жазғы жол» өлеңдері айғақ. Көңіл күй мен табиғат бірігіп, астасып жатады. Мағжанның табиғат лирикасының ерекше қыры Қ. Шаңғытбаев, Қ. Мырзалиев, С. Жиенбаев, Т. Молдағалиев лирикаларынан орын тапқан.

Қазақ қаламгерлерінің кейінгі ұрпағы үшін аға жазушылардың өнегелі үлгісі үлкен мектеп болды. Әдеби дамудың негізгі салмағын көтерген 1960-70-ші жылдар өкілдерінің өзі осы мектептен шықты. Реалистік өнерді байытып, оны тұрмыс-тіршіліктің, адамның жұпыны өмірінің шындығын терең бейнелеу арқылы жетілдіріп, қоғам мен адам дамуының қайшылықты күйін ойшылдықпен суреттеуде осы ұрпақтың ізденістерге қалам сілтеген.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Сыздық, Р.** Абай және қазақтың ұлттық әдеби тілі. – Алматы., 2004. – 56 б.
- 2 Қазақ әдебиеті. Энциклопедия. – Алматы : Білік, 1999. – 194 б.
- 3 **Жұмабаев, М.** Шығармалар. 2–3 том. – Алматы., 1996. – 395 б.
- 4 **Сариев, Ш.** 1960–70 жылдардағы қазақ лирикасы. Көркемдік ізденістер : Филол. ғыл. канд...дисс. – Алматы., 1993. – 101 б.

Материал 03.04.20 баспаға түсті.

Ж. Т. Кадыров¹, А. Саркентқызы²

Жизнеспособность традиций Магжана

^{1,2}Институт языка и литературы,
Северо-Казахстанский государственный университет
имени М. Козыбаева,
г. Петропавловск, 150000, Республика Казахстан.
Материал поступил в редакцию 03.04.20.

Z. T. Kadyrov¹, A. Sarkenkyzy²**The viability of Magzhan's traditions**

^{1,2}Institute of Language and Literature,
North-Kazakhstan State University named after M. Kozybayev,
Petrovavlovsk, 150000, Republic of Kazakhstan.

Material received on 03.04.20.

В данной статье изображено продолжение традиций Магжана. Рассмотрено влияние Магжана известного своим новаторством, на последующее поколение поэтов.

Continuation of Magzhan's traditions is depicted in the article. The influence of Magzhan, known for his innovations, on the next generation of poets is considered.

FTAMP 16.01.11

Қ. Т. Қаурбаева¹, Г. Т. Кәріпжанова²

¹ф.ғ.к., доцент, Филология факультеті, Астана медицина университеті,
Нұр-Сұлтан қ., 010000, Қазақстан Республикасы;

²ф.ғ.к., профессор, Гуманитарлық-заң факультеті, Тұран-Астана университеті,
Нұр-Сұлтан қ., 010000, Қазақстан Республикасы

e-mail: ¹kuralai_kt@mail.ru; ²adon70@mail.ru**ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ДҮНИЕТАНЫМЫНДАҒЫ
«ЕРТОҚЫМ» КОНЦЕПТІСІ**

Мақалада әлемнің тілдік бейнесін зерттеу бағытындағы ізденістерде ұлттық сипатқа ие «ертоқым» концептісі қаралады. Ғаламның тілдік бейнесі адам мен оның болмысын, оның әлеммен қарым-қатынасын сипаттайтын әлемнің концептуалды бейнесімен тығыз байланысты екендігі баяндалады. Бұл мақалада авторлар қазақ мәдениеті мен ұлттық менталитетіне қатысты ұғымдарды талдайды. Этностың рухани және материалдық мәдениеті «ойлау-тіл-мәдениет» тұрғысынан қарастырылады. Зерттеу барысында когнитивтік аспектіде ұлттық мәдени-танымдық этнос жүйесі негізге алынды. «Ертоқым» концептісінің ұлттық таным көрсеткіші екендігі поэзияда қолдану ерекшеліктері арқылы көрсетілді.

Кілтті сөздер: Концепт, тілдік бірлік, ұғым, мәдениетаралық өзара байланыс, ұлттық психология, ұлттық сипаттың ерекшелігі, этнографиялық болмыс, мәдени ақпарат.

КІРІСПЕ

Көшпелі елдің барша тіршілік болмысы табиғатпен тамырлас. Жыл маусымдарымен санаса отырып, көшіп-қонуға бейімделген қазақ халқының материалдық өндіріс жүйесі шаруашылықтың біртұтас құрылымын қалыптастырып, мұның өзі бір-бірімен өзара біте қайнасқан әлеуметтік-экономикалық және әлеуметтік-мәдени жүйені орнықтырған. Мұндай жүйе барша өмір салты, әлеуметтік тарихтың қарқынын, материалдық және рухани мәдениеттің төлтума қасиетін, салт-дәстүр мен талғам-танымды, т.б. реттеп әрі өміршең етіп отырды.

Көшпенділер табиғат құбылыстарына, қоршаған ортаға қарсыласы ретінде қарамаған. Неғұрлым табиғат сырын терең танып, табиғатпен етене болған сайын өмір сүруге қолайлы мүмкіндіктердің де молая түсетінін жақсы білген. Сондықтан да олар табиғатты бағындыру арқылы емес, табиғатпен тіл

табысу арқылы бақытты өмір сүруге болатынын тәлім-тәжірибе деңгейінде ғана біліп қоймаған, мұның өзі халықтың адамгершілік, этикалық қалыптарына айналған.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Тілші-ғалым Ж. А. Манкеева: «Табиғат көрінісіне, жағдайына икемделу – адамның негізгі бір қасиеті. Жүздеген, ия мыңдаған жылдар бойы жалғасатын бұл икемделу тек материалдық өндіріспен ғана байланысты емес, ол адамдардың ой-өрісіне де әсер етеді. Этнос пен табиғатты біртұтас ұғым деп қарау әсіресе көшпенділер мәдениетін, психологиясын түсіну үшін ерекше маңызды. Себебі, олар көбінесе осы екі ұғымның (этнос пен табиғат) нәтижелік көрінісі», – дейді [1, 32].

Осыған сәйкес сайын сахарада жөңкіле көшкен қазаққа ен даласын, кіндік кесіп, кір жуған жерін танытқан, оның шегі мен шексіздігін, қасиетін сездірген киелі жануар – жылқы. Бұл туралы Ш. Уәлиханов: «...жылқы малы (жылқы әулие), түйе, қой, сиыр киелі жануарлар санатына жатады», – деп жазады [2, 156]. Жылқы қазақтың қанына сіңіп, сана-сезімін жаулап, керісінше, халыққа да өз тарапынан қызмет етті: кең байтақ өлкеге алып шықты («Ат – ер қанаты»), оның тылсым сырын ашты, даланың әдемілігін, кеңдігін көруіне көмектесті. Жалпы айтқанда, көшпендінің бар өмірі ат үстінде және аттың қасында өтті. Қазақ үшін жер бетінде жылқыдан таза, киелі, қасиетті жануар жоқ, оның иісінің өзі аса қымбат. Қазақты ат үстінде тану қажет. Өйткені ат үстіндегі адам қанаттанып, ерекше шабытқа ие болады, арқаланады, ерекше күш-қуатқа бөленеді. М. Аджи сөзімен айтсақ: «Сахара адамы үшін жылқы – жан мен тәннің жалғасы, оның екінші «мені» [3, 64]. Г. Гачев: «Жануарлар иерархиясында жылқы бірінші орын алады. Қалғандары – тек адамға қызмет етеді. Ал адам жылқы алдында бас иіп, қызмет көрсетеді, қорлық санамайды. Өйткені бұл – Тәңірдің тірі бейнесі, оның нұры. Жылқы – ғарыштың жоғарғы бөлігі. Қалған жануарлардың бәрі жердікі, соған тартылады, соған қарайды. Жылқы алдыға және жоғарыға қарайды. Ал онымен адам да бірге. Ат үстіндегі адам – аспан, жоғарғы әлем мүшесі жерден және оның тартылысынан босатылған», – деген пікірді алға тартады [4, 67].

«Жылқы – малдың патшасы, Түйе – малдың қасқасы» дейді: «қазақ ұғымында: жылқы – төрт түлік малдың ішіндегі ең асылы, қасиеттісі, көшпелі қауым өмірінде ол тек ішсе тамақ, кисе киім, мінсе көлік қана емес, елін, жерін жаудан қорғайтын ер-азаматтың астындағы пырағы, төрт түлік малдың сәні де, сәулеті де, бітім-тұлғасы бөлекше, табиғаты асыл, көркемі де, ерекше байлық пен мырзалықтың өлшемі де жылқы малы» [5, 35].

Жылқы – дүбірдің малы, шапқылайды, кісінейді, тарпынады. Қазақ үшін жылқы, қанатты атқа ие болу – мәңгілік қозғалыс, өмір сүру, тіршілік ету. Бұл орайда «адам жылқы мінезді» деп бекер айтылмаса керек. «Сүмбіледей сұлу ат мінсем» – деп армандаған қазақтың бірі Аспан еді» (О. Бөкей, Сайтан көпір).

«Атың тұлпар, құсың сұңқар болсын» (бата) дейді. Бұл орайда тұлпар – «Жүзден – жүйрік, мыңнан – тұлпар» (мал жайын, әсіресе жылқы қасиетін жақсы танып-білген қазақтардың ұғымында жүйрік тұлпар сирек кездесетін мал тұқымы, яғни жүз жылқыдан бір жүйрік, мың жылқыдан бір тұлпар шығуы мүмкін) [5,35] дала пырағы, оның ғажайып көзге ілінбес шапшаңдығы ер жігітті жеңіске, тәуелсіздікке, бостандыққа жетелейді. Мәселен, «Жайылған жайлы аңызда»: «Алаштың әйелі ажал сағаты жақындағанда: – Сенің ұлыңның ұрпақтары айбынды әскері бар үлкен халық болады. Олардың арғымақтарының тұяқтарынан ұшқан шаң күннің бетін көлегейлейді, дүсірінен жер қайысады. Сондықтан осы баладан тараған ұрпақ бүкіл жер бетіне жайылсын деп, нәрестенің атын Жайыл қойдым. Жайылдың кіндігінен жалғыз ұл туады. Оны атын сен Қазақ деп қоятын бол», – дейді. Сондай-ақ, «Құтадғу білікте»:

«Ерге жақсы ат қандай бақыт, бел еді,
Сол атпенен мәңгілік құт келеді», – делінген.

«Бақыт құсы» ертегісінен:

Ер жігітте мін болмас,
Тұлпар атта сын болмас», – деген жолдарды оқуға болады.

Тұлпар – күннің, қозғалыстың символы, айырықша күш-қуаттың, күн нұрынан дарыған ғажайып қасиеттің иесі.

Ат аспанға қарғыды.

Оқ жайына қалады. («Ер Қосай»)

Біз қазақ – бір ұяның балапаны едік,

Қанаттанып, сұңқар болып самғайық!

Біз бүкіл қазақ – бір биенің құлыны едік,

Тұлпар болып оза шабайық! (Әйтеке би)

Тұлпар – қазақ поэзиясында кеңінен тараған образ. Ол – асқақ арманның, шығармашылық шабыттың, қажырлылық пен қайраттылықтың нышаны. Жазылар естеліктер мен туралы

Біреулер жан еді дер өр тұлғалы.

Біреулер тұлпар еді дер де мүмкін (Мұқағали, «Жазылар естеліктер мен туралы»).

Тұлпар – ақындардың жебеушісі, шабыт берер, қанат бітірер пірі, ақындық музасы.

Қанатты тұлпар – уақыт пен кеңістікті жалғастырады.

*Сары ат заулап келеді,
Ақ бөкендей жосады,
О төбенің тозаңын
Бұ төбеге қосады.
Қарабай мен көкқұтан
Көтеріліп ұшқанша,
Алдынан орап басады.
Баяғы шабыс қалады.
Тер бойына тарады,
Мақтау атқа жарады,
Астындағы Сары аттың
Көкте екенін білмеді,
Жерде екенін білмеді,
Қос қанатын салады.
Пыр-пырлап ұшып жөнелді. («Ер Қосай»)
Астына мінген Қара ат-ты,
Жануар құстай қанатты. («Қарадөң»)
Жаратты бір қара көк тұлпар атты,
Өзі жорға жануар құс қанатты,
Тұрманының барлығын алтындатып,
Күміспен төрт аяғын тағалатты («Қыз Жібек»).*

Қазақта асқан махаббатты, терең мейірімділікті білдіру «құлыным» сөзімен де беріледі. Осыған қатысты Б. Күлеев шығармаларынан мына жолдарды оқымыз:

*Ай жүрермін түзде, жыл жүрермін,
Күнің болар мені сағынар.
Жатсаң-тұрсаң, ойлап құлыным деп,
Жасағанға жылап жалынар.
Немесе «Қыз жібек жырында: Құлыным, менің, Төлеген,
Көрдің бе десе, не дейсің?*

Ж. К. Каракузова, М. Ш. Хасанов «Космос казахской культуры» еңбегінде: «Қазақтар үшін жылқы – жоғарғы әлемнің, даналық әлемінің, ата-бабалар әлемінің символы. Әсіресе ол – салт-дәстүрде айқын көрініс табады: дүниеге келу, жерлеу, үйлену салттарында жылқы малы – жоғарғы әлем, интеллект белгісі», – дейді [6, 33]. Бұл орайда жылқы қайтыс болған адамды ата-бабалар әлеміне апарды деген таным қалыптасқан. Мысалы: «– Ана, не болды сізге? – деп жан ұшыра ұмтылды. Құрақ көрпенің үстіне сұлық құлаған Алма кемпір: – Ақан кешікті зой, – деп күбірлеуге шамасы әрең жетті де, қол-аяғы суып, аппақ әлеммен қош айтысып, қап-қара түнекке сіңіп, бара жатты...

*Ол күмістеген ер-тоқымы бар көк жорғаға мініп, асығыс аттанған
Ақанның артынан еріп кеткен еді»* (О. Бөкей, Бәрі де майдан).

«Қайтыс болған ер адамның мінген атының жалын күзеп, құйрығын шорт кесіп (тұлдап), «жануар, о дүниедегі иенің жылына құрбандыққа шалын деп» деп бос жібереді. Ол ат мінілмейді. Мұндай жылқыны «тұл ат» дейді» [7, 331].

«Барлық батырлар жырларында жылқы ақылшы, көмекші ретінде көрсетіледі. Жылқы – ата-бабалар символы, олар батырдың жердегі және ғарыштық істеріне көмектеседі, қорғайды» [6, 33]. Мәселен, Қобыландының Тайбурылында адамның ой-мінезін, тілін, адам сырын түсінетін ерекше қасиет бар. Сондықтан жыршы:

*Жазығы мал демесең,
Тайбурылдың ақылы
Адамзаттан артық-ты, – деп ардақтайды.*

Яғни жылқы қазақтың сыйынар, сүйенері, сырласы, жебеушісі ретінде халықтың дәстүр-салтынан ерекше орын алған. Осыған қатысты Ж. Молдабеков: «Қасым хан тұсында үш жүздің басы қосылған. Оның құрметіне қазақтар көкқасқа атты құрбандыққа шалған. Құрбандыққа көкқасқа аттың шалынуы: көк – аспан, қасқа – ай, мұсылмандық белгісі, ат – байлық пен жауынгершілік символы болғандығымен түсіндіріледі», – дейді [8, 56]. Жылқыны құрбандыққа шалудың кеңінен орын алғандығы туралы деректер молынан кездеседі. Мәселен, Б. Бичурин: «Жылқы хан сайлауында құрбандық ретінде және Күннің символы ретінде көрінеді», сол сияқты «Орта Азияда – жаңа жылда – күн мен түн теңелгенде ат жарысы ұйымдастырылған. Жылқы күн тәңірінің елшісі болғандықтан, көктемгі күн мен түн теңелген кезде ханды қошаметтеп, атқа мінгізіп алып жүрген» [9, 48]. «Новгородта және басқа да шығыс славян жерлерінде археологиялық және тілдік негізде жылқылардың құрбандыққа шалынғандығы туралы дерек сақталған. Адамның орнына құрбандыққа үй жануарларының бірі жылқыны құрбан қылу ежелгі үнді еуропа елдерінде көп кездеседі» [10, 48]. «Рим дәстүрінде көне үнді еуропалық ғұрып – «жылқыны құрбандыққа шалу» толығымен осы күнге дейін сақталған. «Жылқы» туралы ғұрыптар ежелгі римдіктердің әлеуметтік құрылысымен тығыз байланысты, онда ерекше әлеуметтік тап – «аттылы римдіктер» қалыптасады. Жылқымен байланысты рәсімдерді Қытай елінен де кездестіруге болады. Б.ғ.д. II ғасырдың ортасында иньдердің мәдениетінде «жылқы» ең басты жануар болған және оған табынып, патшаларын ақыретке шығарғанда құрбандыққа шалған» [11, 552; 561]. Қарап отырсақ, «жылқыға» деген ерекше көзқарас әр халықтан да табылады. Соның негізі – жылқының «қасиеттілік» мәнімен, «Тәңірінің елшісі» деген түсінікпен астарласып жатқаны тәрізді. Жылқы

хан сайлауында «Тәңір жарылқасын!» деген тілектің белгісі болса, өлімге байланысты ғұрыптарда «ата-бабалар әлеміне», «Тәңірге» апарды деген түсініктің бернесіне айналған.

Түстік сипатының молдығымен де көзге ерекше түсетін жануар жылқы болып табылады. Көне гректердің дәстүрінде «жылқы» салттық мәнде көрініп, оның культі ерекше әйел сұлулығы мен құдіреттілігінің символы болса, мұндай баға қазақ халқынан да орын алады. «Оған жақсы аттың бойындағы он бес түрлі белгіні айғақтайтын үш қасиеттің бірі – жақсы ат пен тегінің төркіні – әйел сұлулығы – салыңқы кең кеуде, әсем де ыңғайлы қозғалыс және әдемі түсі дәлел» [12, 89]. Демек, жылқы «қасиеттілігімен» ғана емес, сұлулығымен де бағалы.

«Жылқыны қолға үйрету арқылы біздің бабаларымыз өз дәуірінде адам айтқысыз үстемдікке ие болды... Жылқының қолға үйретілуі атқа міну мәдениетінің де негізін қалады... Ат үстінде жүрген көшпенділер тақымына басқан сәйгүлігіне неғұрлым еркін мініп жүруі үшін биік ер-тұрман мен үзеңгіні ойлап тапты [13, 3]. Мұның өзі ер баланың еншісіне тиіп, оның ер атануының бірінші белгісі болған. Мысалы:

Үйде тұрып не етем? – деп,

Енді ерлік етем, – деп,

Кеңес бала ойлады:

Ер белгісін етем, – деп,

Басқа жаққа кетем деп,

Шығып Кеңес қарады,

Ақтанауға барады,

Алтынды тұрман, ер жүген

Атқа тегіс салады. («Ақжонасұлы Ер Кеңес»)

Қазақ дәстүрінде атты ерттеу, атқа міну аса маңызды. Бұл орайда ер-тұрман ер жігіттің ер атануының өзіндік бір белгісі саналған. Атты – қанат, келістіріп мінуді өнер санаған халқымыз оның ер-тұрман, жүген-құйысқанын сәндеп әбзелдеуді салт еткен (*Біреулер тұлтар еді дер де мүмкін. Бүтінделмей кеткен бір ер-тұрманы* (Мұқағали, «Жазылар естеліктер мен туралы»). Бұл туралы С. Кенжеахметұлы былай дейді: «Әсіресе мінген аты мен ер-тұрманына әр адам үлкен мән берген, ауыл-аймақ оны соған қарап бағалаған. Мысалы, күмістелген бір ер-тоқымға бір ат төлеген... Ер-тұрман – салт мінетін ат-тұрманының жалпы атауы. Оған ер, тоқым, жүген, ноқта, айыл, өмілдірік, құйысқан, қамшы, тұсамыс, шідер жатады» [7, 305]. Осыған сәйкес Б. Залесский былай деп жазады: «Атқа мінуді шексіз сүйетін қырғыз оның әбзелдеріне үлкен жауапкершілікпен қарады. Аттың ер-тоқымы ол үшін – ар-намысының нышаны» [14, 34]. Махамбет ақын да:

Ереуіл атқа ер салмай,

Егеулі найза қолға алмай,

Ерлердің ісі бітер ме? – дейді.

«Кейін қалыңдығы қайтыс болған соң, әкесі Керімбай: «Сен енді Құрекеңнің кіші қызын алатын болдың» деп хабарлағанда, бұл ер-тоқымын бауырына алып, көпке дейін көнбей тулағаны есінде» (Қ. Жұмаділов, Тағдыр).

Яғни ат, ер-тұрман қазақ танымында жігіттің ар-намысының символы.

Апта жүріп, ай жүріп,

Аңызаққа ұрынбан.

Ат-тұрманнан айрылып,

Айдалада жығылман. (Мұқағали, «Самұрыққа міндім бе»)

Сол сияқты ер-тоқымнан айрылуды жаман ырымға жорыған. Мысалы:

Бикешжан бүгін түс көрді,

Түсінде жаман іс көрді,

Астындағы көк жорға ат

Ер-тоқымсыз бос көрді. («Қыз Жібек»)

Өз кезегінде қайтыс болған адамның ат-әбзелдерін тұлдау азаның хабаршысы қызметін атқарған.

Қайтыс болған адамның «ер-тоқымын ешкім пайдаланбаған» [7, 331]. Яғни бөтен, жат адамның қолына бермей, әкенің, ер-азаматтың жеке мүлкі, ар-намысының нышаны ретінде ерекше қастерлеп, қасиет тұтқан, шаң бастырмай, қадірлеп ұстаған. Мәселен, Ф. Оңғарсынованың «Ер-тұрман» өлеңі этнографиялық құнды деректерді танытып қана қоймай (*үзеңгі күмістеген, күміс жүген, соқтырған Сәрсен шалға құр ат беріп, күміспен бағдарланған өмілдірік, құйысқан, тоқымы тобылғы түс былғарыдан, шылбыр, шап айыл, төс айыл, терлік, ауыздық, таға*), қазақ отбасындағы әкенің орны, әкенің көзіндей көретін, оның атының ер-тұрманының қасиеттілігі, артында қалған ұрпағының үкілі үмітін (*ат мініп, адам болып, әке арманын жалғасам деген жалғыз тілекпенен*), қазақ жүрегінің дүрсілін, дәстүрлі құндылықтар жүйесін паш етеді.

Өртейді бір өкініш жиі мені...

Киіз үй. Мекеніміз қиыр еді.

Анамның алданышы, сүйінері –

әкемнің ер-тұрманын күніне бір

тазалап, қайта-қайта иіледі.

Көзінің тірісінде қайран әкем

Қастерлеп қадір тұтқан бұйымы еді.

Қырда едік, көп жайлардан жырақта едік.

Мен жүрдім ер-тұрманды мұрат көріп.

Үзеңгі күмістеген, күміс жүген,

Соқтырған Сәрсен шалға құр ат беріп.

Әкемді сағынғанда ер-тұрманын
 Сипалап отырушы ем жылап келіп.
 Күміспен бағдарланған өмілдірік,
 Қараушы ем құйысқанға өңім жібіп.
 Тоқымы тобылғы түс былғарыдан,
 Тұрғандай, шылбырды алсам, қолымда үміт.
 Шап айыл, төс айылды шіррей тартып,
 Жүйрікпен жол тартатын көңіл жігіт.
 От тұяқ кең даланы дүбірлетіп,
 Терлікті терге малар со күнді күт!
 Көңілімде бір сыр жатты жанға айтылмай,
 сол сырмен әке үмітін жалғайтындай
 сезіндім, атқа мінсем әкеміздің
 шаң басып ер-тұрманы қалмайтындай.
 Сол тұлпар, тізгін тартсаң, қаршылдатып
 шайнайды ауыздығын таңдай тынбай.
 Мұз шатқал, тау-тасты да тұлпар тұяқ
 тағасыз тіліп өтіп самғайтындай!..
 Түндерде жүйрік мініп, қиял қуып,
 қараумен ер-тоқымға күн өткерем,
 ат мініп, адам болып, әке арманын
 жалғасам деген жалғыз тілекпенен...
 Бір күні сәске түсте үйімізге
 сау етіп төрт-бес атты түсе қалды.
 Басқарма! Танитын жұрт оны тегі...
 Қадалды анамызға Құрман кенет:
 «Бар қазақ ата салтын қылған медет:
 ағаның ер-тұрманын мен ұстайын,
 не пайда үйде босқа тұрған», – деп,
 Жылады, шырылдады анам көнбей,
 мен тұрдым сөз айтуға шамам келмей.
 Әкетті ер-тұрманды.
 Біз қосылып
 Жыладық әкем сонда жаңа өлгендей.

Осындайлық терең мазмұнға ие, халқымыздың рухани дүниесін танытатын мәліметті О. Бөкейдің «Бәрі де майдан» повесінен де оқуға болады: «...Балаларымды жинап алып, жайқалып өсіп келе жатқан картоптың арамшөбін жұлып, түптеп жүрген Енемді көргенде, бағанадан бері көкірегімді қысып, алқымыма кептеліп келген өксік көзімнен бұршақ-бұршақ жас болып ағылды.

– Не болды келінжан? Ұлымнан жаманат естідің бе?! – деп, Енем мені құшақтап ойбай салды.
 – Жоқ, – дедім өксігімді бас алмай. – Тыныштық. Нартай Ақанның ер-тоқымын сұрайды.
 – Шал-ау. Шал. Нартай Ақанның күмістелген ер-тоқымын сұратыпты. Береміз бе?
 – Атасының басы, – деді Атам ентігін әлі де баса алмай. – Ақметтен қалғ-ан көзді... Оттаған екен. Енеңді... – Маған жалт қарады да одан арғысын айтпай қоя қойды.
 – Ата, – дедім мен, иіле төмен қарап. – Егер ерді бермесек, бастық үстімізден құрық түсірмейтін сыңай бар. Боен салық төлеңдер деп қиғылықты салды.
 – Салықтың орнына мені алып кетсе де бермеймін, – деп кесіп айтты». Қазақта «Ер-тұрманды аттама» деген тыйым бар. Бұл да ер-тұрманның қасиеттілігімен тығыз байланыста туындаса керек.

ҚОРЫТЫНДЫ

Әрине, аты тұрсын, ер-тоқымына деген мұндай көзқарас қазақтың қанына сіңген қасиеті болса керек. Осымен байланысты А.Сейдімбектің «Өзіндік қасиеттен айырылған ұлт өледі. Ұлтты өлтірмейтін оның төлтума мәдениеті ғана. Сондықтан азапты өмірді Тәңірдің сыбағасына балай жүріп, өткеннің асылдары болашақ ұрпақтың жанжүрегін жылытуы үшін қол жалғап жіберуіміз қажет-ақ», – деген пікірінің орны ерекше [7, 28]. Себебі бір қарағанда жылқы, оның ер-тұрманы халқымыздың төлтума мәдениетінен хабар бергенімен, оның астарынан терең дүниетанымдық мән, астарлы ақиқатты, сұңғыла пайым мен парасатты, көшелі ой-пікірді, тағылым мен тәрбиені аңғаруға болады. Мұның өзі Ұлы дала өркениетінің, көшпенділер әлемінің бір белгісі болумен қатар, халқымыздың асқан даналығын айқындай түседі.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Манкеева, Ж.** Қазақ тілінің заттық мәдениет лексикасы : Автореф. Дисс. филол. ғыл. док. : 10.02.06. – Алматы, 1997, 53 б.
- 2 **Уәлиханов, Ш.** Таңдамалы. – Алматы, 1985, 560 б.
- 3 **Аджи, М.** Полюнь половецкого поля. – М., 1994, 349 с.
- 4 **Гачев, Г.** Национальные образы мира. – М., 1988, 448 с.
- 5 Аталар сөзі : «Даналық әліппесі» оқу-тәрбие кешені. – Астана : «Interactiv Kazakhstan», 2014. – 58 б.

6 **Каракузова, Ж. К., Хасанов, В. М.** Космос қазақша мәдениеті. Алматы, 1993. – 77 с.

7 **Кенжеахметұлы, С.** Қазақтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. – Алматы, Атамұра, 2010. – 384 б.

8 **Молдабеков, Ж.** Қазақ осы – мың өліп, мың тірілген. – Алматы, 1998. – 208 б.

9 **Галиев, А. А.** Традиционное мировоззрение казахов. – Алматы, 1997. – 167 с.

10 Этнографическое изучение знаковых средств культуры. – Ленинград, 1989. – 299 с.

11 **Гамкрелидзе, Т. В., Веч.Вс. Иванов.** Индоевропейский язык и индоевропейцы. Благовещенский Гуманитарный колледж им. И. А. Бодуэна де Куртенэ, 1998. – 520 с.

12 **Қайдаров, Ә.** ж.б. Түр-түстердің тілдегі көрінісі. – Алматы, 1992. – 163 б.

13 **Назарбаев, Н. Ә.** Ұлы даланың жеті қыры // Егемен Қазақстан, 21.11.2018 ж.

14 **Залеский, Б.** Қазақ сахарасына саяхат. Алматы, 1991, 131 б.

Материал 03.04.20 баспаға түсті.

К. Т. Каирбаева¹, Г. Т. Карпжанова²

Концепт «Седло» в казахском национальном мировоззрении

¹Филологический факультет,
Медицинский университет Астана,
г. Нур-Султан, 010000, Республика Казахстан;

²Гуманитарно-юридический факультет,
Университет Туран-Астана,
г. Нур-Султан, 010000, Республика Казахстан.

Материал поступил в редакцию 03.04.20.

К. Т. Kairbaeva¹, G. T. Karpzhanova²

The concept of «Saddle» in the Kazakh national outlook

¹Philological Faculty,
Astana Medical University,
Nur-Sultan, 010000, Republic of Kazakhstan;

²Faculty of Humanities,
University Of Turan-Astana,
Nur-Sultan, 010000, Republic of Kazakhstan.

Material received on 03.04.20.

В данной статье авторы анализируют понятия касающиеся казахской культуры и национальному менталитета. Духовная и материальная культура этноса рассматриваются с позиции триады «мышленение-язык-культура». В ходе исследования в основу были взяты национальная культурно-познавательная система этноса в когнитивном аспекте. Показаны особенности употребления слов поэзии, отражающих национальное миропонимание «седло». В статье рассматривается концепт «седло», имеющий национальный характер в поисках по изучению языкового образа мира. Речь идет о том, что языковая картина Вселенной тесно связана с концептуальным изображением мира, характеризующим человека и его бытие, его отношения с миром.

In this article the authors analyzes the concepts which concern the Kazakh culture and national mentality. Spiritual and material culture of the ethnicity is considered within a triad «thinking – language – culture». The course of the research was based on national cultural and knowledge system of the ethnicity was examined in cognitive aspect during the research. The article also comprises peculiarities of words use in poetry, reflecting the national outlook «saddle». The article deals with the concept of «saddle», which has a national character in the search for the study of the linguistic image of the world. We are talking about the fact that the linguistic picture of the Universe is closely related to the conceptual image of the world, characterizing man and his being, his relationship with the world.

Г. С. Косымова¹, Ж. Б. Бурибаева²

¹ф.ғ.д., профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., 050000, Қазақстан Республикасы;

²докторант, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., 050000, Қазақстан Республикасы
e-mail: ²jannbb@inbox.ru

ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНДЕГІ МАҚСАТ КАТЕГОРИЯСЫ

Мақала қазақ тіл біліміндегі «мақсат категориясы» ұғымын ашуға арналған. Ең бірінші мақсат категориясына анықтама беріліп, оның түрлі салада қолдану ерекшеліктері сөз етілген. Аталған мәселеге қатысты отандық және шетелдік ғалымдар зерттеулері мен ұстаным– пікірлері басшылыққа алынған. Мақсат категориясын талдау барысындағы «адресант факторының» маңыздылығы айтылған. Сондай-ақ мақсат категориясын жүзеге асыру барысында қолданылатын әдіс-тәсілдер сөз етіледі. Сөйлеу актісінің түрлеріне талдау жасалынған. Аталған категорияның дискурстағы орны, өзіндік ерекшеліктері айшықталған.

Кілтті сөздер: мақсат категориясы, сөйлеу актісі, сөз стратегиясы, сөйлеу тактикасы, коммуникативтік диттем, интерпретация.

КІРІСПЕ

Мақсат категориясы лингвистикадағы маңызды әрі көп қырлы мәселелердің бірі. Ең әуелі «мақсат»сөзінің мағынасына тоқталсақ:

- 1 Белгілі бір нысанаға жету жолында қойылған міндет, нысана.
- 2 Тілек, арман, мұрат
- 3 Алда орындалатын әрекет нәтижесінің айқын бейнесі
- 4 Ойлау процесі нәтижесінде алдын ала болжау арқылы туатын мұрат, ішкі қозғаушы күш.

Мақсатқа жету үшін әртүрлі іс-әрекеттер мен қимылдар жасалады. Мақсаттың мынадай түрлері бар: а) нақтылы мақсат – іс-әрекеттің тікелей нәтижесі, заттың бейнесі; ә) абстракті мақсат – талаптану, яғни жалпыға бірдей игілікті көксіп армандау және соған жету үшін қызмет ету [1, 21 б.].

Анықтамадан көз жеткізгеніміздей «мақсат категориясы» – көп мағыналы, әрі көп қырлы, сонымен қатар ұғымдық категория. Алғашқы екі түсінік мақсат категориясын тілдік тұрғыдан анықтаса, үшіншісі –

педагогикада, төртіншісі– психологияда кеңінен қолданылатынына көз жеткізуге болады.

Тілде «мақсат категориясы» қалай көрініс табады? Сол жайлы сөз қозғасақ. Ең әуелі ой анық болу керек. Бұл тұрғыда А. Байтұрсынұлы: «Айтушы ойын өзі үшін айтпайды. Өзге үшін айтады. Сондықтан да ол ойын өзгелер қиналмай түсінетін қылып айту керек. Оның үшін айтушы сөйлейтін тілін жақсы қолдана білуі тиіс. Яғни әр сөздің мағынасын жақсы біліп, дұрыс сөйлемді тізе білуі тиіс» деген пікірі әлі де маңыздылығын жоғалтқан жоқ [2, 208 б.]. Дегенмен жазушының негізгі ойы, көздегенмақсаты бірінші кезекте беріліп жүргенімен қазақ тіл білімінде арнайы зерттеу нысаны болмаған. Сондықтан да мақаламызда «мақсат категориясы» деген не? Оның берілу жолдары қандай деген мәселелерге қысқаша тоқталуды жөн көрдік.

Тілші ғалым Н. Уәли: «Әдетте адресант өзінің сөзін көздеген коммуникативтік мақсатына, диттеміне, сөз стратегиясына, тыңдаушымен өзара ықпалдастық тактикасына, қарым-қатынас ситуациясына, уақиғаның барысына қарай құрады. Сөйлеушінің алдына қойған мақсатына жетуі, оның коммуникативтік диттемін тыңдаушының зерделеуі (интерпретациялауы) тілдесудің ойдағыдай өтуінің негізгі белгісі болып саналады. Коммуникацияға қатысушылардың өзара ықпалдастығы коммуникативтік құзіретті қалыптастыра білу сөз актісіндегі ерекше маңызды жайт болып табылады. Адресаттың айтылған сөз бен сөйлеушінің нені айтқысы келіп отырғанын салыстырып, сөз ауанын түсінуі адресаттың тілдік әрі коммуникативтік құзіреттілігіне жатады. Осымен байланысты зерттеуде коммуникациядағы сөз субъектілері адресант (адресат) түпқазық категория ретінде алынады. Адресаттың айтылған сөзді ұғынуы, тек тілдік құзіретпен шектелмейді. Сөйлеушінің интонациясын, пресупозициялық, аялық білімін, уақиғаны т.б. салыстыра отырып коммуникатордың коммуникативтік диттемін зерделеуі (интерпретациялауы) коммуникативтік құзіреттілікке жатады. Адресант өз сөзінің тигізер ықпалын болжай отырып, өзінің түпкі мақсатына жету үшін тыңдарман / оқырманның қабылдауына тиімді баяндау стратегиясын ойластырады және адресаттың білім дүниелерімен санасады. Сөз субъектісінің мәртебесі қарым-қатынас мақсатына, адресаттың кім екендігіне қарай, қарым-қатынас жағдайына қарай өзгеріп отырады,» – деп түсіндіреді [3, 48 б.]. Шын мәнінде кез келген ой берілу үшін немесе жазушы бір нәрсе жазбақ үшін ең әуелі оның мақсаты болуы керек. Мақсат анықталған соң оны түрлі тілдік тәсілдер арқылы жеткізеді.


НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Тілде мақсат категориясы арқылы жазушының (баяншының) негізгі ойы көрініс табады. Қазіргі уақыттағы зерттеу бағыттары туралы ғалымдар

Б. Х. Исмағұлова, А. С. Шыныбекова: «Осыған байланысты зерттеу тәсілі түбегейлі өзгерді: әрекет теориясынан бөлек шығып, тілге деген гумбольдтік әрекет тәсілін қайта қараған қазіргі лингвистика, негізінен, прагматика, осы сөздің кең мағынасында талдаудың бастау көзі ретінде *адам, оның қажеттіліктері, уәждері, мақсаты, тілегі мен талабын* оның іс жүзіндегі және коммуникативтік әрекеттерін негізге алады.» – деп атап көрсетеді [4, 131–136 б.].

Қазыбек бидің толғауы

Өркенім өссін десең,
Кекшіл болма -
Кесапаты тиер еліңе.
Елім өссін десең,
Өршіл болма -
Өскенінді өшірерсің.
Басына іс түскен пақырға
Қастық қылма -
Қайғысы көшер басыңа.
Жанашыры жоқ жарлыға
Жәрдемші бол асыға,
Қиын – қыстау күндерде
Өзі келер қасыңа.
Бүгін сағы сынды деп,
Жақыныңды басынба!



Сурет 1

Келтірілген мысалда автордың негізгі мақсаты – тыңдарманын адамгершілігі мол, тәрбиелі, жақсы тұлға болуға шақыру. Баяншының негізгі мақсаты жүзеге асу үшін *өріл болмау, кекшіл болмау, қастық қылмау секілді* жағымсыз әрекеттердің салдары арқылы тыңдарман санасына жеткізіліп тұр. Сондай-ақ жәрдемші болу, жақыныңды құрметтеу арқылы бір-біріне жанашыр дос бола алатыны жеткізіледі. Мақсат категориясының жүзеге асуы үшін *сөйлеу актісі, сөйлеу стратегиясы, сөйлеу тактикасы* т.б. өзекті болып табылады.

Сөйлеу актісі – белгілі бір қоғамда қалыптасқан сөйлеу әрекеттерінің негізгі қағидаттары мен ережелеріне сәйкес пайда болатын мақсатты сөйлеу. Яғни сөйлеу актісін мақсат категориясын ашатын әрі онымен кей жағдайда мәндес болып келетін тілдік құбылыс деп тануға болады.

Сөйлеу актісі теориясының негізін салған Дж. Остиннің пайымдауынша, сөйлеу актісін орындау деген жалпыға түсінікті тілдік таңбамен дыбыстау; сол тілдің сөздерінен сол тіл грамматикасының заңдылықтарына сәйкес сөйлем құрау; сөйлемдегі мағына мен референция(болмысқа қатысы) (локутив); сөйлеуге мақсат қою (иллокутивті акт), яғни сөйлеу барысында қандай да бір коммуникативтік мақсатты білдіру; белгілі бір нәтижеге итермелеу(перлокутив), яғни адресаттың санасына немесе іс-әрекетіне ықпал ету [5, 169 б.].

Дж. Серль сөйлеу актісі ретінде: дыбыстау актісі, референция мен предикацияны жүзеге асыратын пропозициялы акт, сөйлеушінің мақсатын жүзеге асыратын иллокутивті акт деп таниды [6, 129 б.].

Сонымен сөйлеу актісі дегеніміз тілдік қарым-қатынастың жүзеге асуына мүмкіндік беретін тілдік қатынастың ең кіші бірлігі. Сөйлеу актісінің негізгі белгілері: сөзді қатысымдық мағынада жұмсау; тілдік қатынас кезінде арнайы, белгілі мақсат көзделетіндігі, сөйленіс кезінде қалыптасқан дәстүрге сай шарттылық сипатының болатыны. Мысалы:

Төле би жас кезінде талай жасы үлкен атақты абыз билердің алдынан өтіп, батасын алады. Төле бала әуелі әкесіне барыпты. Жасы жүзге тақап отырған әкесі ынтымақ, ел бірлігі жөнінде әңгіме айтып отырады. Төле «Қалай еткенде бірлік болады, оның күші қандай болмақ» дегенді сұрайды. Сонда әкесі әуелі жауап айтпас бұрын бір бума солқылдақ шыбық алдырады: – Балам, мынаны сындырып көрші.

Төле буылған шыбықты олай-бұлай иіп сындыра алмайды.

– Енді сол шыбықты біртіндеп сындыршы!

Төле ортасынан буылған шыбықты шешіп, біртіндеп пырт-пырт етіп оп-оңай сындыра береді.

Әлібек би: – Бұдан не түсіндің, балам? – дейді.

Сонда Төле: – Түсіндім, әке, бұл мысалыңыздың мәнісі: ынтымағы, бірлігі мықты елді жау да, дау да ала алмайды. «Саяқ жүрген таяқ жейді»демекші, бірлігі, ынтымағы жоқты жау да, дау да оп-оңай алады дегеніңіз зой.

– Бәрекелде, балам, дұрыс таптың. Ел билеу үшін алдымен елді ауызбірлікке, ынтымаққа шақыра біл. «Бақ қайда барасың дегенде, ынтымаққа барамын» дегенінің мәнісі осы, – депті.

Бұл мысалда негізгі мақсат – **ел бірлігін** сақтау. Баяншыны хабары арқылы аталған мақсатқа жету жолы нақтылы мысалмен, шыбықты сындыру арқылы, түсіндіріліп отыр. Сондай-ақ бұл мысалда қазақ халқының тамаша дәстүрі – үлкеннен бата алу дәстүрі көрініс тапқан. Аталған үзіндіні мәдени дискурс деп танысақ, ол жерде берілген халқымыздың салт-дәстүрі «бата алу», «бата беру» – ұлттығымызды ұлықтайтын, паш ететін тамаша дәстүр. Сонымен, аталған сөйлеу актісі арқылы, адресант пен адресат арасында мақсат толығымен жүзеге саты деуге толық негіз бар. Баяншының о бастағы негізгі мақсаты – ел бірлігін сақтау болса, ол берілген диалогта адресант санасына нақтылы мысалмен түсіндіру арқылы, яғни бұл жерде «түсіндіру», адресат «түсіну стратегиясы» арқылы жүзеге асырылып тұр. Әке мен баланың сәтті диалогы арқылы, баласының әке ойын мақұлдап дұрыс түсінуінен адресант ойының интерпретациялануынан мақсат орындалып, жүзеге асып тұр деуге толық негіз бар. Осы сөйлеу актісінен көз жеткізгеніміздей әрбір

тілдік таңбаның функционалды-прагматикалық қызметі бар. Олар сөйлеу мақсатымен, адамның санасымен және оның түсіну заңдылықтарымен байланысты болып, ойды білдірудің құрамды бөліктеріне жатады. Немесе Э. С. Азнаурованың сөзімен түйіндесек: «Адамдардың сөйлеу қарым-қатынасы процесінде сөз сөйлеуді жасаушы адам мақсатының жетекшісі және мәтінді дұрыс түсіну үшін сөйлесімнің мағынасын дұрыс түсінудің негізі болып табылады» [7, 121 б.].

Мақсат категориясын таныту мақсатында негізгі шарттардың бірі – сөйлеу тактикасы, стратегиясы. Мысалы,

Жетестің кәрілік туралы айтқаны

Қара кісі руының Жағал деген бір азаматы жасы сек– сенге келіп қартайып отырған кіші жүз Жахайым Жетес бимен әңгіме үстінде: – Иә, Жетеке, сіз сексенге келдіңіз, әрбір он жылды бір белеске қойғанда, не нәрсеге теңер едіңіз? – деген екен. Сонда Жетес сәл ойланып алып: – Е, қарағым-ай, мен он жасымда асық ойнадым, қызығына тоймадым, қатар балалардың асығын ұтып қоймадым. Жиырмаға келдім, бойға жетіп бойлады, онда да балалықты қоймадым. Жиырма беске жеттім, жақсы іске сүйіндім, жасаман іске күйіндім, барымды бойға киіндім, сұлу қыз-келіншек болса, соған шүйілдім. Отызға келдім: қызыл алтайы түлкі болдым, қыран бүркітке алдырмадым, құмай тазыға шалдырмадым, қатар құрбымның көңілін қалдырмадым. Қырыққа жеттім: арғымақтай аңқылдадым, тау қырандай шаңқылдадым, ақ алмастай жарқылдадым, дариядай сарқылдадым. Елуге келдім: биік бір қара төбенің басына шықтым, алды-артымды тегіс көрдім, бірақ қай жағы алыс, қай жағы жақын екенін біле алмадым. Алтысқа жеттім: алты тарау жолға кездестім, қайсысына түсуді білмей дағдарысқа ұшырадым. Жетпіске келдім: жеңілгенімді білдім, билікті бала-шағаға бердім, айтқанына көндім, жетегіне ердім. Тап осы күні сексендемін: алдым терең құз, артым биік жар, сол жағым – су, оң жағым – от, қалай қарай қозғалсам да, маған тірілік тірлік емес-ау! – деген екен.

Бұл жерде автордың негізгі мақсаты – оқырманына әр жастың қадірін ұғындыру. Он жастан бастап сексен жасқа дейінгі кезеңдегі әрекеттері арқылы әрбір жастың ерекшеліктері сөз етіле отырып түсіндіріледі. Яғни бұл жерде «адресат факторы» жетекші орынға шығып тұр. Себебі автордың ең басты мақаты – оқырманға белгілі бір деңгейде ықпал ету болып табылады. Әр жастағы ерекшелік, жеткен жетістік пен жіберген қателік, кемшіліктерден сабақ алуға шақыру автордың негізгі мақсаты болып отыр.

ҚОРЫТЫНДЫ

«Көркем мәтін – жүйелі ықпал ету қабілеті бар, аяқталған белгісімен сипатталатын, байланыс түрлерімен анықталатын, авторлық танымды,

оның прагматикалық ұстанымын білдіретін, сонымен бірге ақпараттың да көзі болатын өнер туындысы. Ақпаратты тарату, ақпараттылық – мәтіннің негізгі категориялары болып саналады [8, 168 б.]. Сөз актісінде екі сана – адресанттың және адресаттың санасы жұмыс істейді. Осы екі сананың мүмкіндігінше бір-біріне сәйкес келуі коммуникацияның сәтті болуына оң әсерін тигізеді [9, 252 б.].

Қорыта келгенде, тілдегі мақсат категориясы автордың негізі ойын білдіреді. Ол сөйлеу актісі арқылы көрініс табады. Аталған категорияның берілуі барысында сөйлеу актісі, сөйлеу тактикасы мен стратегиясы, сонымен қатар «адресат факторлары» өзекті болып табылады.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 11-том // Құраст.: Ж. Манкеева, С. Бизақов, Ә. Жүнісбек және т.б. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2009.

2 **Байтұрсынұлы, А.** Әдебиет танытқыш. – Алматы: Атамұра. 2003. – 208 б.

3 **Уәли, Н.** Қазақ сөз мәдениетінің негіздері филол.ғыл.д.авторед. – Алматы, 2007 – 48 б.

4 **Исмағұлова, Б. Х., Шыныбекова, А. С.** Прагматиканың негізгі категориялары, экстралингвистикалық факторлар // ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы, № 3(133). 2011 131-136 б.

5 **Дж. Р. Серль.** что такое речевой акт // Новое в зарубежной лингвистике. Вып.17. – М., 1986. – 151–169 б.

6 **Остин Дж. Л.** Слово как действие / Новое в зарубежной лингвистике. Теория речевых актов. Вып ХУІІ. – М., 1986. – 22–129 б.

7 **Азнаурова, Э. С.** Прагматик художественного слова. Ташкент: Фан, 1988. – 121 б.

8 **Атаева, Е. А., Паркина, З. П.** Художественный текст как информации // Лингвистические исследования художественных текстов. Сборник научных трудов. – Ашхабад, 1987 – 168 б.

9 **Скворцов, Л. И.** Теоретические основы культуры речи. – М.: Наука, 1980. – 252 б.

G. S. Kossymova¹, Zh. B. Buribaeva²

Целевая категория в казахской лингвистике

^{1,2}Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г. Алматы, 050000, Республика Казахстан. Материал поступил в редакцию 03.04.20.

G. S. Kossymova¹, Zh. B. Buribaeva²

Target category in Kazakh linguistics

^{1,2}Abai Kazakh National Pedagogical University. Almaty, 050000, Republic of Kazakhstan. Material received on 03.04.20.

Статья посвящена раскрытию понятия «целевая категория» в казахском языкознании. В первую очередь дается определение категории цели и излагаются особенности его использования в различных сферах. По данному вопросу руководствуются исследования и позиции отечественных и зарубежных ученых. При анализе категории цели подчеркивается важность «фактора адресанта». Кроме того, обсуждены методы, применяемые при реализации категории целей. Проведен анализ видов речевого акта. Раскрыты особенности данной категории и ее место в дискурсе.

The article is devoted to the disclosure of the concept «Target category» in Kazakh linguistics. First, the definition was given to the target category and the features of its use in various fields were outlined. Research and points of domestic and foreign scientists are guided by on this issue. The analysis of the target category emphasizes the importance of the «addressee factor». In addition, the methods used in the implementation of the target category. The analysis of types of speech act is carried out. The features of this category and its place in the discourse are revealed.

Ж. А. Құсайынова

ф.ғ.д., доцент, С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті,
Нұр-Сұлтан қ., 010011, Қазақстан Республикасы

E-mail: zhaina-1972@mail.ru

**МОДАЛЬДІ МӘННІҢ ЭТНОТАНЫМДЫҚ
ҚОЛДАНЫСТАР АРҚЫЛЫ ЖАСАЛУЫ**

Мақалада этнотанымдық құрылымдардың модальді реңкті қалыптастырудағы мүмкіндіктері талданған. Нәтижесінде, танымдық бірліктердің бастапқы тура мағынасында және коннотациялық мағынада түрлене қолданылып, модальді мәнді жеткізудің амалдары ретінде белсенді қызмет атқаратыны дәлелденген.

Кілтті сөздер: модальділік, модальді мән, контекст, когнитивтік амалдар, этнотанымдық қолданыстар.

КІРІСПЕ

Сөйлеу тілі немесе тілдік қарым-қатынас – жанды құбылыс. Оны қалыптастыруда сөйлеушінің еркіндігіне шек қойылмайды. Нақтырақ айтсақ, субъекті өзінің ойын сыртқа шығаруда, тілдік кеңістіктің байлығын еркін қолданып, ішкі мүмкіндіктерді барынша пайдалана отырып, сөзді тура, ауыспалы, коннотациялық мағынада түрлендіре алады. Осы тұрғыдан сараптасақ, қазіргі поэзия тілінде этнотанымдық қолданыстарды қайта жаңғырту, тура, ауыспалы және қатысымдық мағынада тілдік ортаға бейімдеу өте белсенді көрініс табуда. Себебі «тілдік тұлға ұлттық тілді тұтынушы ғана емес, ұлттық мәдениетті де тұтынушы» [1, 8 б.]. Жалпы, ұлттық танымдық қордағы лексемаларды төмендегі мәдени ақпараттық көздер қалыптастырады:

- ұлттық мәдениет, әдет-ғұрыптар, наным-сенімдер;
- ұлттық мәдени мұралар деректері;
- ауыз әдебиеті үлгілері;
- тарихи тұлғалардың өмірі жайлы дастандар;
- ұлттық мәдени байлығы болып саналатын көркем әдебиет мұралары.

Танымдық қордың маңызын сипаттай келе Э. Оразалиева: «Тілтанымның халықтық негіздерін айқындау, оның түп тамырын құрайтын ұлттық-мәдени белгілерді саралау тілдік зерттеулердің жаңа көкжиектерін дәлелдеуге ғана емес, этникалық қалыптасудың түп тамырын жүйелеуге,

ұлттық болмыстың өлшем бірліктерін таразылауға көмектесері анық» деп қорытады [2, 202 б.].

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Жинақталған деректерге назар аударсақ, этнотанымдық қолданыстардың белсенділік аясы да, атқарар міндеті де сан қырлы.

Көп жағдайда халықтың ұлттық мінезіне тән даралықты айқындауда, субъекті танымдық қолданыстарды тілге тиек етеді. Тілдегі тура мағыналы тіркестерге қарағанда, ойды астарлы түрде жеткізетін танымдық қолданыстардың мағынасы байыппен талдауды қажет етеді. Бұл мәселені талдай келе, қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздерін зерттеуші Н.Уәли танымдық қолданыстардың мағынасын талдау үшін, «стереотипті ситуация», «денотат», «фреймдік құрылым» сияқты терминдер арқылы сатылап сипаттап, аталған қолданыстардың қалыптасуына мәдени-танымдық негіз болу керектігін назарға салады. Бұған қатысты автордың төмендегі пікіріне көңіл аударсақ: «Когнитивтік тұрғыдан қарасақ, «жаңбырдан кейінгі саңырауқұлақтай» тәрізді фразеологизмнің сөз мәдениеті тұрғысынан қазақ тіліне жат екені байқалып тұрады. Өйткені жаңбыр шелектеп жауса да, қазақ даласында саңырауқұлақ қаптап кетпейді, яғни ақиқат өмірде стереотипті ситуация жоқ, денотаты болмағандықтан, ұлттық санада фреймдік құрылымы да жоқ» [1, 6 б.]. Осы теориялық сілтемені басшылыққа ала отырып талдасақ, танымдық қолданыс қатарына өту үшін, ақиқат өмірде оның жасалуына негіз болған жағдаяттың болуы шарт және ол ұлттық сипат алуы керек.

Мәселен, қазақ халқында ер-тоқымды азаматтың киелі заты ретінде қастерлеген. Ер-тоқым – байлықтың, ырыс-құттың символы тәріздес. Тіпті, халық арасында «Ат сұраған қорлық емес, ер-тоқым сұраған қорлық» деген мақал-мәтел де бар. Екінші жағынан, бұл мәтіндегі «жұртта қалу» тіркесінің де танымдық астары бар. Осындай ұлттық мәдени-танымдық ұғым беретін қолданыстар төмендегі мысалда «күдіктену» модальді реңкін астарлап жеткізуге тірек болған.

Басымнан менің аса алмай бұлт табандасын,
«Жүйрік» деп өткен бабамның ұрттағам жасын,
Құмарым қанбай қойды бір, тақымым толмай,
Құмарбек шапқан ер-тоқым жұртта қалғасын...

(Д. Кәпұлы).

Талдауға негіз болған төмендегі мәтінде «тамыршы» этнотанымдық қолданысын автор өз кейіпкерінің өнердегі шеберлігін дәріптеу үшін қолданған. Нақтылай айтсақ, «тамыршы» танымдық лексемасы екпін түсіре айтатын субъективтік көзқарасты даралауға үлес қосқан. Ұлттық мәдениеттің астарымен қалыптасқан бұл символдық лексеманың коннотациялық

мағынасы образды тілдің қалыптасуына ұйытқы болған. Халқымызда «тамыршы» сөзі – «тамырды ұстап адамның бойындағы ауруды дәл анықтайтын емші» мағынасын білдіреді. Қатысымдық тұрғыдан автор осы сөздің «дәл табу» сапалық белгісін тірек етіп, сазгер бойындағы дарынды, шеберлікті жинақтап көрсету үшін поэзия мәтінінде қолданысқа енгізген.

Мысалы:

Дәлдеп айтсам, сазгерліктің тәңірі,

Оған таныс дүние-дүрмек тамыры.

Көп пернені

Он саусақпен дәл басқан,

Тамыршыны бүкіл әлем таныды

(К. Салықов).

Ал оқырмандар үшін оның мағынасы, қолданудағы атқаратын қызметі айқын да түсінікті. Себебі «тамыршы» қолданысының мағынасы оқырман санасына ұлттық мәдениетпен, әдет-ғұрып, наным-сенім арқылы орныққан. Сондықтан мағынасы ұлттық сипат алған мұндай қолданыстардың контекстегі қызметін айқындау табиғи түрде шешімін тауып отырады. Оның астарын зерттеуші жан-жақты сипаттап: «белгілі бір тілдік таңбада екі түрлі мағына (білім) кодқа салынуы, соған сәйкес екі түрлі код болуы мүмкін. Біріншісі – тілдік код, екіншісі – мәдени код. Тілдік таңбалардың мәдени семантикасын зерттеуде осы екі түрлі мәнділікті ажырата білу қажет... Осылайша тілдік ұжымның когнитивтік санасында мағыналар кеңістігі, яғни дүние туралы тілде бекітілген дәстүрлі білімдер типі пайда болады. Санада сәулеленген ақиқат өмір үзіктері адамның ой елегінен өтіп, білім дүниесіне, яғни интеллектуалдық, руханияттық, мәдени-әлеуметтік қажеттілікті өтейтін концептілерге айналады. Сөйтіп, адамдар тек ақиқат дүние ортасында ғана емес, өздері жасаған идеалды дүние әлемінде де өмір сүреді», – дейді [1, 6 б.].

Қазақ халқында концепті деңгейіне көтерілген «дәм-тұз» сөзі де – танымдық-символдық белгі. Бұл сөздің коннотациялық мағынасының қалыптасу жолын зерттеуші Н. Уәлидің талдауымен толықтыра отырып, түсіндіруге болады: «Сөздің лексикалық мағынасымен жарыса жүретін мәдени коннотациялық мағына әуелде дәм-тұзды киелі санайтын наным-сеніммен байланысты. Нан ұрсын, дәм-тұзын аттамау, дәм-тұз ұрсын, дәм тартты, дәм тартпады, дәмнен үлкен емес, нанды баспайды, таспен атқанды аспен ат т.б. дегендер нан-тұзды киелі деп танумен байланысты. Сөйтіп, нан-тұз, тұз-дәм зұлымдыққа қарама-қарсы қойылады. Зұлымдық дәм-тұздан аса алмайды, зұлымдықтың бетін дәм-тұз қайтарады деп білген» [3, 4 б.].

Ал халық арасында «дәм-тұз» сөзінің киелі ұғымдық концептісі сөз мағынасының дамуына әсер еткен. Мысалы:

Оның әні үзілгенше, менің әнім үзілсін,

Достыққа адал бола алмасам,

Өз сертімде қала алмасам,

Онда мені туған елдің тұзы ұрсын

(М. Шаханов).

Серттесу, сөз беру, уәделесу кезінде қолданылатын бұл сөз символдық белгі дәрежесіне көтерілген. Осы қолданысты мәтіндегі семантикалық кеңістікке енгізе отырып, автор өзінің сертке берік, мәрт мінезінен хабардар етеді. Мәтінде бұл қолданыс автор-субъектіні бағалаудың бір құралына айналған.

Бүгінгі поэзияда қолданысқа жиі түсетін танымдық бірлік – «өліара» сөзі. Төмендегі мысалда «өліара» танымдық қолданысы тұтас құрылымға тән модальді реңкті белсендіру қызметін атқарған.

Уақыт –

Екі ғасыр **Өларасы,**

Қазақтың әлі бейқам кең даласы,

Бірі – ескі,

Алаңғасар ерке жасы

Секілді екі дүние шекарасы

(К. Мырзабеков).

Е. Жанпейісовтің еңбегінде: «Ескі ай бітіп, жаңа ай басталар аралықта екі-үш күндей ай тумайды, көрінбейді. Осы кезді, міне, өлі ара дейді»,– деп түсіндірілген [4, 106 б.]. Ал бұл сөздің ауыспалы мағынасы «белгілі бір уақыт пен кезеңдердің шекарасы іспеттес мағына береді. Жаһандық кеңістіктен қарар болсақ, ел ретіндегі бүгінгі біздің қоғамымыз, сол қоғамды жасаушы ретіндегі біздер де қазір өліара кезеңде тұрғандаймыз». Ал өлең мәтінінде автор-субъекті бұл символдық белгіні болашаққа деген «сенімсіздік» көзқарасын жеткізу үшін қолданған. Бірақ алдыңғы қолданыстарға қарағанда, бұл белгінің контекстік мағынасын ашу үшін, жан жақты салыстыру қажет етіледі. Себебі «тілдік таңбалар арқылы кодқа салынған танымдық ақпарат кейбір тілдік бірліктерде айқын көрініп тұрады. Ал кейбір таңбадағы танымдық ақпаратқа кодты арнайы ашқанда ғана қол жеткізуге болады» [5, 90 б.].

Этнотанымдық қолданыстар қатарындағы символдық белгі – «ошақ» сөзі. Қолданыста «шаңырақ» сөзімен синонимдес. Халқымызда әр отбасына айтылатын тілектің басы «ошағың сөнбесін», «отың сөнбесін» тіркесінен бастау алған Ал бүгінде бұл сөз танымдық қолданыс ретінде қайта жаңғырып, отбасының тұтастығын, тұтас мемлекеттің, халықтың бірлігін көрсететін концептілік дәрежедегі қолданыстар деп айтуға толық негіз бар. Төмендегі мәтінде автор-субъекті болашаққа деген сенімді көзқарасын осы тілдік символға екпін түсіре отырып айшықтаған.

Бүлінгенім, алақай, бүтінделді,
 Бүтіндіктің ел-жұртым құтын көрді,
Қара ошақтың үш бұты тастай берік,
 «Бүлдірем» деп қас жауым құтырма енді!
 (Ж. Бөдешұлы).

Келесі поэзиялық мәтінде танымдық қолданыстар «үміттену» модальді реңкін бейнелі астармен айқындауға тірек болған. Мұнда модальді көзқарасты «ұрын келу» танымдық тіркесі актуальдандырған.

Тағдыр айдап, Ұрым кеткен, Оғланым!
 Құрылықты дүбірлеткен, Оғланым.
Ұрын келер ғұрпың бар-ды жұртыңда,
 Сол ғұрпыңнан түңіл деп пе ем, Оғланым!
 (Ж. Әскербекқызы).

Сонымен, модальділік санатының жасалуы сөйлеуде тек әбден сараланған, дайын амаддардың тірек болуымен шектелмейді, кейде тілдік бірліктердің қолданыстағы сипатымен толығыады. Ал тілдік бірліктердің қолданыстағы түрленуінің бір ұшы ұлттық мәдениет, таным-түсінік, наным, сенім, әдет-ғұрып көріністерін қамтитын танымдық амалдармен жалғасады. Бұл туралы сөйлеу тілінің ерекшеліктерін прагматикалық бағытта арнайы зерттеген ғалым З. Ерназарова: «Сөйлеу актілерінің тілдік көрінісі ұлттық ерекшелікке бай. Ол сөйлесімнің лексикалық толығыуымен ғана емес, синтаксистік құрылымынан да көрінеді. Оны қалыптастыратын қазақ халқының ұстанған салт-дәстүрі: сөзбен әсер ету, орынды, дөп жауап беру, тыңдаушыны өзіне ыңғайлау, «өз жағына шығару», қанатты сөздерді жиі қолдана отырып иландыру, ойды образды түрде бере отырып, тыңдаушының сезім дүниесіне әсер ету, сөйлеушінің өзін төмендете отырып, тыңдаушыны жоғары бағалауы т.б. Осындай ұлттық дүниетаным сөйлеу тілінде мақсаттың астарлап берілу жолдарын, бірнеше сөйлеу мақсатының пресуппозицияның лексикалық, логикалық, прагматикалық түрлері арқылы қабаттасып берілуін қабаттастырады», – деп қорытып, прагматикалық бағыттың ізімен қалыптасатын грамматикалық бірліктердің қызметтік мүмкіндігін саралаған [6, 32–33 б.].

Тіл бірліктерінің қолданыстағы қызметі, жоғарыда айтқанымыздай, белгілі бір логикалық ізді, сәйкестікті сақтайды. Яғни, лексикалық немесе синтаксистік құрылымның екінші бір қызметте жүруі негізгі семантикалық өрістен алшақ кетпей, ортақ белгілерді меңгеруі шарт. Төмендегі контексте өкіну модальді мәнді жеткізу үшін, автор «Қаратаудың басынан көш келеді» тарихи оқиға ізімен қалыптасқан танымдық қолданысты тірек етеді.

Топан кірді түсіме... толған ағын –
 Долю өзеннің осынша долданарын...

Қаратаудың басынан шыққан көштің,
Арбасының көргенмін доңғалағын,
 Тағдыр деген қайтейін сол қарағым
 (Ғ. Жайлыбай).

Мұндай қолданыстардың түпкі мағынасы мен коннотациялық мағынасын ажырату үшін оқырманның терең тілдік білігі, білімі болуы шарт. Ғалым Л. Екшембеева пікірінше, мұндай құрылымдардың арасын «семантикалық желі» байланысқа түсіреді. Автор тереңірек сипаттап: «Кез келген түйін басқа бірнеше түйіндермен байланысты болады. Адам жадында семантикалық желінің әрбір түйінімен басқа концептілер ассоциативті байланысты. Егер бір желі қозғалысқа түссе, жадыдан онымен байланысты мәліметтер мен деректер де бір уақытта көтеріледі» дейді [7, 35 б.].

КОРЫТЫНДЫ

Қорыта келгенде, модальді мәнді айқындауда, танымдық қолданыстар да сөйлеу тілінде түрленіп, белсенді құрылымдар қатарында қызмет атқара алады.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Уәли, Н.** Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері : филол. ғыл. докт. дисс. автореф. – Алматы, 2007. – 50 б.
- 2 **Оразалиева, Э.** Когнитивтік лингвистика : қалыптасуы мен дамуы. – Алматы : Ан Арыс, 2007. – 312 б.
- 3 **Уәли, Н.** Мифологиялық атаулар: халықтық таным тағылымы // Ана тілі. – 2013. № 20.
- 4 **Жанпейісов, Е.** Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясының тілі. – Алматы, 1976. – 165 б.
- 5 **Динаева, Б.** Мақал-мәтелдердің прагма-когнитивтік аспектісі. – Астана : ҚГЗУ, 2013. – 160 б.
- 6 **Ерназарова, З. Ш.** Қазақ сөйлеу тілі синтаксистік бірліктерінің прагматикалық негіздері : филол.ғыл.докт. ... автореф. – Алматы, 2002. – 53 б.
- 7 **Екшембеева, Л.** Формы представления знаний. – Алматы : Қазақ университеті, 2003. – С. 12–21.

ПАЙДАЛАНҒАН КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 **Салықов, К.** Отырар сазы. – Астана : Фолиант, 2005. – 156 б.
- 2 **Аймұхамбет, Ж., Әлімұлы, А.** Қазақтың 100 поэмасы. – Алматы : Жазушы, 2013. – Т. 5. – 376 б.

- 3 **Әскербекқызы, Ж.** Ай-тамғы. – Астана : Профи Медиа, 2014. – 240 б.
 4 **Кәпұлы, Д.** Бүлдірген ағып түскенше... – Астана : Фолиант, 2011. – 144 б.

Материал 03.04.20 баспаға түсті.

Ж. А. Кусаинова

Создание модального значения под влиянием познавательных структур

Казахский агротехнический университет имени С. Сейфуллина,
 г. Нур-Султан, 010011, Республика Казахстан.
 Материал поступил в редакцию 03.04.20.

Z. A. Kussaiynova

Creating a modal value under the influence of cognitive structures

S. Seifullin Kazakh AgroTechnical University,
 Nur Sultan, 010011, Republic of Kazakhstan.
 Material received on 03.04.20.

В статье анализируются возможности формирования когнитивных структур модальных оттенков высказывания. Следовательно, доказана их активная роль как способа и средства доставки модального значения высказывания при выражении первоначального смысла когнитивных единиц и их использование в коннотативных значениях.

The article analyzes the possibility of forming cognitive structures of modal tones of the statement. Consequently, their active role as a method and means of delivering the modal value of the utterance in expressing the original meaning of cognitive units and their use in connotative values has been proven.

FTAMP 19.01.29

Х. С. Молдабаев

докторант, Саясаттану және журналистика факультеті, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ., 010000, Қазақстан Республикасы
 e-mail: moldabaev@mail.ru

ЖАҢА МЕДИА ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҚОҒАММЕН БАЙЛАНЫСТЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛУЫ

2018 жылдың маусым айында елімізде менингит ауруы таралып, халық арасында үрей туғызды. Дегенмен Денсаулық сақтау министрлігі бірден бірқатар шараларды іске асыра бастады. Мәселен, баспасөз конференциялары өткізіліп, министрліктің ресми сайтында ақпараттар жарияланып тұрды. Алайда осы шаралар жеткілікті болды ма? Атқарылған жұмыстар өз нәтижесін берді ме? Министрлік тарапынан жүзеге асырылған іс-шаралар әр ауылғы жетті ме? Бізді толғандыратын осы сауалдар. Сондықтан мақала барысында PR маманының істейтін жұмыстары және министрлік шалғайдағы халықты ақпаратпен қамтамасыз ету үшін қандай шараларды іске асырса тиімді болушы еді деген мәселе төңірегінде ұсыныстарды әзірлеуге тырыстым. Мақала аурудың алдын алу немесе оның пайда болу себептеріне қатысты емес, дағдарыс жағдайында халық тарапынан наразылық тудырмас үшін, қарапайым азаматтармен дұрыс коммуникация орнату әдістеріне бағытталған. PR маманының мақсаты дағдарыс жағдайында ұйымның имиджіне нұқсан тигізіп алмай, керісінше қоғамның сеніміне ие болу үшін нық қадамдарды жасау.

Кілтті сөздер: қоғаммен байланыс, денсаулық сақтау саласы, баспасөз конференциясы, дағдарыс жағдайындағы PR, стип доктор.

КІРІСПЕ

Қазақстанда ағымдағы жылдың маусым айында менингит ауруының жаппай тарала бастауы әркімнің есінде болар. Сол кезде бүкіл ел дүрлікті, ата-аналар балаларын қоғамдық орындарға жіберуден қорқа бастады. Денсаулық сақтау министрі Елжан Біртанов баспасөз конференциясында осы аурудың салдарынан 13 адам қайтыс болғанын жеткізді. Алайда журналистер және жалпы қоғам тарапынан министрлікке сұрақ көп болды. Біздің қарастырайық дегеніміз осы аурудың пайда болу себептері мен

оның таралу жолдары емес, қоғаммен байланыс орнату жұмыстарының қаншалықты деңгейде ұйымдастырылғанын саралау. Осы кезде министрлік қалай әрекет жасады және оның іс-әрекеттері қаншалықты тиімді болды? Осы сұрақтарға жауап іздеп көрмекпіз. Егер қоғаммен байланыстың теориясына көз жүгіртсек бұл жағдайды дағдарысқа жатқызуға болады.

Дағдарыс сөзінің этимологиялық мағынасы грек тілінен аударғанда «бөліну», «ажырау» мағынасынан келетін *crisis* сөзіне сүйенеді. Дағдарыс бір кәсіпорынның тіршілігіне жан-жақты қауіп төндіретін және мекеменің осыған қарсы шапшаң әрекет көрсетуін талап ететін жеке жағдайлар. Зерттеуші *Hermann*-ның айтуы бойынша дағдарыс – бір кәсіпорында табан астында пайда болған, кәсіпорынның беделінің шайқалуына себеп болған және мәселенің шешілуі үшін өте аз уақыты бар жағдай.

Дағдарысты басқару жағына маманданған *M. Регестердің* дағдарысқа берген анықтамасы: «Кәсіпорынның іс-қимылынан пайда тауып отырған үлескерлер, саясаткерлер мен кәсіподақтың қандай да бір себеппен экологиялық қысым көрсету тобы сияқты іс-әрекетке барып, сыртқы топтар мен медияның назарын өзіне аударта отыртып кәсіпорынның беделін түсіретін бір жағдай». Дағдарыстың анықтамаларында дағдарыстың көбінесе қауіп-қатер төндіргендігі жөнінде айтылып, ал оның кәсіпорын үшін әр түрлі мүмкіндіктер туғызатындығы жөнінде айтылмаған. Дұрысында кәсіпорындардың біраз іс-қимылдарын шапшаңдатып, жаңаша құрылуына ықпал ететін жағдайдың бірі де дағдарыс екендігі мойындалған.

Дағдарыс көбінесе күтпеген сәтте, ең қолайсыз уақыттарда пайда болады, сол сияқты алдын ала байқалатын дағдарыстар да бар. Оған алдын ала ойлауға, қажетті шараларды алуға мүмкіндік болады. *C. Блэк* болуы мүмкін деген дағдарыстарды «білінбегендердің білінуі, білінгендердің білінбеуі» деп екі категорияда қарастырады. Мысалы: әуе жолы, темір жол, су жолы, химия алаңы, мұнай тазарту алаңдары, электр өндірісі, құбыр жүргізу, көмір ошақтары, құрылыс пен туннель жұмыстарында әр түрлі оқиғалардың болуы мүмкін. Осындай жерлер қауіп-қатер «білінген», яғни, қауіп-қатер бар, бірақ қауіптің қашан болатыны «білінбеген», яғни, қауіптің дәл қай сәтте болатындығы белгісіз жағдайлар. Екінші категорияға кіретін «білінбегендердің білінуі» жағдайы дағдарыстардың болатынын алдын ала анықтаудың мүмкін еместігі, мысалы: жер сілкінісі, жанартаудың атқылауы, сел сияқтылар осы топтың ішіне кіреді [1, 273–274 б.].

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Бұл ретте Денсаулық сақтау министрлігі үшін менингит ауруының таралуы күтпеген жағдай болды, яғни осы аурудың өршіп, қоғам арасында әр түрлі әңгіме тудырып, халықты алаңдататын ешкім білмеді. Яғни

дағдарыстың бұл түрі екінші категорияға жатқызылады. Енді мәселе орын алды, оны қоғамнан жасыру мүмкін емес, себебі кейбір ақпарат құралдары арқылы аурудың таралу жағдайлары біртіндеп жариялана басталды.

Кез келген ұйым дағдарыс жағдайында қалай әрекет жасаса оған қоғамның қатынасы келешекте сондай болады. Сол кезде кәсіби әрекет жасамау мекемеге қосымша шығын әкеледі немесе оның репутациясына және имиджіне керіс әсер етеді. Сондықтан дағдарыс кезінде шындықты айтып, барлық бұқаралық ақпарат құралдарымен және халықпен байланыс орнатқаны абзал. Ал бізде керісінше, мемлекеттік органдар дағдарыс жағдайында барынша тығылып, коммуникация орнатудан қашқалақтайтын жағдайлар жиі кездеседі. *Ф. Сейтелдің* айтуынша дағдарыс жағдайында төмендегідей әрекеттер көрініс табады:

1 Кез келген дағдарыс кенеттен пайда болады. Дағдарыс жағдайында журналистер бірден баспасөз хатшылары немесе PR маманына хабарласады.

2 Ақпараттың жеткіліксіздігі.

3 Дағдарыс ұлғая береді. Барлығы не болып жатқанын білгісі келеді және мекеме ресми мәлімдеме жасайма деп күтеді. Өсек айтыла бастағанда шындыққа жанасатын ақпарат алу қиын.

4 Бақылаудың жоқтығы. Жалған ақпарат баспасөзге және телеарналарға арқылы тарай бастайды.

5 Сыртқы күштердің әсері. Бұқаралық ақпарат құралдары мен қоғамдық ұйымдар өсек арқылы ақпараттарды қабылдай бастайды. Қоғам қайраткерлері оқиғаға байланысты өз пікірлерін білдіреді. Автор осы сияқты тағы да бірқатар проблемалардың туындай бастайтынын мысалға келтіріп отыр. Бұл түсінікті, яғни осындай жағдай қалыптасса не істеу керек және не айту қажет деген сауал туындайды. Қандай да бір стратегия қажет екені белгілі. Мекеме шұғыл түрде оның ушығып кетпеуінің алдын алып, жағдайға баға беру керек. Яғни қаншалықты күрделі екенін анықтап, оның әлсіз жерлерін белгілеу қажет. *Ф. Сейтел* қоғаммен байланыс мамандары осы кезде төмендегідей іс-шараларды іске асырған жөн деп есептейді:

1 Нақты бір позицияны ұстанған абзал. Ол өзінің позициясында тұруы қажетіалайдаижұмасағырақиболғаныижөн.

2 Жоғары басшылықты белсенді әрекет жасауы тиіс. Басшылыққа бір кабинетте отырмау керек, оған халық арасына барып, проблема шыққан жерде көрінуі қажет.

3 Үшінші жақтың қолдауы керек. Мекеме танымал сарапшылардың, яғни тәуелсіз ғалымдар мен мамандарды, заң органдарының көмегіне жүгінуі керек.

4 Коммуникацияларды орталықтандыру қажет. Кез келген дағдарыс жағдайында ақпаратты таратуға жауапты бір маманды белгілеу қажет және оның жұмысын қамтамасыз ететін команданы құрған абзал. Мұндай маман ресми өкіл ретінде ұйым атынан сөйлеу алуы тиіс.

5 Бұқаралық ақпарат құралдарымен байланысты жақсартқан жөн. Дағдарыс жағдайында журналистер талапшыл болады. Олар ақпарат алу үшін әр түрлі әрекеттерге барады. Алайда оларға жау ретінде емес, дос ретінде қарап, болып жатқан жағдайды түсінікті етіп жеткізген дұрыс.

7 Қызметкерлер дағдарыстың мән жайын білулері тиіс.

8 Дағдарысты еңсергеннен кейін ұйымның қызметі жайлы ойланған жөн. Қажет болған жағдайда ұйым кінәні өз мойнына алу керек. Содан кейін бірден қандай шара қабылданып жатқанынан ерекше көңіл бөліп, айтып отырғаны абзал.

9 Дағдарыстың қалай өтіп жатқанына бақылау жасап отыру керек. Тұтынушылар мен қызметкерлеріңіздің, жалпы халықтың пікірлерін біліп отырған жөн. Ақпарат қаншалықты әсер ететінін байқап отырған абзал [2, 204–206 б.].

Жоғарыда қоғаммен байланыс саласының сарапшы мамандары осындай ұсыныстарын келтіріп отыр. Бірақ Денсаулық сақтау министрлігі осы шараларды қаншалықты тиімді іске асыра білді деген сауал туындайды. Аурудың бұл түрі әсіресе Алматы қаласы мен Алматы, Оңтүстік және Қызылорда облыстарында ушығып кеткені белгілі. Халық дүрлікті. Осы уақытта министрлік тек сайтында ақпарат жариялап, бірқатар баспасөз конференциясын өткізумен шектелді.

Дағдарыс туындаған кезде Қоғамдық денсаулық сақтау комитетінің басшысы Жандарбек Бекшин Қазақстан орталық коммуникациялар қызметінде баспасөз конференциясын өткізіп менингит аруына қатысты мәліметтерді келтірді. Оның ақпаратына сай осы ауруға 2011 жылы – 44, 2012 жылы – 23, 2013 жылы – 49, 2014 жылы – 36, 2015 жылы – 66, 2016 жылы – 16 адамның шалдыққаны тіркелген. Демек министрлік өткен жылдары ауруға шалдыққан адамдардың саны бұдан да көп болғанын алға тартып, алаңдауға еш себеп жоқ деген сыңай танытты. Өз кезегінде аурудың 13 адамның өмірін қиғаны қарапайым халықтың ашуын туғызды. Ел тұрғындары адамдардың менингиттен қайтыс болып жатқанынан тосқауыл қою керек деген шағымдар көп жазылды.

Осы кезде call– орталығы ашылғаны белгілі. Оған 8 000-нан астам қоңырау шалынған. Орталықтың операторлары түні бойы менингит ауруынан қалай қорғануға болады, қандай жағдайда дәрігерге қаралу қажет? деген сауалдарға жауап беріп отырды. Операторлардың айтуынша қоңыраулардың жартысынан көбі күндізгі уақытта шалынған. Астана call – орталығы бір түндес 1950 қоңырау қабылдаған. Атқарылған жұмыс бойынша төмендегідей

статистиканы келтіруге болады (ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің ресми сайтынан. 2018 жыл, 6 маусым).

Менингит аруына қатысты call – орталығына хабарласқан адамдардың саны көрсетілген кесте:

Кесте 1

№	Өңір	Қоңыраулар саны		
		Күндіз	Түнде	Жалпы саны
1	Нұр-Сұлтан қаласы	3 243	1 950	5 193
2	Алматы қаласы	582	1 253	1 835
3	Ақмола облысы	9	9	18
4	Алматы облысы	15	1	16
5	Қарағанды облысы	28	3	31
6	Қостанай облысы	56	-	56
7	Павлодар облысы	61	13	74
8	Жамбыл облысы	35	22	57
9	Қызылорда облысы	53	14	67
10	Оңтүстік Қазақстан облысы	100	-	100
11	Ақтөбе облысы	158	88	246
12	Батыс Қазақстан облысы	150	22	172
13	Атырау облысы	25	21	46
14	Маңғыстау облысы	50	50	100
15	Шығыс Қазақстан облысы	-	-	-
16	Солтүстік Қазақстан облысы	-	-	-
17	Республикалық call-орталық	254	150	404
	Жалпы	4 819	3 596	8 415

Дағдарыс жағдайын министрлік тарарпынан атқарылған шаралары қуантады әрине. Бірақ осы баспасөз конференциялары мен орталықтың жұмысы, жалпы осындай call - орталығының ашылуы туралы ақпарат қаншалықты қарапайым халыққа жетті деген сауал туындайды. Бұл жерде PR жұмысының тиімділігі тақырыбы ойға оралады. Жұмыс атқарылады, ал оның қаншалықты нәтижелі болғанын біз қайдан білеміз? Яғни айтылған мақаланы кім оқыды немесе қанша адам оқыды? Жалпы жарияланған мақала

немесе телеарна арқылы көрсетілген сюжет қаншалықты ресми ақпаратқа сай жасалынды. Осының барлығына қадағалау жүргізу керек. Себебі материал жарияланған кезде жалған, шындыққа жанаспайтын және ресми емес ақпараттарға жол берілуі заңды құбылыс. Таңғы уақытта баспасөз қызметі қай жерден қандай ақпараттар шыққанына көз жүгіртіп шықса дұрыс. Бүгінгі таңда осындай қызметтермен айналысатын компаниялар бар. Яғни сіздің тақырыбыңыздағы мақала қай жерде жарияланды, ол сыни болды ма? Әлде жақсы жағынан жазылды ма? осының аражігін ажыратып бере алады. Қандай да бір жалған ақпарат жарияланып кетсе сол ақпарат құралына хабарласып оны түзеуді өтіну қажет. Себебі сол мақаланың салдарынан қоғам тарапынан қосымша сұрақтар пайда болып, халық арасында жалған ақпарат тарап кетуі ықтимал. Бұл жерде айтайын дегенім пиаршылар үшін атқарылған жұмыстарының тиімділігін нақты дерек, дәлелдермен көрсете білген жөн. Көп жағдайда атқарылған жұмыстың тиімділігі анықтала бермейді. Сондықтан кейде осындай қоғамға қажетті ақпараттар халықтың барлық топтарына бірдей жете бермейді. Бірі интернетте отырмайды, басқасы телеарна қарамайды. Яғни ақпарат таратқанда осы санаттағы адамдарды да ұмытпағанымыз абзал.

Осы дағдарыс жағдайында Денсаулық сақтау министрлігінде бар барлық ресурстар ұтымды пайданылмай қалғанына куә болғандаймыз. Қазір денсаулық сақтау ұйымдарында көбінде теледидарлар орнатылған. Осы теледидарлар арқылы инфрографикаларды, қысқа роликтерді әзірлеп көрсетсе, кезекте отырған науқастар осы жайлы біле жүретін еді.

Буклет пен брошюларал жасап ауылды жерлерде таратып, елді мекендерде халықпен кездесулер өткізіп, түсіндірме жұмыстарын ұйымдастырса халықтың ашуы дер кезінде басылар еді деп есептеймін.

Осындай дағдарыс жағдайында спин доктор әдісін де ұтымды қолдануға болады. Бұл көпшілікке таңсық болуы тиіс, бірақ қоғаммен байланыс мамандары білуі тиіс әдіс. Спин доктор дегеніміз – ақпаратты емдеу, яғни, саясаттағы болсын, бизнестегі болсын, жеке тұлға мәселесі туралы болсын, кез келген саладағы жағымсыз ақпараттардың күшін әлсіретуге бағытталаып жүргізілетін ақпараттар ағымы. Ақпарат – жұқпалы. Ол аса жылдамдықпен таралып, шамалы уақыттың ішінде, кез келген офистерге кіріп барып, өзінің бүлдіргіш немесе жақсартқыш энергетикасымен кез келген жағдайды өзгеріске ұшырата алады. Жағымды ақпарат болса кім-кімге де жақсы. Ал ақпарат жағымсыз болса ше? Бизнесті аман алып қалу үшін, саясаттағы белгілі бір ұстанымды сақтап қалу үшін немесе шешімді іске асыру үшін бүлдіргіш, жағымсыз ақпаратты тез арада «емдеу» қажеттілігі туындайды, ақпаратты жағымды ету. Ал ақпаратты емдеуші «дәрігерлер» – пиаршылар.

Осындай мақсатта өмірге келген спин-доктордың (spin-ағылшын тілінен аударғанда «айналдыру», «дөңгелету» деген мағынаны береді) міндеті

ақпараттарды тек жағымды жағынан жеткізіп, жағымды дәлел-деректер арқылы бұқараның сенімін қайтадан орнықтыру [4, 413 б.].

Уотте, басқа да зерттеушілердің пікіріне сүйене отырып «спин» әдісінің қолдануының 5 түрін анықтаған:

- 1 Спинге дейін – оқиға алдында дайындық;
- 2 Спиннен кейін – оқиғаға әр беру;
- 3 Торнадо – спин – қоғамның қызығушылығын басқа жаққа бұру;
- 4 Дағдарысты бақылау – қадағалаудан шығып кететін оқиғалар менеджменті;

- 5 Залалды қысқарту – ары қарай заладың таралуын тыю [5, 52 б.].

Уоттенің келтірген бағыттарына зер салатын болсақ денсаулық сақтау саласына торнадо – спин әдісі жақын. Яғни, қоғамда менингит туралы айтылып, министрлік тарапын жағымсыз пікірлер айтылып жатса, онда оны басқа ақпаратты жариялау арқылы басқа арнаға бұру қажет. Осы уақытта ҚР Денсаулық сақтау вице-министрі Алексей Цой ҚР Парламенті Мәжілісі депутаттарының, «Нұр Отан» партиясы мүшелерінің, ҚР Денсаулық сақтау министрлігі мемлекеттік органдарының құрылымдық бөлімшелері басшыларының, ведомство басшыларының, Дүниежүзілік банк сарапшыларының, ҚР үкіметтік емес ұйымдары мен Ресей өкілдерінің және тағы да басқа лауазым иелерінің қатысуымен денсаулық үшін зиянды өнімдер мәселелері жөніндегі секторларалық кеңесіне қатысып сөз сөйледі. Сол кезде Алексей Цой, Елбасы өзінің «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауында қазіргі денсаулық сақтау ісі қымбатқа түсетін стационарлық емге емес, негізінен аурудың алдын алуға бағытталуға тиістігін, сондай-ақ саламатты өмір салтын насихаттай отырып, қоғамдық денсаулықты басқару ісін күшейту керектігін, жастардың репродуктивті денсаулығын қорғауға және нығайтуға ерекше назар аудару қажеттігін атап өткенін еске салды. Елбасының Жолдауын іске асыру үшін 2018–2021 жылдарға арналған қоғамдық денсаулықты басқару жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілді. Іс-шаралар жоспары сектораралық іс-қимылды дамыту, инфекциялық емес және инфекциялық ауруларды профилактикалау, дұрыс тамақтану бойынша іс-шараларды нығайтуға бағытталған». «ДДҰ деректері бойынша әлемде шамамен мерзімімен бұрын орын алатын өлімнің 80 %-ы төрт анағұрлым кең тараған қауіп факторларымен байланысты – темекі шегу және алкоголь ішу, дұрыс тамақтанбау және аз физикалық белсенділіктен екен. Осыған орай ҚР Денсаулық сақтау министрлігі 2018–2021 жылдарға арналған қоғамдық денсаулықты басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыру шеңберінде халық денсаулығына қауіп төндіретін мінез-құлық факторларының әсерін төмендетуге бағытталған шараларды іске асыруды көздейді» дегенді қоса айтты. Оған қоса, вице-министр Қазақстанда жарнамада

тыйым салу практикасы енгізілгенін, ауруханаларды, жұмыс орындарын, мектептерді, қоғамдық көлікті қоса алғандағы қоғамдық объектілер темекі түтінінен 100 %-ға арылғанын, темекі өніміне салынатын салық бөлшектеп саудалау құнының 40 %-н құрайтынын, темекіні тастау тілегін білдірген адамдарға тегін негізде алғашқы медициналық көмек көрсетілетінін атап өтті. Бір сәтте пайда болған жағымсыз ақпаратты осы жағымды ақпаратпен алмастыруға тырысуға болатын еді. Бірақ практикалық тұрғыда бұл қиындау болуы мүмкін, алайда пиар саласында осындай технологияның бар екенін және ол шетелде ұтымды пайдаланатынын естен шығармаған абзал. Сіз қызмет істеп жүрген мекеменің имиджіне дағдарыс жағдайында кері әсері тимеуі үшін осы әдісті де пайдаланып көруге болады.

Бірақ спин доктор әдісін іске асыру үшін журналистика саласында таныстарың болуы керек. Мәселен, Жетпісбай Бекболатұлы Қоғаммен байланысқа кіріспе кітабында Ресейлік ғалым М. А. Шишкинаның баспасөз қызметтерінің мамандарына қойылатын негізгі талаптарды былайша тұжырымдайды деп келтірген:

Бұқаралық ақпарат нарығы және оның құрылымы, басқару принциптері, мазмұндық бағыттылығы, типтік және түр сипаттамалары, баспа, теле және радиөндіріс технологиясы, басылымдар мен бағдарламалар рейтингі, бағалық жарнама саясаты туралы білімі болуы;

Бастапқы ақпаратты жинау және өңдеу, оын заметка, сұхбат, корреспонденция, мақала, репортаж, хроника мен есеп сияқты кең таралған жанрларда жазып шығу тәрізді қажетті журналистік машықтары болуы қажет. Журналистік қызмет жеке техникалық құралдармен: диктофонмен, фотокамерамен, компьютермен және басқа да құралдарымен жақсы таныс болуды көздейді [7, 84 б.].

ҚОРЫТЫНДЫ

Осыған қарасақ, министрліктегі қоғаммен байланыс мамандары журналистерге министрлік басшылығы қалайтын мақаланы дайындап, жолдағаны мемлекеттік орган үшін тиімді болатыны белгілі. Яғни, мұндай мекемелерде осы талаптарға жауап беретін мамандар жұмыс істеулері тиіс. Бірақ бұл сирек кездесетін жағдай. Көбінесе министрліктерде осы қоғаммен байланыс саласынан алшақ мамандар жұмыс істейді. Дегенмен бұл жағдайды 2000 жылдармен салыстырсақ, қазір мемлекеттік органдар осы қызметке өз ісінің мамандарын алып жатқанына куә болып келеміз. Бұл ретте дағдарыс жағдайынан шығудың бірден бір жолы білікті қоғаммен байланыс маманына байланысты екенін байқаймыз. Сондықтан кез келген министр өзіне баспасөз хатшы таңдағанда жоғары талаптарға жауап беретін маманды жұмысқа қабылдағаны жөн.

Денсаулық сақтау министрлігі бірнеше апта бойы менингиттің жағдайына байланысты ақпаратты ресми сайтында жариялап отырды. Алайда біртіндеп ол жағдай сейіле бастағандықтан, оның орнын басқа да ақпараттар алмастыра бастады. Халықта тынышталып, мәселе жойылғандай болды. Енді жоғарыда айталғандай дағдарыс жағдайының екі категориясы болады. Сондықтан оның алдын алу үшін оған дайын болып жүрген абзал. Ол үшін тиісті стратегия жасалып, алдын ала ақпарат таратудың жолдары қарастырылып қойғаны жөн. Дағдарыс жағдайынан шығу қоғаммен байланыстың технологиясын жақсы білетін білікті PR маманына байланысты екенін ұмытпаған жөн.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Тұржан, О.** Паблик релейшнз теориясы мен практикасы. – Алматы : Эверо, 2015. – 273–274 б.

2 **Королько, В. Г.** Основы паблик рилейшнз. – М. : «Рефл-бук», Киев : «Ваклер» – 2000. – 204–206 с.

3 Денсаулық сақтау министрлігінің ресми сайты. 05.06.2018.

4 **Тұржан, О.** Паблик релейшнз теориясы мен практикасы. – Алматы : Эверо, 2015. – 413 б.

5 **Почепцов, Г.** Коммуникативные технологии двадцатого века. – М. : «Рефл-бук», Киев: «Ваклер» 1999. – 52 б.

6 Денсаулық сақтау министрлігінің ресми сайты 05.06.2018.

7 **Бекболатұлы, Ж.** Қоғаммен байланысқа кіріспе. – Алматы : Қазак университеті, 2013. – 84 б.

Материал 03.04.20 баспаға түсті.

X. C. Молдабаев

Связи с общественностью в контексте новых медиа

Факультет журналистики и политологии,
Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева,
г. Нур-Султан, 010000, Республика Казахстан.
Материал поступил в редакцию 03.04.20.

Kh. S. Moldabayev

Communication with the society in the context of new media

Faculty of Journalism and Political Science,
L. N. Gumilyov Eurasian National University,
Nur-Sultan, 010000, Republic of Kazakhstan.
Material received on 03.04.20.

В июне 2018 года в некоторых регионах Казахстана случилась эпидемия менингита, в результате чего болезнь распространилась по всей стране, вызвав панику среди населения. Однако Министерство здравоохранения сразу приступило к осуществлению мер, направленных на ее устранение. К примеру, были проведены пресс-конференции, и информация была размещена на официальном веб-сайте министерства. Но достаточно ли этих мер для устранения проблемы? Насколько широко была распространена информация? Охватила ли она каждый населенный пункт, сельский округ? Эти вопросы представляют для нас исследовательский интерес в рамках изучаемой темы. Поэтому мы попытались внести предложения по улучшению работы служб по связям с общественностью. В статье не рассматриваются причины заболевания или его возникновения, исследовательская работа направлена на изучение вопроса по выстраиванию правильной коммуникации с населением страны, в целях недопущения недовольства общественности в кризисной ситуации. Цель специалиста по связям с общественностью – принятие решительных мер, вызывая общественное доверие, без подрыва имиджа организации в кризисной ситуации.

In June 2018, meningitis spread throughout the country, causing panic among the population. However, the Ministry of Health immediately began to implement emergency measures. For example, press conferences were held, and information was posted on the official ministry website. However, is it enough? Has the work been done properly? Has it covered every village? These questions are interesting for us. Therefore, I tried to make suggestions for improving the work of PR. The article does not consider the causes of the disease or its occurrence, it is aimed at establishing proper communication with ordinary citizens in order to avoid public discontent in a crisis situation. The goal of a public relations specialist is to take decisive measures to gain public trust, and not to undermine the organization's reputation in a crisis situation.

FTAMP 16.31.02

И. С. Муратбаева

ф.ғ.к., доцент, Санкт-Петербург Гуманитарлық кәсіподақтар университеті Алматы филиалы, Алматы қ., 050014, Қазақстан Республикасы
e-mail: lashin2030@mail.ru

ФРАЗЕОЛОГИЗМ-ТЕРМИНДЕРДІҢ ЛЕКСИКАЛЫҚ-ТАҚЫРЫПТЫҚ ТОПТАСТЫРЫЛУЫ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ТАЛДАУДЫҢ НЫСАНЫ РЕТІНДЕ (ОРЫС ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛДЕРІ МАТЕРИАЛДАРЫ НЕГІЗІНДЕ)

Мақалада түрлі бағыттағы ғылым саласының терминологиялық жүйесінде орын алатын фразеологизм-терминдердің мағыналарына жүргізілген лингвистикалық талдау және олардың тақырыптық жіктелуі мәселесі сөз болады. Терминдік жүйеде ерекше орынға ие фразеологизм-терминдер денотаттық мағынада күрделі және терең ғылыми және кәсіби ұғымдарды білдіретін тіркестер ретінде қарастырылып, терминдік мәртебесі анықталады. Фразеологизмдік сипатқа ие болатын терминдік тіркестердің беретін ұғымдарына лексико-семантикалық, семалық талдау жүргізіліп, дефиницияларының мазмұны сараланады. Фразеологизм-терминдердің мағыналық өрісі зерттеуге алынып, терминдік бірліктер тақырыптық топтарға жіктелген. Қосымша орыс және қазақ тіліндегі мысалдарға қатысты салыстырмалы-салғастырмалы талдау жүргізілген.

Кілтті сөздер: фразеологизм-терминдер, салыстырмалы-салғастырмалы талдау, денотаттық мағына, мағыналық өріс.

КІРІСПЕ

Бизнес-қоғамның әлеуметтік-мәдени және коммуникативті мінез-құлқының ерекшеліктерін көрсететін мәтіндерді мақсатты түрде іріктеу оқушылардың философиялық білімге негізделген бейнелер желісінің қалыптасуына ықпал етеді, кейіннен мәдениетаралық іскерлік қарым-қатынаста қоғам өкілі шығарған мәтіндер арқылы орыс тілінде сөйлейтін тұлғалардың «қызықтыруы» мүмкін. Демек, «мәдениетаралық қарым-қатынастың мәні студенттің когнитивті жүйесінде білімді қалыптастыру болып табылады, ол әртүрлі әлеуметтік-мәдени қауымдастықтың өкілі әлеміне танысуға сәйкес келеді. Болашақ мамандарға мәдениетаралық іскерлік қарым-қатынасты үйрету «әртүрлі әлеуметтік-мәдени қоғамдастықтың өкілі әлемі туралы білімге сай келетін студенттің танымдық жүйесінде білімді қалыптастыру» арқылы бизнес қарым-қатынасқа қабілетті лингвистикалық тұлғаның негізін қалауға арналған.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 The Encyclopedia of Language and Linguistics / Editor-in-Chief R. E. Asher. – Pergamon Press, 1994. – P. 20.
- 2 **Гвишиани, Н. Б.** Язык научного общения (вопросы методологии). – М., 1986. – С. 219.
- 3 **Swales, J. M.** Research Genres. Explorations and Applications. – Cambridge : Cambridge University Press, 2004. – P. 54.
- 4 **Hutchinson, T. & Waters, A.** English for Specific Purposes: A learning-centered approach. – Cambridge : Cambridge University Press, 1987.
- 5 **Петрашова, Т. Г.** Язык для специальных целей в контексте содержания понятий «национальный язык» и «литературный язык» [Электронный ресурс]. – URL: <http://portal.tpu.ru:7777/SHARED/p/PETRASHOVA/files/download/doc-02.pdf>.
- 6 **David Carter,** 1983. Key Issues in English for Specific Purposes (ESP) Curriculum Development. Oxford university press, 2012.
- 7 **Carver, D.** (1983). Some propositions about ESP. The ESP Journal, 2, 131–137.
- 8 **Cummins, J.** (1979). Cognitive/academic language proficiency, linguistic interdependence, the optimum age question and some other matters. Working Papers on Bilingualism, 19, 121–129.

- 9 **Dudley-Evans, T., & St John, M.** (1998). Developments in ESP: A multi-disciplinary approach. Cambridge: Cambridge University Press. – P. 26.
- 10 **Echevarria, J., & Graves, A.** (1998). Sheltered content instruction: Teaching English-language learners with diverse abilities. Boston: Allyn and Bacon. – P. 69.
- 11 **Gardner, H.** (1983). Frames of mind: The theory of multiple intelligences. New York, NY: Basic Books. – P. 89.
- 12 **Huang, S., & Shanmao, C.** (1996). Self-efficacy of English as a second language learner: An example of four learners. Bloomington, IN: Language Education Department, School of Education, Indiana University. (ERIC Document Reproduction Service No. ED 396 536) – p. 178.
- 13 **Hutchinson, T., & Waters, A.** (1987). English for Specific Purposes: A learning-centered approach. Cambridge: Cambridge University Press. – P. 138.
- 14 **Johnson, D., & Johnson, R.** (1975). Learning together and alone: Cooperation, competition and individualization. Englewood Cliffs, NJ: Prentice-Hall. – P. 273.
- 15 **Johns, A., & Dudley-Evans, T.** (1991). English for Specific Purposes: International in scope, specific in purpose. TESOL Quarterly, 25, 297–314.
- 16 **Johnson, D., & Johnson, R.** (1975). Learning together and alone: Cooperation, competition and individualization. Englewood Cliffs, NJ: Prentice-Hall.
- 17 **Johnson, R.** (Ed.). (1989). The second language curriculum. Cambridge: Cambridge University Press. – P.57.
- 18 **Crashen, S.** (1982). Principles and practice in second language acquisition. Oxford: Pergamon. – P. 291.
- 19 **Jones, G.** (1990). ESP textbooks: Do they really exist? English for Specific Purposes, 9, 89–93.
- 20 **Lomperis, A.** (1998). Best practices in EOP/EPP: Steps in providing a program. <http://my.voyager.net/azure/programI.html> Retrieved May 8, 2001, from the World Wide Web.

Материал 03.04.20 баспаға түсті.

А. Б. Нурсейіт¹, А. Б. Нурсейіт², М. М. Шайжанова³

Лингводидактические особенности LSP направленного на обучение профессиональной межкультурной коммуникации

^{1,2,3}Казахская академия Транспорта и коммуникаций
имени М. Тынышпаева,

г. Алматы, 050012, Республика Казахстан.

Материал поступил в редакцию 03.04.20.

Linguodidactic features of LSP aimed at teaching professional intercultural communication

^{1,2,3}Kazakh Academy of Transport and Communications
named after M. Tynyshpayev,
Almaty, 050012, Republic of Kazakhstan.
Material received on 03.04.20.

В последние годы программа обучения иностранному языку идет на новые шаги в сфере образования. Программа обучения иностранному языку, как уже говорилось, не только процесс, так же это сейчас связано с такими проблемами, как межкультурная коммуникация, акт речи, коммуникативное поведение человека. Особенность современного этапа развития образования в нашей стране характеризуется глобальными политическими, социальными, культурными и экономическими изменениями в казахстанском обществе.

Данная ситуация является актуальной проблемой, что программа обучения иностранному языку, в том числе, требует анализа современного состояния специфики (процесса и результата) обучения LSP (Language for specific purposes), то есть «Язык для специальных целей» (ЯДСЦ) в вузах, пополнения ее фактами, выводами об ЯДСЦ, а также формирования профессиональной межкультурной и коммуникативной компетенции.

In recent years, the program of foreign language teaching is taking new steps in the field of education. The program of teaching a foreign language, as already mentioned, is not only a process, it is also now associated with such problems as intercultural communication, the act of speech, communicative behavior of a person. The peculiarity of the modern stage of education development in our country is characterized by global political, social, cultural and economic changes in Kazakhstan's society.

This situation is an urgent problem that the foreign language training program, including, requires analysis of the current state of specificity (process and result) of learning LSP (Language for specific purposes) in universities, replenishment of its facts, conclusions about LSP, as well as the formation of professional intercultural and communicative competence.

К. Х. Рахимжанов

к.филол.н., доцент, Гуманитарный факультет, Казахский агротехнический университет имени С. Сейфуллина, г. Нур-Султан, 010000, Республика Казахстан
e-mail: kanatzhan57@mail.ru

**ПРОЦЕСС ПОНИМАНИЯ
КАК СЛОЖНЫЙ АКТ МЫШЛЕНИЯ**

В статье рассматриваются вопросы понимания и интерпретации. Процесс понимания анализируется на междисциплинарном уровне. Как главная ступень к пониманию представляется и интерпретация, которая рассматривается как многоаспектная аналитическая деятельность по обнаружению смысла речевого поведения и определению инварианта речевого поведения адресанта. Роль информации в жизни общества, единство познания и общения явились очевидным фактом для научного мышления, а понимание – это узел, связывающий познание и общение воедино. Понимание является предметом герменевтического направления в философии. В настоящее время ученые все чаще возвращаются к ведущим постулатам герменевтики. В современных исследованиях не наблюдается единого мнения по вопросу о том, какое из этих двух понятий является первичным, а какое – вторичным.

Ключевые слова: понимание, интерпретация, смысл, познание, общение, герменевтика.

ВВЕДЕНИЕ

Вопросы понимания и интерпретации высказывания, проблемы текста широко отражены в литературе, к их исследованию обращались ученые В. Б. Апухтин, И. В. Арнольд, А. А. Брудный, В. З. Демьянков, Т. М. Дридзе, Н. И. Жинкин, И. А. Зимняя, Е. С. Кубрякова, С. В. Куликов, А. А. Леонтьев, А. Р. Лурия, З. К. Темиргазина, К. Х. Рахимжанов и др.

Процесс понимания видится многими учеными как сложнейший акт мышления, к объяснению этого акта обращаются такие науки, как психология, психолингвистика, герменевтика.

Роль информации в жизни всего общества, диалектическое единство познания и общения явились очевидным фактом для научного мышления именно со второй половины XX века, а как раз наше «понимание – это узел,

связывающий познание и общение воедино» [1, 271]. Также понимание является предметом герменевтического направления в философии. Известно, что ведущие постулаты герменевтики были сформулированы в древности, однако в настоящее время ученые все чаще возвращаются к ним. К примеру, большое внимание герменевтической трактовке понимания уделяют М. П. Брандес [1], И. В. Арнольд [2].

В XVI в. понятия понимания и интерпретации разграничил Матиас Флациус Илирийский, он определил понимание как цель, а интерпретацию – как метод [3]. В настоящее время в исследованиях не наблюдается единого мнения по вопросу о том, какое из этих двух понятий является первичным, а какое – вторичным.

ОСНОВНАЯ ЧАСТЬ

В настоящее время в исследованиях не наблюдается единого мнения по вопросу о том, какое из этих двух понятий является первичным, а какое – вторичным. Исследователь В. Л. Наер выделяет два традиционных подхода к трактовке этих двух понятий В так называемой континентальной традиции для понимания высказывания надо его интерпретировать, в англосаксонской традиции же можно интерпретировать лишь то, что понято. При этом В. Л. Наер отмечает, что оба названных подхода могут быть подвергнуты сомнению. Как знать, возможно, это связано с осмыслением самого понятия «интерпретация» [4, с. 3–13].

Согласно герменевтическому подходу интерпретация выступает как подступ к пониманию смысла текста. Основываясь на выводах исследователя Кашириной, отметим, что при этом «интерпретация носит диалоговый характер и основывается на принципах филологической герменевтики, сформулированных еще Шлейермахером. Как мы знаем, это следующие принципы: принцип диалогичности гуманитарного мышления; принцип единства грамматической и психологической интерпретаций; принцип диалектического взаимодействия части и целого при понимании текстов; принцип зависимости понимания от знания внутренней и внешней жизни автора произведения; принцип сотворчества (конгенности) автора и интерпретатора; метод построения интерпретирующих гипотез, основывающихся на предварительном понимании. На данном этапе автор дает рабочее определение интерпретации текста как «осознаваемой аналитической деятельности, направленной на извлечение смысла текста» [5, с. 273].

Кратко рассмотрим историю вопроса. Собственно направление «интерпретационизм» сложилось в филологической науке в 1970–1980-е гг. XX века. Направление ставит на первое место взаимодействие между объективным и субъективным в восприятии речи индивидом с неповторимыми

личностными характеристиками, на основе знаний языка и внеязыковой реальности, при учете динамики как объектов интерпретации, так и субъекта. Это направление «интерпретационизма» – это и генеративная концепция Н. Хомского, в которой грамматика того или иного языка включает в себя правила интерпретации, это и модели семантики «возможных миров» Монтегью, концепция М. Крессуэлла, «ситуационная грамматика» Дж. Баруайза, Дж. Перри и Р. Купер, приложимые к описанию логических качеств языка, это и негерменевтические концепции, это и концепции теории речевых актов, которые содержат элементы интерпретационного компонента.

Обращаясь к названным концепциям, согласимся с исследователем, что понятие интерпретации в этих концепциях неоднозначно, «оно используется для того, чтобы моделировать понимание речи человеком, понимание связей между объектами («подаваемыми» в воспринимаемой речи) во внутреннем мире индивида и во внешнем мире, преломленном психикой субъекта».

Отметим также и то, что интерпретационизм, в частности, в теоретическом языкознании, «обладает двойной направленностью:

а) на объяснение фактов речи и языка через понятие интерпретации (а это позволяет иногда существенно разгрузить грамматический компонент описания языка),

б) на выяснение механизмов интерпретации в общении» [6, с. 140].

Здесь также имеют место различные подходы к трактовке как термина «интерпретация», так и термина «понимание». Делаются попытки сформулировать основы общей теории интерпретации, «существующей de facto в современной филологии» [6, с. 146]. Параметры интерпретации с деятельностной точки зрения как наиболее близкой по духу вычислительной лингвистике устанавливал В. З. Демьянков. Свое рассмотрение вопроса исследователь назвал интерпретирующим, «поскольку оно связывается у нас с многосторонним наблюдением над исследуемым объектом в его динамике, с попыткой проинтерпретировать отдельные фазы развития теоретической мысли в перспективе будущего теоретического здания, в предвосхищении действительно общей теории интерпретации. Выходит, что мы гипотетически выдвигаем интерпретации для тех или иных концепций на фоне гипотетичных же представлений о будущей теории» [7, с. 16].

В. З. Демьянков к анализу понятия «интерпретация» подходит через разграничение понятий «анализ» и «интерпретация». Подбор понятий, на наш взгляд, содействует более точному показу целей интерпретации. Простой анализ не усложнен интерпретацией, ибо его (анализа) «главная цель состоит в построении такого образа анализируемого объекта, все части которого уже содержатся в багаже знаний анализатора. Разумеется, дополнительно в этом образе имеются и элементы метаязыка... При самом анализе текста

готовые единицы языка накладываются на текст». Сравнительная интерпретация с анализом, исследователь подводит нас к мысли о том, что интерпретация – «это одновременно:

1) увязка данного текущего выражения с предшествующими и с последующими (ожидаемыми, предвосхищаемыми) выражениями того же текста,

2) увязка знаний, извлекаемых из выражений, с текущим и меняющимся запасом знаний интерпретатора» [6, с. 7].

В соответствии с подходом ученого, при анализе готовые единицы языка накладываются на текст, а при интерпретации накладываются конструируемые параллельно гипотезы. Если цель анализа – модифицирование, направленное на само выражение, на его преобразование или оценку, то целью интерпретации является модифицирование внутреннего мира субъекта.

Ученый справедливо утверждает, что человек больше интерпретирует, чем анализирует. Здесь нас интересует с научной точки зрения следующая мысль: «И если мы стремимся построить систему искусственного интеллекта, а не искусного анализа, мы должны стремиться к моделированию именно интерпретации. Ведь уже сама целенаправленность восприятия речи означает необходимость интерпретационных мерок» [6, с. 8]. Интерпретация как главная ступень к пониманию представляется как многоаспектная аналитическая деятельность по извлечению/ обнаружению смысла речевого поведения и определению инварианта речевого поведения адресанта, обусловленное социальной ситуацией, задачей и условиями общения, коммуникативными потребностями, национально-культурной спецификой поведения говорящего, и которое «носит психосоциологический, а раз оно выражается в языке, то – психолингвосоциологический характер» [7, с. 94], выступает как «совокупность конвенциональных и неконвенциональных речевых действий, совершаемых индивидом или группой индивидов» [8, с. 66].

ВЫВОДЫ

Таким образом, понимание и интерпретация в целом восприятии являются ключом к объяснению многочисленных и разнородных явлений. Интерпретация как главная ступень к пониманию представляется как многоаспектная аналитическая деятельность по извлечению смысла речевого поведения и определению инварианта речевого поведения говорящего, обусловленная социальной ситуацией, целью и условиями общения, коммуникативными потребностями, национально-культурной спецификой поведения адресата и адресанта речи. понимание и интерпретация носят психосоциологический, а вследствие того, что находят выражение в языке, психолингвосоциологический характер.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ

1 **Брандес, М. П.** Стиль и перевод (на материале немецкого языка). М. : 1988 / по: Каширина Н. А. П. и интерпретация в предпереводческом анализе текста // Известия ТРТУ. Спец. вып. Материалы научно-технических конф. профессорско-преподавательского состава, аспирантов и сотрудников ТРТУ. – Таганрог : Изд-во ТРТУ, 2004. – № 8 (43). – С. 271–274.

2 **Арнольд, И. В.** Проблемы диалогизма, интертекстуальности и герменевтики в интерпретации художественного текста. – СПб. : Образование, 1995. – 60 с.

3 **Илрийский, М. Ф.** / по: Каширина Н. А. Понимание и интерпретация в предпереводческом анализе текста // Известия ТРТУ. Спец. вып. Материалы научно-технических конференций профессорско-преподавательского состава, аспирантов и сотрудников ТРТУ. – Таганрог : Изд-во ТРТУ, 2004. – № 8 (43). – с. 271–274.

4 **Наер, В. Л.** Понимание и интерпретация (к основаниям интерпретации текста как аналитической деятельности) // Проблема современной стилистики. Сб. научн. тр., вып. 459. – М. : 2001. – С. 3–13

5 **Каширина, Н. А.** Понимание и интерпретация в предпереводческом анализе текста // Известия ТРТУ. Спец. вып. Материалы научно-технических конференций профессорско-преподавательского состава, аспирантов и сотрудников ТРТУ. – Таганрог : Изд-во ТРТУ, 2004. – № 8 (43). – С. 271–274.

6 **Демьянков, В. З.** Интерпретация, понимание и лингвистические аспекты их моделирования на ЭВМ. – М. : Изд-во Моск. ун-та, 1989. – 172 с.

7 **Акошева, М. К.** Речевое взаимодействие коммуникантов // Инновационная деятельность в системе образования. Монография/ Под общей ред. д.п.н., проф. Г.Ф.Гребенщикова. – М. : Издательство Перо, 2011. – С. 89–120.

8 **Темиргазина, З. К.** Современные теории в отечественной и зарубежной лингвистике. – Павлодар, 2002. – 108 с.

Материал поступил в редакцию 03.04.20.

К. Х. Рахимжанов

Түсіну үрдісі ойлаудың күрделі актісі ретінде

Гуманитарлық факультет,

С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті,

Нұр-Сұлтан қ., 010000, Қазақстан Республикасы.

Материал 03.04.20 баспаға түсті.

К. Н. Rakhimzhanov

The understanding process as a complex act of thinking

Faculty of Humanities,
S. Seifullin Kazakh Agro Technical University,
Nur-Cultan, 010000, Republic of Kazakhstan.

Material received on 03.04.20.

Мақалада түсіну және интерпретациялау мәселелері қарастырылады. Түсіну үрдісі пәнаралық аспектіде қаралады. Интерпретациялау түсінуге апаратын басты саты ретінде талдауға салынады. Ол сөйлеу әрекетінде орын алатын мағынаны мен адресанттың сөйлеу әрекетінің инвариантын анықтауға бағытталған көпәспектiлi аналитикалық іс-әрекет ретінде берiледi. Ғылыми сала үшін ақпараттың қоғамдағы ролі, тану мен сөйлеу әрекетінің бірегейлігі нақты факт болып көрінді, ал түсіну – бұл тану мен сөйлеу әрекетін біртұтас қылып байланыстыратын буын. Түсіну философияда герменевтикалық бағыттың пәні болып табылады. Қазіргі уақытта ғалымдар зерттеу барысында герменевтиканың негізгі постулаттарына көбірек сүйенеді. Қазіргі зерттеулерде қай ұғымның бастапқы болатыны, қайсысы – екінші болып табылатыны туралы бірыңғай ой жоқ деуге болады.

The article discusses issues of understanding and interpretation. The process of understanding is analyzed at an interdisciplinary level. The interpretation, which is considered as a multidimensional analytical activity to detect the meaning of speech behavior and to determine the invariant of speech behavior of the addressee, also seems to be the main step towards understanding. The role of information in the life of society, the unity of knowledge and communication was an obvious fact for scientific thinking, and understanding is the knot connecting knowledge and communication together. Understanding is the subject of a hermeneutic trend in philosophy. Currently, scientists are increasingly returning to the leading postulates of hermeneutics. In modern studies, there is no consensus on the question of which of these two concepts is primary and which is secondary.

FTAMP 415.61

**Г. Қ. Рысбаева¹, Ш. А. Адильбаева²,
Ж. Т. Исаева³, Ф. Ж. Тұңғышбаева⁴**

¹ф.ғ.д., Нұр-Мұбарак университеті, Алматы қ., 050000, Қазақстан Республикасы;

²PhD, Нұр-Мұбарак университеті, Алматы қ., 050000, Қазақстан Республикасы;

³ф.ғ.к., С. Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті, Алматы қ., 050000, Қазақстан Республикасы;

⁴аға оқытушы, С. Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті, Алматы қ., 050000, Қазақстан Республикасы

НАНЫМ-СЕНІМДЕРІНІҢ ТІЛДІК-ТАНЫМДЫҚ КӨРІНІСІ

Бұл мақалада тіліміздегі тұрақты тіркестердің халық өмірімен, халықтың ұлттық-мәдени менталитетімен байланыстылығын «Құрбандық шалу» және «Ақ сары бас құдайы беру» гұрыптық дәстүрге қатысты сипаттамасы қарастырылады. Түркі халықтарындағы құрбандық шалудың алғашқы шығу мәні ислам дінінің құрбан айт мейрамын өткізумен байланысты болған. Оның мәнісі тәңірге құлшылық ету, тәңірден сұрау. Ертедегі сақтар «Кун тәңіріне» арнап жылқы құрбандық шалса, көне түркілер аспандағы «Көк тәңірге», қазақтар «ата-бабалар аруағына» атап құрбандық шалған. Қазіргі таңда қоршаған орта, әлем, дүние туралы барлық мағлұматтар халықтың сан гасырлық дүниетанымы негізінде туындаған тілдік бірліктер яғни мақал-мәтелдер, фразеологизмдер, қанатты сөздер арқылы сақталып, атадан-балаға, ұрпақтан-ұрпаққа беріліп, әлемнің тілдегі бейнесі жаңарып та, толығын та отырады. Әр ұлттың өз әлемдік бейнесі бар, себебі тіл тек ойлау, қарым-қатынастың құралы ғана емес, тіл бүкіл этностың рухани және мәдени айнасы.

Кілтті сөздер: наным-сенім, сөз тіркестері, төрт түлік мал, құрбандық шалу, тәңірге құлшылық ету, ас беру дәстүрі.

Қазақ халқының рухани-дүниетанымдық көзқарастарының қалыптасу кезеңдері мен даму үрдістерін ғылыми тұрғыдан зерделеуде теориялық еңбектерге С. А. Токарев, Г. П. Снесарев, Л. Я. Штернберг, Н. А. Алексеев, Ә. Х. Марғұлан, К. А. Ақышев, М. Қ. Қадырбаев, Е. М. Смағұлов, т.б. назар аударамыз.

Ислам дінінің тілімізге, салт-дәстүрімізге, әдет-ғұрыптарымызға ықпал етуі бүгінгі дейін жалғасып келеді. Мәселен, құрбандық шалу дәстүрінің мәнісі – тәңірге құлшылық ету, тәңірден сұрауды білдіреді. Ертедегі сақтар «Күн тәңіріне» арнап жылқы құрбандық шалса, көне түркілер аспандағы «Көк тәңірге», қазақтар «ата-бабалар аруағына» атап құрбандық шалған. Мәселен, ертеде андроновтықтар арасында үй салу дәстүрі құрбандық шалудан басталған. Құрбандыққа сүт толы ыдыстар әкелініп, бұқа не бағлан шылынған. Сүт ішіліп, ет желініп болған соң, құмыралар мен сүйектер болашақ үйдің ошағының басына, табалдырығының астына көмілген. Үй шатырын орнатар кезде оның жоғарғы өрлігіне құрбандыққа шалынған малдың қанын шашып, той-томалақ жасаған. Үйдің басты тіреу бағаны адамдардың көк аспанмен байланысын бейнелеген. Мерекелерде үйді гүлмен безендірген. Неке тойларында тас тіреу жанында жас күйеу мен қалыңдық отырған. Жай күндері бұл құрметті орында ақсақалдар отыратын болған.

Түркі халықтарындағы құрбандық шалудың алғашқы шығу мәні ислам дінінің құрбан айт мейрамын өткізумен байланысты болған. Оның мәнісі –тәңірге құлшылық ету, тәңірден сұрау. Ертедегі сақтар «Күн тәңіріне» арнап жылқы құрбандық шалса, көне түркілер аспандағы «Көк тәңірге», қазақтар «ата-бабалар аруағына» атап құрбандық шалған. Мәселен, ертеде андроновтықтар арасында үй салу дәстүрі құрбандық шалудан басталған. Құрбандыққа сүт толы ыдыстар әкелініп, бұқа не бағлан шылынған. Сүт ішіліп, ет желініп болған соң, құмыралар мен сүйектер болашақ үйдің ошағының басына, оның тірілуінің, табалдырығының астына көмілген. Үй шатырын орнатар кезде оның жоғарғы өрлігіне құрбандыққа шалынған малдың қанын шашып, той-томалақ жасаған. Үйдің басты тіреу бағаны адамдардың көк аспанмен байланысын бейнелеген. Мерекелерде үйді гүлмен безендірген. Неке тойларында тас тіреу жанында жас күйеу мен қалыңдық отырған. Жай құрметті орында ақсақалдар отыратын болған.

Қырғыздар құрбандыққа қой немесе ешкі бағыштайды екен. Ал, башқұрттарда құрбандыққа этеш сояды екен. Құрбандыққа сойылған этешті аурудың басынан айналдырып, жүнін жұлып, пісіріп, аурудың көз алдында етін жейді (ауру етті жемейді). Соңында этештің сүйектерін екі қуыршақпен қоса өзен суының ағысымен төмен ағызып жібереді екен. Башқұрттардың осылай емдеу тәсілі де қазақтың айналайын сөзін түсінуге септігін тигізеді сөзсіз [1, 4]. Ал, қазақтарда құрбандыққа қой соятын болған. Садақаға бұрын да, қазір де төрт түлік малдың қайсысы болса да сойыла береді, көбінесе садақаға түйе, жылқы, қой және кейде өгіз сойылады; бірақ қашан да болса еркек мал және ерекше бір белгісі бар мал сойылады [2, 26].

Құдайы жолына «ақсарбас» немесе «бозқасқаны» құрбандыққа шалу дәстүрі болған. «Құдайыға» мал сойып, көпшіліктің батасын алады. Сол

сияқты түсі ақ малдың (әсіресе қой, жылқы) культтік рөлі көптеген түркі халықтарының салт-дәстүрі мен ырым-жораларында көрініс беріп отырады. *Ақсарбастың* үш түрі бар: бозқасқа, көкқасақа және қызылқасқа. *Бозқасқа* десе – қой, *көкқасақа* десе – жылқы, *қызылқасқа* десе – сиыр сойылып құдайы беріліп көпшіліктің батасын алады. Жақсылық тілеген кезде «*ақсарбас*» қой сояды. Ақсарбас, ақ, қызыл қойларды қасиетті деп санайды. Ал қара қойды қонаққа, сыйға соймайды. Ерулікке де қара қой апармайды. Аллаға жалбарынған кезде ақсарбас қой сойылып, құрбандық шалуға пайдаланады.

«*Құдайға ақ сары басын шалды*», «*Құдайға боз қасқа, ақ сары бас шалды*» – 1. құдайдан жалбарынып, сұрау; 2. құдайдан аман қалуын тілеу; 3. көпшіліктің батасын алу деген мағынада. Діни наным-сенім бойынша қауіп-қатерден, кездейсоқ апаттан аман қалғанда, қатты аурудан аман қалған кезде құдай жолына берілетін діни ғұрыптық дәстүр. Құдайыға төрт түлік малдың бірін құрбандыққа шалады.

Бұл ырым осы күндерде де қолданылады. «Құдайы» концептісі жүйесіндегі «*құдайға ақ сары басын шалды (атады)*»; «*құдайға боз қасқа, ақ сары бас шалды*»; «*боз қасқа шалды*»; «*ай тұяқты боз қасқа шалды*»; «*қорасанға қой айтты*», т.б. тіркестердің тілдік-танымдық моделі ерекше мәнге ие. Бұл тіркестермен қатар *құдайы, садақа, құдайы берді* деген құдай жолына берілетін діни ғұрыптық дәстүрде мағыналас, мәндес тіркестер. Оған мына тілдік деректер мысал бола алады: «*Құдай-ай*», «*Пірім-ай!*» бұл не деген заман болды! «*Алла-ай!*» «*Ақсары бас!*», «*Ой, алла-ай, боз қасқа!*» деп қазақ өгіздей өкіріп жылай бастаған (С. Сейфуллин). Ханның көз нұры суалған шақта, күндердің бір күнінде ханша құрсақты болып... бір қыз тауыпты... *Ай тұяқты боз қасқа шалып*, азан шақырып, Айбарша деп ат қойыпты (Т. Ахтанов). Әулиеге ат айтып, *Қорасанға қой айттып*, Артынан қуып келіпті, Өлгенде көрген шешесі («Қыз Жібек»).

Ақ сары бас құдайы – береке, бақыт үшін берілетін садақа, құрбандық. Мысалы, «Мен Абайға кінә қойдым. Елде қатын-бала сені уайымдап түн ұйқысын төрт бөліп, *құдайына ақ сары басын айтады*... Сен болсаң, шалжиып жатқаның мынау, – деді» (М. Әуезов).

«*Құдайдан мойнына бұршақ салып сұрап [тілен] алды*» немесе «*Мойнына бұршақ салып тілеген*» – 1. Құдайға мал, жан атап жүріп тапты деген мағынаны білдіреді. 2. Арқанға, көгенге байланысты айтылған. Қойды қосақтау үшін «қосақ арқан» пайдаланады, арқанды қойдың жүнінен, қылшықты орап істейді. Қосақ арқанды аттамайды. Басқа арқандармен қой қосақтамайды, ырымдайды. Көгенді қойдың жүнінен малға жұмсақ болады деп еседі. Көгенге «бұршақ» түйіп пайдаланады, *жалғыз бұршақты салып, мойнына тілеу тілейді*. Мысалы, «Ұрқия жатса да, тұрса да *құдайдан* бала сұрайды, бақсы-балгерге қаратқан, қожа-молдаларға үшкірткен, әулие

тасқа элем байлап түнеген, құдайы садақасын да талай берген, *мойнына бұршақ салып тілеген*, сонда да әлі бала жоқ» (Ж. Аймауытов). «Жамал қыз ед, қыздың шолпан жұлдызы ед, Шашы қолаң, қасы қара құндыз ед. *Бұршақ салып тілеп алған құдайдан*, Есекеңнің ұл қып сүйген бір қызы ед» (І. Жансүгіров, Шығ.).

«*Құдайы*» немесе «*құдайы берді*» – наным-сенім бойынша қауіп-қатерден, кездейсоқ апаттан аман қалғанда, қатты аурудан аман қалған кезде құдай жолына берілетін діни ғұрыптық дәстүр, яғни қайыр-садақа (ас, тағам, киім, ақша, т.б.). *Құдайыға* кісілер бір малды құрбандыққа шалып, етін таратып береді. Немесе мал сойып, ауыл адамдарын құдайы тамаққа шақырады. Келген адамдар Құран оқып, ізгі тілек, баталарын беріседі. Кейде шай қайнатып, жеті күлше нан пісіріп те құдайыға шақырады. Кейбір жерде жағымсыз түс көрсе де, жеті күлше құдайы таратады. Мысалы, «Әжем мана атамның аулына құдайыға кетіп еді, келіп қалар» (Н. Серәлиев). «*Құдайыға* бір қой сойып, үйге сыйғанынша бәрін шақыр, бақұлдасайын» (Б. Нұржекеев). Ал, *құдайы берді, құдайы қылды* дегендер – құдайы деп атап, садақа берді; құдайы ас таратты деген мағынада. Мысалы, «Құдая тоба, жеткерді деген осы, тіл-сұқтан аман қыла гөр! – деп, бір малын сойып *құдайы берген-ді*» (Б. Тоғысбаев). «Ақ Айман әлде айла, ақыл тапты, көңілімді алпыс күнге жабырқатты. Айманға аман-есен жолықтырса, шалар ем *құдайы қып* қара ала атты» («Айман-Шолпан»). *Құдайы берді, құдайы қылды* деген бейтарап мәнді тіркестердің эмоционалдық-экспрессивтік бояулары алғыс және қарғыс мәнді тіркестерден әлдеқайда солғын, сезім күйге әсері біршама төмен болады.

Сонымен, *құрбандық шалу, құрбандық беру* өлген адамға *ас беру дәстүрімен* байланысты, өлген адамның ана дүниеде жүрген жанының, яғни аруағының құрметіне құрбандық беріледі. *Құрбандық шалу, құдайына ақ сарбасын айту, құдайына ақ сарбасын шалу, ақсарбас айту, құдайдан мойнына бұршақ салып сұрау (тілеу)* және *садақа, пітір, құдайы* сияқты сөздер мен сөз тіркестері құдайға құлшылық ету, құдайдан сұрау, жалыну, жалбарыну, сыйыну, табыну, тілек тілеу мәніне қатысты қалыптасқан қазақы дүниетанымның тілдегі көріністері. Садақа сөзінің мәніне орай «*Жеті нан құдайы*» – «*Жеті тиын садақа*» деген фразалар айтылса, құрбандық шалғанда «*құрбандық қабыл болсын*», «*аруаққа бағыштадым*», «*аруақтың батасы тие берсін*» деген тілек мәнді когнитивті бірліктер айтылады.

Садақа немесе *қайыр садақа*. *Садақа* араб сөзі, парсыша садаге, түрікше садакат, «шын ықыласпен сыйлау» деген мағынада. Жетім-жесірге, қаріп-қасерлерге немесе дін жолына ақшалай, заттай берілетін құдайы. Садақа беруші адам өзінің үй-ішінің аمانдығына қол жайып бата тілейді және «батаңыз қабыл болсын» деп бет сипайды. Мүсәпірлерге қайыр

садақа беру әр мұсылман баласы үшін міндетті болып саналады. «Садақа берсеңдер – құдайға құлшылық етіп, ешқайда шықпайтын, алыстан ешқайда бара алмайтын жоқ-жітікке беріңдер» («Құран кәрім»). Садақа Құранда көрсетілген ереже бойынша таратылады [3, 151]. Мүмкіндігі барлардың барлығы да садақа беруге міндетті. Бұл парыз тобына жатады. Садақа – жетім-жесірге, қаріп-қасерлерге немесе дін жолына ақшалай, заттай берілетін құдайы. Садақаны басқа біреуге өздері қайыр садақа бере алмайтын адамдар ғана алуы керек, басқаша жағдайда ол зорлық деп табылып, жауапқа тартылады. Садақаның мынадай түрлері бар: қайрымдылық түріндегі садақа, күнәсін жуу түріндегі садақа, басқаша сөзбен айтқанда, қайрымдылық мақсаттарына жұмсалатын айып ақы; дәулетті адамдардың өз табыстарын мүсәпірлерге бөлетін қаржы түріндегі садақа. Алғашқы екі жағдайда садақа ақша, азық-түлік, киім-кешек, көмек көрсету және тұрғын жай беру, қарызын және алған міндеттемесін кешу, т.б.

Ас беру дәстүрі өлген адамның ана дүниеде жүрген жанының, яғни аруағының құрметіне құрбандық жасау арқылы өмірде қалған ұрпағын жебеп, қысылғанда сүйеу болып жүреді деген ұғымнан туған. Ас беру дәстүрінің қазақ қоғамының әлеуметтік-саяси қатынастар жүйесіндегі қызметін этнограф ғалым Е. М. Смағұлов «Қазақтың ас беру дәстүрі: әлеуметтік-саяси қызметі» деген зерттеу еңбегінде XVIII–XIX ғғ. деректері бойынша қазақ этносының қоғамдық құндылықтарын анықтаған. Ол: «Ас беру дәстүрі әуел баста қазақ ұлттық-этникалық бірлестігі пайда болғанға дейінгі көшпелілік қоғамның пайда болуымен бірге дүниеге келіп, даму жолдарынан өткен тәңірлік, ата-баба рухына табынушылық тәрізді дәстүрлік-ғұрыптық көзқарастар негізінде қалыптасқан, бірте-бірте көшпелі қоғамның әлеуметтік-саяси құрылымының күрделене түсуіне байланысты (мемлекеттілік нышаны қалыптасқан кезде) қоғамдық өмірдің сан-салалы өмірін ретке келтіруде зор рөл атқарып отырған, салт-дәстүрге негізделген құқықтық-ұйымдық институттарының бастыларының біріне айналған» [4, 17], – деген пікір айтады.

Мұсылман елінің ең басты әрі қасиетті тойы әрі мейрамы – Құрбан айтында Мұхаммедтің әр үмбеті дін құрметіне, аруақтарға бағыштап мал сойып, құрбандық шалады. Құрбан Айт – мұсылмандардың ең қасиетті мерекесі. Ол Ораза Айттан 70 күн өткеннен кейін басталып, 3 күн жалғасады. Мұсылмандар үшін Құрбан Айттың бірінші күні маңызды болып саналады. Құрбан Айт күні ертерек тұрып, ғұсыл-дәретін алып, таза киім киіп, көшеде жолыққан адамдарға ашық жарқын жүзбен сәлем беру, намазға бара жатқанда тәкбір айту, құрбан етімен ауыз ашу – Әзірет Мұхаммед Пайғамбарымыздың сүннеті. Айт күндері әрбір мұсылман ата-бабаларының басына барып Құран оқиды, аруағына бағыштап, мал сояды. Құрбан араб тілінде «жақындау» деген

мағынаны білдіреді, ал діни мағынасы – Алланың ризашылығына жақындау, бөлену ниетімен Құрбан Айт күндері шалынатын арнайы мал. Айт күні құрбан шалып, Алла Тағаланың мейіріміне жақындаған құлдары бір-біріне тілектер айтысып, дәм татысады. Құрбандық мал айт намазынан кейін шалынады. Татулық пен береке-бірлікте болуды дәріптейтін, әрі адамзаттарды биік те ұлы мақсаттарға шақыратын Ислам діні ұлық мерекесінің жалпы халықтық сипат алуы заңды. Мереке жамағаттың ең алдымен дене мүшесін тазалап, дәрет алып, мешіттерге барып айт намазын оқумен басталады. Оның тағы бір маңыздылығы – Құрбан шалу ғибадаты. Алла Тағала Құран Кәрімде: «Намаз оқы және құрбан шал» – деп бұйырып, осы ғибадаттың орындалуы керектігін міндеттесе, Алланың елшісі Пайғамбарымыз «Адам баласы Құрбан Айт күнінде құрбан шалып, қан ағызудан сүйікті басқа іспен Алла Тағалаға жақындаған емес. Қаны ағызылған мал қиямет күні мүйіздері, тұяқтары және жүндерімен келеді. Ағызылған қан жерге тамып, Алла Тағаланың құзырында үлкен дәрежеге жетеді. Сондықтан құрбандарыңды көңіл ризашылығымен шалыңдар» – деген.

Қорыта келе, әлем бейнесінің көрінісі саналатын халықтың әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері өздерінің тұрмыс-тіршілігінен, дүниетанымынан, ұғым-түсініктері мен наным-сенімдерінен бастау алады. Халықтық дүниетаным көрінісі мен салт-дәстүрі тіл арқылы ұрпақтан-ұрпаққа беріліп келеді.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Торма, Й.** «Айналайын» // Ана тілі. 1994. № 47. – 4–5 б.
- 2 **Уәлиханов, Ш.** Мақалалары мен хаттары. – Алматы, 1949. – 170 б.
- 3 Энциклопедия «Ислам» / Бас ред. Р.Нұрғалиев. – Алматы : «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1995. – 287 б.
- 4 **Смағұлов, Е. М.** Қазақтың ас беру дәстүрі: әлеуметтік-саяси қызметі (XVIII-XIX ғғ. деректері бойынша): Автореф. фил. ғыл. канд. дис: 07.00.07. – Алматы, 2007. – 135 б.
- 5 **Аманжолов, К, Рахметов, Қ.** Түркі халықтарының тарихы. – Алматы, 1996. – 272 б.
- 6 **Арғынбаев, Х.** Қазақ халқындағы семья мен неке /тарихи-этнографиялық шолу /. – Алматы, Ғылым. 1973. – 267 б.
- 7 **Снесарев, Г. П.** Реликты домусульманских верований и обрядов у узбеков Хорезма. – М. : Наука, 1969. – 336.

Г. К. Рысбаева¹, Ш. А. Адильбаева², Ж. Т. Исаева³, Г. Ж. Тунгушбаева⁴
Языковая и познавательная картина вероисповедания

^{1,2}Университет Нур-Мубарак,
 г. Алматы, 050000, Республика Казахстан;
^{3,4}Казахский национальный медицинский университет
 имени С. Д. Асфендиярова,
 г. Алматы, 050000, Республика Казахстан.
 Материал поступил в редакцию 03.04.20.

G. Rysbayeva¹, Sh. Adilbayeva², Zh. Issayeva³, G. Tungushbayeva⁴
Linguistic and cognitive picture of religion

^{1,2}Nur-Mubarak University,
 Almaty, 050000, Republic of Kazakhstan;
^{3,4}Kazakh National Medical University
 named after S. D. Asfendiyarov,
 Almaty, 050000, Republic of Kazakhstan.
 Material received on 03.04.20.

В данной статье рассматривается характеристика фразеологизмов в нашем языке, связанных с жизнью народа, национально-культурным менталитетом народа, в отношении обрядовых традиций «жертвоприношение» и «передача бело-желтого главного бога». Первый выход жертвоприношения у тюркских народов был связан с проведением исламского духовного праздника Курбан айт. Его суть заключается в том, чтобы поклоняться Богу, просить Бога. Древние Саки делали жертвоприношения «Солнцу», древние тюрки небесам «Кок-Тенгри», казахи же «древним предкам». В настоящее время все сведения об окружающем мире и вселенной сохраняются на основе многовекового мировоззрения населения таких как пословицы, фразеологизмы, крылатые слова передаваемые от деда ребенку, из поколения в поколение, обновляясь и пополняя языковые образы мира. Каждый народ имеет своё видение мира, потому что язык не только средство мышления и общения, но и духовное и культурное зеркало всего этноса.

This article describes the characteristics of stable combinations in our language associated with the life of the people, the national-cultural mentality of the people, in relation to the ritual traditions of «sacrificial

offering» and «transfer of the white-yellow main God». The first appearance of sacrificial offering among the Turkic peoples was associated with the Islamic spiritual holiday Kurban Ait. Its essence is to worship God, to ask God. Ancient Saks sacrificed for the «Sun», ancient Turks – for the sky «Kok-Tengri», Kazakhs – for the «Spirit of their Ancestors». At present, all information about the world and universe is preserved at the heart of the centuries-old worldview of the population, language units such as proverbs, phraseological units, winged words passed from grandfather to child and from generation to generation, updated and replenished language images of the world. Each nation has its own worldview, because language is not only a tool of thinking, communication, but also a spiritual and cultural mirror of the entire ethnic group.

ГРНТИ 16.01.21

М. Б. Сабыр¹, Г. Қ. Төлекова²

¹ф.ғ.д., профессор, Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ., 090002, Қазақстан Республикасы;

²ф.ғ.к., профессор, Азаматтық Авиация Академиясы, Алматы қ., 050049, Қазақстан Республикасы

e-mail: ¹Sabir_uralsk@mail.ru; ²gulnaz.tulekova@mail.ru

ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНДЕГІ ПРОФЕССОР Б. САҒЫНДЫҚҰЛЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ ТҰЖЫРЫМДАРЫНЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Мақалада профессор, түркітанушы ғалым Б. Сағындықұлының зерттеулерінің маңызы жан-жақты сараланған. Ол ұлы ғалым Ә. Нәжіптің шәкірті болып, өмір бойы ғылымға адал қызмет етіп келе жатқан көрнекті ғалым. Ғылыми тұжырымдары түркологияға қосылған тың жаңалықтар екендігі терең талданған. Сонымен қатар орта ғасырлық жазба мұраларды, тіл тарихын індете зерттеудің тұтас әдіснамалық негізін және силлабология ілімі қалыптастырылғаны толық дәлелденген.

Кілтті сөздер: түбір, архесиллаб, архетип, дыбыс, дауыссыздар, силлабология, фонология, негіз, қосымша, аффрикат.

КІРІСПЕ

Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті Н. Ә. Назарбаев «Ұлы Даланың жеті қыры» атты мақаласында Қазақстан – күллі түркі халықтарының қасиетті «Қара шаңырағы» дей отырып, «Түркі өркениеті: түп тамырынан қазіргі заманға дейін» атты жобаны ұсынды [1]. Осы жобаны қолға алмас бұрын бүгінге дейін түркітану ғылымында не істелді деген сұрақ туындайды. Қолжеткен табыстарымызды саралау болашақта істелетін зерттеу жұмыстарының мақсатын айқындау үшін қажет.

Қазақ тілі тарихын зерттеу барлық түркі тілдері тарихын зерттеу ісімен тығыз байланысты. Сонымен қатар қазақ тілінің басты қайнар көздерінің бірі болып табылатын орта ғасырлық жазба жәдігерліктерді зерттеу ісі өткен ғасырдың 60-жылдарынан кешенді түрде қолға алынды. Ә. Н. Нәжіптің 1978 жылы «Изучение истории тюркских языков в Казахстане» атты мақаласы жарияланды. Мақалада А. Құрышжанов, А. Есенғұлов, Г. Айдаров, А. Махмутов, Т. Қордабаев, М. Томанов, А. Аманжолов, А. Ибатов сияқты

ғалымдардың зерттеулерінің басты ерекшеліктері мен құндылығына тоқтала келіп, «в 1973 году в Известия АН К ССР опубликована статья молодого ученого Б. Сагиндыкова на тему «лексические и грамматические особенности арабских и персидских элементов тюркоязычных памятников Золотой Орды и Египта XIV века». За анализ арабских и персидских элементов, за выяснение их роли в обогащении лексики, в словообразовательном процессе, в различных сочетаниях и т.д. в первые взялся Б. Сагиндыков», деп атап көрсетеді. Мақалада қазақтың танымал түркітанушы ғалымдарының еңбектерін саралай келе, шәкірті Б. Сағындықұлы зерттеулерінің құндылығын ашып көрсетіп, зор үміт артқан еді. Ұлы ғалымның еңбекқор шәкірті бола білген Берікбай Сағындықұлы ғылымға адалдығынан өмір бойы айныған емес. Ол өз ұстазының жетекшілігімен 1977 жылы «XIV ғасырдағы түркі жазба ескерткіштерінің салыстырмалы лексикасы» деген тақырыпта кандидаттық диссертация жазып, ойдағыдай қорғап шықты. Осыдан кейін жас ғалым орта ғасырлардағы бүкіл ескерткіштердің мәтіндерін терең меңгеруге кірісті, теориялық зерттеулерге ерекше ден қойды.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Қадірменді ұстаз, филология ғылымдарының докторы, профессор, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Қазақ филологиясы» кафедрасының меңгерушісі, көрнекті ғалым Берікбай Сағындықұлының қысқаша өмір өткелдерін барласақ, ағай 1962 жылы С. М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетін бітіріп, республикалық «Социалистік Қазақстан» газетінде әдеби қызметкер болып қызмет істейді. 1972–1975 жылдары Қазақ ССР Ғылым академиясы Тіл білімі институтының аспирантурасын тамамдап, 1975–1979 жылдары Қазақ ССР «Ғылым» баспасының редакторы, редакция меңгерушісі қызметін атқарады. 1979 жылы С. М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті қазақ тілі кафедрасына аға оқытушы болып орналасады. 1984–1997 жылдар аралығында доцент қызметін атқарса, 1997 жылдан бастап әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры.

Берікбай Сағындықұлының түркітану сияқты кешенді ғылымның бір саласы орта ғасырлық жазба ескерткіштерді зерттеу ісін құлшына қолға алуына ұстазы, күллі түркі әлеміне танымал, атақты түркітанушы Ә. Нәжіптің ықпалы мол болды. Еждаһатсыз, михнатсыз, табылмас ғылым сарасы,-деп ұлы Абай айтқандай қиын да, қызық тіл тарихы саласын зертеуде Бекеннің еңбегі жемісті болды деп айтуға болады.

1977 жылы «XIV»ғасыр жазба ескерткіштерінің салыстырмалы лексикасы» деген тақырыпта кандидаттық диссертациясын жемісті қорғады. Ұстаздық пен ғылыми жұмысты мәңгі серік қылды. Ғылыми жұмыс өмірінің

мазмұны мен мақсатына айналды. Ырыс ауысады, білім жұғысады емес пе. Ұстазынан озуға талаптанбаған, алдыңғы буынның қолы жетпеген биіктерге ұмтылмаған шәкірт шәкірт бола ма. Бекен жазба ескерткіштерді танып, түстеу жұмысын шындап қолға алды. Орта түркі дәуіріндегі жазба жәдігерліктер қазақ халқы үшін тек тілдік мәлімет ғана емес, ол біріншіден рухани қазына, екіншіден қыпшақ тайпалары тілінен, дағды – дәстүрінен, тұрмыс-тіршілігінен хабар беретін тарихи дерек. Осы материалдық және рухани дүниелерде қазақ жұртының іздері, тарихы жатыр. Осындай жаба мұраларды тәржімалап, транскрипциялап қалың көпшілікке таныстыруда Бекеннің еңбегі ұшан теңіз. Ә. Құрышжановпен бірлесіп Ахмед Йүгінекидің «Ақиқат сыйы» шығармасының транскрипциясы мен мағыналық, поэтикалық аудармасын дайындады. Ежелгі дәуір әдебиеті нұсқалары ретінде Жүсіп Баласағұни, Қожа Ахмед Яссауи, Ахмед Йүгінеки, Сүлеймен Бақырғани, Рабғузи, Хорезми еңбектерін аударды. Қазақ тілінің тарихи лексикологиясы, тарихи фонетикасы, тарихи морфологиясы, түркі тілдерінің салыстырмалы лексикологиясы мәселелерімен шұғылданды. Осы салада талмай ізденіп, біраз жетістіктерге жетті, шәкір тәрбиелеп, төрт ғылым докторын, жиырма бір ғылым кандидатын дайындап, ғылымға үлкен үлес қосты. Қазақ тіл білімінде тұсастай «Сағындықұлы мектебі» қалыптасты деп айтуға болады. Ағамыз да шәкірттерін бесігінен тәрбиеледі. Әлі есімізде Бекеннің арнай курстарында араб жазулы қолжазбаларды ежіктеп оқып, терлеп– тепшіп тұратынбыз. Ағайдың шәкірттерінде көлденең келген кісі жоқ. Бәрі де университет қабырғасынан өсіп жетілген тұлғалар. Ағай талапты жасты жөргегінен танып 1,2 курстың студентіне өзіндік жұмыс қылып тақырып беретін. Сол өзіндік жұмыс келесі жылдары курстық жұмысқа, диплом жұмысқа, одан әрі кандидаттық диссертацияға, тіпті докторлық диссертацияға ұласады. Ұстаздың қояр талабы біреу: ол ғылым үйренем деген адамның ақыл-ойы айқын, ерік-жігері, тілек – мүддесі бір ғана мақсатқа бағытталуы, ғылым үшін ақиқат пен әділдікті ту қылып ұстауы шарт. Ғылымды күшті меңгерген және оны сүйетін ұстаз ғана өз шәкірттерінің бәріне жемісті ықпал жасайтын болады. Бұл тұрғыда кейінгі жастар қазақ тілі тарихын жазба ескерткіштер негізінде зерттеуге талаптанса, қызығушылық танытса, ол – сөз жоқ, Бекеннің ықпалы.

«Ғылымдарды меңгергенмен, пайдаға асырмаған адам – жерді жыртқанмен, тұқым сеппеген диқанмен бірдей»,– деп шығыс ғұламасы Сағди тегін айтпаса керек-ті. Ауыр еңбегінің жемісі – түркітану ғылымына әкелген өзіндік тұжырымдары мен соны жаңалықтары.

1994 жылы «Түркі тілдері лексикасы дамуының фонологиялық заңдылықтары» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғап, «Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері» атты монографиясы жарияланды.

Аталмыш еңбек қазақ тілі тарихын зерделеуде ерекше жаңалықтарымен, тың тұжырымдарымен құнды. Нәтижесінде ғылыми жұртшылықтың көңілінен шыққан ірі-ірі жаңалықтар ашты. Ашылған жаңалықтардың бастылары ретінде мына төмендегілерді атап көрсеткелі отырмыз.

Ғалым түркі тілдерінің аса ежелгі дәуірлерінде жіңішке дауыстылардың мүлдем болмағандығын айқындап, анықтап берді. Олардың барлығының да жуан дауыстылардан пайда болғандығын нақты фактілермен дәлелдеді. Мысалы, *татлы* сын есімінен қазіргі *тәтті* сын есімі туындаса, *қол*, *орқаш*, *қары*, *ажа*, *ажым*, *бары*, *доңғалақ* сөздерінен жіңішке айтылатын *көл*, *өркеш*, *кәрі*, *әже*, *әжім*, *бәрі*, *дөңгелек* сөздері пайда болған. Тілімізде жіңішке айтылатын қанша сөз болса, солардың барлығының да сонша жуан варианты бар болып шықты. Мұның өзі қай жіңішке дауыстының қай жуан дауысты дыбыстан шыққандығын пайымдауға толық мүмкіндік береді.

Түркі тілдерінің аса ежелгі дәуірлерінде жіңішке дауыстылардың болмағандығы сияқты, ұяң дауыссыздардың да мүлде болмағандығына Б.Сағындықұлы ғылыми жұртшылықтың көзін жеткізе алды. Фонетистердің зерттеулеріне көз салсақ, қатаңдар мен ұяңдар ежелгі дәуірлерден-ақ жарыса қолданылып келе жатқандай сезілетін. Ұяңдар бұрыннан бар ма еді, жоқ па еді деген мәселеге көңіл бөлінбейтін. Оның есесіне тіл-тілде қатаңнан ұяңның пайда болғандығы фонетикалық сөз варианттары арқылы белгілі болатын: *түз~дүз*, тиірмен ~ диірмен, т.б.

Жуан дауыстылардың жіңішкеру, қатаң дауыссыздардың ұяңдану үдерісі бір мезгілде, бір дәуірде жүрді деуге толық негіз бар.

Әлемдік деңгейде алғанда тіл-тілде дыбыстардың шыққан тегіне, арғы тегіне (архетипіне), түпкі тегіне (прототипіне) жеткілікті дәрежеде көңіл бөлінбей келген болатын. Жуан дауыстылардан жіңішке дауыстылардың пайда болу үдерісін анықтау барысында профессор Б. Сағындықұлы дауыстылардың шыққан тегін де, арғы тегін де, түпкі тегін де анықтай алды. Қоспасыз таза дыбысталатын созылықты *у* дауыстысы тарихи даму барысында қазақ тілінде бірте-бірте *ұ*, *ы*, *і* дауыстыларына айналған. Мысалы, тарихи жазба ескерткіштерде «*жылқының алты айға дейінгі төлі*» *құлун* түрінде таңбаланған. Қазір–*құлын*. Сонда аталған сөздің құрамындағы алғашқы *у*-дың *ұ* дауыстысына, соңғысы *ы* дауыстысына айналғандығын байқаймыз. *у>ұ>ы* формуласы пайда болды. Бұл құбылыс тұрақты түрде қайталанатын. Ал *қары* сын есімі *кәрі* тұлғасында жіңішкергенде *ы* дан *і* туындайды. Демек, *і*-нің шыққан тегі *-ы*, *ы*-ның шыққан тегі *-ұ*. *ұ*-дың шыққан тегі қоспасыз айтылатын, аса ежелгі *у* дауыстысы болып есептеледі. Бір ғана *і* дауыстысы үшін *ы*– шыққан тек, *ұ*–арғы тек, созылықты *у*–түпкі тек. Осылайша талдағанда түркі тілдерінде дауыстылардың бар болғаны үш қана түпкі тегі бар екендігі белгілі болды. Олар **А* **У*И*.

Дауыссыздардың түпкі тегін табу дауыстылардың түпкі тегін табуға қарағанда әлдеқайда қиын. Мысалы, орысша «дорога» ұғымындағы «жол» сөзі оғыз, қарлұқ тілдерінде «йол», қыпшақ тілдерінде «джол-жол», алтай, чулым тілдерінде «тйол-дйол», тува, хакас, қарағас, шор тілдерінде «чол», қарашай-балқар тілінде «дзол-зол», якут тілінде «суол», чуваш тілінде «с'ул». Бір буыннан ғана тұратын бұл атаудың үшінші дыбысында мүлдем өзгеріс жоқ. Екінші дыбысындағы өзгерісте елеусіз, болар-болмас: *у~о*. Айырмашылық тек бірінші дыбысында: *й-дж- ж- тй- дй-ч-дз- з-с- с'*. Бүкіл түркі тілдерінде ұшырасатын бұл айырмашылықтың арғы тегін (архетипін) табуға әлемнің ірі-ірі ғалымдары түгелге жуық қатысты. Ресейлік түркологтар В. В. Радлов пен В. А. Богородицкий сөз басындағы *й~дж-ж~ т~д~ч~ ш~с~з...* сәйкестігінің архетипін *й* сонор дауыссыз деп есептеді. Шет елдік алтаистер мен түркологтар – Г. И. Рамстедт *дж* аффрикатын, Н. Поппе *дз*, И. Маркварт пен К. Г. Менгес жіңішке *д' з'* аффрикатын, Г. Дерфер жалпы алтайлық *д* дауыссызын арғытек деп таныды. Бұл тұспалдардың қай-қайсысы да түркітанушыларды қанағаттандыра алмады. Кемшілігі көрсетіліп, сын айтылды. Жүз жылға жуық уақыт өтсе де, шиеленіскен жұмбақтың түйіні шешілмеді. Бұл мәселені белгілі ғалымдарымыздың бірі Б. Сағындықұлы ұзақ жылдар бойы зерттеді. Ең алдымен, ол жоғарыдағы аты аталған ғұламалардың бір ғана дауыссыз немесе бір ғана қарапайым аффрикат арғы тек (архетип) бола алады деген ұйғарымдарына шәк келтірді. Осы ретте тарихтың өн бойында қатаңдардың ұяңданғанымен, ұяңдардың қатаңдана алмайтын фонологиялық заңдылығын анықтады. Бұдан соң бүкіл дауыссыздардың арғы тегін (архетипін) ғана емес, түпкітектерін (прототиптерін) ашып, айқындауға кірісті. Тіл тарихында қарапайым *ц(тс)*, *ч(тш)* қатаң аффрикаттарының фонологиялық жүгін арқалаған күрделі **Т [С/Ш]* (ықшамдалған таңбасы **Ц*) аффрикаты болғандығын болжамдады. Бұл күрделі аффрикатың уақыт өте келе қарапайым екі аффрикатқа ажырағанын дәлелдеді. Бұл пікіріне айғақ ретінде моңғол, тұңғыс-манчжур тілдеріндегі *цечек*, түркі тілдеріндегі *чечек* атауларын мысалға келтіреді. «Түрлі-түсті жұпар иісті гүл» деген бір ғана лексикалық мағына беретін әуелгі жалғыз тұлға, жоғарыда көрсетілгендей, екі тұлғаға айналады: *ү~ч.Т(с/ш)* аффрикатының алғашқы жапсары *т* элементі элизияға ұшырап түсіріліп айтылған соң қазақ тілінде үшінші форма – *шешек* тұлғасы өмірге келеді. Қысқасы **Т [С/Ш]* күрделі аффрикатынан қазіргі заманғы *т, с, ш, д, з, ж* дыбыстары пайда болды. Түпкітек **Т [С/Ш]* күрделі аффрикаты тілдерде өшіп кеткеннен кейін түркі тілдерінің шығыс хунь бұтағына қарапайым *ц* аффрикаты, түркі тілдерінің бастыс хунь бұтағына қарапайым *ч* аффрикаты арғы тек (архетип) болып қала берді. Сонда сөз басындағы *й~дж-ж~ т~д~ч~ ш~с~з...* сәйкестігінің арғытектері қарапайым

ц, ч қос аффрикаты екендігі анықталады. Бұл жайында Б. Сағындықұлы 1994 жылы «Түркі тілдері лексикасы дамуының фонологиялық заңдылықтары» атты тақырыпта докторлық диссертация қорғап шықты. Осы диссертацияда *x, h, қ, к, з, з* дыбыстарының түпкітегі **h* екендігін, *p, л* сонорының түпкі тегі **P, н, ң, м* сонорының түпкі тегі **H* екендігін нақты фактілермен дәлелдеп берді. Қысқасы, дауыстылар үшін түпкі тек (прототип) **Ц, *h, *P, *H* [2].

Соңғы жылдары Б. Сағындықұлы тіл білімінде аса ірі жаңалық ашты. Зерттеу барысында тіл-тілде *фонема, морфема, сөз, сөз тіркесі, сөйлем* сияқты тілдік бөлшектермен дәрежелес, әлем тілдеріне ортақ, алайда біздің заманымызға дейін беймәлім болып, құпия сақталған тілдік бірлік (бөлшек) – *түбіртек (архесилаб)* бар екендігін анықтады. Фонемаға (дыбысқа) бөлінбейтін түбір, негіз, қосымша болмайтыны сияқты, тіл-тілде түбіртекке бөлінбейтін түбір, негіз, қосымша жоқ. Қандай дыбыстық комбинацияда тұрсын, түбіртек бір ғана дауысты мен бір ғана дауыссыздың табиғи тіркесуінен тұрады да, я лексикалық, я грамматикалық мағына береді. Мағынасы анықталмаған жағдайда дауысты мен дауыссыздың жай тіркесі түбіртек болып есептелмейді. Қазіргі тілдерде түбіртектердің басым бөлегі бір сыңарын жоғалтып, жартыкештеніп, бір ғана дауыстыдан немесе бір бір ғана дауыссыздан тұратындықтан, басқаша айтқанда, толық формасын сақтамағандықтан, олар іс жүзінде арнайы зерттеушілерден басқа ешкімнің назарына түспейді. Бүкіл түбірлердің түп негізі, тегі болып есептелетіндіктен, жаңадан табылған тілдік бірлікке қазақ тілінде түбіртек деген атау берілген. Барлық лингвист ғалымдарға түсінікті болу үшін автор *архесилаб* (ең ежелгі, ең алғашқы буын) деп аталатын терминді ұсынады. Тіл-тілдегі фонемалар қаншалықты ескі болса, түбіртектер де соншалықты ескі. Түбіртектерді тіл тарихының бүкіл өн бойында өмір сүрген десек, қателеспейміз. Қазақ тілінде де тарихқа белгісіз аса ежелгі дәуірлерден бері өмір сүріп келе жатқан түбіртектер бар. Мысалы, *ақ* (судың өз арнасымен төмен қарап жылжуы), *ар* (адамгершілік, ізгі қасиет), *ін* (жабайы аңдар жататын орын, үңгір), *іс* (жұмыс, қызмет, шаруа) тағы басқалар. Тілімізде екі түбіртектің (кейде үш, төрт, түбіртектің) сіңісуі нәтижесінде пайда болған сөздер де біршама дәрежеде кездеседі. Мысалға жоғарыда аталған *ақ* түбіртегі мен етістіктен есім жасайтын *ын* түбіртегінің қосылуынан *ағын* сын есімі жасалған. «Соғу, сабау, тоқпақтау» мағынасындағы *ұр* етістігіне етістіктен етістіктен есім жасайтын *ыс* түбіртегі кірігіп, *ұрыс* зат есімін тудырып тұр. Сондай-ақ *өн+ім, ұл+ан, от+ан,, ен+ші* атаулары екі түбіртектен тұрса, *үз+іл+іс, үг+ін+ді, үй+ін+ді* үш түбіртектің жиынтығынан жасалған. Бұларға да көненің көзі ретінде қарауға болады. Бұл жерде атап көрсететін бір жайт, түбіртекті әр тілдің өз мамандары ғана аша алады. Жоғарыда келтірілген тілдік фактілер түбіртектердің бір ғана дауысты мен бір ғана дауыссыздан тұра алатындығына

толық дәлел бола алады. Алайда тарихқа белгісіз аса ежелгі дәуірлерде қалыптасқан түбіртектер біздің заманымызға сан алуан фонетикалық, морфологиялық, семантикалық өзгерістерге ұшырап, алғашқы тұлғасын, қалып-пішінін жоғалтып барып жетіп отыр. Алғашқы тілдік формалардың қалып-пішінін бұрынғы қалпына келтірмейінше, әрбір өзгерістің, даму эволюциясының бүкіл сыр-сипатын анықтап алмайынша, түбіртектердің болмысын, табиғатын түсіну тіпті мүмкін емсе. Аса ежелгі дәуірлерден келіп жеткен жазба ескерткіштер атымен жоқ. Осы жағдайда белгісізді белгілі ету, ашылмағанды ашу, шешілмегенді шешу үшін зерттеудің әр түрлі жаңа әдістері мен жаңа тәсілдерін пайдалануға тура келеді. Тығырықтан шығу жолдарын профессор Б. Сағындықұлы негізін қалаған *Силлабология* ілімі өмірге әкеліп отыр. Бұл терминді де автордың өзі ұсынған. *Силлаб* ағылшын тілінде «буын» деген ұғымда жұмсалады. Ал *логос* деген сөздің «ілім» семантикасына ие екендігі жалпы көпшілікке белгілі. Сонда Силлабология «Буын ілімі» деген терминдік мағынада әлемдік лингвистиканың жаңа да тың саласының атауы болып шығады. Силлабологияның негізгі нысаны (объектісі) – жоғарыда атап өткеніміздей,– *архесилаб* (түбіртек). Архесилаб фонемадан үлкен, морфемадан кіші тілдік бөлшек. Осыған орай, силлабология фонология мен морфология ілімдерінің аралығынан орын алады. Ілім ретінде тізбектесек, – фонология, *СИЛЛАБОЛОГИЯ*, морфология, лексикология, фразеология, диалектология, семасиология т.б. [3].

Силлабология ілімінің негізін қалаушы профессор, филология ғылымдарының докторы Б. Сағындықұлы қазір «Силлабология негіздері» деп аталатын монографиясын жазу үстінде. Бұл еңбек қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде баспадан жарық көрген жағдайда *архесилаб* ұғымы екінің біріне түсінікті болады. Жаңа ілімнің ілгері дамуына әлемдегі ірі-ірі лингвистердің ат салысатындығына ешқандай күмәніміз жоқ. Түбіртектерді (архесилабтарды) сөз құрамынан айырып-ажыратуда, олардың ежелгі бітім-пішінін анықтауда кездесетін кедергілер өте көп. Әсіресе, үнемдеу, сіңісу, жылысу, ығысу, метатеза, флекция құбылыстары сияқты сан алуан тілдік факторлар белгілі бір сөздің, грамматикалық тұлғалардың әдепкі формаларын адам танығысыздай етіп өзгертіп жібереді. Жаңалық авторы өзгерістерді бұрынғы қалпына қалай келтіруге болатындығын 2011 жылы «Қазақ университеті» баспасы шығарған «Қазақ тілі тарихы» атты монографиялық еңбегінде әлденеше әдістер мен тәсілдер негізінде тәптіштеп толық түсіндіреді. Біз ғалымның ғылыми жаңалықтарының бір бөлегін ғана әңгіме еттік. Зерттеушінің барлық еңбегімен танысқан кез келген тілші-маман олардың қай-қайсысының да жаңалыққа толы екендігін байқай алады.

Ұлы Абай 38-қара сөзінде танымдық мағынасы зор мынадай ғылым салаларын ұсынады: Олар: Аллатағаланы танымақтық, өзін танымақтық,

дүниені танымақтық, пайда мен зиянды айырмақтық. Берікбай ағайдың тағы бір қыры жасынан Аллатағаланы тану жолын ұстанғандығы. Ағайдың қаламынан туған, «Ғылым» баспасынан 1997 жылы жарық көрген, «Ғаламның ғажайып сырлары» атты кітабы Аллатану ғылымына қосылған ғибраты мол шығарма. Кітапта «Кұдай бар ма?», «Алла тағала ғаламды не үшін жаратты?», «Діннің көбейіп кету себебі неліктен?» т.б. осындай сұрақтарға ғылыми жауап беріледі. Ғалымның «Кұдайдың жолы түгін тартсаң майы шығатын құнарлы топыраққа ұқсайды. Адамгершілік, ізгілік, имандылық, жоғары мораль – бәрі-бәрі осы топырақта өсіп өнеді», – деген тұжырымдары ұлттық тәрбиемен үндесіп жатыр.

ҚОРЫТЫНДЫ

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Тарих толқынында» атты кітабында «Егер біз мемлекет болғымыз келсе, өзіміздің мемлекеттігімізді ұзақ уақытқа меңзеп құрғымыз келсе, онда халық руханиятының бастауларын түсінгеніміз жөн» – деді. Халқымыз мекендеген ұланғайыр аймақтағы руханияттың алты мың жылдық тарихи дамуын 12 кезеңге бөліп көрсетті. Осы кезеңдердің ішіндегі жетінші, сегізінші кезеңдердің мәні зор. Жетінші кезең – XI ғасырдан бастау алып түркілердің тұңғыш сопысы Қожа Ахмет Яссауидің ілімімен өрнектеледі. Сегізінші кезең XII–XIV ғасырлар. Бұл тарихтағы Қарахандықтар дәуірі, Қыпшақ конфедерациясының қалыптасуы, Монғол шапқыншылығы, Алтын Орданың өркендеуі сияқты елеулі оқиғаларға толы кезең. Осы кезеңдерде телегей теңіз бір тұтас түркі тілінен қазақ халық тілінің даралану үрдісі басталады. Осы тұстағы жазба ескерткіштер тілі – Бекеннің бірден-бір зерттеу объектісі. Түркітануда көне әзірбайжан тілі, ескі өзбек тілі деген атаулар, зерттеулер баршылық. Ал көне қазақ тілі туралы мүлде айтылған емес. Сондықтан ең бастысы сауал көне қазақ тілінің дерегін, сілемін қайдан табамыз, неден бастап зерттейміз? Біріншіден, қазіргі қазақ тілі өз тарихын зерттеуде негізгі қайнар көз бола алады, яғни жеке тілдердің пайда болу және қалыптасу тарихын тек қана көнеден жаңа дәуірге қарай зерттеу емес, керісінше, қазіргі тілдік фактілерге сүйене отырып, қазіргіден көне заманға қарай, жаңадан ескіге қарай, ескіден көнеге, көнеден ежелгі заманға қарай сатылай зерттелген дұрыс. Екіншіден, көне қазақ тілінің сілемдерін зерттеу алаңы тарихи жазба ескерткіштер тілі. Сондықтан қазіргі қазақ тілі мен жазба жәдігерлікті салыстыра отырып, ондағы әрбір тілдік элементке, грамматикалық тұлғаларға шұқшия қарап зерттегенде ғана көне қазақ тілінің сілемдерін болжай аламыз. Бүгінгі таңда Берікбай Сағындықұлы «ҚАЗАҚ ТЕГІ» іргелі жобасы аясында бір топ шәкірттерімен «Қазақ тілінің шығу тарихын» жазуда. Жаңа ғасыр үдерістері ұлттардың өзін-өзі тануын, тілін, тарихын сақтауын және дамытуын күн тәртібіне қойып

отыр. Жаһандану тұсында Бекеннің қаламынан туған шығармалар ұлтқа тірек болары хақ. Біздің Берікбай Сағындықұлы кемел адам. Кемелділік ғылыммен келеді. «Бір ғылымнан басқаның, Бәрі де артық асқанға», – деген ұлы Абай сөзі нақ шындық. Парасаттылық, шарапаттылық, кеңдік, адалдық ғылымда қызмет істеген әрбір адамға тән қасиет, халқымыздың мәпелеп, бетке ұстары – ғылым адамдары. Бекендей ғылым адамдары ел абыройы, елдің бет-бейнесі. Артқы жастың жөн түзейтін, үлгі алатын шамшырағы. Ол орта ғасырлық жазба мұраларды, тіл тарихын індетте зерттеудің тұтас әдіснамалық негізін қалыптастырды. Жүздеген ғалым шәкірт тәрбиеледі. Түрколог-ғалымның ғылыми мектебінің тамыры терең, болашағы зор.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 Назарбаев, Н. Ә. Ұлы даланың жеті қыры // Егемен Қазақстан газеті. – 2018, 21 қараша. – 1, 2 б.
- 2 Сағындықұлы, Б. Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері. – Алматы : Санат, 1994. – 286 б.
- 3 Сағындықұлы, Б. Қазақ тілі тарихы. – Алматы : Қазақ университеті, 2011. – 182 б.

Материал 03.04.20 баспаға түсті.

М. Б. Сабыр¹, Г. Х. Тулекова²

**Значение исследований профессора казахского языкознания
Б. Сағындықұлы**

¹Западно-Казахстанский
инновационный-технологический университет,
г. Уральск, 090002, Республика Казахстан;
²Академия Гражданской Авиаций,
г. Алматы, 050049, Республика Казахстан.
Материал поступил в редакцию 03.04.20.

M. B. Sabur¹, G. H. Tulekova²

**The value of the research of the professor of Kazakh linguistics
B. Sagyndykuly**

¹West-Kazakhstan Innovative-Technological University,
Uralsk, 090002, Republic of Kazakhstan;
²Civil Aviation Academy,
Almaty, 050049, Republic of Kazakhstan.
Material received on 03.04.20.

В статье дается всесторонний анализ значению исследований профессора, тюрколога Б. Сагындыкулы, который является известным ученым, посвятившим свою жизнь науке и является учеником великого ученого А. Наджип. Его научные концепции открыли новые страницы в тюркологии. Он научно обосновал формирование учения силлабологии и методологические основы исследования истории языка и средневековых письменных памятников.

In the article the analysis is given to the researches of professor turkologist B. Sagyndykuly who is a well-known scientist devoting the life to science and the student of a great scientist A. Nadzhip. His scientific conceptions opened new pages in Turkology. He grounded forming of sillabology studies and methodological bases of history of language research and medieval writing monuments scientifically.

FTAMP 811. 512. 122' 42'

Э. М. Самекбаева

ф.ғ.к., профессор м.а., «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасы, Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті, Семей қ., 070000, Қазақстан Республикасы
e-mail: elmira5_66@mail.ru

ФРАЗЕОЛОГИЯЛЫҚ КОМПАРАТИВТЕРДІҢ ТАБИҒАТЫ

Бұл мақалада фразеологиялық компаративтердің мәселелері, оның тарихы, мәселелері, теориялары жайлы сөз етіледі. Фразеологиялық компаративтерді дамытуға үлес қосқан А. Г. Руднев, Н. А. Широкова, Л. А. Киселева және тағы басқа ғалымдар жайлы айтылады. Сондай-ақ мақалада фразеологиялық компаративтердің қалыптасуының басты кезеңдері мен дамуы жайлы талданады, фразеологиялық компаративтердің басты мәселелері мен қазіргі жағдайы қарастырылады.

Кілтті сөздер: лингвистика, фразеологиялық компаративтер, теңеу, филология, бейнелілік, стилистика, семантика.

КІРІСПЕ

Зерттеушілер фразеологиялық компаративтер мәселелеріне көне заманнан бері қарай өз назарларын аударып келеді. Ескі грек, рим философтары бұл мәселелерге байланысты теориялық жағынан пайдалы пікірлер қалдырған.

Айталық, көне грек философтары мен рим шешендері Аристотель, Цицерон, Квантилиан бейне теориясының негізін қалап, компаративтердің маңызды элементтерін анықтады. Бірақ олар бұл мәселеге жалпы логикалық тұрғыдан ғана келген болатын.

Одан бергі замандардағы фразеологиялық компаративтерді зерттеудің өз тарихы бар. Ғылымның әр түрлі даму кезеңдерінде компаративтерді зерттеу аспектілері ыңғай өзгеріп отырған. Зерттеушілердің айтуларына қарағанда, нақты бейнелердің негізі ретінде компаративтерге логиктер, философтар, психологтар, тіпті математиктердің өзі де қызығушылық танытыпты. Компаративтерді әдебиетшілер де көп зерттеген көрінеді (Г. Л. Абрамович, Л. И. Тимофеев, Б. В. Томашевский және т.б.).

«Салыстыру – сыртқы дүние мен рухани байлықты танытатын ең негізгі логикалық құрал. Бұл тәсіл бізді қызықтырған зат пен ұғымды басқа

зат пен ұғыммен салыстыру үшін қолданылады. «Осындай салыстырудың нәтижесінде аталған затты немесе ұғымды біз жақсы тани аламыз», – дейді ғалым Н. И. Кондаков [1, 567 б.]

Отандық тіл білімінде фразеологиялық компаратив мәселелерін лингвистикалық тұрғыдан зерттеу ісі қолға алынды.

Бейнелі компаративтердің логикалық негізінде алғашқы қадам жасаған М. В. Ломоносов болды. Компаративтерді логикалық негізде зерттеуге Ф. И. Буслаев, А. А. Потебня, А. Н. Веселовский өз үлестерін қосты.

А. А. Потебня бейнелі сөздерді «адамның ойлау формасының ең жоғарғы түрі» деп қарастырған [2, 12 б.].

Фразеологиялық компаративтердің грамматикалық құрылымы әсіресе 40–60 жылдары белсенді түрде зерттеле бастады (А. Г. Руднев, Н. А. Широкова, Л. А. Кисилева және т.б.). Бұл әр түрлі лингвистикалық мектептерде компаративтік теорияның пайда болуына түрткі болды.

Салыстырулар сыртқы әсер арқылы пайда болатынын қимылдан бастап теориялық ойлауға дейінгі аралықты қамтиды. Осының нәтижесінде салыстыру диалектикалық танымға жетектейді. Ол ұқсастыру, айыру, яғни бір – біріне қарама-қарсы бір – бірінсіз жүзеге аспайтын іс – әрекеттерді суреттейді.

Компаративтерді психологиялық негізінде түсіндіру зерттеушілерді көп уақыттан бері ойландырып келеді. Ғалым А. А. Потебняның айтуы бойынша, «салыстыру – белгісіздікті белгілілік арқылы беру» болып табылады [2, 301 б.].

В. Шкловский компаративтер туралы айта келіп, оларды «эстетикалық тұрғыда түсіндіру қажет», – деген пікір айтты [3, 325 б.]. Мұндай пікір компаративтік құбылыстың тек құрылымына, берілу жолдарына ғана назар аудару болып табылады. Әрине, бұл оларды бір жақты қарастыру болып шыққан болар еді.

Бұлардан біз ФК әр түрлі бағытта қарастырылып зерттелгендігін байқаймыз.

Егер бұған дейін компаративтер көркемдеу құралы ретінде әдебиеттік тұрғыдан ғана қарастырылып келсе, ендігі жерде оны тілдік тұрғыдан да зерттеу қажеттігі байқалады. Бұл игілікті іске бірден кірісіп кеткендер де жоқ емес. Біз енді солардың кейбіреулеріне ғана қысқаша тоқталып өтелік.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Фразеологиялық компаративтер деп отырғанымыз – фразеологиялық салыстырулар. Яғни, кез келген заттың, құбылыстың сапалық белгісін, сапалық мағынасын болмыстағы ұқсас, ортақ белгілерінің негізінде басқа бір заттың, құбылыстың сапалық белгісімен, сапалық мағынасымен салыстыру

арқылы танылатын тілдік категорияны фразеологиялық компаративтер деп айтамыз.

«Фразеологиялық компаратив» терминін тіл білімінде ең алғаш қолданған адам – А. И. Ефимов. Бұл терминмен А. И. Ефимов сөз тіркестерінің тұтастығын «баяндауыштық элементтердің салыстырулармен күрделенуін», яғни еркін және тұрақты салыстырулардың жиынтығын белгілеген [4, 227 б.]. Фразеологиялық компаративді баяндаған Ю. Л. Лясотаның «О традиционном сравнении как особом виде фразеологизмов словарного состава языка» (1958) деген және М. Д. Городникованың «Устойчивые словосочетания, соотносительные с наречием, в современном немецком языке» деген еңбектері осы саладағы алғашқы зерттеулердің бірі болып саналады (1959).

Фразеологиялық компаративтерге біршама тыңғылықты байсалды талдауды И. И. Чернышева (1963, 1964) жасаған. Ол ФК-ге былайша анықтама береді: «Фразеологиялық компаратив дегеніміз – фразеологиялық құрылымы дәстүрлі салыстыруға негізделген, тұрақты және даяр қалпында жұмсалатын сөз тіркестері» (Чернышева, 1963, 247).

О. С. Ахманова «Лингвистикалық терминдер сөздігінде» компаративтерге: «Грамматикалық категориялардағы сын есімнің шырайлары және үстеулердің, лексика мен фразеологиядағы көп немесе аз мөлшердегі сапа дәрежесі, теңдік – теңсіздік ұғымының берілуі», – деген анықтама береді [5, 45 б.].

М. И. Черемисина компаратив деп – бірнеше мүшеден тұратын, құрамында міндетті түрде салыстырудың көрсеткіші бар құрылымды санайды [6, 22 б.].

Ал зерттеуші В. И. Рабкевич компаративтерді құрылымдық және синтаксистік қызметіне қарай салыстырмалы оралым және салыстырмалы бағыныңқы сөйлем, – деп жіктей келе салыстырмалы оралымның өзін: бейнелі және салыстырмалы деп тағы екіге бөледі (Рабкевич, 1973,8).

А. Ф. Марахова болса, фразеологиялық компаративтерді мағынасы жағынан узуальдық және окказионалдық деп екіге бөліп, құрылымдық жағынан өзара антонимдік, синонимдік қарым – қатынаста болады, – дейді. (Марахова, 1974,6).

Лингвистикалық әдебиеттерде фразеологиялық компаративтердің мәні туралы пікір бір ауызды емес. Алайда, көптеген тілші ғалымдар компаратив заттарды атаудағы сөздің лексикалық мағынасына жататын ортақ белгілердің негізінде салыстыратын тілдік – стилистикалық тәсіл, – дейді. Бұлардың қатарына – Л. И. Тимофеев, И. Н. Венгров (1963), Т. А. Смирнова (1976) т.б. жатады.

Жалпы филология теорияларын жасаумен байланысты фразеологиялық компаративтер мәселесі орыс, ағылшын, француз, поляк, литва, неміс және швед тілдерінің материалдары негізінде ары қарай дамытылған. (Огольцев, 1974; Сидякова, 1967; Назарян, 1965; Гюлумянц, 1967; Восилите, 1972; Глазырин, 1972).

Фразеология саласын көп жылдан бері зерттеп өз үлесін қосқан ғалымдардың қатарында М. М. Копыленко мен З. Д. Попованың да есімдерін атап өтуімізге болады. Олардың «Очерки по побшей фразеологии» деген еңбектерінде фразеологиялық компаративтер біршама тәуір қарастырылған (Копыленко, Попова, 1989, 102–110).

Бұл ғалымдар зерттеуші К. А. Долининнің мотивтендіруді экспрессистік және бейнелілікпен байланыстырған көзқарасын басшылыққа ала отырып, фразеологиялық сөз тіркестерін мотивті және мотивтісіз деп екіге бөледі. Аталған еңбектерінде зерттеушілер индивидуальды – бейнелі салыстырулар мен фразеологиялық компаративтердің өзара ерекшеліктерін көрсетеді.

Бұлардың пікірі бойынша, фразеологиялық компаративтер біраз мөлшерде компаративтік құрылымның шығуын беретін мотивті күшейткіш сөз тіркестерінен (прекрасен как Нарцисс) және салыстырудың көрсеткіштері көмекші сөздер немесе морфемалар арқылы берілетін мотивсіз күшейткіш сөз тіркестерінен тұрады екен. (Много их тут, как собак нарезанных). Индивидуальды тілдік салыстырулар сияқты фразеологиялық сөз тіркестері де міндетті түрде мотивті болып келетін көрінеді (Копыленко, Попов, 1983, 105–107).

Зерттеуші ғалым З. К. Ахметжанова өзінің «Принципы сопоставительного исследования казахского и русского языка» деген еңбегінде қазақ және орыс тілдері материалдарын салыстыра зерттеу негізінде компаратив категориясына функциональды – семантикалық тұрғыдан талдау жасайды (Ахметжанова, 1989). Ол екі тілде де салыстыру мағынасының шырай категориясы арқылы берілуін жан – зерттеген.

Сөйтіп, фразеологиялық компаративтерге арналған бұл еңбектерден оның логикалық, эстетикалық, лингвистикалық табиғатын сипаттау Еуропа және орыс тіл білімінде біршама дұрыс жолға қойылғанын байқауға болады.

Бұл мәселені түркі тіліне қатысты айтатын болсақ, онда көрсетілген тақырып, зерттеу нысаны болып соңғы кездері ғана қолына алына бастағанын ескертуіміз керек.

Фразеологиялық компаративтердің жасалу жолдары туралы ең жалпы түсінік түркі тілдерінің грамматикаларында айтылған. Бірақ оларда компаративтік құрылымдар синтаксистік құрылымдардың басты тұлғасы ретінде қарастырылмады. Түркі тілдерінде кейбір грамматикалық формалардың салыстыру мағынасына кей уақыт көңіл аударылғанмен,

компаративтерді шындап зерттеу ісі шамамен 60-жылдардан бері қарай ғана қолға алынды.

Компаративтер грамматикалық категория ретінде ең алғаш Н. К. Дмитриевтің «Грамматика башкирского языка» атты еңбегінде қарастырылған (Дмитриев, 1948, 83).

Бұның қатарына ең алғашқы еңбектің бірі деп А. Т. Қайдаровтың «Грамматическая характеристика некоторых сравнительно-метафорических выражений в уйгурском языке» атты көлемді мақаласын айтуымызға болады. Бұдан кейінгі уақытта түркі тілдеріндегі компаратив мәселелеріне арналған зерттеушілердің саны көбейе түсті.

Бұл саладағы зерттеушілердің ішінен С. М. Ибрагимов (1965), Н. Зуфарова (1971), М. Мукарамов (1971), Ю. И. Васильев (1981), Ф. Р. Ахметжанова (1981), Т. Қоңыровтардың (1978, 1985) еңбектерін ерекше атап өткен жөн.

Қазақ теңеулеріне келсек, әдебиет тану ғылымы жөніндегі оқулықтарда (Жұмалиев, 1969; Қабдолов, 1970, 1976), сондай-ақ, кейбір еңбектерде (Ахметов, 1970; Базарбаев, 1973, 1960; Манасбаев, 1969; Сражиев, 1966) бұл мәселе жол – жөнекей әңгіме болған.

Тұңғыш рет теңеу категориясына лингво – стилистикалық талдауды жасаған ғалым – Т. Қоңыров. Бұл жерде зерттеушінің осы салада жазған «Қазақ теңеулері» (1978), «Структурно – семантическая природа сравнения в казахском языке» (1985), «Қазақ тілінің тұрақты теңеулер сөздігі» (1990) атты еңбектерін және «Компаративные конструкции в системе современного казахского языка» атты тақырыпта жазған докторлық диссертациясын атап өтуге міндеттіміз.

Зерттеуші ғалым Т. Қоңыров компаративтік құрылымның үш элементтен тұратындығын атай келіп, теңеуге былай деп анықтама береді: «Теңеу дегеніміз – ұқсас, ортақ белгілердің негізінде бір затты екінші затқа салыстыру арқылы сипатталушы нәрсенің бейнелілік, көркемдік, эмоционалды-экспрессивтік сапасын күшейтетін, сол нәрсені жаңа қырынан – поэтикалық қырынан таңытатын, әрі стильдік тәсіл, әрі таным құралы» [7, 45 б.].

Сөйтіп, біз барлық тілшілер мен әдебиетшілердің еңбектеріне қысқаша шолу жасай отырып, компаратив туралы ғылыми көзқарасты ортаға салдық және оның қыр – сырымен таныстырдық. Енді сол ғалымдардың айтқандарына сүйене отырып, компаратив дегеніміз не? – дегенге анықтама беруге тырысып көрелік.

Компаратив дегеніміз – кез келген заттың, ұғымның, құбылыстың, сапалық белгісін, сапалық мағынасын болмыстағы басқа бір заттың, құбылыстың, ұғымның сапалық мазмұнымен салыстыру арқылы айқындайтын, төрт мүшелі құрылымнан тұратын тілдік – стилистикалық тәсіл.

Кейбір зерттеу еңбектерінде ізденушілер компаративтер лингвистиканың қай саласына жатқызатынын анық бажайламайды. Қайсыбіреулер мұны фразеологизмдердің нысаны деп деп қарастырады (Ротт, 1967; Чернышева, 1964; Михайлов, 1972; Огольцев, 1974; Қоңыров, 1985, 1990). Екінші біреулер оны синтаксистік телігісі келеді (Черемисина, 1973). Тіпті кейде троптың немесе поэтикалық фигураның бір түрі ретінде қарастырып жүргендер де бар (Тимофеев, 1971; Жұмалиев, 1969; Ахметов, 1970; Базарбаев, 1973).

Біз компаративтер – фразеологизмдердің ерекше саласы деген И. И. Чернышеваның пікірін жақтаймыз. Ол былай дейді: «Тұрақты және дәстүрлі компаративтерді фразеологизмдердің ерекше тобы деп қарастыруға не негіз болады? Біріншіден, оған өзіндік құрылымдық сипат, екіншіден, мағыналық тұтастық тән» (Чернышева, 1964, 99–103).

Бұл жерде зерттеуші Т. А. Смирнованың да пікірін келтіре кету артықтық етпейді. Ол: «Компаратив дегенде салыстырудың жасалу тәсілдерінің морфологиялық, лексикалық синтаксистік және т.б. қарым – қатынасы ұғынылады», – дейді (Смирнова, 1976, 70).

Бұл пікірлерді құптай келе, фразеологиялық компаративтер–фразеологизмдердің ерекше құрылымдық топтарының бірі болып саналады дегіміз келеді.

Фразеологизмдерге арналған көптеген лингвистикалық еңбектерге, әдебиеттік зерттеулерге зейін қойғанымызда, олардың қай –қайсында болса да көбінесе фразеологиялық компаративтер туралы, оның құрылымдық ерекшеліктері, жасалу жолдары туралы әңгімеленеді. Ал, компаративтердің тілдегі бейнелілік қызметі туралы тек белгілі бір жазушының шығармаларының тілін зерттегенде ғана сөз болады. Бұл ретте Қ. Жұмалиевтің (1948, 1964, 1966), Р. Сыздықованың (1959), Б. Манасбаевтың (1960), Б. Хасановтың (1965), М. Сражиевтің (1966), Т. Қоңыровтың (1966) т.б. зерттеу еңбектерін атаған жөн.

Рас, орыс тіл білімінде кейінгі жылдары жазушы шығармаларындағы теңеулер жөнінде пікірлер айтылып, ғылыми мақалалар мен зерттеу еңбектері жарық көре бастады. Мәселен, К. Б. Бархин «О Пушкинских сравнениях» деген мақаласында көркем шығарма тіліндегі салыстыру тәрізді көркемдегіш құралдың стилистикалық қызметін сөз етеді (Бархин, 1936).

Л. А. Ярославцеваның «Сравнение в романе М. Шолохова «Поднятая целина» атты шығармасында жазушының жалпыхалықтық қолданыстан авторлық салыстыруларға айналған құрылымдары талданған (Ярославцева, 1958).

Осы мақалаларда айтылған ойды жалғастыра келе, Б. А. Оррас «Стилическая роль сравнений в создании образа Матвея Кожемякина» деген өз мақаласында әрбір кейіпкер бейнесін жасауда, оның ішкі, сыртқы жан –

дүниесін беруде, басқа кейіпкерлермен қарым – қатынас негізінде сипаттау үшін, салыстыруды таңдап, әрқайсысының өз орнында қолданылуын ескеру керек, – деген пікірді айтады (Оррас, 1961).

М. В. Глушкова «Сравнение в системе художественной речи А.Толстого» деген мақаласында салыстырудың жазушы тіліндегі көркем – бейнелілік қызметі жайлы баяндай келіп, оны жазушы тіліндегі аса маңызды эстетикалық элемент деп біледі (Глушкова, 1965).

Т. С. Джейраншивили өзінің зерттеу еңбегінде «салыстыру – бейнелеу құралы ретінде екі негізгі қызмет, яғни көркемдік (бейнелі) және мағыналық (заттар мен құбылыстарды, ұғымдарды түсіндіру, ұғымдарды түсіндіру, нақтылау) қызмет атқарады», – деген шешімге келеді (Джейраншивили, 1970).

И. В. Андреева болса, «Сравнения в прозе Лермонтова» атты еңбегінде салыстырудың құрылымдық, мағыналық ерекшеліктерін авторлық және жалпыхалықтық түрлеріне тоқталып, Лермонтов шығармаларындағы салыстыруларды «адам» және «табиғат» деген ең негізгі екі мағыналық топқа жіктейді. Бір ескерте кететін нәрсе жоғарыда келтірілген зерттеу еңбектерімен салыстырғанда, бұл жұмыста көркем шығармадағы компаративтерге талдаудың неғұрлым толық жасалғандығы.

Ендеше, тілдегі фразеологиялық компаративтер дегеніміз – ақиқат дүниедегі заттар мен құбылыстарды салыстыру арқылы кез келген қимылдың, белгінің сапалық мағынасын беретін тілдік құрылым, – деген өзімізге дейінгі зерттеушілердің (Венгров, Қоңыров, Тимофеев, Чернышева т.б.) ақиқат қағидасын біз де зерттеуімізге негіз етіп аламыз.

Тіл-тілдегі Фразеологиялық компаративтер – фразеологияның ең бір бай да айшықты саласы екендігі белгілі. Сондықтан да болу керек тіл, тіл білімінде сөйлеу мәнерлілігін күшейту, оны көркемдеу және бейнелеу құралдарының ішінен фразеологиялық компаративтерге ерекше мән берілген.

ҚОРЫТЫНДЫ

Бейнелі компаративтері көркем шығармаларда зерттеу ісі бүгінгі күнге дейін қазақ тіл білімінде қолға алынбаған мәселе.

Сонымен, өзімізге дейінгі барлық зерттеулерді шола, қорыта келіп, фразеологиялық компаративтерді, оның ішінде жазушы шығармаларындағы компаративтерді сөз етуші жалғыз біз ғана емес екенбіз. Бізге дейін де бұл мәселе әр тілде, әр түрлі деңгейде зерттелініпті. Біздің зерттеуіміз сол зерттеулердің жалғасы. Жалғасы болғанда, оларда айтылған пікірлерді қайталап шығу емес, сол пікірлерді ары қарай дамыта отырып, мәселенің олар зерттемеген, олар зерттеуге міндетті емес жағын, яғни өзімізге нысан етіп алған М. Мағауин шығармаларындағы фразеологиялық

компаративтерді жүйелі түрде қарастырып, жазушының осы саладағы ерекшеліктерін ашып беру.

Алға қойған міндетімізді орындай алсақ, онда мақсатымыздың орындалғаны.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Кондаков, Н. И.** Логический словарь – справочник. – М., 1976.
- 2 **Потебня, А. А.** Из записок по теории словесности. Эстетика и поэтика. – Москва : Искусство, 1976.
- 3 **Шкловский, В.** Проблема лингвистической поэтики, – М., 1982.
- 4 **Ефимов, А. И.** Стилистика русского языка. – М. : Просвещение, 1969.
- 5 **Ахманова, О. С.** Словарь лингвистических терминов. – М. : Советская энциклопедия, 1966.
- 6 **Черемисина, М. И.** О семантических отношениях между сравнительными союзами. – В кн.: Синонимия в языке и речи. – Новосибирск, 1970.
- 7 **Коныров, Т. К.** Структурно-семантическая природа сравнения в казахском языке. – Алматы : Мектеп, 1985.
- 8 **Қоңыров, Т. К.** Қазақ теңеулері. – Алматы : Мектеп, 1978.

Материал 03.04.20 баспаға түсті.

Э. М. Самекбаева

Природа фразеологических компаративов

Государственный университет имени Шакарима г. Семей,
г. Семей, 070000, Республика Казахстан.
Материал поступил в редакцию 03.04.20.

E. M. Samekbaeva

Nature of phraseological comparatives

Semey State University named after Shakarim,
Semey, 070000, Republic of Kazakhstan.
Material received on 03.04.20.

В данной статье рассматриваются проблемы фразеологических компаративов, их история, проблемы и теории. Речь идет о таких ученых, как А. Г. Руднев, Н. А. Широкова, Л. А. Кисилева и других, которые внесли свой вклад в развитие фразеологических компаративов. В статье также обсуждаются основные этапы

развития фразеологических компаративов, а также обсуждаются современное состояние и ключевые вопросы фразеологических компаративов.

This article discusses the problems of phraseological comparatives, their history, problems and theories. We are talking about such scientists as A. G. Rudnev, N. A. Shirokova, L. A. Kisilev and others who have contributed to the development of phraseological comparatives. The article also discusses the main stages of phraseological comparatives development, as well as discusses the current state and key issues of phraseological comparatives.

Ф. Т. Саметова¹, Ә. С. Муктарова²

¹ф.ғ.к., қауымд. профессор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ., 050000, Қазақстан Республикасы;

²п.ғ.к., профессор, Қайнар университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы
e-mail: 180710@mail.ru

АҒЫЛШЫН ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛДЕРІНДЕГІ ФРАЗЕОЛОГИЯЛЫҚ ТЕҢЕУЛЕРДІҢ МАҒЫНАЛЫҚ ҚАЛЫПТАСУ НЕГІЗДЕРІ

Фразеологиялық теңеулердің мазмұны мен мағынасында тіл мен ұлттық мәдениет сүзгісінен өткен халықтың дүниені танудағы, қабылдауындағы ерен ерекшеліктері жатады.

Туыстас немесе туыстығы жоқ тілдердегі фразеологиялық теңеулерді лингвомәдени тұрғыдан зерттеу әр тілдің өрнек бояуын, ұлттық ерекшелігін, менталитетін, қайталанбас қасиетін танып білуге, олардың мағына қалыптасуындағы және тілдік қолданыстағы қасиеттерін ашуға мүмкіндік береді.

Кілтті сөздер: фразеологизм, фразеологиялық теңеулер.

КІРІСПЕ

Фразеологиялық теңеулер мақал-мәтелдер тәрізді жекелеген өмір құбылысына нақты баға беретін, ғасырлар бойы атадан балаға мұра ретінде беріліп отыратын, әр халықтың өмірінен қызықты деректерді өз бойына жинақтаған халық мұрасына жатады. Сондықтан туыстас немесе туыстығы жоқ тілдердегі фразеологиялық теңеулерді лингвомәдени тұрғыдан зерттеу әр тілдің өрнек бояуын, ұлттық ерекшелігін, менталитетін, қайталанбас қасиетін танып білуге, олардың мағына қалыптасуындағы және тілдік қолданыстағы қасиеттерін ашуға мүмкіндік береді. Фразеологиялық теңеулер – кемінде екі компоненттен құралған, ұқсас және ортақ белгілерінің негізінде бір затты екінші бір затпен салыстыру арқылы жасалған тұрақты сөз тіркестері. Фразеологиялық теңеулер әртүрлі құбылысты өзара салыстыра, бейнелей сөйлеу мақсатында экспрессивті-эмоционалдық қызметте қолданылатын тілдік құрал. Олар көбіне дүниені бағалауыштық коннотациялар арқылы экспрессивті бейнелеп, тілдік жанама номинациялық құрылымға енеді [1].

Ұлттың рухани айнасы іспетті теңеулердің мазмұнында этностың ойлау жүйесі мен дүниетанымының үлгілері жинақталған. Қай тілдің болмасын

оның ішкі формасы мен мазмұны, әр халыққа тән рухани қазынасын бойына сіңіріп, сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетіні тілдің құдіреті – оның кумулятивтік қызметімен байланысты екені белгілі. Соның негізінде ғасырлар бойы халықтың көкірегінде жатталып, жадында сақталған көне тұрғыдан табиғатын барлап, жасалу және қолдану жолдарының тілдік құралдарын анықтау, мағыналық даму заңдылықтарын көрсету қызықты да қиын дүние. Осы тұрғыда туыстығы жоқ қазақ және ағылшын тілдерінің фразеологиялық теңеулерінің мағына қалыптасуының негізін ашу ерекше мәнге ие.

Фразеологизмдер, атап айтқанда, фразеологиялық теңеулер қай тілде болмасын бірден жасала қоймайды, уақыт өткен сайын біртіндеп қалыптасып, еркін тіркестердің негізінде жасалады. Сондықтан да олар сол дәуірдегі нақты өмір шындығына, тілдік ұжымның ерте кездегі ұғымына, когнитивтік-санасына сай келуі де түсінікті.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Қоғамдық факторларға, тілдің ішкі заңдарына байланысты белгілі бір сөз тіркесінің негізгі, номинативті мағынасы мен туынды, коннотативті мағынасы ауысып өзгеріп отырады. Фразеологизмнің жасалу негізі болып табылатын еркін сөз тіркестері мағыналық тұрғыдан жаңа тілдік бірліктердің туындауына арқау болатын тілдік прототиптер рөлін атқарады. Халықтың өзі қоршаған ортаға ерекше мән беріп, заттар мен құбылыстарды танып білуде басты белгілерін салыстыру, ұқсату сияқты қасиеттерін жинақтап, ортақ белгілерінің негізінде жаңа ұғымға атау берген. Бір затқа не құбылысқа ат беру әр халықтың мәдениетіне, тілінің ерекшелігіне, дүниетанымына байланысты қалыптасады. Мысалы, қазақ тілінде әдемі, сұлу деген ұғым айдай әдемі, сүмбідей сұлу, жаңа туған айдай, қырмызыдай ажарлы, т.б. фразеологиялық теңеулермен беріледі. Ал ағылшын тілінде аталмыш ұғым *as fair as a lily* (сөзбе сөз: лилиядай әдемі, сұлу), *as graceful as a swan* (сөзбе сөз: аққудай әдемі, нәзік), *pretty as a picture* (сөзбе сөз: суреттей сұлу, әдемі) т.б. фразеологиялық теңеулер арқылы беріледі.

Фразеологизмдер компоненттерінің бір-бірімен тізбектелу құбылысы тіл заңдылықтарына негізделіп жүзеге асады. Оларды құраушы компоненттер өздерінің жеке мағыналарынан айрылып, жаңа мағына пайда болған жағдайда, бастапқы мағыналарына сәйкес келмейді. Фразеологизмдердің осы өзіндік қасиетіне олардың уәждемесін анықтауда мән беру керек. Бұл жерде уәждемені фразеологизмдердің ішкі формасынан бөліп алып қарастыруға болмайтынын айта кету керек. Ішкі форма фразеологизмдердің мағыналық құрылымымен тікелей байланысты және көбінесе оның мағыналық дамуына әсер етеді. Ішкі форма – ұғым негізіне жинақталған бейне немесе

фразеологизмнің этимологиялық мазмұны. Уәждеме форма мен танба арасын жымдастыратын байланыс қызметін атқарады. «Фраземалардың ішкі формасы – тілдің объективтілігінің психикалық жақтарының шындығын бейнелейтін күрделі ойлау үрдісінің нәтижесі. Фразеологизмдердің ішкі формасы – актуальдық мағына жасай салатын толыққанды (этимологиялық) мағынаға ие. Бұл мағына о бастағы еркін тіркестердің құрамына кіретін, кейіннен метафорлану процесінің негізінде сөздердің лық әрекетінің нәтижесінде пайда болады. Фразеологиялық мағына – еркін сөз тіркестерінің метафорлануының нәтижесі болып табылады» [2, 50 б.].

Фразеологизмнің ішкі формасын аталып отырған құбылыстың сипаты немесе атауға негіз болып отырған құбылыстың айрықша белгілерінің көрінісі ретінде қарастыру сонау В. Фон Гумбольдтың тілдік тұжырымдарында да кездеседі. Бүгінгі таңда бұл ұғымды зерделеуде көбіне фразеологизмнің тілден тыс жатқан негіздеріне, яғни уәждемеші белгілер (мотивирующий признак) ретінде көрініс беретін детонаттың ерекше белгілерін зерттеуге назар аударылуда. Фразеологизмдердің ішкі мәнін саралаудағы мұндай ағым тұрақты тіркес пен еркін сөз тіркесінің арасындағы немесе компоненттер мағынасы арасындағы байланысты қарастырумен ғана шектелмей, фразеологизм жасалуындағы тілдің өз ішіндегі (интралингвистік) себептермен бірге тілден тыс жатқан (экстралингвистік) негіздердің де рөлін анықтауға жол ашады, фразеологизмнің мағыналық уәждемеші теориясын қалыптастырып дамытуға негіз болады. Фразеологизмдердің фразеологиялық мағынасы олардың ішкі мағыналық құрылымында жатқан бейне арқылы уәждемені пайдалану тиімді. Мысалы, қазақ тілінде: *құмырсқадай құжынаған, сүттен ақ, судан таза, егіз қозыдай, қой ішінде серкедей, қасқыр шапқан қойдай, құмға сіңген судай, сүліктей жабысты, түймедейді түйедей қылды т.б., сол сияқты ағылшын тіліндегі: (as) slow as a snail (ұлудай баяу) – тым баяу қимыл – әрекет, dumb as a fish (балықтай тілсіз), burn like fire (отша жану), оттай жану, as brave as a lion (арыстандай айбатты), as fat as a pig (шошқадай семіз), as graceful as a swan (аққудай сұлу, нәзік), as white as milk (сүттей ақ), dance like an elephant (пілше билеу, піл сияқты билеу) т.б. сияқты тіркестердің фразеологиялық мағыналарының ішкі формалары айқын. Бұл фразеологизмдердің фразеологиялық мағыналары олардың ішкі формалары арқылы уәжделіп қалыптасқан.*

Фразеологизмдердің ішкі формаларының тасалануынан олардың мағыналарының күнгірттенуі шығады. Мысалы: қазақ тілінде: *түйе шешкендей қылу, айға шауып мерт болған арыстандай, Дәуіттің қоржынындай, жетім қыздың тойындай, жағына пышақ жанығандай, итке теңге таққандай, Күнікейдің күлкісіндей т.б., ағылшын тілінде: ants in one's pants – (сөзбе сөз шалбар киген құмырсқадай) – найза үстінде отырғандай,*

*as full as a boot – (сөзбе сөз – бәтеңкедей толық) – өлгенше мас болу деген мағынада, as merry as a marriage – bell (сөзбе сөз – үйлену тойында соққан қоңыраудай қуану, мәз болу), as pleased as a dog with two tails (сөзбе сөз – екі құйрықты иттей риза, қуанышты болу) т.б. фразеологизмдердің сырын, жасалу төркінін тілдің ішкі заңдылықтарынан гөрі экстралингвистикалық факторлардан, қала берді, этимологиядан іздеу қажет. Мысалы, *кәрі қойдың жасындай жасы қалды* фразеологизмі үй жануарларының, оның ішінде қой түлігінің тіршілік ету мерзімін бақылаудан туған халықтық метонимияға жатады. Қой малы он шақты жылдай ғана өмір сүретіндіктен, басқа малға қарағанда тез қартайды. Осы жайт ауыс мәнде жасы ұлғайған адамға қатысты айтылатын бейнелі тіркестің туындауына негіз болды, аталмыш бейнелі тіркес дәл жасын атамаса да, адамның кәрілікке жеткендігін білдіреді.*

Ағылшын тіліндегі *more kicks than half pence* (сөзбе сөз: тиыннан жұдырығы көп). Бұл фразеологиялық теңеудің шығу төркіні ежелгі Англияның көшелерінде көрсеткен ойындары үшін тиын жинайтын маймыл мен кедей шаманшының көшеде қаңғырып жүрген кезеңінде жатыр. Бұл күнкөріс көзі мардымсыз тиын-тебен әкелетін, ал маймыл болса көбіне жұдырық жейтін, яғни таяқ жейтін.

Фразеологиялық мағына фразеология ғылымының маңызды саласы. Ол фразеологизмдердің мазмұнын, мағыналық құрылымын, фразеологизмдерді қалыптастырудағы мағыналық факторлардың мағыналық ара қатынасын, фразеологизмдердің ішкі формасын т.б. мәселелерді қамтиды.

Ішкі форма атауда мәңгілік болмайды, ол әртүрлі жағдайлармен ұмытылуы немесе жойылуы мүмкін. Осыдан келіп оның этимологиямен байланысы шығады. Этимология атаудың қайдан шыққанын қарастырса, уәж, уәжділік атаудың қойылу себебін анықтайды. Ішкі форманың этимологиядан негізгі айырмашылығы – этимология сөз мағынасының синхрондық күйіне қатыссыз қарастырады, ал ішкі форма – сол тілде сөйлеуші адам үшін жасырын күйде болмайды. Уәжді сөздерде этимологиялық мағынаға жақын мән болады. Бұл уәжділіктің этимологиямен тығыз байланысты екенін көрсетеді. Ал уәжділік этимологияға сүйене отырып айқындалады, бірақ ол синхрондық тұрғыдан қарастырылады. Фразеологизмдердің ішкі формаға ие болғанымен, олардың барлығынан бірдей уәжділік қасиеті айқын байқалады деуге болмайды. Олардың уәждемелері әртүрлі дәрежеде көрінуі мүмкін екендігін біз жоғарыда келтірілген мысалдардан байқадық. Яғни, бірінің мағына байланысы айқын болса, енді біреулерінің о баста жасалуына негіз болған қасиеті оның мағынасын бірден аша алмауы мүмкін екен.

Фразеологиялық мағынаның пайда болуына дәстүрлі тіршілік пен мәдени өмірдің әсері мол. Образға негізделген көрініс тіл арқылы жарыққа шыққанда ондағы ұлттық қабылдау, ұлттық дүние таным, ойлау

ерекшеліктері бірден аңғарылады. Фразеологиялық мағынаға тірек, негіз болатын нәрсе – адамдардың күнделікті тіршіліктерінде көріп жүрген түрлі заттар, құбылыстар, көріністер ықпалы. Олар бастапқы кезде бір затқа немесе құбылысқа байланысты қалыптасса да, дами келе қолданыс аясын кеңейте түсіп, тіпті қатысы жоқ басқа заттар мен құбылыстарға да ауысып, тілдің икемділік қасиетін көрсетіп отырады. Мысалы, қазақ тіліндегі *асау тайдай ойнақтау*, *ағытқан қойдай жамырау*, *болдырған түйедей бұралаңдау*, *ботасы өлген інгендей боздау*, *бөрі көрген сиырдай мәңіреу*, *енесін көрген қозыдай емірену* сияқты фразеологизмдерде қазақ халқының өмір көрінісінің іздері жатқаны байқалады. Ежелден мал шаруашылығымен айналысқан халықтың бүкіл тіршілік көзі малмен байланысты. Сондықтан халқымыз олардың тіршілік табиғатын, қадір-қасиетін, терең сырын жақсы түсініп, қасиет тұтып дәріптеп, бүкіл тіршілік болмысын солармен байланыстырып салыстырады.

Ағылшын тіліндегі *as lithe as a panther* (сөзбе сөз пантерадай илгіш, икемді), *close as an oyster* (сөзбе сөз: устрицадай үндемейтін), *miserable as a bandicoot* (сөзбе сөз: көртышқандай аянышты), *as dead as dodo* (сөзбен сөз: әбден, өлердей қажыған). Бұл фразеологиялық теңеуде *dodo* өлген құс деген ұғымды білдіреді. *Dodo* – бір кезде Үнді мұхиттың аралдарында өмір сүрген, осы заманда жоғалып кеткен құстың бір түрі. Ағылшын тілінен келтірілген осы мысалдардан ағылшын ұлт өкілдерінің дүниетаным ерекшелігін байқаймыз.

Қазақ және ағылшын тілдеріндегі жоғарыда аталған фразеологиялық теңеулер Т. Қоңыровтың «Өзі көрмеген, өзі білмейтін затты халық образ етіп қолданбаған» [3] деген пікірінің растығын дәлелдейді.

Екі тілдегі фразеологиялық теңеулердің уәждеңуіне әр халықтың тұрмыс-жағдайының, шаруашылығының т.б. ерекшеліктеріне қарай әртүрлі жан-жануарлар атауы негіз болған.

Қазақ және ағылшын тілдері фразеологиялық теңеулерінің уәжемесін лингвомәдени тұрғыдан талдай отырып, төмендегідей ұқсастықтар мен айырмашылықтарын көрсетуге болады:

- о баста еркін тіркестер негізінде қалыптасқанмен, уақыт өте келе ықшамдалып, бейнелілік қалпын сақтай отырып, аз сөзбен терең мәнді білдіретін тілдік бірлікке айналған;

- екі тілде де фразеологиялық теңеулердің көпшілігі бір затқа, құбылысқа, оқиғаға байланысты туындаған. Олардың кейбірі уақыт өте келе мағыналық тұрғыдан дамып, жаңа үстеме мағынаға ие болса, енді бір тобы өзінің бастапқы мәнін сақтай отырып, ауыс мағынаға ие болған;

- екі тілде де фразеологиялық теңеулер затты, құбылысты, іс-әрекетті бейнелей, салыстыра, теңей суреттегенде астарлы мағынада қолданылады;

- фразеологиялық теңеулердің компоненттері көбіне тура мағынасынан алшақтап, жинақталып келіп бір ұғымды білдіреді. Сондықтан фразеологиялық мағынадан оның құрамындағы компоненттер мағыналары түрлі дәрежеде көрініс беріп отырады;

- екі тілдің де фразеологиялық теңеулерінің мағыналық даму процестері әртүрлі деңгейден, сатыдан көрініс береді. Оған ұлттық менталитеттің ерекшелігі, қоршаған ортаны түрлі көзқараспен қабылдауы дәлел бола алады.

Фразеологизмдердің мағынасын зерделеуде оның ішкі мәнін тудыратын бейнелік-аялық негізінің де мәні зор. Фразажасам, яғни фразеологизмнің жасалу мәселесіне байланысты қазіргі тіл білімінде эволюциялық және эволюциялық емес тәрізді екі көзқарас қалыптасқан. Эволюциялық бағыт бойынша, тұрақты тіркес ешқашан да «материалдық» құрамы түзіліп, қолданыла бастауының алғашқы сәтінде бірден пайда болмай, уақыт өте қалыптасады [4]. Тұрақты тіркестің қалыптасуы барысында алдымен еркін тіркес түзіліп, одан кейін тұрақтануы мүмкін окказионалды немесе потенциалды фразеологизм қалыптасады. Тілдік бірліктердің фразеологизм болып қалыптасуы үшін, бір жағынан, окказионалды фразеологизмге тән қайта жасала алу, мағынасының контекске тәуелділігі, жеке адам арқылы жасалуы, бір реттік қызметі т.б. сол сияқты қасиеттерден арылып, бойына фразеологизмдерге тән белгілерді жинақтап, сақтайтындай жағдай тууы қажет, яғни фразеологизм жасалуы үздіксіз (эволюционный) және сатылы (неэволюционный) түрде жүзеге асады, сонымен, фразеологизм жасалуының негізгі екі көзі немесе сатысы бар:

- еркін сөз тіркестері
- потенциалды фразеологизмдер.

Қазақ және ағылшын тілдеріндегі фразеологиялық теңеулерді салғастыра зерттей келе, бірінші топқа төмендегідей тілдік бірліктерді жатқызса болар: бастапқыда еркін сөз тіркесі ретінде қалыптасып, кейіннен салт-дәстүр, таным-сенім, тарихи фактілерді сипаттайтын тілдік бірліктерді ауыс мағынада қолдану негізінде қалыптасқан фразеологиялық теңеулер:

Қаз.: *бидайша қуырды*, *жетім қыздың тойындай*, *илеген терідей болбырады*, *зәмзәм суындай*, *Қадір түніндей күтті* т.б.

Ағыл.: *to fight like Kilkenny cats* (сөзбе сөз: Килкенни мысықтарындай айқасу) – «өлімге бас тігіп, қырқысу» (XVII ғ. Kilkenny мен Irishtawn қалалары арасында болған қантөгістің аяғы екі қаланың да қирап бітуіне әкелген, осы тарихи уақиға фразеологиялық тіркестің тілде қалыптасуына негіз болды.

As well be hanged for a sheep as for a lamb (сөзбе сөз: егер қи үшін асылатын болсақ қозыны неге ұрламасақ). Ежелгі ағылшын жарғысы бойынша қи ұрлағандарға дарға асу жазасы қолданылған.

Фразеологиялық теңеулердің құрамындағы компоненттердің бөлінбейтін біртұтастығы, суреттеушілік қасиеттері бар. Осының нәтижесінде теңеу компоненті және барлық сөз тіркесі жалпылауыш мағынаға, яғни фразеологиялық мағынаға ие болады. Мысалы:

қаз.: *бес биенің сабасындай – семіз, толық*

ақ бөкеннің таңындай – ақ, сұлу

иегінен тағалы ат тайып жығылғандай – тегіс, жатық,

теп-тегіс, жылтыр (бет)

күлге аунаған түйедей – лас, кір

қабасынан қар жауғандай – ашулы, ызғарлы

ағыл.: *as agile as a monkey – икемді, епті, шапшаң*

as crooked as a dog's hind/ leg (сөзбе сөз: иттің артқы аяғындай

қисық) – қиянатшыл, арам, адамгершілігі жоқ, пасық.

Фразеологиялық теңеулердің ұлттық бейнесі олардың құрылымдық, грамматикалық, стилистикалық және мағыналық ерекшеліктерінен көрінеді. Грамматикалық-құрылымдық жағынан алғанда, бұл ерекшелік белгілі бір тілдің фразеологиялық жүйесіндегі тек сол тілге ғана тән белгілі құрылымдық типтердің басымдылығынан немесе тек берілген тілге тән құрылымдық типтерінен көрінеді.

Қай тілде болмасын теңеулер үш элементтен тұрады:

1) теңеуге телінетін нысан, яғни теңеу заты (comparandum);

2) теңеу затымен салыстырылатын нысан, теңеу нысаны (comparatum);

3) теңеу негіздемесі (tritiium comparationis). Теңеу негіздемесі екі заттың не құбылыстың компаративті қатынас жасауына ықпал етіп, дәнекерлік қызмет атқарады. Ол түрлі нысандарды біріктіреді.

Қарастырылып отырған екі тілдің теңеу негіздерін салыстыратын болсақ төмендегідей жағдайларды байқаймыз. Қазақ тілінде теңеудің екі нысанын біріктіруде *дай/дей, тай/тей, ша/ше, дан/ден аффикстері мен теңеу мағынасындағы секілді, сияқты, тәрізді, іспетті* т.б. лексемалары қолданылады.

Мысалы: *ит көрген мысықтай ұршию, қаққан қазықша тапжылмау, иттің етінен жек көру, қорғасын сияқты сұрлану, торсиган жуан бүйенге ұқсау, бейне тілсіз өлім* т.б.

Ал ағылшын тілінде теңеу нысандары *as ... as* немесе *like ... as* және *as...* жалғаулықтары арқылы байланысады.

Мысалы: *as a hen with one chick (сөзбе сөз: жалғыз балапанды тауықтай) – абыржығыш, тынымсыз, беймаза; as bold as a thief – ұрыдай арсыз, бетпақ; as dumb as a fish – балықтай мылқау; eat like a horse – аттай жеу, яғни тәбеті ашылып тамақ жеу; fight like cat and dog – ит пен мысықтай төбелесу* т.б.

Фразеологиялық теңеулердің құрылымындағы осындай ерекшеліктер қазақ және ағылшын тілдерінің морфологиялық құрылымы жағынан әртүрлі типке (агглютинативті және флективті) жататынынан деп түсіндіруге болады. Бұл осы екі ұлт тілінің құрылымдық ерекшелігін көрсетеді. Дегенмен, фразеологиялық теңеулердің ұлттық белгісі көбіне олардың мағыналық ерекшеліктерінен айқын көрініс табады, себебі әр тілдің фразеологиялық теңеулері түрлі бейнелерге сүйенеді. Олардың мағыналары екі тілде жалпы ортақ болғанымен, негіздерінде жатқан бейненің әр тілде өзіндік бояуы болуымен анықталады.

Мысалы: *as white as a sheet (жамылғыштай ақ) – сүттей ақ; bright as a button (түймедей жылтырау) – алтындай жылтыр; like a bull in a china shop (қытай ыдыс дүкеніндегі пілдей) – өзгздей өңқиген; shut up like a clam or clam up – shut up like an oyster (аузына су толтырып алғандай) – аузына құм құйылғандай* т.б.

Қазақ және ағылшын халықтарының әлемнің когнитивті және концептуалды көрінісін фразеологиялық теңеулер арқылы бейнеленудегі стереотиптік ойлаудан, дүние құбылыстарын бейнелі қабылдауынан туатын ұқсастықтар мен ұлттық-мәдени ерекшеліктерді саралауда Ә. Т. Қайдардың пікіріне сүйене отырып, бейнелік-аялық негіз ғылыми атауын қолдануды жөн деп есептейміз.

Себебі, уәжділік, уәждеуші негіз, уәж деген тілдік құбылыстарды мотивология (уәждеме теориясы) көлемінде ғана қарастырады да, тек тілдік факторларға жүгінеді. Уәждеме ұғымын фразеологизмдердің ішкі формасы, яғни негізгі мағынасы айқын көрініп тұрғанда пайдалану тиімді.

Мысалы: қаз.: *құмырсақдай құжынаған, қояндай қорқақ, тайға таңба басқандай*; ағыл.: *cold as ice – мұздай суық, burst like a bubble – сабынның көбігіндей жарылып таусылу, to repeat like a parrot – тотықұсша қайталау* т.б.

Қай тілде болмасын аталған фразеологиялық теңеулерден басқа мағыналары күнгірттенген, ішкі формаларын теңеулерді құрып тұрған компоненттер мағыналарынан бірден түсінуге бомайтын фразеологиялық теңеулер де баршылық.

Мысалы: қаз.: *түйе шешкендей болу, бес биенің сабасындай, дәу перідей қозғалу, итке теңге таққандай, Меккеден тас көтеріп әкелгендей, ителгідей сүзлу/жұтыну*;

ағыл.: *drunk as a lord (сөзбе сөз: Лорд сияқты ішу) – өлердей мас болу, (as) pleased as Punch (сөзбе сөз: Панч секілді көңілді) – Панч Англиядағы XVII–XVIII ғ.ғ. өте танымал болған жылжымалы қуыршақ театрының кейіпкері;*

like the devil looking over Lincoln (сөзбе сөз: Линкольн соборына қарап тұрған әзірейілдей) – таңдана қарау;

grin like a Cheshire cat (сөзбе сөз: Чешир мысығындай күлімсіреу) – кекесінмен күлу;

go round like a horse in a mill (сөзбе сөз: диірмендегі аттай айналу) – бір нәрсені қайталаудан жалықпау т.б.

Осындай фразеологиялық теңеулердің сырын, жасалу тәркінін тілдің ішкі заңдылықтарынан гөрі экстралингвистикалық факторлардан, қала берді этимологиядан іздеу қажет. Егер біз уәжденуді синхронды ұғым деп түсінсек (қазіргі тіл біліміндегі түсінік бойынша), оны этимологиямен, яғни диахронды ұғыммен араластыруға болмайтын тәрізді. Ал көптеген фразеологизмдердің ұлттық-мәдени сырын ашу үшін, олардың пайда болу тарихына, оның дереккөздеріне, яғни этимологиясына жүгінбей анықтау мүмкін емес. Оған дәлел – жоғарыда келтірілген екі тілдегі фразеологиялық теңеулер. Дегенмен, мотивология мен этимология тіл білімінің өзара өзектес, сабақтас салалары болып есептеледі. Ол туралы ғалым-лингвист М. М. Копыленконың «Труд этимолога заканчивается там, где начинается усилия мотиволога и если этимология является надежным инструментом изучения взаимоотношений народов-носителей древних языков и истории их материальной культуры, то мотивология незаменима при исследовании их воззрений, психологии, духовной жизни, менталитета» деген пікіріне қосылмауға себеп жоқ [5, 95 б.].

Жинаған материалдарды талдай келе, туыстығы жоқ осы екі тілде ортақ бейнелерге ие фразеологиялық теңеулердің де кездесетінін байқаймыз. Мысалы:

ағыл.: қаз.:
slippery as an eel – сүліктей жылтыр
cunning/sly as a fox – түлкідей бұлаңдау
as brave as a lion – арыстандай айбатты
as black as coal – көмірдей қара
hungry as a wolf – аш қасқырдай т.б.

Бұл мысалдар әр тілдегі фразеологиялық теңеулер бейнесінің (образының) негізі мен олардың мағына сәйкестігі ортақ кейбір әлеуметтік, тұрмыстық, дүниетанымдық, екі халықтың қоршаған ортаны бірдей не ұқсас танып – білу т.б. жағдайларға байланысты болуы мүмкін.

Фразеологиялық теңеулерде тілдік бірліктің мағынасы мен бейнелік негізін ажырата білу қажет. Мағына мен бейнеге байланысты фразеологиялық теңеулердің мынадай топтарын белгілеуге болады:

- Мағына мен бейне белгісі екі тілде бірдей:
as white as milk = сүттей ақ; *like cats and dogs* = *ит пен мысықтай*.

- Мағынасы бір, бірақ бейне негізі басқа:

to be on pins and needles (ине үстінде отырғандай) = *найза үстінде отырғандай*

like a hen on a hot griddle (шоқ үстінде отырғандай) = *найза үстінде отырғандай*.

- Мағынасы да, бейне негізі де басқа:

Ағыл.: *to sell like hot cakes* (с.с.а.: ыстық самсадай (пирожок) сатылу

Қаз.: *жыл құсындай қарсы алу*.

Бұл ерекшеліктер негізінен теңеу бейнесін таңдауға қарағанда, олардың метафоралық (ауыспалы) мағынаны қалыптастыра алатын қабілеттілігіне көбірек байланысты, яғни дүниетаным ерекшеліктеріне қатысты.

Жоғарыда келтірілген *ит пен мысықтай* фразеологиялық теңеуінің пайда болуына келетін болсақ, ертеде бір адам бір қап алтынын жоғалтып алады. Оны иті тауып алып мысыққа береді, ал мысық иесіне жағыну үшін оған қайтарып береді. Содан бері мысық үйде, ит далада тұратын болған, және екеуі әрқашан келіспеушілікте, ұрыс-керісте өмір сүрген. Осы аңыз негізінде көптеген халықтар тілінде аталмыш фразеологиялық теңеу қалыптасып, тілде орныққан.

Тіл – тілдегі фразеологиялық теңеулер халық тұрмысының көпғасырлық тәжірибесін нәтижесінде қалыптасып, олардың бірқатары басқа тілде кездеспейтін, этнолингвистикалық, лингвомәдени уәжділікке ие болып келеді.

Мысалы, *ат басындай* – көлемді, үлкен мағынасындағы фразеологиялық теңеу, заттың көлемін білдіру үшін қолданылады: *ат басындай алтын*, *ат басындай тас шоқпар*. *Алат басындай жүрегім* деген тіркеуде фразеологиялық теңеу бейнелі – ассоциативті салыстыру ретінде қолданылып, тулаған, шаттық кернеген деген ұғымды білдіреді. Сол сияқты, *бие сауымдай уақыт* фразеологиялық теңеуі де халық өмірінен, тұрмыс-тіршілігінен мағлұмат берер, дүниенің тілдік бейнесінің жиынтығын құрар тіл бірліктерінің бірі. Биенің күнделікті 5–6 рет сауылатынын ескерсек, әр сауымның арасы шамамен 1–1,5 сағаттай болады екен. Осы қатарға *сүт қайнатымдай уақыт*, *қой өрісіндегі жер*, *ат шаптырымдай жер* т.б. фразеологиялық теңеулерді жатқызуға болады. Осындай тіл бірліктері ертеректегі қазақ өмірінде уақыт, қашықтық өлшем құралдары болмағандықтан, халық оны осылай бейнелей, салыстыра айтылатын тіркестер ақылы көрсететін, анықтайтын болған [6].

Ағылшын тілінде жауын шелектеп құйып тұр ұғымында *қолданылатын it (as) raining cats and dogs* тіркесінің шығу тәркініне келетін болсақ, ол этнолингвистикалық тұрғыдан былайша түсіндіріледі: XVII ғасырдан келе жатқан тұжырым бойынша, жұртшылық нөсерлетіп жауып, сел боп аққан жаңбырдан соң суға батып кеткен ит пен мысықтардың денелерін көшеде жиі тауып алатын болған. Бұл көрініс адамға ит пен мысықтардың аспаннан жаңбырмен бірге жауғандай әсер қалдырған. Кейінірек бұл тіркес қазіргі

ағылшын тілінде өте жиі кездеспегенімен, нәсерлі жаңбырды бейнелеу үшін қолданылатын болған.

been in one's bonnet (бас киімнің ішінде қалған арадай) фразеологиялық теңеудің бейнелі негізінде бас киім ішінде қалып қойған араның жан ұшыра әрлі-берлі ызыңдап ұшуын сананы билеген беймаза оймен салыстыру жатыр;

(as) good as a play – театрдағы қойылымдай қызықты фразеологиялық теңеуінің шығуына лорд Росс ұсынған ажырасу жөніндегі заң жобасының парламенттегі талқылауын тыңдап отырып король Карл II айтқан сөзі негіз болған;

like a chicken with its head cut off (басын шауып алған балапандай) тіркесі алқынып – жұлқынған күйді көрсету үшін қолданылады. Ағылшын халқының күнделікті өмірде жиі қолданылатын азығының бірі – тауық еті. Бұл бейнелі тіркестің адамға қатысты қолданылуына тауықтың басын шауып алғаннан кейін де жиырылып, қозғалып, кейде ыршып тұрып, жүгіріп кететін қимыл-әрекеті мен асығып-үсігіп жүрген адам бейнесі арасындағы сәйкестіктер негіз болған.

ҚОРЫТЫНДЫ

Сонымен, кез-келген фразеологиялық теңеудің мазмұны мен мағынасында тіл мен ұлттық мәдениет сүзгісінен өткен халықтың дүниені танудағы, қабылдауындағы ерен ерекшеліктері жатады. Жалпы фразеологизмдердің, оның ішінде фразеологиялық теңеулердің ұлттық ерекшелігін анықтау – ұлттық мәдени, рухани құндылықтарынан хабардар болуды талап етеді және фразеологизмдердің табиғаты, заңдылықтары, ерекшеліктері тілдік тарихи-этнографиялық психолінгвистикалық т.б. деректермен ұштастыра қарастырғанда ғана толыққанды айқындала алады. Осы тұрғыдан алғанда жалпы және салыстырмалы-салғастырмалы фразеологияда әлі де болса толық зерттеліп шешуін таппаған талай-талай мәселелер тұр.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Қайдаров, А. Т., Жайсақова, Р. Е.** Принципы классификации фразеологизмов и их классификационные группы в современном казахском языке // Известия АН КазССР, серия филологическая. 1979. – № 3. – С. 1–11.

2 **Дуйсекова, К. К.** Фразеологическая картина мира французского и казахского языков : автореф. ... докт. филол. наук. – Алматы, 2006. – 44 с.

3 **Хасанов, Б., Турсунов, Д. и др.** Сопоставительная грамматика русского и казахского языков. – Алма-Ата, 1967.

4 **Грузберг, Л. А.** Концепт как культурно-ментально-языковое образование // Материалы Межд. науч. конф. «Изменяющийся языковой мир». – Пермь, 2001.

5 **Исабеков, С. Е.** Принцип дополнительности в номинативной системе языка. – Алматы : Ғылым, 1992. – 203 с.

6 **Саметова, Ф. Т.** Репрезентация времени в языковом сознании этноса (опыт исследования). – Deutschland: LAP LAMBERT Academic Publishing – 2012. –132 p.

Материал 03.04.20 баспаға түсті.

Ф. Т. Саметова¹, А. С. Муктарова²

Основы понятийного формирования фразеологических сравнений в английском и казахском языках

¹Казахский национальный женский педагогический университет, г. Алматы, 050000, Республика Казахстан;

²Университет Кайнар,

г. Алматы, 050000, Республика Казахстан.

Материал поступил в редакцию 03.04.20.

F. T. Sametova¹, A. S. Muktarova²

Bases of conceptual formation of phraseological comparisons in English and Kazakh languages

¹Kazakh National Women's Teacher Training University, Almaty, 050000, Republic of Kazakhstan;

²Kainar University,

Almaty, 050000, Republic of Kazakhstan.

Material received on 03.04.20.

Особую роль в передаче мировосприятия народа играет фразеологический состав языка. Историческое развитие народа, его трудовая деятельность, общественные отношения людей, быт, нравы, традиции, своеобразные условия жизни накладывают отпечаток на национальную специфику образных средств языка. Поэтому фразеологизмы рассматриваются как хранители культурной информации.

Лингвокультурное исследование фразеологических сравнений в языках, не имеющих родства или сходства, позволяет познать орнаментальную окраску, национальную специфику, менталитет, неповторимые свойства каждого языка, раскрыть их смысловые и языковые свойства.

The phraseological composition of the language plays a special role in the transfer of people's perception of the world. The historical development of the people, their labor activity, social relations of people, life, customs, traditions, peculiar living conditions leave an imprint on the national specificity of figurative means of language. Therefore, phraseological units are considered as guardians of cultural information.

Linguistic and cultural study of phraseological comparisons in languages that do not have kinship or similarity allows to know the ornamental coloring, national specifics, mentality, unique properties of each language, to reveal their semantic and linguistic properties.

FTAMP 17.82.30

А. Сәркенқызы¹, Ж. Т. Қадыров²

¹профессор, капитан, «Тілдік дайындық» кафедрасы, Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланы Әскери институты, Петропавл қ., 150000, Қазақстан Республикасы;

²ф.ғ.к., профессор, Тіл және әдебиет институты, М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Петропавл қ., 150000, Қазақстан Республикасы

e-mail: ²zhkadyrov_777@mail.ru

С. МҰҚАНОВТЫҢ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ФРАЗЕОЛОГИЯЛЫҚ КОМПАРАТИВТЕР

Мақалада С. Мұқанов шығармаларындағы фразеологиялық компаративтер қарастырылған. Фразеологиялық компаратив көркем туындыларда заттың, қимылдың, белгінің сапалық мағынасын бере алатындығы талданған. Сонымен қатар, қаламгердің өзіндік стилі танылған.

Кілтті сөздер: фразеологизм, фразеологиялық компаративтер, салыстыру, көркем тіл, стиль, жазушы стилі, экспрессивті-эмоционалдық реңк, мағына.

КІРІСПЕ

Қаламгерлердің тілдік шеберлігі, стилі өмір шындығын бейнелеудегі өзіндік қолданысымен айқындалатыны белгілі. Ғалым М. Серғалиұлы осы орайда былай дейді: «Қазақ тілінің бүгінгі дәрежедегідей икемді, бейнелі болуында аса көрнекті көркем сөз шеберлерінің елеулі рөл атқаратындығын ешкім де жоққа шығара алмайды. Тіл байлығының өзі-ақ көркем шығармалар стилінің бірден-бір айырмашылығын танытады» [1, 174 б.].

Жалпы жазушылар халықтың бай тілін шетінен алып пайдалана бермейді. Солардың ішінен ең керектілерін талғап, сұрыптап алады. Өзінің ой-сезімін оқырмандарына жеңіл, өткір, жеткізе алатын жинақы сөздерді таңдайды. Әр сөздің сөйлемде талғаулы, таңдаулы орны болады. Қай сөз қандай жерде қолданылу керектігін олар дәл сезінеді. Ойды бейнелі әрі образды жеткізу үшін ақын-жазушылар өзіндік көркемдік қызметі бар құбылтулар мен амал-тәсілдерді шебер де ұтымды пайдалануға ұмтылады. Көркем әдебиеттегі көркемдеу, бейнелеу тәсілдерінің ішінде оқырманға ерекше әсер ететіндерінің бірі теңеу екенін дәлелдеп жазылған тіл білімі мен әдебиеттануда басқа еңбектер бар.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Көркем шығармаларда сөзге өң, жаңа бедер беретін тілдік құралдар (анафора, эпитет, метафора, метонимия, перифраза, гипербола, литота, градация т.б.) жиі қолданылады. Олар шығармаға эстетикалық рең беретін стильдік құралдар. Әдеби тіліміздің дамуында әрбір көркемдегіш құралдардың (троптың) маңызы зор. Олар шығарма тілінің көркемдігін, әсерлілігін арттыра түседі, ойды жеріне жеткізе түсуге себеп болады. Осы жайында академик М. Серғалиұлы «Бейнелеу-мәнерлеу құралдарының жиі қолданылуы көркем әдебиет тілінің тағы бір ерекшелігі деп есептеледі. Тілінің осындай бейнелі болып келуінің арқасында, сөздің көп мағыналық қасиеттерін әр қырынан шеберлікпен жұмсаудың нәтижесінде жазушы қаламынан туған шығарма көркем деп аталады» – деген болатын [1, 176 б.]. Зерттеушілердің пікірінше, осы құралдардың ең көнесі, троптар мен фигуралардың барлығының бастауы, қайнар көзі – теңеу. Теңеуді жазушылар шығармаларында өзіндік көркемдік қызметі мен ойды бейнелі әрі образды жеткізуде аса маңызды амал-тәсілдердің бірі ретінде санағандықтан жиі қолданады. Жазушылардың дүниетанымындағы ұлттық ерекшелік, көркем ойлаулары теңеулердің қолданысынан көрінеді.

Зерттеушілер теңеудің бірінші мүшесін (сипаттаушы элемент) – «теңеудің предметі», екінші мүшесін (сипаттаушы элементі) – теңеудің образы, үшінші мүшесін (ортақ белгі) – «теңеудің негізі», төртінші мүшесін (теңеулік мағына тудыратын форма) – «теңеудің көрсеткіші» деп атайды.

Ал фразеология саласында теңеуге ұқсас фразеологиялық салыстырулар деген бар. Бұл фразеологизмнің ең өзгеше тобы, фразеологизмдердің аз зерттелген құрылымдарының бірі – *фразеологиялық компаратив* деуге болады. Фразеологиялық компаратив дегеніміз фразеологиялық салыстырулар. Яғни, кез келген заттың, құбылыстың сапалық белгісін, сапалық мағынасын болмыстағы ұқсас, ортақ белгілердің негізінде басқа бір заттың, құбылыстың сапалық белгісімен, сапалық мағынасымен салыстыру арқылы танылатын тілдік категорияны фразеологиялық компаратив дейміз» – деп анықтама береді Э. Сәмекбаева [2, 19 б.].

Басқа да зерттеулерді саралай келе, Э. Сәмекбаева компаратив кез келген заттың, ұғымның, құбылыстың сапалық белгісін, сапалық мағынасын болмыстағы басқа заттың, құбылыстың, ұғымның сапалық мазмұнымен салыстыру арқылы айқындайтын, төрт мүшелі құрылымнан тұратын тілдік-стилистикалық тәсіл екендігін айтады.

Ол элементтер:

- 1 Салыстыратын зат, негізгі нысан;
- 2 Салыстырылатын зат немесе салыстырылатын бейне;
- 3 Салыстыруға негіз болған белгі немесе салыстыру нәтижесі;
- 4 Салыстыру көрсеткіші, яғни, салыстырудың формалық жағы [2, 9 б.].

Кей жағдайда компаративтің бір немесе екі элементі түсіп қалатынын, бірақ оларды ойша жобалауға болатынын сөз етеді. Көркем шығармаларда да фразеологиялық компаратив орын алған. Олар әртүрлі мақсатта қолданылады және әртүрлі жолмен жасалады.

І Қазіргі қазақ тілінде сөз тудырушы жұрнақтар сан алуан. Солардың ішінде компаративтік мағына беретін жұрнақтар тобы -дай, -дей, -тай, -тей. Мағынасы салыстыру, ұқсату мағынасы екендігі белгілі. Мысалы, Тыфу десе түкірік жерге түспейтін аяз мынау, *маңдайға найзадай қадалып, бетті темірдей қарып барады*; ішін тарта, қарды құйындай үйіріп ұлып тұрған долы дауыл анау, алдыңнан арқан бойы жер көрінбейді! [3, 28 б.]. Мұндағы салыстырылатын зат, негізгі нысан аяз сөзі. Бұл сөз *найзадай* сөзімен салыстырылған. Салыстыруға негіз болған белгі – үшкірлігі, қаттылығы. Ал салыстыру көрсеткіші – дай жұрнағы.

Оның *үнемі түюлі жүретін қалың қабағы зілдің бұлтындай* бір ашылмайды [3, 45 б.]. Мұндағы салыстырылатын зат, негізгі нысан *қабақ* сөзі. Бұл сөздер *зілдің бұлтындай* сөзімен салыстырылған. Салыстыруға негіз болған белгі – қара бұлт, нөсер алды. Ал салыстыру көрсеткіші -дай жұрнағы.

Толған айдай толықсып *гүлдей жайнап*, күннен күнге *сұлулық өрледі асын* [4, 11]. Мұндағы салыстырылатын зат, негізгі нысан *сұлулық* сөзі. Бұл сөз *толған айдай*, *гүлдей* сөзімен салыстырылған. Салыстыруға негіз болған белгі – әдемілік пен сұлулық. Ал салыстыру көрсеткіші -дай, -дей жұрнағы.

Бұл көште Сұлушаш-ақ қайғы басқан, *Солған шөптей кілбиген*, өңі қашқан [4, 61 б.].

Итбайды манадан таңдандырған бір нәрсе: Кошкиннің пристав алдында *мысы түсіп, аузын буган өгіздей* «ләм» деп үндемегені, болмашы айтқан сөзіне де «ваше благородие» дей беруі [3, 100 б.]. Мұндағы салыстырылатын зат, негізгі нысан – үндемегені сөзі. Бұл сөз *аузын буган өгіздей* тіркесімен салыстырылған. Салыстыруға негіз болған белгі – асып-сасу. Ал салыстыру көрсеткіші -дей жұрнағы.

«Жұрт қан жылағанда біз қуанғанмен не болады?» деп ренжіген бірэнсаран ел қамын қайғыратындар болмаса, көпшіліктің *ширатылған жібі босады, шідер үзгендей асаусыған мінезін* баяулатты [3, 263 б.]. Мұндағы салыстырылатын зат, негізгі нысан – *мінез* сөзі. Бұл сөз *шідер үзгендей* тіркесімен салыстырылған. Салыстыруға негіз болған белгі – асаулық. Ал салыстыру көрсеткіші -дей жұрнағы.

Аздан кейін *ашуы сабасына құйылғандай* болған ол: Маған енді не істе дейсіз? – деді парикмахерға [4, 240 б.]. Мұндағы салыстырылатын зат, негізгі нысан – *ашу* сөзі. Бұл сөз *сабасына құйылғандай* тіркесімен салыстырылған. Салыстыруға негіз болған белгі – жиылу, есін жию. Ал салыстыру көрсеткіші -дай жұрнағы.

Қасқыр талаған қойдай қызыл жон болған ауыл адамдары басқа паналар жер жоқтай, полицейский сабап айдап шыққан қораларына ығысып, қайта-қайта тығыла берді [4, 82 б.]. Мұндағы салыстырылатын зат, негізгі нысан – ауыл *адамдары* сөзі. Бұл сөз *қасқыр талаған қойдай* тіркесімен салыстырылған. Салыстыруға негіз болған белгі – сасу, қорқу. Ал салыстыру көрсеткіші *-дай* жұрнағы.

Жарылғалы тұрған жарадай жұрттың қайғысының аузын Нұрмағамбеттің жылауы тырнап ашқандай болды [4, 87 б.]. Мұндағы салыстырылатын зат, негізгі нысан – *жұрттың қайғысының аузы* тіркесі. Бұл сөз *жарылғалы тұрған жарадай* тіркесімен салыстырылған. Салыстыруға негіз болған белгі – *қайғыру*. Ал салыстыру көрсеткіші *-дай* жұрнағы.

Баласынан мұндай ой күтпеген Қалампыр *төбесінен темір тоқпақпен ұрғандай*, мелшиді де қалды [4, 238 б.]. Мұндағы салыстырылатын зат, негізгі нысан – Қалампыр жайы. Бұл сөз *төбесінен темір тоқпақпен ұрғандай* тіркесімен салыстырылған. Салыстыруға негіз болған белгі – мең-зең болу. Ал салыстыру көрсеткіші *-дай* жұрнағы.

Оттай лаулаған көңілін губернатордың түспей кетуі *су сепкендей* басқан Итбай, губернатор жүріп кеткен соң, жан адамға тіл қатпай өз отауына келді де, губернаторға арнап салдырған никель кереуеттің үстіндегі жібек көрпе жапқан мамық төсекке, киімін шешпестен қисайып жата кетті [3, 119 б.]. Мұндағы салыстырылатын зат, негізгі нысан – көңіл сөзі. Бұл сөз *оттай лаулаған* тіркесімен салыстырылған. Салыстыруға негіз болған белгі – оттың алаулап жануы. Ал салыстыру көрсеткіші *-тай* жұрнағы. Бұл сөйлемде *су сепкендей* деген теңеу бар. Мұндағы салыстырылатын зат, негізгі нысан – көңіл сөзі. Бұл сөз *су сепкендей* тіркесімен салыстырылған. Салыстыруға негіз болған белгі – өшу, сөну. Ал салыстыру көрсеткіші *-дей* жұрнағы.

Төбесі көкке жеткендей болған Итбай, мас болармын демей стақан толы арақты қағып салды [3, 126 б.]. Мұндағы салыстырылатын зат, негізгі нысан – көңіл күй. Бұл ұғым *төбесі көкке жеткендей* тіркесімен салыстырылған. Салыстыруға негіз болған белгі – қатты қуану. Ал салыстыру көрсеткіші *-дей* жұрнағы.

Екі иінін жұлып жегендей боп аштан өлгелі отырған төре бізді *майлы жілік көріп алды, шетінен кеміріп сора беретін!* [5, 212 б.]. Мұндағы салыстырылатын зат, негізгі нысан – төре. Бұл ұғым *екі иінін жұлып жегендей* тіркесімен салыстырылған. Салыстыруға негіз болған белгі – аштан өлу қаупі. Ал салыстыру көрсеткіші *-дей* жұрнағы.

Жолшыбай көңілсіз келе жатқан Асқар, Омбыға жететін күні *түлкіге түсетін бүркіттей* бойы елегізіп, бұйыққан орнынан көтеріліңкіреп отырып, тымағын сыпырып қолына алды [3, 163 б.]. Мұндағы салыстырылатын зат, негізгі нысан – *Асқар* сөзі. Бұл ұғым *түлкіге түсетін бүркіттей* тіркесімен

салыстырылған. Салыстыруға негіз болған белгі – бұлғақтау, күшке ие болу. Ал салыстыру көрсеткіші *-тей* жұрнағы.

Сондықтан, дүниеде болып жатқан саяси халге бұл елдің саңыраулығы *құлаққа ұрған танадай екен* [5, 208 б.]. Мұндағы салыстырылатын зат, негізгі нысан – *елдің саңыраулығы* сөзі. Бұл ұғым *құлаққа ұрған танадай* тіркесімен салыстырылған. Салыстыруға негіз болған белгі – елдің немқұрайлылығы. Ал салыстыру көрсеткіші *-дай* жұрнағы.

Қасқыр талаған қойдай үрей [3, 257 б.]. Мұндағы салыстырылатын зат, негізгі нысан – *үрей* сөзі. Бұл ұғым *қасқыр талаған қойдай* тіркесімен салыстырылған. Салыстыруға негіз болған белгі – берекесіздік. Ал салыстыру көрсеткіші *-дай* жұрнағы.

Жоғарыдағы мысалдарда салыстырылатын зат, негізгі нысан сөздері мен компаративтік мағына беруде салыстыру көрсеткіштері *-дай*, *-дей*, *-тай*, *-тей* жұрнақтары топтары қарастырылды. Бұл жұрнақтар фразеологизмдерге жалғанып, сын есім қызметін атқарып тұр.

2 С. Мұқанов шығармаларындағы компаративтер лексика-синтаксистік тәсіл арқылы да, яғни, әртүрлі шылау сөздер арқылы да беріледі. *Секілді, сияқты, тәрізді* шылау сөздерінің ең негізгі мағынасы компаративтік мағынаны беру болып табылады. Олар қазақ тілінде компаративтерді берудің ең негізгі тәсілі ретінде қарастырылған. Бұл тіл білімінде «салыстырылу, бөліну мағыналарын беретін демеуліктер» деп берілген. Барлық синтаксистік тәсілдердің ішінен бұл тәсіл өнімді тәсіл саналады. Мысалы, Неге екенін өзі де білмейді, Ғалия жоқ жерде оған өмір де жоқ сияқтанады, онсыз күні қараңғылық сияқтанады, оның көңіліне қаяу салу айы мен күнінің бетіне кір жағу сияқты [4, 170 б.].

Мұндағы салыстырылатын зат, негізгі нысан – *күн* сөзі. Бұл сөз *қараңғылық сияқтанады* тіркесімен салыстырылған. Салыстыруға негіз болған белгі – қараңғылық. Ал салыстыру көрсеткіші *сияқтанады* сөзі. Екінші компонентте салыстырылатын зат, негізгі нысан – *көңіліне қаяу салу* сөзі. Бұл сөз *айы мен күнінің бетіне кір жағу сияқты* тіркесімен салыстырылған. Салыстыруға негіз болған белгі – *жүзеге аспайтын іс*. Ал салыстыру көрсеткіші *сияқты* сөзі.

Көріп отырғанымыздай, мысалдарда салыстыру көрсеткіштері «*тәрізді*», «*сияқты*», «*секілді*», «*ұқсас*» көмекші сөздері арқылы жасалу тәсілі қолданылған.

3 С. Мұқанов шығармаларында компаративтер *-дай*, *-дей*, *-тай*, *-тей* және *сияқты* сөзі арқылы жасалады. Автор құрмалас сөйлем ішінде екі компонентте қолданған. Мысалы: Көпейлеу туған жирен қасқа тайдың денесі кішірек болғанмен, екі құлағы тас төбесіне найзадай шаншылған, құйрық-жалы үкінің ұлпа қанатындай желпілдеген, бұлтиған семіз, төрт аяғы қаққан қазық сияқты тіп-тік, сұлу тай екен [4, 87 б.].

Мұндағы салыстырылатын зат, негізгі нысан – *құйрық-жалы* сөзі. Бұл сөз үкінің ұлта қанатындай тіркесімен салыстырылған. Салыстыруға негіз болған белгі – жұмсақтық. Ал салыстыру көрсеткіші *-дай жұрнағы*. Екінші компонентте салыстырылатын зат, негізгі нысан – *төрт аяғы* сөзі. Бұл сөз қаққан қазық сияқты тіркесімен салыстырылған. Салыстыруға негіз болған белгі – тіп-тік болуы. Ал салыстыру көрсеткіші *сияқты сөзі*.

Келесі мысалда *бейне* шылауы мен *-тай* жұрнағы қатар қолданылған: Қимылдаса бұлшығы, Зырлайды *бейне ұршықтай* [6, 180 б.]. Мұндағы салыстырылатын зат, негізгі нысан – *бұлшығы* сөзі. Бұл сөз *бейне ұршықтай* тіркесімен салыстырылған. Салыстыруға негіз болған белгі – ұршықтай айналу. Ал салыстыру көрсеткіші *бейне сөзі мен – тай* жұрнағы.

Сонымен компаративтік мағына беретін жұрнақтар тобы *-дай, -дей, -тай, -тей* және *сияқты, бейне* сөздерінің көмегімен жасалған С. Мұқанов шығармаларында қолданылған теңеу қызметін атқаратын фразеологиялық компаративтер шығармаға ерекше әсер берді. Ойды бейнелі де көркем, әсерлі де тартымды етіп жеткізуге өз ықпалын тигізеді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Фразеологиялық компаратив көркем туындыларда заттың, қимылдың белгінің сапалық мағынасын бере алады. Салыстыру ұғымын беретін бұл құрал арқылы қаламгерлер өзіндік стилін танытып қана қоймай, суретті сөздер арқылы сөздердің бейнелілігін, эмоционалды-экспрессивті реңкін құбылтып, түрлендіріп аша түскен.

Фразеологизмдер заттар мен құбылыстың атын дәл беруде, сөзді түрлендіруде, автор сөзінде де, тілдік стильдік сипаттама беру мақсатында кейіпкердің сөзінде де өзінің «табиғи» мағына реңкі бойынша жұмсала береді. Мұндай қолданыста фразеологизмдер өзіне тән стильдік-экспрессиялық фразеологиялық сөз орамдарының лексикалық құрамын, семантикалық структурасын қайта жаңғырту арқылы өңдеумен өткізіп, әсер-ықпалын күшейте түсетініне көз жеткіздік. Ал фразеологиялық компаративтер оқырманға әсер етіп, айтылар ойды дәлдеп жеткізуге ықпал етеді.

Жазушы Сәбит Мұқанов фразеологиялық компаративтерді салыстыру мақсатында қолданған. Жалпыхалықтық қолданыстағы компаративтер шығарма шырайын арттырған.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Серғалиев, М.** Көркем әдебиет тілі – Астана : 2006. – 369 б.
- 2 **Сәмекбаева, Э. М.** Мағауин шығармаларындағы фразеологиялық компаративтер. – Алматы : 2000. – 109 б.

- 3 **Мұқанов, С.** «Ботагөз». – Алматы : 1967, – 516 б.
- 4 **Мұқанов, С.** Сұлушаш. – Алматы : 2002. – 288 б.
- 5 **Мұқанов, С.** Өмір мектебі. – Алматы : 2002. – 464 б.
- 6 **Мұқанов, С.** Өлеңдер. – Алматы : 1972. – 406 б.

Материал 03.04.20 баспаға түсті.

А. Саркенқызы¹, Ж. Т. Кадыров²

Фразеологические компаративы в произведениях С. Муканова

¹Военный институт Национальной гвардии Республики Казахстан,
г. Петропавловск, 150000, Республика Казахстан;

²Институт языка и литературы,
Северо-Казахстанский государственный университет
имени М. Козыбаева,
г. Петропавловск, 150000, Республика Казахстан.

Материал поступил в редакцию 03.04.20.

А. Sarkenkyzy¹, Z. T. Kadyrov²

Phraseological comparatives in the works of S. Mukanov

¹Military Institute of the National Guard of the Republic of Kazakhstan,
Petropavlovsk, 150000, Republic of Kazakhstan;

²Institute of Language and Literature,
North-Kazakhstan State University named after M. Kozybayev,
Petropavlovsk, 150000, Republic of Kazakhstan.

Material received on 03.04.20.

В данной статье рассматриваются фразеологические компаративы в произведениях С. Муканова. Проанализирована возможность фразеологических компаративов определить значение предметов, действий, обозначений в художественных произведениях. Так же показан самобытный стиль писателя.

The phraseological comparatives in the works of S. Mukanov are considered in the article. The possibility of phraseological comparatives to determine the meaning of objects, actions, designations in the works of fiction is analyzed. The original style of the writer is also demonstrated.

Б. Сағындықұлы¹, Ж. Т. Толегенова²

¹ф.ғ.д., профессор, Гуманитарлық факультеті, Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті, Павлодар қ., 140000, Қазақстан Республикасы; ²магистрант, Жоғары оқу орнынан кейінгі білім факультеті, Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті, Павлодар қ., 140000, Қазақстан Республикасы

e-mail: ¹kasabek65@mail.ru; ²bota.tolegenova.93@mail.ru

ҚАЗАҚСТАНДА САЛҒАСТЫРМАЛЫ ТІЛ БІЛІМІНІҢ НЕГІЗІН ҚАЛЫПТАСТЫРУШЫЛАР

Мақалада қазақ салғастырмалы ғылымының негізін қалаған ғалымдардың зерттеулеріне шолу және ғылыми жинақтау жасалды. Тіліі ғалымдардың салыстырмалы-типологиялық әдіспен жүргізілген еңбектерін, осы саладағы жетістіктерін жүйелеу және дәйектеу мақсатында салғастырмалы лингвистика аясында жұмыс істеген ғалымдардың теориялық жарияланымдарына талдаулар жасалды.

Кілтті сөздер: салғастырмалы лингвистика, тарихи-салыстыру әдісі, қазақ тілі, түркі тілі, салғастырудың теориялық-лингвистикалық аспектілері, әмбебаптық және бірегейлік, ұқсастықтар мен айырмашылықтар.

КІРІСПЕ

Салғастырмалы зерттеумен айналысатын тіл білімінің арнайы бөлімі бар. Салғастырмалы тіл білімінің мақсаты – салыстырмалы талдау жолымен екі тілдің жалпы және ерекше белгілерін анықтау, олардағы әмбебаптық пен бірегейлікті ажырату, ұқсастық аясында ерекшеленетін белгілерді табу [1, 3 б.]. Салыстырмалы талдау барысында тілдік фактілердің ұқсастықтары мен айырмашылықтары анықталады, олар тілдік жүйенің барлық деңгейлерінде – фонетикалық, лексика-семантикалық (және фразеологиялық), морфемдік-сөзжасам және грамматикалық – морфологиялық және синтаксистік деңгейлерде анықталады.

Осы зерттеулер салыстырылатын тілдердің әрқайсысының ішкі механизміне тереңірек үңілуге және бір жағынан олардың ұлттық ерекшелігін жақсы түсінуге, екінші (туыс емес) тілді меңгеру процесінде билингвистің шет тіліндегі интерференттік құбылыстар мен олардың пайда болу себептерін анықтауға көмектеседі.

Тілдердің салғастырмалы зерттеудің мәні мен мазмұнын, мақсаты мен міндеттерін анықтамас бұрын салғастырмалылық терминінің мәнін анықтау керек, оны салыстырмалы, нақтырақ айтсақ, салыстырмалы-тарихи терминмен араластырмау керек. Бұл терминдер объект сипатымен және зерттеу әдістерімен ерекшеленеді. Мысалы, салыстырмалы (немесе салыстырмалы-тарихи) зерттеу бір тілдік топтағы (туыстық) тілдердің белгілерін қарастырады, көбінесе тілдердің туыстығын анықтау үшін, олардағы ұқсас белгілерді анықтау үшін және туыстық тілдерді өз бетінше дамыту процесінде болған өзгерістерді анықтау үшін тарихи аспектіде – диахронияда қолданылады.

Салғастырмалы зерттеу барысында тілдердің белгілері синхрония тұрғысынан – олардың қызмет етуінің қазіргі кезеңінде салғастырыла зерттеледі. Салғастырмалы зерттеулер үшін көбінесе дифференциалды белгілері бойынша бір-бірінен алшақ әртүрлі құрылымды тілдер таңдалады, мысалы: орыс және ағылшын, қазақ және орыс, орыс және қытай және т.б. [2, 19 б.]

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Салыстырмалы-тарихи тіл білімі салғастырмалылықтың ғылыми негізін жасаған алғашқы тіл білімі бағыты болып табылады. Ол XIX ғасырдың басында Германияда пайда болды және Ф. Бопп, Я. Гримм, Р. Раск және А. Х. Востоков есімдерімен тығыз байланысты. Ф. Бопп салыстырмалы әдіспен санскрит, грек және гот тілдеріндегі түбір егістіктердің жіктелуін зерттеді, ол әдіснамалық тұрғыдан маңызды болды, себебі грамматикалық формаларды салыстыра зерттеу туыс тілдер арақатынасын айқындаудағы бірден-бір әдіс болды.

Лингвистикалық типология да тілдерді салғастыруға байланысты лингвистикалық бағыт болып табылады, ол XIX ғасырдың бірінші жартысында салыстырмалы-тарихи тіл білімі аясында пайда болған және А. Шлегель, А. Шлейхер, В. Гумбольдт есімдерімен байланысты [3].

Сонымен, салғастырмалы тіл білімі – тегі әртүрлі тілдерде біртектес тілдік микрожүйелерді (өрістерді) зерттеуге арналған лингвистикалық бағыт.

Қазақ салғастырмалы тіл білімінің бағытын айқындау үшін қазақ салғастырмалы лингвистикасын зерттеп, алғаш оның түп негізін қалыптастыруға зор еңбек сіңірген ғалымдардың еңбектерін зерделеудің маңызы зор. Өйткені бұл еңбектерде ұлттық болмысымен ерекшеленетін нақты тілдік деректерді туыс емес халықтар және жалпыадамзаттың өркениетімен тамырласатын қазақ мәдениетінің өміршең сипаттары салғастырмалы аспектісінде қарастырылған. Қазақ тіл ғылымын салыстырмалы-типологиялық әдіспен зерттеп, негізін жасаған ғалымдар

Б. Сағындықұлы, К. Аханов, М. Томанов, А. Аманжолов, Ә. Құрышжанов, Ғ. Айдаровтар болды.

Профессор Берікбай Сағындықұлының «ХІҮ ғасырдағы түркі жазба ескерткіштерінің салыстырмалы лексикасы» деген тақырыптағы ғылыми зерттеуінде «Махаббатнама», «Хұсрау мен Шырын», «Гүлстан» ескерткіштерінің лексикалық бірліктерін өзара салыстыра зерттеу негізінде ғылыми маңызы жоғары, ірі мәселені шешіп, салғастырмалылық теориясы мен тарихы туралы ғылыми қағидалардың қорын жаңа ойлармен, жаңа тұжырымдармен байытты.

Б. Сағындықұлы «Алтын Орда жазба ескерткіштерінің (ХІҮ ғ.) салыстырмалы лексикасы» атты еңбегінде орта ғасыр ескерткіштеріндегі араб-парсы элементтерін талқылай келе, олардың сандық пайызын шығарған. Сол деректен тек «Хұсрау-Шырын» поэмасына қатысты мәлімет алар болсақ: Түркі сөздері – 1840, ол 63,8 %-ды құрайтынын; араб сөздері – 790, ол 22,3 %-ды құрайтынын; парсы сөздері – 424 сөз, ол 13,9 %-ды құрайтынын мәлімдейді [4, 88 б.].

Б. Сағындықұлы өзінің ғылыми еңбектерінде салыстырмалы-тарихи әдісті қолданады. «Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері» [5] деп аталатын монографиясында ғалым қазақ тілі лексикасының ішкі даму заңдылықтарын, түбірлердің ғасырлар бойы өзгеру, қалыптану, бір қалыптан екінші қалыпқа көшу эволюциясын түркі тілдеріндегі жазба ескерткіштер негізінде зерттейді. Зерттеуде автор силлабофонемалар, ежелгі түбіртектер, олардың тұқылдары туралы өзінің теориясын жасады. Сол теория көмегімен байырғы фонемалар, морфемаларды әуелгі қалпына келтіріп, олардың даму сатыларын, кезеңдерін анықтады. Тілдегі аффрикаттардың тарихқа белгісіз ескі дәуірден қазіргі қалпына дейінгі даму үдерісінде бастан өткерген төрт кезеңін, ол кезеңдердің әрқайсысының өзіндік ерекшеліктерін анықтады, сөз құрамындағы өзгеру механизмдерін айқындайтын басты заңдылықтарды ашты. Түрколог ғалым сөз құрамындағы фонетикалық өзгерістер жайын тарихи-салыстырмалы жүйеде қарастырғанда, дыбыстар (дауысты, дауыссыз) деңгейінің өзінде тамыры терең құбылыстардың сыны мен сырына бойлайды, й-дж-ж-т-д... дауыссыз дыбыстар сәйкестігінің түптегін, архетипін анықтаған. Түбіртектердің түркі халықтары тілдерінің даму тарихында тұлғалық, мағыналық жағынан жіктелуі мен бөлшектену жүйесі, өзге түбіртектермен бірігу және кірігу жолдары сияқты күрделі ғылыми мәселені зерттеген.

Тілдерді салыстыру әдістерінің әр түрінің өзіндік мақсаттары мен міндеттері бар. Олар салыстырмалы материалдың көлемі бойынша да ерекшеленеді. Салыстырмалы талдаудың алынған нәтижелері әртүрлі салаларда және әртүрлі мақсаттарда пайдаланылатын болады. Мәселен, екі тілге ғылыми-теориялық (таза лингвистикалық) аспектіде салыстырмалы

зерттеу жүргізгенде талдауға тілдік материал шектеусіз – толық дәрежеде салыстырылып отырған тілдердің типологиялық ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау мақсатында түседі. Мұндай талдау кезінде тілдік бірліктер жүйесінің барлық деңгейлерінде анықталатын әмбебап (екеуіне де немесе тіпті көптеген тілдерге де ортақ) және бірегей (әрбір жеке тіл үшін ерекше) құбылыстар мен фактілер анық көрсетіледі. Сондай-ақ, байланыстағы тілдердің өзара әрекеттестігі мен өзара әрекеттестігінің нәтижесі болып табылатын жалпы элементтер бөлінеді. Мұндай талдаудың материалдары салыстырмалы тіл білімін жаңа ғылыми деректермен байытады және тіл білімі бойынша (атап айтқанда, сипаттамалы фонетикада, сипаттамалы грамматикада және т.б.), лексикографиялық жұмыста (сөздіктерді құрастыру кезінде) және аударма ісінде қолданылатын болады.

Осы тұрғыдан келгенде Б. Сағындықұлының ғылыми талдауларының салғастырмалы-типологиялық әдіспен жүргізілгендігіне де көз жеткіземіз. Өйткені зерттеуші түркология, қазақ тіл білімі саласында іргелі зерттеу жұмыстарын жүргізумен қатар орта ғасырдағы жазба әдеби ескерткіштердің транскрипциясын, аудармасын, түсіндірмелі, алфавитті, кері алфавитті жиілік сөздіктерін жасап, олардың ғылыми айналымға түсуіне атсалысқан. Орта ғасырдың жазбаша ескерткіштерін түпнұсқадан оқу, дәлме-дәл аудару, әр сөздің мағынасын ашып, сөздік құрастыру – ғалымның кәсіби күзиреттілігінің саралығын тағы бір қырынан танытты. Ғалымның Ахмед Йүгінекидің «Ғибат-ул хақайик» (Ақиқат сыйы) дастанының транскрипциясын, аудармасын жасауы, зерттелу тарихын зерделеуі, ғылыми сипаттамасын жазуы, лексико-грамматикалық ерекшеліктерін анықтауы, түрікше-орысша-қазақша, арабша-орысша-қазақша, парсыша-орысша-қазақша сөздіктерін беруі – ғалымның салғастырмалы типологиялық әдіспен жұмыс жасағанының дәлелі.

М. Томанов – отандық лингвистиканың түркология саласы бойынша тілдің тарихына қатысты іргелі мәселелерді жаңа көзқарас тұрғысынан талдап, өзінің концептуалдық тұжырымдарын енгізген ғалым. Ол көне түркі жазбалар тілінің қазақ тілімен ұқсастығын, сабақтастығын негіздей келе, тіл дамуындағы басты ерекшеліктерді, негізгі заңдылықтарды анықтады.

М. Томановтың «Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы» [6] еңбегінде түркітану ғылымының Орта Азия аймағына баса назар аударылған. Онда түркі тілдерінің фонетикалық, морфологиялық құрылысы айрықша сөз етіліп, грамматикалық мәннің жасалу тәсілдері мен морфемалар туралы мағлұмат беріледі. Есім сөз тұлғасының өзгеруіне, сөз таптарына жеке-жеке тоқталады. Етістік тарауында тарихи-салыстырмалы тіл білімінің соңғы жаңалықтары пайдаланылған.

Ғалымның «Қазақ тілінің тарихи грамматикасы» кітабында қазақ тілінің грамматикалық құрамының дамуы қазіргі тіл, YII–XYI ғасырлар

ескерткіштері мен туыс түркі тілдерінің және қазақ фольклор негізіндегі зерттеу материалдары арқылы айқындалады [7].

М. Томановтың түркітанудағы жылысу, кірігу, фузия, т.б. құрылымдық өзгерістер мен модификацияға қатысты қазақ тілінің нақты тілдік деректерін талдаулары, қазақ тілінің тарихи-фонетикалық жүйесінің қалыптасуы туралы пікірлерінің құндылығын атап өту орынды [7, 78 б.].

Қазақ салғастырмалы ғылымының негізін салушылардың бірі – Ә. Құрышжановтың да еңбегі ұшан-теңіз. Ғалымның «К истории изучения разговорной речи кыпчаков XIII-XI вв» (1970), «Арабско-персидские элементы в куманском языке» (1968), «Исследование по лексике старокыпчакского письменного памятника XII в.» (1970), «Тюркско-арабский словарь» (1970) еңбектері бар. Осы еңбектерінде мәмлүк қыпшақтарының тілдік материалдары бойынша араб тілінде жазылған мұраларды зерттеген. Сонымен қатар «Элементы туркменского языка в «Тюркско-Арабском словаре»» еңбегі салғастырмалы типологиялық зерттеулерге жатады [8, 9, 10].

Ә. Құрышжановтың «Кодекс Куманикус» («Кумандардың кітабы») еңбегін жан-жақты зерттеп, диссертация қорғағаны белгілі. Половец қыпшақтарының тілінде жазылған ескерткіштер. «Игорь полкі туралы сөз» эпостық дастанынан куман тілін оқып үйрену үшін әдейі түзілген сөздіктер мен тарихи еңбектерден көне қыпшақ тілінің сан қилы сөздерін ұшыратуға болады [11].

Ғ. Айдаровтың «Білге қаған ескерткішінің тілі» (1966); «YIII ғасырдағы көне түркі жазулы орхон ескерткіштерінің тілі» (1971); «Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі» (1986); «Көне ұйғыр жазба ескерткіштерінің тілі» (1991) деп аталатын еңбектері бар. Аталмыш еңбектерінде ғалым көне түркі ескерткіштерінің мәтіндерін қазіргі графика бойынша транскрипциялап, олардың тілін тілдік тұрғыдан жан-жақты талдаған, ескерткіштер тілінің қазіргі қазақ тіліне жақындығын зерттеп, дәлелдеген. Сондай-ақ «Орхон ескерткіштерінің тексі» (1991 ж.), «Көне түркі жазуларынан материалдар» (1966 ж.). Язык памятника Кюль-тегина VIII в.» (1993), «Күлтегін ескерткіші (1995 ж.), «Тонькөк ескерткішінің тілі, VIII ғ. (2000). «Язык орхонского памятника Бильге-Кагана» (1966); «Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі» (Павлодар, 2010), «Язык орхонских памятников древнетюркской письменности VII века» (1971), «Армян жазулы қыпшақ ескерткіштерінің тілі» (1992) атты еңбектерінде көне түркі жазуларының грамматикалық құрылысын, тілдік ерекшеліктерін фонетикалық, лексикалық, морфологиялық, синтаксистік тұрғыдан терең талдаулар жасаған [12, 13].

Ғ. Айдаров қазақ және өзбек тілдерінің ауызекі сөйленістеріндегі тұрмыстық лексиканы этимологиялық, тарихи қалыптасу, пайда болу ерекшеліктері жағынан зерттеп, көптеген материалдар жинақтады. Аталған

ғалымдардың материалдары әлі де лингвистикалық мәнін жоғалтқан жоқ, сондықтан тарихшылар, этнографтар, лингвистер үшін аса құнды болып табылады [14, 97 б.].

ҚОРЫТЫНДЫ

Жоғарыдағы ғылыми еңбектерде қазіргі қазақ тіліндегі грамматикалық формаларды көне түркі тіліндегі деректермен салыстыру жасау керектігі ұсынылған. Бұл және тілшілер үшін міндетті талаптардың бірі болып табылады, сонымен қатар салғастырмалы тіл біліміндегі негізгі бастамалар болып саналады. Себебі оларда қазақ тілінің тарихи дамуы мен қалыптасуын, сонымен сабақтас мәдениетін анықтау барысында көнетүркі, ортатүркі, қыпшақ, т.б. жазбаларының деректері зерттелген. Түркі тілдерін зерттеу тәжірибесінде әбден сыналған салыстырмалы-тарихи әдіс этимологиялық ізденістердің басты талабына жауап беріп, түрколог-компаративистің қолында тарихи шындықты диахрондық материал арқылы танытуда, тілдік фактілерді байырғы күйінде жаңғыртушы әдіс ретінде ешқандай шектеусіз пайланыла алады. Өзінің әмбебаптық сипатына сәйкес салыстырмалы-тарихи әдістің бойынан басқа да түрлі әдістер мен зерттеу тәсілдері табылады. Осыған орай көнетүркі жазбалар мен мәдени мұраларымыздағы ежелгі заманнан күні бүгінге дейін ұласқан рухани даму барысының үзілмес желісінің бүгінгі күнмен сабақтасуын уақыт пен кеңістік контекстінде жүргізілетін зерттеулер нәтижесінде анықталған тілдік көрінісі этномәдениеттің метатілін көрсетеді. Сонымен қатар танымдық көзқарастардың негіздері және ұлттық сана мен болмыстың күретаулары іспетті тарихи тілдік деректер осы ғалымдардың еңбектерінен бастау алғаны айқындалып отыр. Қазіргі таңда ежелгі түркі дүниесін танытатын көне түркі ескерткіштерінің мазмұны мен мәтіндеріндегі көркем ойлау жүйесі бүгінде іштей қайта түлеп, жаңғырып жатқан түркі халықтарының бірі қазақ елінің рухани-әлеуметтік және тілдік қазынасының тарихнамасы іспетті антропоэкетік аспектіде танылуда.

Салғастыру терминологиясының теориялық негіздемесі мен салғастырмалы зерттеулер әдістемесі тіл білімінде соңғы уақыттарда ғана жасалды, ал салғастырмалық зерттеулер жасаудың ғылыми негіздемесінің жасалуы XX ғасырдың екінші жартысына жатады. Қазіргі уақытта лингвистер мен әдіскерлердің тілдерді салғастырмалы оқыту мәселелеріне деген қызығушылығы артып келе жатқаны байқалады, ол төмендегі негізгі себептерге байланысты: қазіргі тіл біліміндегі лингвомәдени және когнитивті зерттеулердің қажеттілігі; ұлттық ойлау ерекшелігі, халықтар менталитеті зерттелген еңбектердің қажеттілігі; тілдің әмбебаптық белгілерін анықтау қажеттілігімен; әр түрлі тілдер тасымалдаушылары арқылы әлемнің ұлттық суретін анықтау және сипаттау қажеттілігі; аударма сәйкестігінің

Уровни семиотизации в повести иерархизированы, во-первых, по линиям портретирования Петербурга. Собирательный портрет Невского проспекта дифференцирован по линии социального обобщения и эстетически распознаваемого начала – таков собирательный портрет художников, с их робостью и внешними знаками отличия. Отдельно следует упомянуть синекдоху как принцип семиотизации и создания пародийного текста. Так, описания: «неуклюжий грязный сапог отставного солдата», «миниатюрный, легкий как дым, башмачок молоденькой дамы», «гремящая сабля исполненного надежд прапорщика» – создают градацию и амплификацию. Описания бакенбард являют знаки принадлежности «только одной иностранной коллегии». Дифференциация синекдохы, градация в описании услов становится источником создания пародии наизнанку. Синекдоха дополняется образом: «тысячи сортов шляпок, платьев, платков». Переплетение синекдохы с метонимией создает метафоричность стиля и становится способом пародийного повествования: «целое море мотыльков», «черные жуки мужского пола», «такие талии, какие даже вам не снились никогда», «дамские рукава», «русские бородки». Семиотизация функций создает мотивную структуру повести. Здесь также важен элемент обобщения: «Невский проспект есть всеобщая коммуникация Петербурга» (с. 9); «Никакой адрес-календарь и справочное место не доставят такого верного известия, как Невский проспект» (с. 10); «меркантильный интерес, объемлющий весь Петербург» (с. 9).

Нарративные техники в повести основаны на травестировании – источнике пародийного хронотопа. В хронотопе, точкой отсчета которого является конкретное время, предстают ипостаси семантического ядра Петербурга, фиксирующие его семиотические лики и связанные с ними функции. Так, до 12 часов это семиотическая пустота (от гоголевского «пуст»). Индекс пустоты служит своего рода экспозицией к истории Петербурга как средоточия судеб, искушения и испытания. В 12 часов педагогический Невский проспект становится отражением космополитизма русского дворянства. Индекс космополитизма становится своего рода ритуализованной границей между Петербургом иллюзорным, миражным и настоящим. Характер амплификации приобретает сарказм повествователя в портрете «нежных родителей» со «своими пестрыми, разноцветными, слабонервными подругами». Перечисление занятий, пародирующее их важность, дифференциация, когда автор являет чиновников по особым поручениям, и тех, «которые служат в иностранной коллегии», осложняет

характер пародии наизнанку. Причинно-следственная связь благородства и службы в иностранной коллегии воспроизводит иерархичность лестницы государственных департаментов царской России.

В составе нарративных техник устойчивой является авторефлексия. Такова переключка «Невского проспекта» с повестью «Портрет» в описании комнаты художника Пискарева с комнатой Чарткова.

В поэтике *не-события* следует упомянуть сон. Это особая форма аукториальной ситуации. Гипнология, или онерейтическая поэтика позволила исследователям выделить пять сновидений в повести [7]. Федунинной были систематизированы элементы инвариантной структуры формы сна, среди которых внимание привлекает субъектная структура. О роли сна в поэтике сюжета как метафоре творчества Гоголя писал А. Ремизов: «Все творчество Гоголя от Красной свитки до Мертвых душ можно представить, как ряд сновидений с пробуждениями во сне же по образу трехступенного сна Чарткова (Портрет) или повторенного за Гоголем тоже трехступенного сна Свидригайлова (Преступление и наказание)» [8, с. 37].

Не-событие в повести «Нос» обусловлено раздвоением героя. Обычно в качестве источников повести «Нос» исследователи называют Стерна и Гофмана, немецких романтиков. Можно выделить ряд тенденций, позволяющих обособить новый подход к изучению нарративной природы текста. Это носологическая традиция, согласно которой нос считается «знаком чести, носимым на лице», «олицетворенной честью» [9, с. 169]; изучение гротеска, выявившее коллизию «беспорядка природы» в результате исчезновения (смерти) нечисти [10, с. 331]; двойничество. Ю. Манн рассматривал мотивы двойничества как частный случай романтической поэтики тайны и обосновал тезис о «снятии носителя фантастики» [11, с. 82]. Для С. Г. Бочарова двойничество Гоголя связано с религиозно-философской проблематикой творчества писателя [12]. Мотивы *раздвоения* и *зеркала*, «видения и глядения», евангельской притчи не привязаны ученым к романтической традиции.

Развитие мысли Бочарова о влиянии духовной традиции русского Средневековья продолжает работа итальянского ученого: «Повесть в парадоксальной форме напоминает о необходимости обращения к Богу» [9, с. 175]. Бельтраме анализирует повесть в аспекте евангельской притчи о фарисее и мытаре и выдвигает версию о возможности духовного перерождения Ковалева. Герой перестал смеяться над нищим, однако возможность праведного пути не была использована Ковалевым. Выявленные ученым аспекты праведничества позволяют отнести житийный пласт повести к *не-событию* и прояснить доминирование авторской позиции в системе повествования. Семиотика духовной пустоты, когда отсутствие

носа символизируют этическую ущербность Ковалева, установленная ученым контаминация реминисценций святого странника и «вечного жида» (Агасфера), парадокс богоискания позволяют охарактеризовать их как философско-эстетическую сущность *не-события*.

Обращая внимание на то, что гоголеведы не объяснили единства сюжета повести, А. Белянцева и Н. Тамарченко указали на особенность структуры произведения, которая обеспечивает истолкование смысла художественного целого. Это отказ Гоголя от ауториальной точки зрения. Такой подход стал обоснованием двойничества, заключающегося в «смене точек зрения персонажей при полном отказе от «надкруго-зорной» трактовки события» [13, с. 347]. Отсюда близость «Носа» к сугубо романтической трактовке двойничества. С другой стороны, Гоголем сохранена «классическая» ситуация замены» одного персонажа другим (двойником). Это совмещение разных традиций приводит к «преобразованию художественной реальности, в результате которого содержание сознаний получило статус «объективности» (*курсив* – Б.А., Т.Н) [13, с. 348]. Мысль исследователей стала импульсом для обоснования мысли о *не-событии* как объекте повествования, обусловившем своеобразие ауториальной ситуации.

Не-событие как способ повествования выделяет приемы авторской рефлексии и гоголевского самоцитирования. Такова переключка «Носа» с «Шинелью»: описание табакерок и литографированной картинки в первом произведении и женского манекена во второй.

Осложнение амплификации происходит по линии двойного псевдоизвинения автора перед читателем: «...я несколько виноват...» (с. 51) и: «...между тем необходимо сказать что-нибудь о Ковалеве» (с. 53). Амплификация является одной из форм отказа от ауториального повествования и объясняет значимость признания: «Поэтому-то самому и мы будем вперед этого коллежского асессора называть майором» (с. 53). Амплификация осложняется и псевдоуточнением героя, представляющим трансляцию точки зрения героя автором. Например: «Какой-нибудь торговке, которая продает на Воскресенском мосту очищенные апельсины, можно сидеть без носа» (с. 56). Жест героя, переданный авторской ремаркой: «При этом майор Ковалев пожал плечами» (с. 56), воспроизведение его точки зрения: «сообразно с правилами долга и чести» (с. 56) – требуют авторской маркировки как мнимого единодушия, усиливающего комическую модальность повествования.

Оценка странного происшествия Ковалевым как мошенничества, или плутовства возрождает архетипическую основу сюжета с аллюзией на мнимое праведничество коллежского асессора. Отсюда уравнивание и зеркальная симметрия Ковалева с его носом, вполне заменившим хозяина.

Философско-эстетическая концепция *не-события* определяется и поэтикой *чуждого слова*. При этом *чуждое слово* имеет вербальную и невербальную формы. Например, это демонстрация лакеем «общезительности» в поведении как знак владения светским этикетом, содержание записок старух, купеческих сидельцев и дворников, намеки квартального для получения взятки. Формой *чуждого слова* становятся и домыслы Ковалева, его фантазии. Сюжет воображаемой интриги – это своего рода сюжет в сюжете, слухи, распространившиеся по всей столице «не без особенных прибавлений».

Связь амплификации и такой разновидности авторефлексии, как расщепление на Я-повествователя: «Я здесь не в том смысле говорю» – и прояснение позиции в деталях – субъективизация сюжета, являющая альтернативу привычному фабульному построению, которые объясняют отказ Гоголя от ауториальной позиции.

Изучение повествования в «Портрете» связано с сюжетом искушения [14]. Рассматривая рассказ об упадке таланта в контрасте с историей о победе над дьявольским искушением, ученый отмечает в качестве нарративных скреп рассказ сына иконописца о происхождении портрета. Топос демонической власти золота в корреляции с дантовским архетипом, неизбежным для настоящего художника, являет в проблематике мимесиса этико-эстетическую роль иконы, которая становится критерием подлинного таланта.

В «Портрете» можно усмотреть и развитие разработанной в «Миргороде» апостасии. Метафизическая проблематика, «эмфатическое осуждение китча» вызывает у исследователя Х. Гюнтера ассоциацию с писателем Германа Брохом, для которого «китч является системой имитации, подобной отношению Антихриста к Христу» [14, с. 180]. Анализ гоголевского героя в аспекте апостасии, неспособного устоять перед дьявольским искушением, выявляет философско-эстетическую сущность *не-события*. Три перетекающие друг в друга сновидения дополняют поэтику *не-события* в его метафизическом проявлении.

Интересен опыт изучения повествования «Записок сумасшедшего». Характеризуя пассаж: «За что они мучат меня? Что хотят они от меня, бедного?» как мелодраматический, исследователь трактует его в аспекте элементов бредовой структуры [15, с. 66]. Анализ мечты героя о возврате в материнское лоно стал основанием для оценки бессознательного желания. Применяя термин «персервация», Корсемова указывает на признак шизоречи, проявляет внимание к внутренним паратекстам – датировкам записей, что позволило ученому обозначить фикциональность текста, его игровую, вторичную природу, создающей для читателя возможность и право одновременно «верить» и «не верить» ему.

С позиции предпринятого в настоящей работе опыта изучения *не-события* в «Записках сумасшедшего» отчетливо проступает роль слухов (в отличие от домыслов в повести «Нос») как особым образом организованного объекта повествования. В этом отношении сфокусированность слухов на личности Поприщина симптоматична как способ мышления и – соответственно – повествование безумного. Утверждения героя: «А на квартире собственная кухарка бьет его по щекам» (с. 193)**, «Говорят, в Англии выплыла рыба, которая сказала два слова на таком странном языке, что ученые уже три года стараются определить и еще до сих пор ничего не открыли» (с. 195) – создают иронический дискурс повествования, при котором пародируемая автором псевдодостоверность структурирует двойной план повествования. Авторефлексия героя переводит *не-событие* в ранг изображаемого события, обладающего эффектом кривого зеркала. Для откровений героя характерно проявление определенной логики, здравого смысла, воспроизводящего социально-общественные представления о ценностях: «Я не понимаю выгод служить в департаменте. Никаких совершенно ресурсов» (с. 193) и: «Да, признаюсь, если бы не благородство службы, я бы давно оставил департамент» (с. 194).

Откровения Поприщина сопровождаются парадоксальными для окружающих событиями, которые «корректируют» возможность читателя верить герою. Так, признание героя, проливающее свет на природу его болезни: «... я начинаю иногда слышать и видеть такие вещи, которых никто еще не видывал и не слыхивал» (с. 195) – проводит границу между его безумием и вместе с тем ставит парадоксальным образом вопрос о нравственно-этическом здоровье общества. Не лишены тонкости замечания и наблюдения героя. И лишь при соседстве реплик обнаруживается пародийный характер замечания. Социальную и психологическую зоркость героя обнаруживает насмешка над мнимой ученостью, чувствительность к фальши. Вместе с тем авторефлексия героя выявляет скрытую за ней точку зрения писателя. Так называемые взгляды и вслушивания героя оказываются совпадением двух линий повествования. Здесь можно привести феномен противочувствования Л. Выготского [16]. С одной стороны, здравое замечание, высмеивающее нравы общества, с другой, по причине безумия героя, право на озвучивание самых экзотических версий. Не лишены точности и меткости другие оценки героя: «Достатков нет – вот беда», право человека на достойное место: «Мне бы хотелось знать, отчего я титулярный советник? Почему именно титулярный советник?» (с. 206). В риторическом и сакраментальном вопросе таится сарказм автора.

**Повесть цитируется по изданию: Гоголь Н. В. Записки сумасшедшего // Гоголь Н. В. Полное собрание сочинений: [В 14 т.] / АН СССР; Ин-т рус. лит. (Пушкин. Дом). – [М.; Л.]: Изд-во АН СССР, 1937-1952. Т. 3. Повести / Ред. В. Л. Комарович. – 1938. – С. 191-214. Цитируемые страницы указаны в круглых скобках.

Характер двойного пародирования обеспечивается амплификацией героя и автора. И здесь Гоголь являет интересную модель ауториального повествования: слияние и расхождение автора и повествователя. Таковы приемы создания пародии наизнанку.

Упомянутый выше пассаж, названный мелодраматическим, звучит, скорее, трагически. Архетипическая основа: образы дома: «вон и русские избы виднеют. Дом ли то мой синеет вдаль?», матери: «Мать ли моя сидит перед окном?» и мудрой старухи (герой взывает к матери за истиной (упоминается только мать), экзистенциальной вины героя: «Чего хотят они от меня бедного? Что могу дать я им?») – создают конфликт неразрешимого противоречия. Однако вторжение реплики: «А знаете ли, что у французского короля шишка под самым носом?» – вносит очередной корректив в риторическую стратегию героя, снижая доверие читателя герою.

Изучение шинели как фантома, двойника, несущего беды владельцам, позволило ученым обнаружить «много подробностей-скреп» [17, с. 203]. Помимо сопоставления с Ансельмом Гофмана (Иваницкий), интересно сравнение с «Бедным музыкантом» Ф. Грильпацера и рассказами о Святом Франциске Ассизском [18].

Повесть «Шинель» более прочих произведений цикла поддается классификации *не-события* как объекта повествования. Так, активная роль автора-повествователя, сохраняющего анонимность при упоминании департамента и амплификация, парность повествования и комментирования создают двойное пародирование, или пародию наизнанку. Пародийное описание рождения и наречения героя становится своего рода *не-событием*. Ономастическая игра создает карнавальное настроение, компромиссным образом соединяя судьбу и случайность, ожидание и внезапность. Насмешки сослуживцев и безропотность Башмачкина являются основой контраста «маленького человека» как жертвы собственного самоуничтожения. Переписывание как самоидентификация героя – ядро *не-события*. Подробное описание времяпрепровождения Башмачкина – проявление *не-события* как программа жизни и философия героя. История пошива шинели, приравненная к появлению подруги, «светлого друга», «шинельного капитала» – альтернатива подлинным событиям, фиксирующая ограниченность героя. Подробное описание Петровича и его жены – обобщение *не-события* как социального закона, уравнивающего «маленьких людей» Петербурга. Авторефлексия, включающая посвящение читателя в историю накоплений Башмачкина, и история значительного лица сообщают *не-событию* характер амплификации, объясняющей единственный в жизни героя жест решительности. Метафизический план повествования: предчувствие героя, ограбление призраком – позволяет разграничить *не-событие* внешнего плана

(историю о превращении Башмачкина в фантомного мстителя) и внутреннего, когда ключевым становится вопрос: судьба или случайность обусловила финал истории. В пользу случайности говорит игнорирование предчувствия героя и история последовавших ограблений. В пользу судьбы свидетельствует факт: грабежи прекратились после того, как призрак сорвал шинель со значительного лица. Возможность трактовки истории как случайности создается авторефлексией героя, сквернословием в бреду пугающего квартирную хозяйку, когда герой сменил амплу внешне смиренного и робкого титулярного советника на грешника. Однако герой не способен к подлинному смирению.

Пародирование связано с осмыслением эсхатологических мотивов и темой милосердия. Перспективным представляется изучение повести в аспекте менипеи и карнавализации. Например, применение теории Бахтина к рассказам А. Чехова позволило выявить функцию подтекста, розыгрыша и провокации как испытания трагического комическим [19]. Пародийный контекст объективного плана, воспроизводящий поведенческую метаморфозу, сменяется в авторефлексии Гоголя новым амплуа героя – призрака, осуществляющего возмездие. Такая пародия наизнанку соединяет две линии повествования, создающего целостность «маленького человека» в обусловленности его социальной и личной драмы. Субъективизация повествования делает ядром сюжета сознание «маленького человека» с его ограниченностью, духовной нищетой, неспособного к мудрости смирения с судьбой, но капитулирующего перед привычными для него окриками.

ВЫВОДЫ

Изучение знаковой природы не-события и его философско-эстетическая концепция проявляются в символике изобразительности Гоголя. Мотивы искушения: женщиной («Невский проспект»), чином («Нос»), золотом («Портрет»), любовью («Записки сумасшедшего»), «шинельным капиталом» («Шинель») создают панораму *не-события* как предмета изображения. В качестве *не-события* выступают метафизические (сон/сновидение), объективированные субъективные образы (слухи, домыслы, фантазии) как рефлексия героя, что выполняет роль нарративных скреп в произведении и является частью аукториального повествования. В качестве знакового проявления *не-события* следует выделить архетипы плута, дома, матери, мудрой старухи, сироты и концепты чина и праведничества.

Функция *не-события* как пародии позволила установить приемы двойного пародирования, или пародии наизнанку. Это травестирование и карнавализация.

Не-событие как способ повествования явило амплификацию и авторефлексию как авторские стратегии, фиксирующие как отказ от аукториального повествования, так и трансляцию герою авторской точки

зрения, монтаж исповеди героя в повествование. Это еще один способ создания пародии наизнанку. *Не-событие* в качестве чужого слова выступает и предметом изображения, и способом повествования.

Установление связи *не-события* и субъективизации повествования позволило охарактеризовать травестирование литературных масок и смену амплуа героев как основу единства сюжета, базирующегося на концепте «маленького человека» – жертвы социального зла и жертвы собственного малодушия.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ

1 **Жолковский, А.** Семиотика «Тамани» // Сборник статей к 70-летию Ю. М. Лотмана. – Тарту : Тартуская типография, 1992. – С. 248–255.

2 **Строганов, М.** Событие не-события в драматургии Гоголя. // Вечний Гоголь. Сборник с доклади от Юбилейната международна научна конференция, проведена в Шумен на 6–7 октомври, 2009 г. – София : Фабер, 2010. – С. 5–12.

3 **Уразаева, К., Азкенова, Ж.** Чтение литературных героев как элемент не-события в цикле «Повести Белкина» А. С. Пушкина // Cross Cultural Studies: Education and Science (CCS&ES). ISSN: 2470–1262. 2018 – № 2. – С. 70–79.

4 **Бицилли, П. М.** Избранные труды по филологии. – М. : Издательство: Наследие; 1996. – 710 с.

5 **Barthes, R.** Introduction a l'analyse structurale des recits // Communications 8. Paris, 1966. Г.К. Косиков (перевод с французского), 1987. // Зарубежная эстетика и теория литературы XIX–XX вв.: Трактаты, статьи, эссе. – М. : МГУ, 1987. – С. 387–422.

6 **Stanzel, F.** Narrative Situations in the Novel. Bloomington; London, 1971. 186 p.

7 **Федунина, О. В.** Поэтика сна (русский роман первой трети XX в. в контексте традиции). – М. : Интрада, 2013. – 196 с.

8 **Ремизов, А.** Сны и предсонье. // Сны и предсонье / А. Ремизов. – СПб. : Азбука, 2000. – С. 13–270.

9 **Бельтраме, Ф.** К вопросу о парадоксальности богоискания в повести Гоголя «Нос» // Гоголь как явление мировой литературы. – М. : ИМЛИ РАН, 2003. – С. 168–177.

10 **Иваницкий, А.** Гоголь и Гофман – истоки и преодоление гротеска // Гоголь как явление мировой литературы. – М. : ИМЛИ РАН, 2003. – С. 327–335.

11 **Манн, Ю.** Поэтика Гоголя. Изд. 2-е, доп. – М. : Художественная литература, 1988. – 413 с.

12 **Бочаров, С. Г.** Загадка «Носа» и тайна лица // Бочаров С. Г. О художественных мирах. – М. : Советская Россия, 1985. – С. 124–160.

13 **Белянцева, А., Тмарченко, Н.** Проблема двойничества у Гоголя, Гофмана и Достоевского // Гоголь как явление мировой литературы. – М. : ИМЛИ РАН, 2003. – С. 345–350.

14 **Гюнтер, Х.** Между Мамоной и мистикой. Проблематика художника в «Портрете» Гоголя // Гоголь как явление мировой литературы. – М. : ИМЛИ РАН, 2003. – С. 178–183.

15 **Корсемова, Р.** Гоголь. Дискурс сумасшествия // Вечный Гоголь. Сборник с докладами от Юбилейната международна научна конференция, проведена в Шумен на 6–7 октомври, 2009. – София : Фабер, 2010. – С. 64–68.

16 **Выготский, Л. С.** Психология искусства. – М. : Советская Россия, 1985. – 296 с.

17 **Печерская, Т.** Еще раз о фантастическом в «Шинели» Гоголя // Гоголь как явление мировой литературы. – М. : ИМЛИ РАН, 2003. – С. 202–207.

18 **Бакши, Н.** Герой-«чужак» у Грильпацера и Гоголя // Гоголь как явление мировой литературы. – М. : ИМЛИ РАН, 2003. – С. 316–320.

19 **Уразаева, К.** Рассказ А. Чехова как мениппея: смеховая культура, карнавальная образность и двойная событийность // Вестник Московского университета. Серия 19. Лингвистика и межкультурная коммуникация. – 2019. – № 3. – С. 176–185.

Материал поступил в редакцию 03.04.20.

К. Б. Уразаева¹, И. В. Моклецова², Ж. К. Азкенова³

Н. Гогольдің «Петербург повестері» туындысындағы оқиғаға жатпайтын және баяндау тәсілдері

^{1,3}Филология факультеті,

Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Нұр-Сұлтан қ., 010000, Қазақстан Республикасы;

²Шет тілдер және аймақтану факультеті,

М. В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті,
Мәскеу қ., 119991, Ресей Федерациясы.

Материал 03.04.20 баспаға түсті.

K. B. Urazayeva¹, I. V. Mokletsova², Zh. K. Azkenova³

Non-event and narration «Petersburg novels» by N. Gogol

^{1,3}Faculty of Philology,

L. N. Gumilyov Eurasian National University,
Nur-Sultan, 010000, Republic of Kazakhstan;

²Faculty of Foreign languages and Area Studies,
Lomonosov Moscow State University (MSU),
Moscow, 119991, Russian Federation.
Material received on 03.04.20.

Мақала гоголевтік әдісті зерттеуге арналған. Түсініктің дамуы туындысындағы оқиғаға жатпайтын, оның гоголь сюжетінің бірлігі үшін рөлі қарау мәнін айқындады. Бұл туындысындағы оқиғаға жатпайтын философиялық-эстетикалық мәні, пародия, туындысындағы оқиғаға жатпайтын баяндау принципі ретінде құрылымдық рөлі, баяндау тәсілдері. Туындысындағы оқиғаға жатпайтын бейненің мәні ретінде оқиғалар арман, қауесеттер, ойлар, қиялдар, архетиптер мен концептілер кейіпкердің рефлексиясы және аукториалды баяндаудың бір бөлігі, сондай-ақ бөтен сөз талданады. Екі пародтау тәсілдері орнатылған – травестирлеу, карнавализация. Амплификация мен авторефлексия рөлі, аукториалды баяндаудан бас тарту, сондай-ақ кейіпкерге авторлық көзқарасты көрсету көрсетілген. Әдеби маскалардың травестелуі және сюжет бірлігінің негізі ретінде кейіпкерлер амплуасының ауысуы зерттеледі, бұл «кішкентай адам» концептінің қос бірлестігін анықтауға мүмкіндік берді.

The article is devoted to the study of the Gogol method in the aspect of the relationship between non-event and the originality of the plot. The development of the concept of non-event, its role for the unity of Gogol's story determined the subject of consideration. This is the philosophical and aesthetic essence of the non-event, parody, the structural role of the non-event as a narrative principle, the ways of narration. As a non-event as the subject of the image, the dream, rumors, conjectures, fantasies, archetypes and concepts are analyzed as a reflection of the hero and part of the auctorial narrative, as well as someone else's word. Established techniques of double-parody – traveliana, carnivalesque. The role of amplification and autoreflexion, the rejection of the auctorial narrative, as well as the translation of the author's point of view to the hero are shown. The travestirovanie of literary masks and change of roles of heroes as a basis of unity of a plot that allowed to reveal dual unity of the concept of «the little person» is investigated.

А. Ә. Үсен¹, А. Қ. Қанаткерей²

¹ф.ғ.д., профессор, «Қазақ әдебиеті» кафедрасы, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ., 010000, Қазақстан Республикасы;

²магистрант, I курс, Филология факультеті, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ., 010000, Қазақстан Республикасы
e-mail: ¹aierke0102@mail.ru; ²kanatkerey@mail.ru

**КЛАССИКАЛЫҚ БАЛАЛАР ПРОЗАСЫНДАҒЫ
ҰЛТТЫҚ ХАРАКТЕР**

Мақалада әлемдік әдебиеттанудың басты өзегін құрайтын әлемдік және отандық балалар прозасындағы бейнелерді жасаудың ұлттық ерекшеліктері қарастырылған. Классикалық балалар прозасы әдебиеттану ғылымындағы дамудың сан салалы сатысынан өткен ауқымды салалардың бірі. Оның шығу арналары фольклордан бастау алады. Прозаның бұл түрінде бейне жасауда сан қилы әдіс-тәсілдер қолданылады. Балалар бейнесі әр ұлттың өзіне тән ұлттық құндылықтары, дүниетанымы, мәдениеті, салт-дәстүрі мен ерекшеліктеріне сай жасалады.

Балалар әдебиеті тарихи негіздерінен бастап қазіргі кезеңге дейінгі даму бағыт-бағдарын кешинді зерттеу тәуелсіздікпен сабақтас мәселе. Балалар прозасында бейне жасауда ұлттық таным белгілер, қасиет-сапалар үйлесімді қолданылады. Әлем балалар прозасындағы образдар жүйесі мен қазақ әдебиетіндегі балалар бейнесін жасауда бірішама ұқсастықтар мен айырмашылықтар бар. Балалар прозасында әр ұлттың өзіне тән ділі мен дүниетанымындағы өзгешеліктері ұтымды қолданылып, образ жасауда ұлттық ерекшеліктерді пайдалану жүзеге асырылады.

Әлем балалар әдебиеті жылдан-жылға жаңа көркемдік ізденістер санының артуымен, тың образдардың толығуымен ерекшеленеді. Ұлттық нақыш пен салт-сана, халық мәдениеті мен ділінің балалар бейнесін сомдауда маңызы зор. Өмір құбылыстарын шынышылдықпен дәл көрсете білу, балалар бейнесін жасауда жаңа тәсілдер жүйесін пайдалану, тақырып сонылығы соңғы жылдардағы балалар әдебиетінде кең көлемде орын алған құбылыстар. Ірі қоғамдық, саяси, әлеуметтік оқиғалар балаларға арналған шығарма жасау барысында туындыгердің айтпақ ойына әсерін тигізеді. Өмір

шындығы кейіпкердің тағдырымен қатар өріліп, шығармада нақты қорытындылар түзілген жағдайда ғана шығарманың балаларға тигізетін тәрбиелік ықпалы күшті болмақ.

Кілтті сөздер: балалар әдебиеті, фольклор, ұлттық характер, балалар прозасы, образ, бас кейіпкер.

КІРІСПЕ

Балалар әдебиеті көркемдік көкжиегіне көтеріліп келе жатқан әдебиеттегі ең жаңа салалардың бірі. Балалар мен жасөспірімдердің ішкі жан-дүниесін, өмірге көзқарасын жаңа заман талабына сай жан-жақты зерттеу балалар әдебиетінің басты міндеттерінің бірі. Суреткер әлемдегі барлық жаңалықтарды еркін игеріп, жаңа технологияларды меңгерген заманауи балалар мен жасөспірімдер образын жасау әлем балалар әдебиетінің озық тәжірибесін шебер игерумен бірге, туған әдебиеттің дәстүрлерін табиғи қалпынан ажыратпай пайдалануы керек. Классикалық балалар прозасында балалар бейнесі ұлттық бояумен бедерленсе құба-құп. Балалардың рухани мұқтажықтарын өтейтін үздік шығармалардың дүниеге келуі, көпқырлы балалар бейнесінің пайда болуы балалар әдебиетінің дамуының бір көрінісі.

Балалар әдебиетін зерттеуші ғалым Б. Ыбырайым: «Соңғы жылдары балалар әдебиеті саласында қызықты хикаялардың қанат жая бастауы – қуанарлық жайт. Таңғажайып, күтпеген оқиғалар, тосын шешімдер, шиеленіскен түйіндер жас оқырманды әрқашан қызықтырып, оларды тапқырлыққа, батылдыққа, жігерлілікке баулитыны, қиялын қанаттандыратыны белгілі. Шым-шытырық оқиғалық желілер, соған орай ашыла түсетін күрделі характерлер тағдырлары мен табиғаты балалар ойын шынықтыра түсуге өзіндік себін тигізбек», – дейді [1, 147].

Тақырыптың өзектілігі: Тәуелсіздік алғаннан кейін балалар әдебиетінің өзіндік өрнектері мен тақырып өрісі кеңейіп, жаңа бетбұрыстарға жол ашылды. Балалар әдебиеті бағзы заманнан келе жатқан салт-дәстүрлерді, ұрпақтан-ұрпаққа жеткен әдет-ғұрыптарды, әр халықтың өзіне ғана тән ұлттық болмысын көрсетуді мұрат етті. Балалар әдебиетінде ұлттық құндылықтарды бойға сіңірген, рухани дамуды бағдарлай алатын балалар бейнесін жасау мақсат қойылды. Адам болмысын жан-жақты пайымдауға мүмкіндік тудыру, балалардың рухани жан әлемін байыту, ел ертеңін ойлайтын отансүйгіш азамат тәрбиелеу, әлемнің және өз елінің тағдырына бей-жай қарамайтын балалар бейнесін жасау бүгінгі балалар әдебиетінің негізгі басым бағыттары.

Балалар әдебиетіне байланысты зерттеулер Ә. Бөпежанованың «Өрнектер» еңбегінде сәтті тұжырымдалған. Сыншы: «Төл балалар әдебиетінде жеке кейіпкерлер психологиясын жасауда елеулі табыстар

кездеседі. Алайда баланың рухани әлемі мен жан-дүниесіндегі қиян-кескі «майданды» зерделеу, рухани күш-қуаттың терең қатпарлы қыртыстарын қопару әлсіз. Жаңа көркемдік ізденістер характерді ірілендіру, характер біртұмалығын туғызады», – дейді [2, 125]. Жас адамның қалыптасу жолына бағыт-бағдар бергенде автор тазалық пен ізгілік атаулыны шынайылық пен шеберлік танытып бедерлегені жөн. Балалар әдебиетінде образ жасауда жеке тұлғалық ерекшеліктерді ұтымды аңғартып, шек келтірмес нанымдылықпен дәлелдей білу жазушының ой сергектігі мен зерде тереңдігінен хабар береді.

Тәуелсіздік алған жылдары елде орын алған түбегейлі өзгерістер мен жаңғыру жағдайы балалар әдебиетін жаңа арнаға бұрды. Қазіргі таңда балалар әдебиетінде болашаққа жол сілтеуші, бағыт-бағдары айқын, жан-жақты, балалардың ертеңгі күнге сенімін күшейтетін жарқын бейнелер жасалуы қажет.

Балалар прозасында бейне жасау ерекшеліктері: Балалар бейнесін жасауда сол дәуірдегі құндылықтар мен мәдени сипаттар, әлеуметтік ахуал мен қоғам дамуының көріністері де байқалады. Себебі болашақ ұрпақтың рухани-байлығына зерделі көзбен қараған ұлт қана қоғамдық дамудың жоғары сатысына көтеріле алады. Балалар әдебиетінде кейіпкерлер болмысынан әр ұлтты ерекшелеп, даралап тұратын сипаттар мен белгілер айқын білінеді. Әсіресе бұл сипат ұлттық характерлерді даралауда анықталады.

Әдебиеттегі көркем бейне – көркемөнерде, соның ішінде әдеби шығармада жинақталған түрде суреттелетін өмір құбылысының нақтылы көрініс-қалпы, кейіпкердің көркем ой елегінен өткізіліп, қорытындылап жасалған тұлға-бейнесі. Көркем образда екі түрлі ерекшелік – жинақтау, жалпылық сипаттарды топшылап-түйіндеу және даралау, жекелік қасиет-белгілерді нақтылы түрде көрсету – осы екеуі іштей астасып, қабысып жатады.

Көркем образ – әдебиетте, өнер салаларында өмір шындығын, қоғамдық құбылыстарды, табиғатты, адам тағдырын бейнелеп көрсету тәсілі. Әдеби шығармадағы адамның көркем образын алсақ, оның бой-тұлғасындағы, кескін-кейіпіндегі, жүріс-тұрысындағы, қимыл-әрекетіндегі, ойлау-сөйлеу әдетіндегі өзгеше сипат-белгілерді нақтылы суреттеу арқылы жазушы типтік қасиеттерді, яғни қоғамдық жағдай туғызған, басқаларға ортақ, жалпылық мәні бар ерекшеліктерді айқын танытады [3, 114]. Көркем бейнені типтендіруде көптеген адамдарға тән сипаттар, қасиеттер мен белгілерді екшеп, жинап, бір адамның бойына сыйдырады.

Әдебиеттанушы ғалым, академик З.Қабдолов образ жайлы мынадай тұжырым жасайды: «Көркем әдебиетте жинақтау – типке әкелсе, даралау – мінезге әкеледі. Образ осылай туады» [3, 102]. Әдебиетте көркем бейне жасау, оны типтік дәрежеге көтеру қиын.

Біздің зерттеу барысында анықтағанмыз: Классикалық балалар прозасында ұлттық характерлердің жасалу жолдары сан алуан. Бұл саладағы тыңнан түлен салған жаңаша ізденістердің бірі – адамзат мәселесін, балалардың жан дүниесін бейнелеуде ұлттық ерекшеліктерге басымдық беру.

Көркемдік шындық – өмір шындығының сығымдалған сыры, мазмұны десек, образ – сол көркемдік шындықтың ұстыны. Образ неғұрлым шынайы, неғұрылым жарқын бейнеленсе, көркемдік шындық соғұрылым шыншыл, көрікті де көрнекті. Демек, көркемдік шындық туралы әңгіме қозғағанда, оның негізгі идеялық-эстетикалық бірліктері, белсенді «күштері» іспетті образдар туралы тіс жармай өту мүмкін емес. Өйткені әдебиеттегі көркем образ – суреткердің идеялық-көркемдік концепциясының, шеберлігінің, дүниетаным тереңдігінің куәсі, сондай-ақ болмыстағы алуан құбылыстардың, өмір шындығының өзекті сипаттарының жанды-бейнелі көрінісі, дәлелі. Сол себепті бірегей, толыққанды сом тұлғалар – көркемдік кепілі. Өйткені, «көркем шығармадағы көркем шындық дүниесінің негізін салушы, күшті әсер туғызушы – образ, образдардың жүйесі бірлігі, әсіресе әрбір образдың сомдығы, кесектігі, айқындығы...» [4, 114].

Балалар әдебиетінің оқиғасы шынайы болып, образдар жүйесі сенімді, нанымды болған жағдайда ғана таным мен дүниетанымға әсер етеді. Образ өмір шындығынан алынып, идеямен байланысты болғандықтан, жазушы бірегей, толыққанды сом тұлғаларды жасап шығаруды мақсат етеді. Образ жасауда адам табиғаты мен тіршілігінің шебер бейнеленуі және балалардың рухани-эстетикалық қажеттіліктерін қанағаттандыру деңгейі жоғары болуы керек. Өмір шындығын дәл бейнелеу классикалық балалар прозасының маңызды мұраты.

Марк Твеннің «Том Сойердің басынан кешкендері» хикаяты мен «Гекльберри Финнің басынан кешкендері» романы – АҚШ балалар әдебиетінің жауһары саналады. 1876 жылы шыққан «Том Сойердің басынан кешкендері» хикаятында орталықтан шалғайда орналасқан Сент-Питерсберг қалашығының кішкентай тұрғыны Томас Сойердің басынан кешкен таңғажайып оқиғалары баяндалады. Хикаятта жасөспірім Томас – Полли тәтесінің қамқорлығында өскен ақылды, жігерлі, арманшыл он екі жасар бала. Оның сырт келбеті мен киім киісінен американдық жасөспірім екені аңғарылады. Мысалы: *Томның сонда ғана ажары кірді, басқа ақ түстілер секілді ол адам қатарына қосылды, суланған шашы таралып, бұйра-бұйра болып әдемі көрініп тұр. (Ол жан-жаққа шапшыған бұйра шаштарын алақанымен басады, өйткені мына түрімен ол қызға ұқсайды, өмір бойы осыдан қорлық көріп келеді). Сонан соң Мери Томның екі жыл бойы мектепке киіп жүрген костюмін шығарды, одан басқа костюмі де жоқ еді... Ол киініп болғасын, Мери оның көйлегінің жалпақ жағасын сыртына*

шығарып, шеткемен сүртіп қойды, ең соңынан шетеннен тоқылған ала қалпағын кигізді [5, 28].

Томас Сойердің жексенбілік мектепке дайындығы, динамикалық портреті, киім үлгісі американдық бала екенін айғақтайды. Оның жексенбілік мектеп туралы ойы, отбасы мүшелерімен қарым-қатынасы, бүкіл бітім болмысы сол кездегі қоғамның әлеуметтік жағдайымен тығыз байланысты.

Бас кейіпкердің психологиялық портреті шағын қалашықты дүр сілкіндірген, қауіпті қылмыскерді табу барысында ашылады. Ол өз басына төнген қауіп-қатерге карамастан нақақ жала жабылған Мефф Поттерді құтқару жолында тайсақтамай, батыл қадам жасайды. Бұл оқиғадағы Томас Сойер – батыл, қайсар, өжет, тәуекелшіл жасөспірім. Мысалы:

– Томас Сойерді шақырыңыз!

Жұрттың бәрі, тіпті Поттердің өзі де, таңданып қалды.

Көздің бәрі сот үстелінің жанына келген Томға қадалды. Бала бір түрлі сасып тұрғандай болды, өйткені зәресі ұшып кетті. Оны ант беретін жерге әкелді.

Томас Сойер, он жетінші маусымда түн ортасы кезінде сіз қайда болдыңыз?

Томның үнділік Джоның темірден соққандай бетіне көзі түсіп кетіп еді, тілі таңдайына жабысып қалды. Тыңдаушылар демдерін ішіне тартып тына қалды, ал дауысы Томға бағынбай қойды. Алайда бірнеше минуттан кейін бала өзіне өзі келіп, жауап бере бастады, ал жұрт тыңдап отырды.

– Зиратта.

– Қаттырақ айтсаңыз екен. Сіз қорықпаңыз. Иә, сіз...

– Зиратта болдым.

– Үнділік Джоның жүзінен жек көрген мысқал көрінді.

– Сіз Горс Вильямстың моласының маңында болдыңыз ба?

– Иә, мырза.

– Өтінемін, сәл қаттырақ айтсаңыз. Моладан қандай қашықтықта болдыңыз?

– Сіз екеуміздің арамыздай жерде.

– Сіз тығылып қалдыңыз ба, жоқ, көрініп тұрдыңыз ба?

– Тығылдым.

– Қайда?

– Моланың жанындағы жапырақтардың арасында

Үнділік Джо кәдімгідей селк етті.

– Сізбен бірге біреу болды ма?

– Иә, мырза, мен онда...

– Сәл тоқтаңыз. Жолдасыңызды дәл қазір айтудың қажеті жоқ.

Уақыты келгенде онан да жауап аламыз...

– Сіз зиратқа бір нәрсе апардыңыз ба?

Том екі ойлы болып, кідіріп қалды.

– Не апарып едіңіз онда?

– Тек... өлген мысықты.

Залда күлкі жүріп өтті. Сот қоңырауын шылдыратты.

– Біз өлген мысықтың денесін сотқа көрсетеміз. Ал енді, достым, ештеңеден қорықпайтын мінезіңізбен ештеңені жасырмай көргеніңізді түгел айтып беріңіз...

Том кісі өлтірілген тұсқа келгенде, зал теңселіп кетті:

– Дәрігер тақтаймен Мефф Поттердің басына ұрғанда ол құлап қалды, ал үнділік Джо дәрігерге пышақ алып жармаса кетті және...

Осы кезде үнділік Джо терезеден секіріп қашып кетті, оны ұстауға ұмтылғандарды итеріп тастады, ол сондай [5, 131].

Томның психологиялық портретін ашуда оның адалдығы мен достыққа беріктігін ескерген дұрыс. Он екі жасар жасөспірімнің бойынан табылатын қайсарлық, батылдық сынды қасиеттер Томның мінез-құлқын айқындап қана қоймай оның еркін қоғамда өмір сүрген американдық баласы екенін де аңғартады. Әлеуметтік, қоғамдық өмірдің кейіпкерінің характерін сомдауына белгілі бір ықпалы бар. Бас кейіпкердің қасиетті кітапты ұстап ант беруі діни сенім элементтерінің қоғамдағы қызметін айқындайды.

М. Твен дүре соғу, шыбыртқымен ұру шаралары қолданылатын мектептегі оқу жүйесін әжуаға айналдырады. «Том Сойер – автобиографиялық шығарма емес, бірақ автордың балалық шағында өз өміріне әсер еткен шынайы деректерге құрылғандықтан, хикаят қызықты баяндаулардан құралған. М.Твен хикаяттың әлқисасында Том Сойер бейнесін жасауда таныс үш жігітті түптілге етіп алғанын айтады. Автор өзі куә болған шынайы оқиғалардың негізінде (қазына тауып алу тарихы мен үнді Джоның өлімінен басқасы) «Том Сойердің басынан кешкендері» хикаятты жарыққа шығарған [6, 49].

Классикалық прозадағы компаративистикалық тәсілмен зерттеу нәтижесінде: Кішкентай Том кіршіксіз сезім жолында Беккидің жазасын жеңілдетіп, соққы жеуге мәжбүр болса, Қожа Жантастың барлық қылжақтарына төзуге дайын. Томның есімдерінің «әу» баста ортасынан қақ бөлініп түсіп қалуынан, мінез-құлқы мен іс-әрекетінен Қожа екеуінің ұқсастықтары анық аңғарылады. Том мен Қожаға сұлулық атаулының ең жарқын үлгісі – Жанар мен Бекки болса, тәртіпті, үлгілі, нәзік жеткіншек қыздардың бір-бірінен елеулі айырмашылықтары бар. Американдықтар ұлттық болмысы жағынан еркіндікті ұнатады, сол себепті Ребекка Тэтчердің мінез-құлқы адам жатырқауды білмейтін, ақжарқын қыз. Жанар болса ұяң, тұйық, себебі, Шығыс халықтарында қыз баланың көп сөзге араласпайтын,

ибалы, инабатты қалпы жоғары бағаланады. Том Беккиге сын көзбен қараса, Қожа кіршіксіз сезімінің себепкері, сыныптасы Жанарды өзінен де биік қояды.

Гекльберри Финн – жүрегі таза, зерек, мейірімді, ақылды, қарапайым, жомарт жасөспірім. Сент-Питерсбергде Том Соьердің, қара нәсілді қызметшілердің, Грэнджерфорд әулетінің, жетім қыз Уилкстің, Фелпс фермасындағы бүкіл қызметкерлердің сүйіспеншілігіне бөленуінен Гекльберри Финннің кез-келген ортада жақсы қырынан танылған тұлға екенін бағамдаймыз. Томас Соьер мен Гекльберри Финн ойларын көкейлерінде іркіп қалмайды, сондықтан ересектермен еркін қарым-қатынас жасайды. «Менің атым Қожа» хикаятында Қожа сотанақ, Сұлтан жүгенсіз, басбұзар болса да үлкендердің алдынан кесе-көлденең өтпейді. Қожаберген қазақ халқында ғана кездесетін әже тәрбиесін бойына сіңірсе, Сұлтаннның әкесі Сүгір жылқышы қаталдықтың үлгісін көрсетеді. Балалар бейнесін жасауда әр халықтың ұлттық ерекшеліктері, мінез-құлқы, салт-дәстүрі, дүниетанымы, әдет-ғұрпы әсер етеді.

Ақша мен байлық қожа болған АҚШ буржуазиялық қоғамында Гекльберри Финн: «Бай болу оңай шаруа емес. Байлықты қолда шашау шығармай ұстап қалу қорқыныш сезімін тугызады» [5, 47], – дейді. Том мен Гекті ақша мен дүниеге көзқарасы ересек адамдардан әлдеқайда асқақ. Мол қазына жасөспірімдердің жанына қуаныш сезімін сыйла. М. Твен хикаяттарында балалар мен жасөспірімдердің құқығын сақтауға, құрметпен қарауға шақырып, адамды сүюге үндейді.

Гекльберри Финннің қарақшы үнді Джонның жолын кесіп, жесір әйел Дугласты қатігез өлімнен құтқаруы арқылы қоғамда қалыптасқан қараусыз өскен балалар қатігез болады, қасаң қағидасының жойылуына себепкер болады.

– Не тарсыл-гүрсіл? Кім есік соққан? Не керек?

– Тезірек кіргізіңізі! Бәрін айтамын!

– Ал сен кімсің?

– Гекльберри Финн! Тезірек ашыңызшы!

– Гекльберри Финн! Есікті шалқасынан ашатындай бұл белгілі тұлға емес қой. Дегенмен оны кіргізіңдер, естіік не болып қалғанын.

– Тек айтқан мен екенімді ешкімге айта көрмеңіздер! – есіктен кіргендегі Гектің алғашқы сөзі осы болды.

– Құдай үшін, әйтпесе мені өлтіреді! Жесір әйел ылғи маған жаны ашитын еді ғой, мен бәрін айтып берем, егер мені көрсетпеуге уәде берсеңіздер. – Құдай ақы бір нәрсе бар, ол босқа айтып тұрған жоқ, – деді шал. – Айта бер, сені ешкім де ұстап бермейді, жігітім.

Үш минуттан кейін шал ұлдарымен қару-жарақтарын алып тауға беттеді, кешікпей жолдың басталар жерінде тұрған сумах атты ағаштың

бұталарының арасында қолдарына мылтықтарын алып әзір тұрды [5, 156]. Сент-Питерсбергдегі ең көмекке мұқтаж жандарды құтқарып алуы Гектің қайырымдылығын айғақтайды.

Ғалым М. Дүйсенов ұлттық мінез бен ұлттық психология сипатын қатар алып бір ұғым деп санаған. «Ұлттық характер деп отырғанымыздың өзі халықтың көптеген жылдар бойы тарихи дамуының арқасында қалыптасқан психикалық пішіні немесе сипаты ғой. Психикалық сипат – әрбір халықтың ұлттық өмір-тіршілігінің сәулесі. Ол – ұлттың белгілі бір дәуірде туып, дамып отыратын әдет-ғұрып, салт-санасы, сенімі мен нанымы, мінез-құлқы» [7, 44]. Ұлттық психология, яғни кейіпкердің кескін-келбеті, қасиет-қабілеті бейнені өзге ұлттың кейіпкерінен даралайды. Қара торы, орта бойлы Қожабергеннің қайратты шашы, мылтықтың қосауызындай делдиген танауы он екідегі жеткіншектің қазақ баласы екенін танытып тұр. Қожаның ұлттық болмысы оның әдебиет пен мәдениет жайлы ойларынан аңғарылып, отансүйгіштік қасиеті айқындалады. Бас кейіпкердің: «О, ата мекенім, қазақ жері. Сенің шет-шегіне қиялдан өзге не жетіп үлгереді. Сол алып өлкеңнің бір пұшапын ыстық көзбен, бар адал сезімімен аймалап, елеусіз бір перзентің мен келе жатырмын. Мынау асқар тау, жасыл жазық, мөлдір өзен, қалықтаған анау ақша бұлттар, тұнық аспан – осының бәрі-бәрін егер құшағым жетсе, ең қымбат, аяулы анамдай құшар едім, сүйер едім. Япыр-ай, неге сонша ыстық болдың туған жер!

Мен табиғатты сүйемін. Мен шынайы поэзияны сүйемін. Абай мен Қасымды қанша оқысам да менің сусыным қанбайды. Қайталап оқи бергім келеді, оқи бергім келеді. Мен Құрманғазы мен Дәулеткерейдің күйлерін тыңдағанда өзімді өзім ұмытып кетемін. Махамбет жырларының әр сөзінің астынан дүрсілдеген ат дүбірін, қарыш-құрыш сілтескен найза, қылыш үндерін естігендей болам. О, қасиетіңнен айналайын, қазақ жері. Осының бәрі сенің топырағыңда өсіп, өнген кереметтер емес пе?», – деп толғануы баладан жаман азамат шығуы мүмкін бе [8, 48]. Мектеп директоры Ахметов Қожаның «түбінде адам болатын бала екенін» осы сипаттарына қарап болжаса керек. Қожаның жан жолдасы Сұлтаннның мінез-құлқы, іс-әрекеті, жүріс-тұрысы сипаттарынан ұлттық болмысы танылады. Мысалы: «Әй Сұлтан, Сұлтан. Сенің бойыңда кісі қызығарлық өнер-қалықтар толып жатыр-ау. Асауға шалманы қалай дәл тастайсың... Бие сауғанда шөпіндетіп жібересің. Жолдасыңа қоң етіңді ойып беруден батылсың да, жомартсың» [8, 60].

Қожа мен Сұлтан бұрынғы ат жалында ғұмыр кешкен жауынгер халықтың ұрпағы болғандықтан, ат құлағында ойнайды. Жылқының бабын білетін, жорға-жүйрік сәйгүліктерді бастап мінетін Сұлтан бейнесі қазақы қалыпқа сай сомдалған. Ұлттық дәстүрден ұлттық мінез туады немесе ұлттық

мінез салт-дәстүрдің қалыптасуына негіз болады. Адамгершілік ізденістердің өзі халықтық салт-дәстүрмен көрінетін ұлттық психологиямен анықталады [7, 22]. Жаңа туған балаға азан шақырып ат қою қазақ халқының ертеден келе жатқан салт-дәстүрлерінің бірі. Бас кейіпкердің Қожаберген деген есімінің өзі бүкіл ғаламның қожасы Алла берген мағынасын білдіреді. Қазақ халқы ежелден ер баланы атқа мінгізіп, ұлттық ойындар ойнатып, қажырлы да қайсар қылып тәрбиелеген. Бас кейіпкер Қожаның күреске қатысуы, көкпарға түсеміз деп, ат жаратуы қазақы тәлім-тәрбиенің нәтижесі.

Әдебиетті арым деп білген заңғар жазушы жайлы атақты балалар жазушысы М. Әлімбаев: «Мәскеуде оқып жүргенде Бердібек «Менің атым Қожа» атты жаңа кітабын – өз өнериетіндегі ең шоқтықты, ең бағалы туындысын тәмамдап қайтты. Онысы іле кітап болып жарық көрді, әрі киносценарийге айналып, жүлделі картина атанды. Оқырмандардың «Менің атым Қожа» кітабын оқығалы кезекке тұрғанын көзімізбен көрдік», – дейді [9, 185]. Б. Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа» хикаяты қазақ халқының салт-дәстүрі мен ұлттық ерекшеліктерін дүниежүзіне танытып, әйгіледі. Оның шығармашылығына ғана тән суреттеу құралдарының дәлдігі, кейіпкердің жан-сезім арпалыстары өмірдің өзіндей шынайы.

Ч. Диккенстің «Оливер Твисттің басынан кешкендері» романында некесіз туған шараналар, жұмыс үйіндегі аш-жалаңаш балалар, кедейлер тұрмысы, мұрагерлікке талас сынды өткір әлеуметтік мәселелер көтерілген. Бала еңбегін қанау мен буржуазиялық үкіметтің екіжүзді саясатын қатаң сынады. Үйсіз-күйсіз жарлыларға арналған жұмыс үйін суреттеу арқылы қоғамда орын алған былықтарды әшкерелейді. «Оливер Твисттің басынан кешкендері» романындағы оқиға желісі ХІХ ғасырдың отызыншы жылдары әлемдегі капиталистік қоғамның орталығына айналған Лондонның шығыс бөлігін мекен еткен ұрылар өмірі, қылмыс пен кедейшілік сынды әлеуметтік фонда (аяда) өрістеді [10, 79].

Оливер бейнесі – буржуазиялық қиыншылықтар мен зұлымдықтардың сан түрін басынан кешсе де, жүрегі адалдық пен мейірімділікке толы бала. Оның жетімханадағы азапқа толы өмірі тайға таңба басқандай көрінеді. *Оливер Твист – тоғыз жасқа толғанда құп-қу, тық-тық жөтелген, тапал әрі ап-арық бала болды* [11, 13]. Болмашы талғажауды қорек еткен жетімхана балалары он мүмкіндіктің сегізінде аштық пен суықтан дертке ұшырап, байқаусызда отқа түсіп кетіп, аяқ астынан тынысы тарылып мерт болатын. Оливер Твист осы қауіп-қатерлердің барлығынан аман қалып, тоғыз жасқа толған туған күнінде жұмыс үйіне тәрбиеленуге беріледі. Тоя тамақ ішпей, ауыр да азапты қара жұмысқа жегілген бас кейіпкердің жағдайы жұмыс үйінде мәз емес еді. Оның қосымша ботқа сұраған өтінішін: «– *Кешіріңіз, сэр, тағы тамақ жегім келеді*» [11, 20] мистер Бадл «үлкен көтеріліске» балайды.

Мұның соңы таяқ жеумен аяқталатынын біле тұра Оливер төңірегінен мейірімділік пен әділеттілік күтеді, демек үмітсіздіктің шырқау биігінде тұрып, жылт еткен жақсылыққа сенетін өмірге құштар жан. Дәрменсіз жетім баланың бүтіндей буржуазиялық жүйеге қарсылығы келешек өмірінің өзгеруіне әсерін тигізді. Кішкене баланың жақсы, жаманды айыра алатын қасиеті қиын жағдайлардың барлығында кәдесіне жарады.

Бас кейіпкер табыт жасаушыға шәкірттікке берілгенде, ұрылар тобына тап болғанда, жауыз Сайкс пен Феджиннің құрбандығына айналғанда, өмірінің көлеңкелі тұстарында балалық аңғалдығы мен жан тазалығын сақтайды. Оны мейірімді Браунлоу мырза мен Мэйли ханым өз қамқорлығына алғанда осы қалпынан таймайды. Оливер Твисттің мінез-құлқын қалыптастыруда қоршаған ортаның ықпалы сезілмейді. Қаршадай баланың қайсарлығы, өз болмысын жоғалтып алмауы асыл адамдықтың белгісі. Қандықол қарақшылардың қорқытып-үркітуімен үй тонауға мәжбүр болған Оливер батылдық танытады. Өміріне төнген қауіп-қатерге қарамастан: «*Ойын жинақтап үлгерген осы аралықта бала басын қатерге тіге тұрып, ауызғы бөлмеден шығатын басналдаққа тұра жүгіріп, дабыл көтермекке бекем бел байлап еді*» [11, 161]. Шешуші сәтте батылдық танытқан бас кейіпкер табанды тұлға. Шығармада оның психологиялық портреті шебер сомдалған.

Шығармада табиғат құбылыстары адам тағдыры мен оның қуаныш-қайғы сәттерінде жақын үндестік танытады. Романдағы көркемдік суреттер бас кейіпкердің ішкі дүниесі мен жан күйзелісін тереңінен таныту мақсатында қолданылады. Ч. Диккенс бұлт, тұман, жаңбыр тәрізді «табиғаттың көз жасын білдіретін» құбылыстарды қолданбайды, өйткені Лондонның ауа-райына жауын-шашын онсыз да қалыпты. Күрделі де көп қырлы бейне, Оливердің жанашыры Нэнсиді қанішер Сайкс түн мезгілінде өлтірсе, қылмыскер таңда құрықталады. Күн мен түн қарама-қарсы сипатта бейнеленген романда қылмыстар мен құпия кездесулердің барлығы дерлік түнде орындалып, күндіз әшкереленеді. Күлімдеген күн сәулесі тек жарық қана емес, сонымен қатар Оливердің жаңа өмір, жарқын болашаққа жетуіне аз уақыт қалғанын білдіріп, үміт пен жаңа мүмкіндіктердің символы тәрізді көрінеді. Халқы көп қала үстіне көтеріліп, төңірекке нұрын себуші жайнаған жарық күн: «*Қымбат түрлі-түсті шыны мен қағаз жапсырылған терезеден, шіркеу күмбезі мен шіріген қабырғаның саңылауына да бірдей сәулесін төкті. Ол өлген әйел жатқан бөлмені де шұғыласына да бөледі*» [11, 342]. Лондондағы барлық жауыздықтың ең ауыры Нэнси өлімі. Оливердің ет жақын жандары, ұрылар тобындағы жалғыз жанашыры Нэнси мен жұмыс үйіндегі жан досы Дик зұлымдықтың құрбандығына ұшырады. Бас кейіпкерге тұл жетімдігімен қатар екі аяулы жанның өлімі де қатты әсер етті.

Ең қызығы, романда маңызды оқиғалар жексенбі күні орындалады. Мысалы: Оливердің тағдырына, оқиғаның шарықтау шегіне әсер еткен Роз Мэйли мен Нэнсидің құпия кездесуі. Ежелден ағылшын халқы жексенбіні аптаның бірінші күні деп есептейді. Ағылшындар демалыс күні басталған істер табыс пен құт-береке әкелетініне сенеді.

Шығармада екі адам арасындағы сөйлеу әрекеті көп қолданылады. Бас кейіпкер мен мистер Бранлоу, Нэнси, Феджин арасындағы диалогтар кең тараған. Мысалы:

– *Мені сонда мүлдем қалдыра ма, мырза?*

– *Жоқ, жоқ, қымбаттым, қалдырмайды, өйткені, біздің сенен айрылғымыз келмейді.*

– *Сақтан, Оливер, сақтан! Ол не бұйырса да орында. Осыны есіңнен шығарма* [11, 144]. Диалог Оливердің бұлыңғыр тағдырын, ұрылар тобының басшысы қарт еврейдің қорқытып-үркітуін анық байқатып, сұраққа жауап алу, нақтылау сипатында өрбиді. Оливер Твисттің толғаныс-тебіренісін бейнелеу Құдайдан дұға тілеу сәтінде көрініс тапқан. Ол: *«Өзіне төніп келе жатқан қауіптен құтқар, ешқашан достары мен туыстарының ыстық ықыласын көрмеген, жұрттың бәрі теріс айналған, сорлы балаға қол ұшыңды бер, қазір жападан жалғыз сан түрлі жамандық пен қылмыстың ордасында жүрген бұған көмекке келе гөр»* [11, 144], – деп жалбарынды. Бас кейіпкердің Жаратқан иеге жалбарынудан өзге ешкімнен көмек күте алмайтын жай-күйі аңғарылды.

Шығармадағы орталық кейіпкердің Оливер Твист аталуында үлкен мән-мағына жатыр. Кейіпкердің тағдырына сай келетін есім мен тек беру ағылшын әдебиетінде жиі кездесетін құбылыс. Тегінің сырына терең үңілу арқылы бала Оливердің болашақ тағдыры қалай өрілетінін анықтай аламыз. «Твист» сөзі лондондық көше жаргоны «хэнг» сөзімен ұқсас. Ағылшын тілінен аударғанда айналу, оралу, шырмалу, іліп қою мағынасын білдіреді. Бас кейіпкердің мистер Бамбл ойлап тапқан тегіне қалай ие болғаны жайлы шығармада: *«Біз балалардың аты-жөнін қойғанда әліпби тәртібін пайдаланамыз. Соңғысы «С» әріпіне дәл кеп еді, оны Суобл деп атадым. Ал мынау «Т» әріпіне келген соң – Твист қойдым»* [11, 15]. Балалық шағы ұры-қарының ортасында өткен жазушы Ч. Диккенстің бас кейіпкерінің тегі «тағдыры шынжырдай шырмалған» мағынасымен үйлесіп тұрғанын байқаймыз.

Әдеби тұлғаның жасалуында оның қадір-қасиетін сақтаушы басты алғышарттардың бірі кейіпкердің бойында адамгершілік мұраттардың сақталуы. Балғын оқырмандарды ізгілікке, жігерлілікке, жан сұлулығын қалыптастыруға ынталы бейне – Оливер Твист. Оның құлдырамайтын рухани әлемі, ізгілікке іңкәрлігі, жаны жайсаң азамат болуға талпынысы ұнамды

сипат туғызады. Қоғамда қалыптасқан «Жетім қозы – тас бауыр» атты қасаң қағиданы терістеуге көмектесетін Оливер бейнесі – ата-ана мейіріміне бөленбеген балалардың бәрі бірдей қатігез болмайтынының дәлелі.

«Көркем туындыда адамның сыртқы түр-тұлғасы ғана сипатталып қоймай, оның жан әлемінің суреттері де көрінеді. Адам әрекетінің екі тұлғасы үнемі бірлікте қолданылады» [12, 45]. Кейіпкер әрекетінің өзгеруіне оның ішкі әлемі мен психологиясындағы жағдайлар себепші. Кәрі еврей мен Монкстың Роз Мэйлидің үйін торуылдап, Оливерді аңдып жүргенін байқағанда, бейшара баланың құлындағы даусы құраққа шығады. Кейіпкердің сезімі, ой-толғанысы: *«О, жасаған, ә деп аузын ашуға тілі келмей, қозғала алмай, қорыққанынан жүрегінің соншалық атқақтауына себепші болған не? Ана жақта... терезе алдында, соншалық жақын маңда тұрған еврейдің ашудан сұрланып кеткен жанары мұның көзімен түйіскенде, бойын қорқыныш сезімі билеп кетті. Бір сәтте бұл көзқарас жалт етіп, ілезде зайып болды. Бірақ мұны танып қалды, бұл да оларды таныды. Олардың бейнесі тасқа қашалғандай мұның санасына әбден сіңіп қалыпты»* [11, 245].

Өз толғаныстары мен қаһарманның өзін-өзі талдауы, қимыл-әрекетінің сыртқы көріністері автордың аналитикалық талдауы негізінде жасалса, кейіпкердің ішкі сөзі субъективті әрекет ретінде бағаланады. Шектен тыс қорқыныш пен қатты қуаныш адамның ішкі табиғатына терең үңілуге, ой-сезімін тануға жол ашады. *«Бойын қорқыныш пен шарасыздық сезімдері қатар билеген Оливер тек осы арада бұл жорықтың мақсаты кісі өлтіру емес, тонау екенін түсінді. Жұдырығын тас түйген қалпында шыдай алмай шыңғырып жіберді. Қуарған жүзінен бұрқ еткен суық тер білініп, қарауытқан көзі, жүруге жарамай қалған аяғы тізерлеп құлап түсуін жылдамдатты»* [11, 159]. Құлып бұзушы Сайкс мүлде шектен шығып кетті. Сес көрсету мен төнген қауіптен қорықпаған бас кейіпкер батыл әрекеттерге барады. Кейіпкердің ой-сезімі автор сөзі тұрғысында берілген, яғни, шығармада ішкі монологтың авторлық түрі кездеседі.

Кейіпкер жан дүниесін жасаудың ішкі тәсілдерінің бірі түс көру. Жантану атаулары сөздігінде: «Түс көру жеке адамға тән әртүрлі табиғи психологиялық құбылыстардың бірі. Түстің мағынасы мен эмоциональдық бояуы тұлғаның сол сәттегі жағдайына тікелей байланысты» [13, 366]. Анасының бейнесін есіне түсіре алмайтын жас баланың түсінде ет жақынын көруі көңіліне қуаныш ұялатады. Ең қиын сәттерде Оливер де өзге балалар секілді анасынан жәрдем мен демеу күтеді. Ауру меңдеген, қорқыныш қажытқан бала: *«Аспандағылар тым бақытты болғандықтан, науқас баланың қасына келуді ойламайтын болар. Бірақ анам ауырғанымды сезсе, жаны ашыр еді зой. Бәлкім, ол мен жайлы ештеңе білмейтін болар. Ол*

менің осынышалық жәбір-жапаға ұшырағанымды білсе қатты қапаланады еді, бірақ түсіме кіргенде оның жүзі соншалық бақытты да жайдарлы» [11, 90]. Оливердің анасы жайлы жан толғанысын көзге жас алмай тыңдау мүмкін емес. Әлемдегі барлық халықтар түс көргеннен кейін міндетті түрде оны талдап жориды. Ағылшындардың дәстүрлі түс жору кітабында бала анасының жайдарлы, күлімдеген жүзін көрсе, демек, болашақта бақытты өмір күтіп тұрғанын білдіреді. Тағдырдың тәлкегіне түскен Оливер қатал сынақтардан өтіп, оқиғаның соңы бас кейіпкердің жақсы адамдардың шарапатына, жылулық пен мейірімге бөленуімен аяқталады.

Кейіпкерді аналитикалық тәсілмен зерттеуде оның ішкі рухани әлемімен байланыста қаралатын ессіздік, сандырақтау құбылыстарына үңілген жөн. Дерт пен қиыншылыққа тап болған Оливер Твист сандырақтайды. Ол: «– Мүмкін, мені анам көріп отырған болар, – деп күбірлеп, қолдарын аспанға қарай айқастырды. – Мүмкін, анам жанымда отырған шығар. Маған солай көрініп тұр» [11, 80]. Науқас жаны мен тәні қатар дертке ұшырағандықтан, санасында болып жатқан оқиғаларды сараптай алмайды.

Шығарманың XXII тарауында Мистер Сайкс пен Тоби Оливерді құлып бұзып, ұрлыққа түсуге мәжбүрлейді. Орталық кейіпкер осы тұста ессіздік халін басынан кешеді. «– Мына шамды ал, – деді Сайкс бөлмеге басын сұққан қалты. Алдыңдағы баспалдақты көріп тұрмысың? Өлі-тірінің арасындағы Оливер«ки» деп сыбырлаған» [11, 160]. Не істеп, не қойғанын білмейтін күйге түскен бала соңғы сәтте бойын жинап алып, шешуші әрекетке кіріседі. Оливерге мылтық дәл тисе де айқай-ұйқайды құлағы шалып, біреулердің мұны кедер-бұдыр жермен жылдам әкеле жатқанын сезінеді. Әрі қарайғы сәт Твистке де бұлыңғыр.

Оливер өзін мейірім мен бақыттың шарапатына бөлеген асыл жандарға алғысы шексіз. Сол себепті, ол Мисис Роз Мэйли, дәрігер Лосбернс, мистер Браунлоу, Гарри Мэйли атты қамқор жандардың айтқанын бұлжытпай орындайтын. Әріп танып, хат жазуды меңгерген бас кейіпкер Гарри мырзаның өтінішіне сай оған аптаның дүйсенбі және жұма күндері хат жазып тұрды. Хатта Оливер Гарридің анасы мен сүйген қызы Роздың халін баяндайтын және оларға алғыс айтып, ризашылық сезімдерін білдіретін. Ең қымбат жандардың аман-саулығын жеткізуде дәнекерші бола білген Оливер Твистке жас мырзаның алғысы шексіз еді.

Балалар бейнесін жасау тәсілдері: Ағылшын халқы өте ертеден бау-бақша шаруашылығымен айналысады. Олар сұлулыққа құштар болғандықтан үйлерінің айналасына әртүрлі гүлдер өсіруді ұнатады. Ч. Диккенстің романында британдықтардың осы ерекшелігі анық көрініс берген. Оливердің қамқоршысы, туыс апасы Роздың есімі раушан гүлінің құрметіне қойылған. Бас кейіпкердің гүл шоқтарын өруге үйренуі, село коттеджіндегі бөлмесінің

терезесі баққа қарап тұруы, Роз Мэйли ауырғанда раушан мен ырғайды күнделікті апарып тұруы оның табиғатпен үндестігін байқатады.

Ағылшындар қала өмірінен шаршағанда қала сыртындағы үйлерінде уақыт өткізуге тырысады. Оливер Лондоннан қамқоршыларымен бірге ауылға демалуға келген сәтінде жаңа өмір бастағандай қуанады. Таза ауада тыныштық пен жайлылықтың рахатын сезіп, уайым-қайғысы ұмытылады. Британдықтар ұлттық ерекшеліктеріне сай жексенбі күндердің сұлтаны деп есептейді. Күнделікті қарбаластан қажыған жандар бұл күні сүйікті істерімен айналысып, қонақ шақырғанды жөн көреді. Оливер Твист демалыс күнін шіркеуде құлшылық етумен, серуендер жасаумен өткізеді. Құстардың сайрауы, ағаштар сыбдыры оның бала жүрегін бақытқа толтырады.

Ұлыбритания тұрғындары үй жануарларын, әсіресе ит асырағанды ұнатады. Қазақ ұғымында жеті қазының бірі саналатын ит британдықтар үшін қадірлі. «Оливер Твисттің басынан кешкендері» атты туындыда Билдің иті адам өлтіруші Сайкстің ұсталуына көмектеседі. Ақылды ит Оливер өмірінің өзгеруіне кішкене болсын үлес қосады.

Қорыта айтқанда, әдебиеттану ғылымының ең жас саласы болып саналатын балалар әдебиетінің жетістіктері де, ауқымды мәселелері де мол. Балалар бейнесін жасауда ұлттық ерекшеліктерді қолдану ұлтжанды азаматтарды тәрбиелеуге оң ықпалын тигізеді. Қазіргі таңда бізді қоршаған ортада әлеуметтік, психологиялық өткір мәселелер қордаланған. Құбылмалы заманда балалардың рухани қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында балалардың арман-талғамдарына сай келетін шығармалар жазу бүгінгі күннің басты мәселесі.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Ыбырайымов, Б.** Ой мен сөз. – Алматы : Жазушы, 1985. – 248 б.
- 2 **Бөпежанова, Ә.** Өрнектер. – Алматы : Жазушы, 1991. – 201 б.
- 3 **Қабдолов, З.** Сөз өнері. – Алматы : Қазақ университеті, 1992. – 360 б.
- 4 Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. Ахметов З., Т. Шаңбаев. – Алматы : Ана тілі, 1996. – 240 б.
- 5 **Твен, М.** Том Сойердің басынан кешкендері. – Астана : Аударма, 2010. – 436 б.
- 6 **Боброва, М. Н.** Марк Твен: очерк творчества. – Москва : Гостлитиздат, 1962. – 530 с.
- 7 **Дүйсенов, М.** Әдебиеттегі мазмұн мен форма бірлігі. – Алматы : Ғылым, 1962. – 211 б.

- 8 **Соқпақбаев, Б.** Менің атым Қожа. – Алматы : Атамұра, 2003. – 304 б.
- 9 **Әлімбаев, М.** Көзін көрдік жақсы менен жайсаңның. – Алматы : Қазақстан, 2002. – 216 б.
- 10 **Цвейг, А.** Тайна Чарльза Диккенса. – М. : Книжная палата, 2000. – 263 б.
- 11 **Диккенс, Ч.** Оливер Твистің басынан кешкендері. – Астана : Аударма, 2004. – 392 б.
- 12 **Майтанов, Б.** Сөз сыны. – Алматы : Ғылым, 2002. – 344 б.
- 13 **Жарықбаев, Қ.** Жантану атауларының түсіндірмелі сөздігі. – Алматы : Сөздік-Словарь, 2006. – 384 с.

Материал 03.04.20 баспаға түсті.

A. A. Ussen¹, A. K. Kanatkerey²

Национальный характер классической детской прозы

^{1,2}Факультет филологии,
Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева,
г. Нур-Султан, 010000, Республика Казахстан.
Материал поступил в редакцию 03.04.20.

A. A. Ussen¹, A. K. Kanatkerey²

The national character of classic children's prose

^{1,2}Faculty of Philology,
L. N. Gumilyov Eurasian National University,
Nur-Sultan, 010000, Republic of Kazakhstan.
Material received on 03.04.20.

Детская литература представляет собой одну из основополагающих, немаловажных областей в сфере развития научной литературы. Её истоки зарождения берут начало из народной литературы. Методология, применяемая в данной категории литературы отличается своим разнообразием в формировании образа главных персонажей. Посредством формирования характерных образов героев, каждый народ, передает читателям свои национальные ценности, понимание мироздания, культуру и традиции присущие им.

Одна из основных целей детской литературы – это всесторонний анализ внутреннего духовного состояния и мировоззрения на окружающий мир детей и подростков. Освещая одну из основных задач, которая ставит перед собой современная детская литература,

порождается необходимость сохранить воспитательный характер литературы с современным образом детей и подростков.

В статье освещается проблема написания детской литературы, которая будет нести собой определенную ценность, а также иметь своей целью удовлетворения духовных ценностей ребенка. Поскольку влияние детской литературы на формирования ребенка как личности в будущем велико, современным литературоведам следует обратить внимание на развитие данной области науки.

The national character is a historical and dynamical concept. Its development reveals an image of the literary hero allocated with these or those typical qualities defining not only transformation of the character, but also life, and consciousness of the people.

Children's literature represents one of fundamental, important areas in the sphere of scientific literature development. Its sources originate from national literature. The methodology applied in this category of literature differs in formation of the main characters image. By means of formation of characteristic images of heroes, each people, give to readers the national values, understanding of the universe, culture and traditions inherent in them.

One of the primary of the purposes of children's literature is a comprehensive analysis of internal spiritual state and outlook on the world around children and teenagers. Covering one of the main objectives which puts before itself modern children's literature, need to keep the educational nature of literature with a modern image of children and teenagers is generated.

In the article the problem of writing children's literature, which will bear itself a certain value is covered and also to aim at satisfactions of cultural wealth of the child. As influence of children's literature on formations of the child as persons is in the future big, modern literary critics should pay attention to development of this field of science. Here child is naive and morally clean that helps to it, as well as many children protagonists of the Victorian novel to reach wellbeing, harmony and simple joy, peculiar this age group.

Р. М. Ускенбаева

PhD, сениор-лектор, Қ. И. Сәтбаев атындағы Қазақ Ұлттық техникалық зерттеу университеті, Алматы қ., 050000, Қазақстан Республикасы
e-mail: rauza82@mail.ru

УАҚЫТ ҰҒЫМЫНА ҚАТЫСТЫ МИФОЛОГЕМАЛАРДЫҢ ЭТНОМӘДЕНИ ҚЫРЫ

Әлемдік тіл біліміндегі жаңа бағыттағы зерттеулер қазіргі таңда қазақ тіл білімінде де ерекше мәнге ие бола бастады. Тіл білімі соңғы уақытта дәстүрлі құрылымдық аспектідегі зерттеулермен қоса лингвомәдени-танымдық, әлеуметтанымдық, этнотанымдық, когнитивтік деп аталатын жаңа бағыттағы зерттеу жұмыстарымен толығыра түсті. Дәл осындай бағыттағы ғылыми теориялық жаңа бетбұрыстар қазақ лингвистикасына да ерекше көрініс беріп келеді. Бұл дегеніміз – әрбір халық, әрбір ұлт секілді қазақ халқының «көзден таса» болып бара жатқан рухани, тарихи құндылықтарына, аса ықтиярлықпен қарай бастағанының белгісі.

Мақалада фольклорлық шығармалардағы уақытқа қатысты мифологемалардың ұлттық танымдық астары қарастырылады. Уақыт ұғымына қатысты тілдік бірліктерге талдау жасалады. Олардың танымдық астары сараланып көрсетіледі. Сонымен қатар, уақыт ұғымына қатысты мифологемалардың көркем шығармалардағы қолданыстық аясы талданады.

Кілтті сөздер: миф, мифология, мифологема, мифтік таным, мифтік сана, фольклор, уақыт, мифтік уақыт, мақшар күні.

КІРІСПЕ

Философ ғалымдар уақыттың абсолюттік шындық екенін ертеден айтып келеді. Баршамызға белгілі адам баласы ғана емес, барлық космостық әлем, болмыс уақыттың аясында өмір сүреді. Уақыт ұғымы адамзаттың өмір салтында, болмысында кеңінен сіңген, орныққан, негізгі ұғым. Адамзат уақыт ұғымын әртүрлі ұғымдармен байланыстырады. Солардың ішінде ең бастысы, уақытты – мөлшер, өлшем ұғымы ретінде тануы. Болмыстағы кез келген нәрсенің пайда болуы, дамуы, өмір сүруі, құрып жоғалу, басталу, жалғасын табу, аяқталу сәті болады. Яғни болмыстың, заттардың уақытпен өлшенетін өміршеңдік қуаты болады. Тек заттардың ғана емес, құбылыс, іс-әрекет – бәрі-бәрінің де уақыттық өлшемі болады. Уақыт болмыстағы

заттардың барлығына ортақ және бірдей. Уақыт мөлшерінің тілдегі көрінісі тіліміздің әр деңгейінен табылады. Және оның тіл арқылы бейнеленуі басқа мөлшер ұғымдарының тіл арқылы бейнеленуінен сәл өзгешелеу.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Қазақтың ұлттық сипатында уақыт ұғымы ерекше мәнге ие, тамырын тереңге жайған ұғым. Белгілі бір уақытты өлшейтін құрылғылар пайда болмай тұрғанда-ақ қазақ халқы табиғаттағы, айнала қоршаған ортадағы табиғи құбылыстар арқылы уақыт ұғымын бағамдай білген. Оған мысал тілдік қолданыстағы белгілі бір затқа немесе құбылысқа ұқсату арқылы уақыт өлшемін сипаттау. Мысалы, циклдік тұрғыда *өмір мен өлім, күн мен түн, қыс пен жаз* т.б.

Қазіргі кезде уақыт пен кеңістіктің ғылымның әр саласындағы көрінісі жан-жақты қарастырылып келеді. Яғни философиялық, тарихи, әлеуметтік, физикалық, математикалық, географиялық, биологиялық, экологиялық, психологиялық уақыт деген ұғымға қатысты зерттеулер ғылымның осы салаларында кеңінен зерттелуде. Осы ұғымдардың, яғни уақыттың бейнеленуі тіл арқылы көрініс табады десек, жыл мезгілдеріне байланысты атауларды А. Сейдімбек экологиялық уақыт деп көрсетеді. Ал осы жыл мезгілдері арқылы уақытты межелелеуге байланысты тілдік қолданысымызда көктем шыға, күз түсе, *көк қылтия салысымен, қар бекіген шақта, жаздың басын ала* т.б. тәрізді тұрақты тіркестер қалыптасқан. Экологиялық уақыт деп танып отырған мезгілге қатысты тәуліктік атауларды ғалым Н. Уәли де жан-жақты қарастырған. Тәуліктің кезеңдерге байланысты уақыт ұғымдары: *таң, таңсәрі, құлқын сәрі, тал түс, сәске, түс әлеті, бесін, намаздыгер, іңір, қызыл іңір, түн ауа, түн ортасы, жеті күн* т.б. Бұл көрсетіп отырған экологиялық уақыттың тілдегі көрінісі десек, тарихи уақытты бейнелейтін лексикалық бірліктерге *заман, дәуір, есте жоқ ескі заманда, баяғы өткен заманда, ежелгі дәуірде* деген сөздерді жатқызуымызға болады. Әрине адамның ой-санасындағы, қоршаған ортадағы, табиғаттағы кезкелген жағдаяттағы құбылыстар тіл арқылы көрініс табады десек, жоғарыда көрсеткен уақыт түрлеріне қатысты атаулардың тілде көптеп кездесетіні сөзсіз. Ал осының ішінде мифтік танымды білдіретін уақытқа қатысты лексикалық бірліктерді біз мифтік уақытпен байланыстырамыз. Бұл жайлы тілші-ғалым А. Жаңабекова этномәдени уақытқа қатысты мифтік уақытты атап көрсетеді. «Мифтік уақыт – қайтыланбайтын, өте ертедегі айрықша бір мезгіл. Өйткені миф – барлық тіршіліктің бастауы. Халқымыздың дүниетанымы, ұлттық болмысы, ең алдымен, мифтерде көрініс табады. Мифтік уақыт бізді қоршаған ортаның, дүниенің жаралған, басы басталған және маңызды істердің жүзеге асқан уақыты болып табылады. Яғни мифтік уақыт қайтыланбайтын, өте ертеде болған, мезгіл атаулының басы, барлық

нәрсенің жаратылыс уақыты» деген пікірін ескерсек, осы мифтік уақыттан бастау алған уақыт ұғымына қатысты мифологемалардың мифтік танымын ашуға талпынуымыздың негізсіз емес екендігін аңғару қиын емес [1, б. 42].

Мифологиялық шығармаларда кездесетін мифтік танымның негізінде қалыптасқан уақыт ұғымын білдіретін лексикалық бірліктердің қатарына бір **мақшар күні, қыдыр түні, мәуліт түні** және т.б. лексемаларды жатқызып отырмыз.

Мифологиялық шығармалар тілінде араб тілінен енген мақшар күні тіркесіндегі мақшар сөзіне Л. Рүстемов «собрание, толпа, люди в день страшного суда» деген анықтама береді [2, с. 183].

Араб тілінің негізінде дінге қатысты қолданысқа түскен бұл сөз жайлы «Мақшар, әл-Мақшар – діни ұғымда о дүниеде жаратушы алдында жауап беретін орын. Ислам танымындағы ақида (сенім) бойынша мақшарадамдардың қиямет күні сұрақ-жауап үшін жиналатын мекені мен мезгілін білдіреді. Ол күні Исафил періште өлгендердің тірілу белгісі ретінде сұр үрлейді, тірілген адамдар осыдан кейін мақшарға, яғни жасаған істеріне есеп беріп, ар өлшеміне тартылуы үшін жауаптасатын жерге жиналады» деп айтылады [3, б. 410].

Діни еңбектерде аталған лексикалық бірліктің «араб тілінің «ха-ша-ра» деген етістігінен туған бұл сөз жиналатын орынды білдіретіндігі», яғни сол күні белгілі бір орынға бүкіл адмзат баласы жиналатындығы айтылады. Мифологиялық шығармалар тілінде де осы ұғымды білдірген. Мысалы: *Егер Қазан мен үшін оныңда қанын төкпесе, мақшарда менің қолым оның жағасында болады дерсіңдер», – депті.* Яғни мұндағы айтылып отырған мақшар мифологемасының берер мағынасы зерттеуші-ғалымдардың ғылыми тұжырымын дәлелдей түседі.

Осыған мәнделс ұғым Шәңгерей ақынның шығармаларынан да көрініс табады:

*Қиямет, мақшар күн туса,
Өзім қайта «мен» болып,
Мен болармын қайтадан
Қайтадан жаным – қайта адам (Ш);*

Бұл өлең жолдары арқылы қайтыс болған, о дүниелік адам белгілі бір уақыт болғанда қайта тіріледі деген мифтік танымның көрінісін көреміз. Тілші-ғалым А. Жаңабекованың: «Мифология – адамзаттың рухани мәдениетінің ең көне формасы. Мифтер барлық халықта болды, кейін келе мифология дінге, одан философияға ұласты» [1, б. 35], – деген пікірін ескерсек, ақын шығармасына арқау болып отырған, қолданыс тауып отырған **мақшар күні** мифтік танымның негізінде дінге ауысқан деп айтсақ қателеспейміз.

Сол сияқты Ф. Қайырбековтың Байроннан аударған аудармаларында да мақшар күні сөз болады:

*О, дарига!
Үміт тәтті шүбәдан,
Болып мәңгі жан-сәламет дін-аман,
Мақшар күні сол сәулемен жолығып,
Мәңгі өлмейтін күн кешем деп жұбанам.*

Осындай қолданыс, жұмсалым О. Бөкейдің шығармаларында да көрініс табады: *... Бұл не деген дел-сал балбыраған мамырстан түн еді. Қараңызшы, қараңызшы, қоңыр салқын.. қоңыр салқын үйде, қоңырқай күйде тобық жұтқандай топайып, жым-жырт, тым-тырыс отырған жұрттың кіреуексіз дидарына: сонда біз мынау жалпақ жаһаннан баз кешкен жұмыр басты пенденің қай-қайсысы да күндердің күні – осындай бір қысылтаяң сәтте – өз-өздерінен есеп алып, өз-өздерінен салқын да сазды мұңның ақ мамығына оранып, қалжа жегендей маужырап отыратынын мұдарлар ма едік. Мақшар сәті ме бұл? Сол іспетті бұлаңытқан бұлың-бұлың бұла дүние (О.Б., 96 б.).* Берілген үзінді арқылы табиғаттың тылсым сыйы, ерекше күнді, уақытты мақшар күнімен салыстыру бар. Бұл арқылы халық танымында аталған мифологеманың **адам жанына жайлы бір сәт, уақыт** ұғымымен мазмұндас, мәнделс қолданысқа түсе алатындығын көреміз.

Сол сияқты жас ақындар шығармаларында да аталған мифологема уақыт ұғымына қатысты жұмсалған:

*...Мақшар күні болғанда,
Тас тығылар көмейге.
Жын-шайтанның жолдасы,
Ақиқатты елей ме?
Уғабөксеаңқасы,
Жаратушы жебей ме?.*

Оң мен сол

*... Мұңкір-Нәңкүр қояды ертең сауалын,
Толық емес көрде берер жауабым.
...Кәләм-Шәріп, бізден Сізге мыңқұлдық,
Мақшар таңда тиіп жатса сауабың!.. [5].*

Келтірілген мысалдар арқылы **мақшар күні** мифологемасының мифтік танымның, мифтік ойлаудың негізінде діни лексикаға ауысқандығын, сонымен қатар қазіргі кезде де жұмсалымға түсе отырып, мифологияны өз бойына сақтап қолданылатындығына көз жеткіземіз. Сонымен қатар негізінен мифологемалардың көбіне-көп мағыналық, ұғымдық өзгеріске ұшырамайтындығына көз жеткіземіз. Яғни мифологемалар тіл дамуының

қандай кезеңінде де, өз бойында мифті, мифтік ойлауды, мифтік танымды сақтайтындығын көреміз.

Мифологиялық шығармалар тілінде, соның ішінде ««Қорқыт ата»» шығармасында мынадай сөйлем жолдары кездеседі: *Қазаныңа жеті күнге мәулет бер, ұлың жерге кірген болса, оны табармын, көкке ұшқан болса, аяғынан тартып алармын.*

Аталған лексикалық бірліктің этимологиялық негізіне үңілу барысында бұл сөздің қазіргі тілдік қолданыста дыбыстық өзгеріске ұшырай отырып, негізгі берер мағынасымен төркіндес бірнеше мағынаға ие екендігіне көз жеткіземіз [6].

Л. З. Рүстемовтің түсіндірме сөздігінде *мәулет* сөзінің араб тілінің «мәуләд» *туған жері, Отаны* және «муһләт» *кейінге қалдыру, тоқтату* деген екі түрлі мағынада жұмалатыны айтылады [2, с. 192].

Е. Малғажарұлы *мәуліт* сөзінің араб тілінде «туылу», «туылған уақыт» мағынасында жұмсалатындығын айтады. «Адамзаттың асылы, пайғамбардың ардақтысы Мұхаммед (с.ғ.с) пайғамбардың туған уақытына байланысты тойланатын мейрам мәуліт мерекесі деп аталады» – дейді.

Қазақ тілінің әдеби сөздігінде *мәулет* сөзінің *белгілі бір істі, тапсырманы орындауға берілген нұрсат, мүмкіндік, уақыт, мерзім* мағынасында жұмсалатындығы айтылған. Осыған байланысты қазақ тілінде *мәулет алды, мәулет берді* деген тұрақты тіркестердің қалыптасқандығын көрсетеді. Яғни *мәулет беру* дегеніміз мүмкіндік беру, уақыт беру деген ұғымға саятындығы айтылады. Мифологиялық шығарма тілінде де осы ұғымда қолданыс тапқан. Мысалы: *Қыз бикеш, маған бір жыл мәулет бер, бір жылда келмесем, екі жыл күт. Екі жылда келмесем, үш жыл күт. Сол уақыт ішінде келе алмасам, мені өлді деп біл.*

Сонымен қатар *Мәуліт* түрінде *Рәббіл әуел айының 12 күндігіндегі мұсылман қауымы атап өтетін, мереке саналатын Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбардың туған күні* деген екі түрлі ұғымда жұмсалатындығы көрсетіледі. Осы дыбыстық өзгеріске ұшырап қолданылуының негізінде «*Мәуліт айы.* діни. *Мұхаммед пайғамбардың туған күні аталып өтетін ай және Мәуліт түні.* миф. *Мұхаммед пайғамбардың туған күні*» деген ұғымда да қолданылатындығы айтылады.

Және де *Мәуліт* түрінде де «белгілі бір уақыт, кезең, мезгіл» деген мағына беретіндігі көрсетіледі [7, б. 143–144]. Осындай қолданыс О. Бөкейдің шығармаларында да кездеседі: *Ендігі мәулітте ауылдан шығып, өзіне қарай аяңдаған жалғыз жаяуды көрді немесе: Енді бір мәулітте өзіне қарай қапталдап, қаптай шуап келе жатқан бес-алты аттыны көрген. Қаймыққан жоқ.*

Алғаш араб тіліндегі мағынасы туған жер, Отан ұғымының негізінде Пайғамбардың дүниеге келген күнін мәуліт күні деп атау қазіргі кезде санамызға сіңген лексикалық бірлік. Кеңестік кезең әдебиеттерінде тек туған күн мағынасын ғана ұсынып келген зерттеушілер қазіргі кезде бұл сөздің тек туған күн мағынасын білдіретін ғана сөз емес, бүкіл ислам мемлекеттерінің барлығында одан да үлкен ұғымға ие, яғни адамзат баласының тілегі, ниеті қабыл болатын, пайғамбарға құрмет көрсету айы ұғымында жұмсалатындығын көреміз.

Жалпы Мәуліт мерекесін атап өту алғаш рет 909 жылы Мысырда бастаған. Ал ол 1207 жылдан бастап ресми түрде атап өтіліп, бұл мереке ХҮІ–ХҮІІ ғасырларда Осман империясының ресми мейрамы болып бекітілген. Мәуліт мерекесі біздің елімізде де біраз ғасырдан бері аталып өтіп келе жатыр.

Қазіргі тілдік қолданысымызда *мәулет* сөзіне байланысты *мәуліт күні, мәуліт айы* деген сөз тіркестерінің қалыптасқаны белгілі. Араб тіліндегі туған күн ұғымынан бастау алған сөз тіркестері Алланың ең сүйікті пендесі – пайғамбар Мұхаммедтің (с.а.у) туылған күнімен байланыста айтылып, ислам дінін ұстанатын ұлт өкілдерінің санасында ерекше күн мағынасында қалыптасқан.

Діни тұрғыдан пайғамбардың туған күні саналатын мәуліт сөзі қазіргі кезде тылсым бір күштің әсерінен жақсылық болатын күн ұғымында халық санасында қалыптасқан. Мысалы: Әлемнің түкпір-түкпірінде барша мұсылмандар қауымы мерекелеп отырған «Мәуліт» мерекесі құтты болып, әрбір отбасыға бақыт пен молшылық әкелсін!

Сонымен қатар аталған лексикалық бірліктің қазақ елінің жер-жерлерінде диалектілік негізде сақталған бірнеше мағыналары бар. Мысалы: Қызылорда облысының Арал ауданына қарасты аймақтарда *мәулет* сөзі *кешірім* ұғымында жұмсалады: *Ол менің өзіне кезінде жасаған жақсылығымды ескеріп, мәулет етті.*

Ойымызды қорытындылай келе, ертедегі мифологиялық шығармаларда уақыт, мерзім мағынасында жұмсалған мәулет (мәуліт) сөзі тілдік даму барысында алғашқы уақыт ұғымының негізінде жаратқаннан жақсылық сұрайтын, күллі жаратылыс пен адамзаттың абзалы, асылы – пайғамбарға салауат айтатын, тілек тілейтін, жақсылық күтетін күн ұғымы деңгейіне дейін көтеріліп, жұмсалымдық өрісінің кеңейгендігін көреміз.

Мифологиялық ойлаудың негізінде қалыптасқан *Қыдыр түні* де уақыт ұғымына қатысты лексикалық бірлік деп айтуымызға болады. Олай деуіміздің себебі халық арасында сақталған аңыздарда көбіне көктем айында, яғни наурыз айының 21 түні жер әлемді Қыдыр ата аралап, бақ қондырушы ақсақал (кейде басына бөрік киген ер адам кейпінде суреттеледі) жүреді.

Сол себептен бұл түнді Қыдыр түні деп атаған. Яғни Түркі тілдерінің қолданысында кейде Қыдыр, кейде Қызыр түрінде кездесетін мифологема қазақ халқының мифологиялық шығармаларында көптеп кездеседі.

Түркі халықтарының ішінде татар халқының фольклорлық шығармаларында Қыдыр (Қызыр; Хызыр) – жерге тірі су сеуіп, тіршілік көзін сыйлайтын, ақырмазанға дейін өлмейтін, мәңгі өмірдің иесі ретінде, сонымен қатар адамзат баласында жол бойында кездесіп, қиналғанға көмек қолын созатын, қанағатсыз адамдарды жазалаушы ретінде суреттелсе, өзбек халқының түсінігінде, тек адасқандарға көмектесуші ғана емес, ауырған адамды емдеп жазушы, «исцеляет больных, но и участвует в культе плодородия» [8, с. 135]. Ал түрік халықтарында жыл сайын 23 сәуір күні «хыдреллез» мейрамы тойланады. Яғни жаздың келуін сол күннен бастап 3 күн қатарынан атап өтеді. Үш күнге созылатын мереке Қызырдың келуімен, яғни өзімен бірге күнді, суды алып келеді және жерді қыздырады деген наныммен түсіндіріледі [9, с. 28–29].

Түркі халықтарының қайсысын алсаңыз да, негізінен жер әлемді кезіп, тіршілік нәрін сыйлаушы деген түсініктің негізінде Қыдыр (Қызыр) мифологиялық кейіпкердің атауы берілгенін көреміз. Қыдыр мифологиялық кейіпкерінің түркі халықтарының мифтік танымында ертеден келе жатқандығын ескере отырып С. Қасқабасов Қыдыр (Қызыр) образының мұсылмандыққа дейінгі көне танымның негізінде қалыптасқандығын, мұсылмандық кезінде алғашқы мифтік танымның негізінде қайтыс болған ата-бабалардың аруағы кейпінде көрінетін мифтік бейне екенін айтады.

В. Бартольд аталған мифтік кейіпкер жайлы «Легенды о Хызре носят явно немусульманский характер, хотя распространены только среды мусульман, и самое имя Хызра представителям других религий не известно. Хызр не назван и в Коране... В образе Хызра слились в одно целое легенды различных времен и народов, от вавилонского гильгамеша до ветрозаветного Еноха и Ильи; с Ильей (по-арабский)Ильясд Хызр иногда сливается в одно лицо (отсюда «Хадерильяс» в «Ашик-Кериб» Лермонтова), иногда Хызр и Илья упоминаются рядом, причем Илье приписывается власть над пустынями, Хызру – над водами и культурными землями. Хызр являлся странником и подвижником, чеще всего в образе старика. Подвергал их испытанию и выводил на прямой путь» [10, с. 43].

Қыдыр түнінің негізінен туыс екі халықтың ұлттық мәдениетінде ұқсас көрініс тапқанымен, әр халықтың ұлттық танымында ерекшеленетін тұстары да бар екендігі көрінеді. Бұдан біз мифтің жекелеген ұлтқа ғана тән емес, жалпы халықтық сипатқа ие екендігін көреміз.

Ал осы аталған мифке кейіпкердің уақытқа қатысты тұсы қазақ мифологемасында кеңірек сипат алғандығын салыстыру арқылы көреміз.

Яғни Қадыр түні мифологемасының мағыналық астарына белгілі бір түн уақытында әлемнің ерекше күйге енуі, гүлденуі, көгеруі, бақытқа кенелуі деген ұғымдар енгендігін көреміз.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорыта айтқанда, ғылыми негізде көктем мезгілінде айнала қоршаған ортаның көгері, гүлдеуі табиғат жағдайында климаттық өзгеріс екендігі айтылып жүр. Бірақ бұны мифологиялық уақыт кезеңінде адамзат баласы біз атап көрсеткендей негізде таныған. Яғни табиғаттағы болып жатқан өзгерістерді мифтік ойлаудың негізінде Қыдыр түнінің келуімен байланыстырған. Сонымен қатар мифологиялық ойлаудың жасампаздығын аталған мифологеманың, яғни Қыдыр (Қызыр) түнінің әлі де болса қолданыста болуы, халық санасында, наным-сенімінің негізінде әлі де жалғасын тауып отыруын айтуымызға болады.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Жаңабекова, А.** Қазақ тіліндегі «уақыт» ұғымының тілдік парадигмасы: филол. ғыл. док. ... дис. – Алматы, 2010. – 348 б.
- 2 **Рустемов, Л.** Казахско-русский толковый словарь арабско-иранских заимствованных слов. – Алма-Ата : Мектеп, 1989. – 319 с.
- 3 «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия/бас редактор Б.Аяған. – Алматы «Қазақ энциклопедиясы» бас редакциясы, 2004. – Т.6. – 696 б.
- 4 <http://qamshy.kz/home/show/4241>. [Электронды ресурсы].
- 5 <http://alashainasy.kz/akyn/asyilbek-janbyirbay-garyish-syindy-jaraldyim-shekszdken-uksatpaymyin-ozmd-58955>. [Электронды ресурсы].
- 6 **Ускенбаева, Р.** Мифтік шығармалардағы араб тілінен енген сөздердің танымдық қызметі // «Академик Ө. Айтбайұлы және мемлекеттік тіл мәселелері» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары. – Алматы, 2016. – Б. 434–437.
- 7 Қазақ әдеби тілінің сөздігі: он бес томдық. – Алматы : Арыс, 2009. – Т.11. – 752 б.
- 8 **Садекова, А. Х.** Идеология ислама и татарское народное творчество.– Казань: Издво «Фикер», 2001. – С. 135.
- 9 **Cetin, I.** Nevruzkutlamalarında ortak ve benzer pratikler // Uluslararası Nevruz Sempozyum bildirileri: 21–23 Mart 2000. – Ankara : Kültür Bakanlığı, 2000. – P. 28–29.
- 10 **Бартольд, В. В.** Ислам. – 1918. – Т. 2. – 59 с.

Материал 03.04.20 баспаға түсті.

Р. М. Ускенбаева

Этнокультурные аспекты мифологем относительно понятия времени

Satbayev University,
г. Алматы, 050000, Республика Казахстан.
Материал поступил в редакцию 03.04.20.

R. M. Uskenbayeva

Ethnocultural aspects of myths regarding the concept of time

Satbayev University,
Almaty, 050000, Republic of Kazakhstan.
Material received on 03.04.20.

Исследования в русле новой парадигмы мировой лингвистики начинают обретать особую значимость и в казахском языкознании, которое наряду с продолжающимися исследованиями языка в традиционном структурном аспекте в последние годы обогащается также исследованиями в новых направлениях: лингвокультурологическом, социологическом, этнопознавательном, когнитивном и других аспектах. Именно в этом направлении осуществляется сейчас поворот в казахской лингвистике. Это свидетельствует о том, что к духовным, историческим ценностям казахского народа, которые так же, как и у других народов, оставались вне поля зрения, постепенно смещались на периферию общественного внимания, теперь начинают относиться с особым интересом.

В статье рассматриваются национальные познавательные аспекты мифологем в фольклорных композициях относительно времени. Также будет произведен анализ сфере применения мифологем в художественных произведениях относительно понятия времени.

Currently, a new line of research in linguistics in the world has acquired a special significance in the Kazakh linguistics. Linguistics in recent years, including the traditional aspects of the study of linguistic and cultural cognitive, social, educational, ethno cognitive, filled with a new area of research. A new twist in the same direction as the theoretical language Kazakh special look. This means that every people, every nation, Kazakhs, such as the «field of view» growing spiritual and historical values, the cognitive sign.

The article discusses the national cognitive aspects of mythologies in folklore composition regarding time. An analysis will also be made of the scope of mythologies in literary works regarding the concept of time.

FTAMP 16.21.47

Г. Ж. Утегенова¹, А. А. Шойбекова², Н. Ш. Базарбекова³

¹ф.ғ.к., доцент, «Мемлекеттік тілді оқыту» кафедрасы, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент қ., 160000, Қазақстан Республикасы;

²ф.ғ.к., доцент, «Мемлекеттік тілді оқыту» кафедрасы, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент қ., 160000, Қазақстан Республикасы;

³оқытушы, «Мемлекеттік тілді оқыту» кафедрасы, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент қ., 160000, Қазақстан Республикасы

e-mail: ¹Gulzi_2615@mail.ru**ЕСКЕРТКІШТЕР ТІЛІНДЕГІ ЗАТ ЕСІМНІҢ ЖАСАЛУ ЖОЛДАРЫ**

Тілдің әрбір тарихи кезеңіндегі күйін білдіретін жазба мұрағаттарсыз ешқандай да тіл тарихы жасалмақ емес. Бұл саладағы ең алғашқы міндет – тілдің әрбір тарихи дәуіріндегі өзіндік ерекшеліктерін, сыр-сипатын, мән-мағынасын көрсете алатын материалдардың бар жоқтығы, бар болса, ол қайсылар деген сұраққа жауап беру. Әдеби тілдің қалыптасу, даму тарихын жалпы халықтық тілмен, диалектілермен және көне жазба мұралар тілімен байланыстыра зерттеудің маңызды. Әдеби тіл тарихының тереңдігін көрсететін бірден-бір айғақ көне жазба ескерткіштеріміз болып табылады. Сондықтан олардың мұқият зерттелуі – ғылымдағы ең жауапты мәселелердің бірі. Орта ғасыр жазба ескерткіштер тіліне қазіргі тіліміздің қаншалықты қатысы бар екенін анықтау негізгі міндеттердің қатарына жатады. Бұл белгілі бір тілдің өзгеру, даму, қалыптасу жолдарын айқындауға да қолғабыс жасайды. Көне түркі тілдері мен қазіргі түркі тілдерінің, соның ішінде қазақ тілінің де өзіндік табиғатын танып, олардың ішкі даму заңдылықтарын ашу барысында тарихи жәдігерліктерді оқып зерттеу – ерекше маңызы бар өзекті мәселе.

Кілтті сөздер: ескерткіш, зат есім, сөзжасам, грамматика, түркі тілдер.

КІРІСПЕ

Алтын Орда дәуірі жазба ескерткіштерінің тіліндегі сөздердің тұлғасы өзінің лексика – грамматикалық сипатына қарай қазіргі тілдегі сияқты негізгі түбір сөзден бастап сөзжасам жұрнақтар арқылы туындаған жаңа туынды сөздер, функционалды – грамматикалық сөзтүрлем жұрнақтар мен әр алуан жалғаулар қосылып айтылу арқылы сөз тұлғаларын түгел қамтыған. Яғни өзіміз зерттеп отырған сөзжасам жұрнақтары жазба ескерткіштер тілінде қалай жасалса, сол күйінде алып қарастырып, бүгінгі тілдік деректермен салыстырып зерттеу тіл дамуымен, жаңа лексикалық мағынаның қалыптасуымен түрлі құнды мәліметтер береді.

Көне түркі жазба ескерткіштерінде көптік мағына беретін негізгі қосымшалар дыбыс үндестігіне бағынбайды. Сондықтан оның басқы дыбысы түбір сөздегі дыбыстың ыңғайына қарай түрленіп отырмайды. Буын үндестігіне қарай ол –лар, -лер болып жалғанады. Бұлар зат есімдерге де, есімдіктерге де, заттанған басқа сөздерге де жалғана береді. Жазба ескерткіштерде де, қазіргі түркі тілдерінде де көптік форма туғызатын –лар, -лер сан есімдерден кейін қолданылмайды, өйткені сан есімдер онсыз да анықталатын сөздің санын білдіреді. Мысалы: ары – лар (әулиелер), тікан – лар (тікендер), кадлік – лар (киіктер), іт – лар (иттер), чак – лар (шақтар).

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Қазақ тілінде жеті септік бар. Атау септігінен басқалары арнаулы жалғаулар арқылы жасалады. Жазба ескерткіштердегі септік жалғауларының да беретін мағыналары қазіргі тілдегіден айырмашылығы жоқ.

Зат есімдер құрылымы жағынан жалаң да, күрделі де бола береді. Жалаң зат есімдер екі салаға бөлінеді: біріншісі – түбір зат есімдер, екіншісі – туынды зат есімдер. Ескерткіштегі есім сөздердің барлығы бірдей түбір сөз бола бермейді, туынды болып та келеді. Олар жұрнақ арқылы бір – бірінен я басқа сөз таптарынан жасалады. Ең алдымен, есім сөздердің синтетикалық және аналитикалық сөз формалары арқылы жасалуына көңіл бөлу қажет.

Морфологиялық тәсіл арқылы жасалатын зат есімдерге зат есімнің өзінен, өзге сөз таптарына тиісті жұрнақтар арқылы туған туынды зат есімдер жатады. Барлық түркі тілдеріндегідей, ескі қыпшақ жазба ескерткіштерінің тілінде де қосымшалар арқылы сөз жасаудың мынадай тәсілдері бар. Олар:

1) Есімдерден зат есімнің жасалуы

2) Етістіктерден және басқа да сөз таптарынан зат есімдердің жасалуы

Бұлардан басқа ескі қыпшақ жазба ескерткіштерінің тілінде әр түрлі есім сөздер категориясын, етістіктер және басқа да сөз таптарын жасау барысында қолданылатын сөз түрлендіруші қосымшалар бар. Алғашқы категорияның қосымшалары (аффикстері), әдетте сөз тудырушы (сөз

жасаушы), ал екіншілері – сөз түрлендіруші қосымшалар болып есептеледі. Бұл екеуі де грамматиканың бір саласы синтаксиспен өте тығыз байланыста қарастырылады. Тіл білімінің морфология саласында сөздің сыртқы формасы мен құрамдық бөліктері қаралып, жоғарыда аталған қосымшалар тек морфология құрамына енгенімен, оларды синтаксистен бөле – жара қарауға болмайды. Сондықтан да сөздің морфологиясы мен синтаксисіне байланысты мәселелер қарастырылады.

Ескі қыпшақ тіліндегі жазба ескерткіштерде сөз құрамы басқа да түркі тілдеріндегі түбірден және бір немесе бірнеше лексикалық, грамматикалық қосымшалардан тұрады. Түбір (ары қарай бөлшектеуге келмейтін) мен туынды түбір (екі немесе одан да көп морфемадан тұратын) сөздің негізі болып есептеледі. Мысалы, түбір сөздерге: ет (ет), сүт (сүт), бал (бал), аш (ас), ун (ұн), йағ (май), үкі (үкі), йүк (жүк), уйа (ұя), йүң (түн) т.б.

Жалпы ескі қыпшақ ескерткіштеріндегі сөздер өздерінің құрамына қарай дара және күрделі сөздер болып бөлінеді. Мысалы, йар (жар), кервен сара (керуен сарай), Темүрқазук (Темірқазық, жұлдыз аты) т.б.

Н. А. Кононов өзінің «Грамматика современного узбекского языка» деген еңбегінде [1] ескі қыпшақ тіліндегі сөздердің он сөз табына жіктелетіндігін атап көрсетті. (Зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік, үстеу, шылау, жалғаулықтар, жұрнақ, одағай).

Зат есімнен зат есім тудыратын жұрнақтар жұмсалы ерекшеліктеріне қарай өнімді, өнімсіз болып және кішірейту, еркелету мәнінде жұмсалса, сондай-ақ зат есімнің кейбір түрлері синтаксистік тәсілмен жасалады.

Көне тілдерде де, қазіргі түркі тілдерінде де зат есімдер лексикалық, морфологиялық, синтаксистік тәсілдер арқылы жасала береді. Біздердің зерттеп отырған ескерткіштерімізде есім сөздерден зат есім жасауға бейім жұрнақтар деп мыналарды көрсетуге болады. Мысалы: -чак, -чык, -лык, -лік, -дык, -даш, -деш, -ув, -лук, -сүк, -ған.

Жазба ескерткіштердегі зат есімдердің беретін мағынасына қарай былайша топтастырып қарауға болады.

Қимыл мен әрекеттің нәтижесін білдіретін жұрнақтар:

-а, -е: йар – ескі түбірі йарлығ – жараулы; йара – жара.

-ғақ, -гек, -қақ, -кек: қ – ру – құрға, қ – руғақ – құрғақшылық.

-ғун, -гун, -ғын, -гын, -қын, -күн: тұтғун – тұтқын, ушқун – ұшқын, йарқын – жарқын.

Оқулықтардың морфология бөлімінде қарастырылатын қысқарған сөздер туралы мағлұмат қазақ тілінде жоқ. Жалпы түркі тілдерінде, соның ішінде қыпшақ тілінде де, сөз тудыру, сөз жасау амалдары грамматикалық құрылыс жүйесінде үлкен қызмет атқарады. Әсіресе, көне жазу ескерткіштерін зерттеуде олардың маңызы зор, өйткені ертеде жазылып

қалған материалдардың ішінен жаңа сөз жасаудың басқа жолдарын айқындау түбір мен қосымшаларды саралап ажыратып беруден әлдеқайда өнімсіз де қиын. Қыпшақтардың сапалық қасиетін, олардың өнімсіз не өнімді жұрнақ екендігін ажырату тірі тілдерге қатысты алып қарағанда қиын көрінбегенмен, өлі тілдердің материалдарына қарап олай айтуға болмайды. Бұл жерде тек жиі қолданылатын және сирек кездесетін жұрнақтар деген тұрғыда ғана сөз етуге болады. Есім сөздерге жалғанып есім тудыратын жұрнақтардың ішінен бірінші топқа –ча, -чақ, -к, екінші топқа -тук, -ге сияқтыларды жатқызамыз.

Ескерткіштердегі есім сөздерге жалғанып зат есім тудыратын жұрнақтардың бастылары төмендегідей:

қ // – к, -ақ // -ек жұрнағы, негізінен алғанда, кішірейткіш ұғым береді.

Жазба ескерткіштерде –к, -к, -ақ, -ек, -эк, -ық, -ик, -ук, -үк тұлғаларында қолданылады. А. Ысқақов бұл жұрнақты – нағыз омоним жұрнақ деп есептей келіп, оның мынадай мағыналарын атап өтеді:

1 Етістіктен туған зат есімдер (қазық, күйік, т.б.)

2 Есімдерден туған зат есімдер (мойнақ, тікенек, т.б.)

3 Етістіктен туған сын есімдер (бөлек, сирек, сынақ, т.б.)

4 Еліктеуіш сөздерден туған сын есімдер (қалтақ, шыжық)

5 Есімдерден туған етістіктер (сауық, өшік, кешік, т.б.)

6 Түбір етістіктен туған туынды етістіктер (көнік, қанық, т.б.)

Бірақ, кейде ол дәл осындай мағына тудыра отырып, өзі жалғанған сөзді басқа бір нәрсенің атына айналдырып жібереді. Мысалы, көрк (көрік) дегенде -к формасы арқылы жаңа бір зат есім жасалып тұр. Сақақ (иек) деген сөздегі –ақ жұрнағы арқылы етістіктен есім сөз жасалып тұр.

– ма // – ме жұрнағы кейбір түбір есімдіктерге жалғанып, зат есім жасайды. Мысалы, а^ма (соқыр) деген сөздегі -ма жұрнағы жалғану арқылы зат есім жасалып тұр.

– чақ // -чек, -чық // -чік жұрнағы көне тұлғалы ч + ақ, ч + ық деген екі жұрнақтан құралған. Бұл жұрнақ жалғанған түбірге үш түрлі мағына үстейді: а) кішірейту мағынасы; ә) сөз мағынасын кішірейте отырып, бөтен ұғым беретін жаңа сөз, яғни зат атауын жасау; б) кәсіпті көрсетеді. Мысалы, бірінші мағынада: сығыр (өгіз) – сығырчық (өгізше); екінші мағынада: іч (іш) – іччек (ішек); үшінші мағынада: өрүм (өрім) – өрүмчік (өрмекші).

Балчық – балшық (лай), есенлік – есендік (амандық, саулық, аман – есендік, есен – саулық), чузув және йазмақ – жазу – сызу, ашлық – астық, турумчақ – ескі жастағы тайлақ, бурундық – мұрындық (түйенің мұрындығы), қарындаш – туған-туысқан, үрім– бұтақ (туған ағайындас адамдар). Қазақ тілінде – қара – ата қарындаш, ата қыз қарындаш, ана қыз қарындаш, йердеш – жерлес, ерсүк – ойнасқор (әйел), еркұмар (әйел, жәлеп әйел).

Балчық (балшық). Қыпшақ жазба жадыхаттары мен тілдерінің көбінде кездесетін танымалды сөз: балчық // балчуқ // балчых // балшық (грязь, глина, тина, ил, тас);

Турумчақ (екі жасар тайлақ). Зайончковский: турумчақ (-чах // – чақ, кішірейту мағынасын беретін аффикс жалғанып тұр. Қазақша: тоқты – торым; ДТС– турум // торум (верблюжонок).

тук // -түк, -дук // -дүк жұрнақтары өзі жалғанған түбірдің лексикалық мағынасын өзгертіп жібергенмен, туынды түбір сөздің негізгі түбірмен байланысы әнтек байқалып тұрады, яғни өзі жалғанып жасалған өздің түбір сөз мағынасына байланысты екендігін көрсетеді. Мысалы: қол (қол) – қолтук (қолтық). Бурундүк (мұрындық). Тас – бурундүк (стерженок, тоненькая палочка проодеваемая через хрящи под ноздрями верблюда, за которую привязывают поводок). Түркі – қыпшақ тілдерінде түгел айтылады [2, 126], әр түрлі аллофондары бар.

-ман, -мен – есімшенің келер шағымен зат есімге жалғанып, зат есім тудыратын өнімсіз жұрнақ. -ман аффиксі М.Қашғаридің пікірінше парсы тілінен аударғанда тектес, тәрізді, сияқты деген мағынаны білдіреді. С.Аманжолов -ман арабтан әуелде адам мағынасында еніп, кейін жұрнаққа айналған.

-ман // -мен жұрнағы адамдардың өзара қоғамдық қарым – қатынасын, заттың бейімділік қалпын білдіреді. Мысалы: талаш (талас) – талашман (таласушы кісі, таласқа түсуші).

Бұлардың барлығы да дерлік морфологиялық жолмен жасалған зат есімдер. Өзге сөз таптарынан қажетті жұрнақтардың жалғануы арқылы пайда болған сөздер. Зат есім тудыратын жұрнақтардың кейбіреуі өздері тіркескен сөздердің лексикалық мағыналарына семантикалық реңк қана үстейді. XIII–XIV ғасыр жазба ескерткіштерінде зат есімдер мынадай жұрнақтар арқылы жасалады. Олар: -мақ, -мек, -чық, -үк, -үт, -ақ, -үм, -ым, -уш, -чі, -ған, -мач, -рек, -іш, -аш, -ерү, -сун. Осы аталған жұрнақтарға мысалдар келтірейік.

-мақ етістіктің түбіріне қосылып, есім жасайтын құранды әрі өнімді жұрнақ: тізбек, батпақ, шақпақ сөздері – етістікке –бек, -пақ құранды жұрнақ қосылу арқылы жасалған есім сөздер.

-мақ қосылу арқылы жасалған сөздер құрал – аспап атын білдіреді:

-мақ қосылу арқылы жасалған сөздер киім атауларын, не белгілі бір заттың тобын, жиынтығын білдіреді:

Ауқат тағам аттарын білдіреді:

«-мақ, -мәк встречается, как пережиточный аффикс, в изолированных словах различного значения» [3, 171].

Тутылмақ – тұтылу (айдың, күннің тұтылуы), көкремек – күркіреу (күннің күркіреуі), есмес – күн (жел соқпай тұрған уақыт, жел еспейтін кез),

тамчық – тамшы (майда тамшы), үйүк – үйік, төбе (үйінді жер, төбешік), айры – айрық (таудың айрығы), йебүлдірек – жапырақ (ағаштың жапырағы), кечүт – судан кешіп өтетін жер (жаяу өткел), қышқач – шаян, сувлачан – суалшаң, йалдрым және сырча – әйнек, шыны (жарқ – жұрқ ететін, жарқырап тұратын нәрсе, зат), бол(л)уқ – бөлу, бар болу, жетісу, жетілу, баю, байлықтың мол болуы, молшылық, бузмақ – талау (талан – таржға салу, талап алу).

-лық біз зерттеп отырған жазба жәдігерлерде ең жиі қолданылатын өнімді жұрнақ. «Хұсрау уа Шырын» мен «Нахдж әл-Фарадис» тілінде 8 түрлі фонетикалық варианты бар: -лық, -лик, -луқ, -лүк, -лығ, -лиг, -луғ, -лүг; «Мухаббат – наме» тілінде тек –лық, -лик, -луқ варианттары бар. Ескерткіштерде –лық көбіне сын есім және зат есім тудыруға белсенді. Сонымен қатар көп мағыналы болып келеді.

1 Зат есім жасай отырып абстракт ұғымдар береді. Бұл сөздерді шағын мағыналық топтарға бөлуге болады.

а) сын есім негізден зат есім тудырып сапа мен жағдайды білдіреді. Иаманлық (жамандық): йаманлық қылған ергә егүлік қыл – жамандық қылған адамға жақсылық қыл /Г.326/.

Есенлік (есендік). Сөз түбірі қыпшақ жазбаларында кездеседі: тас – есен (здоровый, благополучный).

Ашлық (астық). Зайончковский: зерновой хлеб, зерно. Шығыс түркі тілдерінде: ашлығ, ашлық (зерно, злаки), ашла (есть, кушать), ашлақ (кушанья, яства), ашлық (обеспеченный едой, пищей; имеющий в качестве пищи что – либо), аша (есть, кушать) [2, 62]. Түркі тілдерінде танымал белгілі сөз.

Ачлық (аштық): Өкүш йнг әрмин ачлық бирлә алмәк – аштықтан өлу өте қиын /XIII,84 б.16/.

б) адамның мінезін, әрекетін, қалпын білдіретін сөздерден жасалған абстракт мағынадағы зат есімдер тудырады:

Кишилик (адамгершілік): йар өлтүрмәк кишилик ермәз – Досты өлтіру – адамдыққа жатпайды /XIII, 195, 17/.

Фузулук (арсыздық): фузулук қылма өз орнунда тур тек – арсыздық қылма өз орнында тұр /XIII, 218/.

Ұлүглүк (ірілік): Мәгар кішілікні ұныттың кім, ұлүглүк естірсін – Кішілікті ұмытқан адамнан ірілік көрерсің /Г,273 б.,7/.

в) жан – жануарлардың атауларына жалғанып абстракты ұғымды зат есімдер жасайды.

Бөрилик (бөрілік, бөріге ұқсас): Бөрилик кой, чабан қыл ишинни – Бөрілікті кой, шопанға ұқсап іс қыл /XIII, 168, 19/.

Тилкүлүк (кулық, айлакерлік): Арслан тилкүлүк қылса йәрашмаз – Арыстанға кулық жараспаз /XIII, 167 б. 12/.

г) ескерткіштерде сын есімге жалғанып, абстракт мағынадағы зат есімдер жасайды:

Түгәллик (түгелдік, бүтіндік): Түгәллик йәхшы – бүтіндік жақсы /XIII, 16 б. 20/.

2 Атақ, дәрежені білдіретін сөздерден адамның әлеуметтік жағдайын, кәсіпті, қызметті білдіретін зат есімдер жасайды:

Беклик (бек қызметі): Арзу билән беклик ғасил болмас – Тек қана үмітпен бек бола алмайсың /Г, 190/.

Куллық (құлдық, қызмет көрсету): бу ол му, йа дәгүл му билсә болмаз, ики әрклиггә куллық қылса болмаз – Бұл сол ма, әлде ол емес пе біліп болмас, екі үкіметке бір уақытта құлдық қылып болмас /XIII,49 б. 3/.

Ханлық (хандық, патшалық): Бу күн ханлық бозынға кәртү хан сән – Бүгін хандыққа лайық хан сен /XIII, 114, 14/.

3 Әр түрлі мақсатқа арналған заттар мен нәрселердің атын білдіреді: Ашлық (нан, бидай, дән): Йер урук алмайынча бермәз ашлық – Жер ұрық алмай, бидай бермес /XIII, 204/.

Түңлүк (түндік): Соңы айдың тег оң түңлүкдан енгай – Соңынан сәулеге ұқсап түндіктен енеді /XIII, 86/.

4 Өлшем, бірлікті білдіретін сөздер –лық жұрнағымен жасалғанымен өте сирек:

Бирлик (бірлік): Анық бирликангә берүр тануклук – Оның бірлігіне куә болады /XIII,5 б. 16/.

5 Шыққан орынды, мекен – жайды білдіреді: «Гулистан бит – турки» дастаны мен «Хұсрау уа Шырын» жазба ескерткіштерінде ғана бірер дерек бар:

Кавунлық (қауындық, қауын егілген бақша): Гәр йесе кази алип бартил сәндән беш хийар он кавунлық ғасил етәргә қыл йарар – Егер қазы сенен пара үшін бес қияр алса, онда саған он қауындық бақшаны тиесілі етеді /Г, 16 а 3/.

Уштмақлық (жұмақ тұрғыны): Тәмүғлық қыл мени йа ғәм уштмахлық – Мені не тамұқтың не жұмақтың тұрғыны қыл /XIII, 17 б 16/.

Еллик (бір елге тәуелді): Не еллик болурсиз – Қай елденсіз? (XIII, 52 а 3).

Ө. Керімовтің көрсетуінше «XIII» дастанында -лық жұрнағынан жасалған 245 туынды сөз, «Г» дастанында 55, «Мн» дастанында 6 туынды сөз бар екен [4, 160].

Қазіргі түркі тілдерінде –лық / -лығ тұлғасы ең өнімді жұрнақтардың бірі. Сөз тудырушы қосымшалардың көпшілігі бірнеше мағынаны білдіретін белгілі бір сөз табына телу арқылы олардың мәнін ашу қиын. Қазақ тілінде –лық / -лік жұрнақтары бірнеше мағына береді.

Аталмыш қосымшалардың сөзжасамдық алғашқы мағынасы қатыстық мән болып, кейін заттық ұғым қалыптасқан. Мысалы, беклик / қызмет – беклик / бек, жастық шақ – жастық.

-лық сөзжасам жұрнағы туралы түркітануда әр түрлі пікірлер бар. Н. К. Дмитриев былай деп жазған: «При всем многообразии функций, природа аффикса является идея концентраций или объединения чего – либо; сперва конкретных предметов, а потом и абстрактных» [5, 171].

В. А. Серебренников пен Н. З. Гаджиева осы тұжырымға сүйене отырып, -лық, -лиг бұрын көптік жинақтау мағынасын берген күрделі аффикс болған дейді [6, 302].

Ежелгі түркі, орта түркі жазба мұрағаттарының көбінде кездесетін -сыз тұлғасы заттық ұғымды сөздерден болымсыздық мән туғызатын өнімді жұрнақ. Қазіргі түркі тілдерінде де жиі қолданылады. Қазақ тілінде де екі тұлғада –сыз, -сіз варианттарында ұшырасады.

М. Томановтың көрсетулерінде -сыз өзінің тегі жағынан -сар аффиксімен ұялас.

Зат есім мен етістіктен зат есім тудыратын өнімді жұрнақтар. Әдеби тілімізде морфологиялық тәсілмен сөз тудыруда көп қолданылатын өнімді, актив жұрнақтардың бірі – -шы, -ші. Тарихи қалыптасу жағынан А. Г. Гулямов: «... аффикс –чи первоначально имел форму –ч, потом к нему присоединился формант –и получилась расширенная форма указанного аффикса, в дальнейшем аффикс расширенная форма указанного аффикса, в дальнейшем аффикс –чи начал присоединяться и к другим словам» [7, 15], – деп қарайды. Мүмкін –шы морфемасының этимологиясы солай болғанымен, қазіргі қазақ тілінде күрделі емес, жалаң жұрнақ.

Адамның әр түрлі еңбегіне, мамандығына, саяси бағытына тағы басқа ерекшелігіне байланысты жалпы дерексіз мағыналы, жалпы заттық мағыналы, нақтылы мағыналы зат есімдер жасалуына негіз болатын –шы мынадай тұлғалы сөздерге қосылып, негізгі түбірлі (әнші, сыншы), туынды түбірлі (егінші, сауыншы), біріккен түбірлі (қолбасшы, шекарашы), қысқарған түбірлі (колхозшы) зат есім жасайды.

-чы, -чи, -чі жұрнағы аталған ескерткіштердің барлығында да осы фонетикалық варианттарда кездеседі. Зат есім туғызатын бұл жұрнақ мынадай мағыналар береді.

1 Есімдерге тіркесіп келіп, кәсіпті, мамандықты білдіреді.

Егинчи (егінші): Егинчиләр келип шикайт қылдылар – Егіншілер келіп арыз айтты /Г, 91 69/. Егінчі үйлері йағылды отқа – Егінші үйлері жағылды отқа /Г,2/.

Елчі (елші): Беш башлы елчі келійір – Бес басты елші келеді /КК, 16/.

Қарақчы (қарақшы): Қарақчыдан не қорқсун йоксул ай йар – Қарақшыдан не қорықсын кедей, әй жар /ХШ, 219/.

Авчы (аңшы): Менің Қам авчы йүгрук ітларім бар – Менің де аңшы жүйрік иттерім бар /ХШ, 15/.

Битигчи (хатшы, көшірмеші): Оқуды хас битигчисин қатынға – ол өзінің жеке хатшысын шақырды /ХШ, 141 66/.

«ХШ» және «Г» ескерткіштерінде етістік негізінен туындаған кейбір сөздер де мамандықты білдіреді.

Күзәтчи (күзетші): Йәнә тапса күзәтчисиз ачук дүр – күзетшісіз қалған қымбат тасты тапса / Г, 62610/.

Отачы (дәрігер): Отачы нечә ким билсә тамардын – тамыр ұстап ауруды білетін дәрігер /ХШ, 63611/.

2 Есімдерге жалғанып адамның қасиетін, жақсы не жаман сапасын білдіреді.

Күрәшчи (балуан): бир күрәшчи пәғләван алтмыш түрли күрәш илмин билүр ерди – Бір балуан алпыс түрлі күрес тәсілін білетін / Г, 74 6 4/.

Йалғанчы (өтірікші): Йалғанчы душман көр болсун – Өтірікші жау соқыр болсын / ХШ, 178 а 5/.

3 Субъектіні білдіріп зат есім туғызады:

Әпчи (әйел): Бұл сөздің түбірі «еп» – үй. Қазіргі хақас тілінде епчі әйел мағынасын береді.

Бұл сөзжасам жұрнақтарының ерте дәуірден бірден-бір мағынадағы субъектіні білдіреді. Оның шығу тегі туралы әр түрлі жорамал бар. Г. Рамстедт мұнымен қытай, корей тілінің чиа – кісі, ер кісі деген сөздерінен шыққан деп көрсетеді [8, 209].

-даш, -дәш «ХШ» және «Г» ескерткіштерінде кездеседі. Зат есімдерге жалғанып туыстық, жолдастық қатынасты білдіретін атауларды туғызады.

Йолдаш (жолдас,серік): Мен дағы анларға йолдаш болмақ тиләдим – Менің оларға жолдас болғым келді /Г, 151 а 3/.

Қарындаш (туған – туысқан адамдар). Тас – қарындаш (брат, собрат, единоутробные братья и сестры); ата қарындашы (дядя по линии отца); қайын қарындашлар (родители и родственники жены и их потомство); қыз қарындаш (сестра); КК,МҚ. ДТС – қарундаш // қарындаш (брат единоутробный).

Көңілдаш (дос, көңілдес): Көңілдаш мән йәнә залым ерүр йар – Мен шын доспын, ал менің досым залым /ХШ, 115 в 10/.

Евдаш (әйел): Йақшы ер евдәши йаман болса, жәвр ичиндә ерин ғәмишә қыйнар – Жақсы адамның әйелі жаман болса, ол үнемі ерін азаптар /Г,134 а 6/.

-даш жұрнағы туралы түркітануда әр түрлі пікірлер бар. Н. Остраумов бұл жұрнақтарды жатыс септігінің жалғауы -да және ортақтық мағынаны білдіретін -ш жұрнағының қосындысынан жасалған дейді [9, 9]. Ал белгілі қазақ ғалымы К. Аханов бұл тұлғаны «морфологиялық жылысу процесі мен сіңісу процесінің қатысуы нәтижесінде жасалған құранды жұрнақ» деп есептейді [10, 19]. Түркітануда жұрнақтар дербес сөздердің күңгірттенуі

арқылы жасалған деген тұжырым бар. О бастағы дербес сөз кейін көмескілене келе жұрнаққа айналып, түбірге жалғанарда жайдан жай тіркесе бермейді. Тілдің белгілі бір ішкі заңдылығына сүйенеді.

-ым жұрнағы ескерткіштерде –ым, -им, -ум, -м варианттарында кездесіп, бірнеше мағынада қолданылады.

Жаңа сөз тудыру тәсілінің бірі – субстантивтену. Қазақ тілінде сын есім, сан есім, есімше және кейбір модаль сөздер субстантивтенгенде, олардың лексикалық мәні, грамматикалық сипаты, функциясы өзгереді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазіргі қазақ тілінің қалыптасуы мен дамуындағы тарихи процестерді ашып-айқындау – бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Орта ғасыр ескерткіштері тілі мен жаңа тілдің сабақтастығын айқындауда және оларға лингвистикалық тұрғыдан баға беруде XIII–XIV ғасыр жазба ескерткіштерінің маңызы зор.

Қазақ әдеби тілінің бастау көзі ретінде XIII–XIV ғасыр жазба ескерткіштерін зерттегенде ондағы құбылыстарды диахрондық тұрғыдан да, синхрондық тұрғыдан да қарастыру қажет. Осы мақсатта XIII–XIV ғасырдағы жазба ескерткіштер тіліндегі есім сөздердің жасалуы жан-жақты сипатталды.

XIII–XIV ғасырдағы жазба ескерткіштер жазба ескерткіштер тіліндегі есім сөздерді зерттеу нысанымызға айналдырып, олардың қалыптасуы мен пайда болу жолдары, даму ерекшеліктері айқындалды.

Есім сөздерді жасайтын жоғарыда аталғандардан басқа да жұрнақтар жазба ескерткіштердің тілінде көптеп кездеседі.

Сонымен, қорыта келгенде, қазіргі түркі тілдеріндегі есім сөздердің өзіне тән мағынасы, морфологиялық көрсеткіштері, сөзжасамдық тәсілдері мен синтаксистік қызметі жағынан дараланған, тілдік жүйеде өзіндік орны бар түрленбейтін сөз табы.

Біздің зертеу жұмысымызда, Алтын Орда дәуіріндегі жазба ескерткіштердегі есім сөздердің жасалу жолдарын анықталып отыр.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 Кононов, А.Н. Грамматика современного узбекского языка. – М. – Л., 1960. – с. 340.

2 Древнетюркский словарь. – Л., 1968. – С. 820.

3 Дмитриев, Н. К. Грамматика башкирского языка. – М. – Л., 1948. – С. 171.

4 Керімов, А. «Словообразовательные аффиксы в языке памятников тюркоязычной литературы XIV века» рукопись канд. дис. – А., 1979. – 160 с.

5 Дмитриев, Н. К. «Грамматика башкирского языка». – М.-Л., 1948. – 171 с.

6 Серебренников, В. А., Гаджиева, Н. З. Сравнительно – историческая грамматика тюркских языков. – М. : Наука, 1986. – 302 с.

7 Гуламов, А. Г. Проблема исторического словообразования узбекского языка (автореферат). – Ташкент, 1955. – С. 15.

8 Рамстедт, Г. И. Введение в алтайское языкознание. – М., 1957, – С. 260.

9 Остраумов, Н. Этимология сартовского языка. – М., 1940. – 9 с.

10 Аханов, К. Грамматика теориясының негіздері. – А., 1972. – 239 б.

Материал 03.04.20 баспаға түсті.

Г. Ж. Утегенова¹, А. А. Шойбекова², Н. Ш. Базарбекова³

Пути образования существительных на языке памятников

^{1,2,3}Факультет филологии,

Южно-Казахстанский государственный университет
имени М. Ауезова,

г. Шымкент, 160000, Республика Казахстан.

Материал поступил в редакцию 03.04.20.

G. J. Utegenova¹, A. A. Shoibekova², N. Sh. Bazarbekova³

The ways of forming nouns in the language of monuments

^{1,2,3}Faculty of Philology,

M. Auezov South Kazakhstan State University,

Shimkent, 160000, Republic of Kazakhstan.

Material received on 03.04.20.

Без письменных архивов, обозначающих состояние языка в каждом историческом периоде, не создается никакая языковая история. Первая задача в этой области – отсутствие материалов, которые могут отражать особенности языка в каждом историческом периоде, характер, сущность. Важно исследовать историю становления, развития литературного языка в сочетании с общенародным языком, диалектами и языком древней письменности. Единственный факт, отражающий глубину истории литературного языка, является памятником древней письменности. Поэтому, их тщательное изучение – одна из самых ответственных проблем в науке. К числу основных задач относится определение того, насколько современный язык связан с языком письменных памятников средневековья. Это способствует определению путей изменения,

развития, становления определенного языка. Особое значение имеет изучение истории древнетюркских языков и современных тюркских языков, в том числе и казахского.

Without written archives indicating the state of the language in each historical period, no linguistic history is created. The first problem in this area is the lack of materials that can reflect the peculiarities of the language in each historical period, the nature, the essence. It is important to study the history of the formation and development of the literary language in combination with the national language, dialects and the language of ancient writing. The only fact that reflects the depth of the history of the literary language is the monument of ancient writing. Therefore, their careful study is one of the most important problems in science. Among the main tasks is to determine how modern language is related to the language of written monuments of the middle ages. This helps to determine the ways of change, development, formation of a particular language. Of particular importance is the study of the history of ancient Turkic languages and modern Turkic languages, including Kazakh.

ГРНТИ 378.016:811.111*367.625

М. М. Шайжанова¹, А. Б. Нурсейт², А. Б. Нурсейт³

¹ассистент оқытушы, М. Тынышпаев атындағы қазақ көлік және коммуникациялар академиясы, Алматы қ., 050056, Қазақстан Республикасы; ²ассистент оқытушы, М. Тынышпаев атындағы қазақ көлік және коммуникациялар академиясы, Алматы қ., 050056, Қазақстан Республикасы; ³ассистент оқытушы, М. Тынышпаев атындағы қазақ көлік және коммуникациялар академиясы, Алматы қ., 050056, Қазақстан Республикасы
e-mail: ¹meruyert_maratovna@mail.ru; ²aidana.nurseyt@mail.ru; ³nurseyt_aizada@mail.ru.

АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕГІ ЕТІСТІКТЕР МЕН ОЛАРДЫ ҮЙРЕТУ ЖОЛДАРЫ

Бұл мақалада ағылшын тіліндегі етістіктер туралы жалпы мағлұмат беріледі. Өткен шақтағы етістіктердің түрлеріне тоқталып, оларға ағылшын тілінде мысалдар беріледі. Студенттерге өткен шақтағы етістіктерді үйретудегі кездесетін қиындықтар мен оларды шешу жолдары, дұрыс және бұрыс етістіктердің өткен шақта өзгеруі, айтылуы мен дұрыс жазылуы туралы ақпарат беріледі. Көрнекі құралдардың топтамасы туралы айтылып, оқыту барысында қолдануға тиімді суреттер немесе қосымша кестелер сияқты материалдарға мысал келтіріледі. Етістіктерді үйретудегі заманауи әдіс-тәсілдер, ауызша және жазбаша жаттығуларды орындағанда қолданатын қызықты Snar және Pelmanist сияқты ойындар мен әдістерге тоқталып, орындалатын жаттығу түрлеріне мысал беріледі.

Кілтті сөздер: ағылшын тілі, грамматика, етістіктер, өткен шақ, көрнекі құралдар, оқыту әдіс-тәсілдері.

КІРІСПЕ

Ағылшын тілі сабақтарының басты мақсаты – шәкірттерге өз елінде, қоршаған ортада, қоғамда, басқа елдерде болып жатқан жаңалықтардан хабардар болып, олардың тыныс-тіршілігінен мағлұматтар алып, жеке бас тәжірибесін жетілдіре түсуге көмектесу. Ағылшын тілін үйрену арқылы оқушылар білім деңгейін көтеріп, өз халқы мен басқа халықтар арасындағы ұқсастықтар мен ерекшеліктерді ажыратуға дағдыланады, өз пікірі қалыптасады, түрлі елдер мәдениетін үйренеді. Ағылшын тілін үйрену шәкірттің өз бетінше білім алуына, мәдениетаралық коммуникацияны бойына сіңіруіне септігін тигізеді.

Шетел тілін үйренудегі маңызды сала сол тілдің грамматикасы болып табылды. Ал ағылшын тілінің грамматикалық құрылымындағы етістік ерекше орынға ие. Олардың кеңейтілген жүйесі және етістік формалары сөйлем құрылысында үлкен рөл атқарады. Етістікті оқыту тек теориялық қана емес, сонымен бірге тәжірибелік маңыздылыққа ие. Алғашқы ағылшын тілі сабағынан бастап студенттер етістіктердің қолданылуы мен беретін мағынасы туралы білім алады. Етістікті сөйлеу барысында дұрыс қолдану қажеттілігі олардың классификациясының грамматикалық ерекшелігін білуді болжайды. Себебі ағылшын тілі мен қазақ тіліндегі етістік түрлері ерекшеленеді. Сондықтан оларға жаңа тілді жақсы түсінуге көмектесетін көрнекі материалдар қажет. Бұл ғылыми жұмыстың өзектілігін анықтайды.

Сабақ барысында көрнекі материалдарды пайдалану білім берудегі өзекті тақырып болып табылады. Қазіргі таңда нарықта көптеген пайдалы оқу құралдары бар, сонымен қатар мұғалімдер өздерінің керекті материалдарын ғаламтордан тауып, түрлі-түсті қылып басып шығара алады. Шығарылған материалдарды жаңа тақырыпты түсіндіру үшін, интербелсенді әрі қызықты сабақтар өту үшін қолдана алады.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Грамматикалық тұрғыдан алғанда, өткен шақ дегеніміз – белсенділікті, іс-әрекетті білдіретін өткен шақта тұрған етістік. Ағылшын тілінде өткен шақтың келесі түрлері бар: *Past Simple, Past Progressive, Past Perfect, Past Perfect Progressive*.

Past Simple немесе жай өткен шақ тұрақты етістіктер үшін сөздің түбіріне –d немесе –ed жалғауларының қосылуы арқылы жасалады.

Мысалы: *He walked to the store, or They danced all night*. Осы сөйлемдерді болымсыз формаға аумастыру үшін *did not* көмекші етістігін қосамыз. Ал сұраулы сөйлемде *did* көмекші етістігі алдыңғы орынға шығады. Сондай-ақ жай өткен шақта етістіктердің бұрыс түрлері де қолданылады. Бұл жағдайда студенттер бұрыс етістіктер тізімін жаттап алуы керек. Жай өткен шақты көбіне болған оқиғаны баяндағанда қолданады.

Past Continuous немесе созылмалы өткен шақ белгілі бір уақыт аралығында болған іс-әрекет туралы баяндағанда, іс-қимылдың қалай болғанын сипаттау мақсатында қолданылады. *Was/were* және инфинитив етістігіне –ing жалғауын қосу арқылы жасалады. Бұл қағиданы меңгерген студентке *Passive Voice* шақтарын да өзі жазып, қолдану қиынға түспейді. Мысалы: *We were sitting in the garden when the thunderstorm started*. Болымсыз сөйлемде көмекші етістіктен кейін болымсыздықты білдіретін «not» сөзі келеді: *He was not going to market*.

Past Simple шағы туралы студенттерге нені білу керек:

- бұрыс формалар;
- тұрақты және тұрлаусыз формалардың айтылуы;
- тұрақты формалардың орфографиясы;
- ол қашан қолданылуы керек, негізінен оны қолдануға болатын уақыт ережелері;

– сұрақ қоюда, болымсыз сөйлемдер мен қысқа жауаптарда көмекші «did» қолдану.

Past Simple қолданудағы студенттердің проблемалары:

- оның орнына осы шақты қолдану;
- *Past Perfect* етістігін қолдану, әсіресе іс-әрекет бұрын болған кезде;
- барлық етістіктерге –ed/d жалғау,
- *I came here 20 years before* сияқты сөйлемдердегі «before» деген сөзді «ago» сөзімен шатастыру (бұл өткен оқиғадан жиырма жыл бұрын дегенді білдіреді);

– өткен формадағы етістіктердің берілген жұптары арасындағы шатасулар, мысалы. «felt»/ «fell» and «found»/ «founded»;

– жазылуы ұқсас бірақ айтылуы басқа бұрыс етістіктерді қолданудағы шатасулар;

– британдық және американдық ағылшын тілдер арасындағы айырмашылықтары бар етістіктер сияқты маңызды емес нәрселерге уақыт пен күш жұмсау;

– *I did it on yesterday* және *I got up in ten o'clock* сияқты сөйлемдерде предлогтарды дұрыс емес қолдану.

Сондай-ақ өткен шақ етістіктерінің дыбысталуына да ерекше мән берген жөн. Дұрыс етістікке –ed жалғанған кезде /t/ дыбысы болады, мысалы, /p/ «stopped» сөзінде және /s/ «passed» сөзінде. Керісінше, «robbed» сөзінде /b/ және «phased out» сөзінде /z/ сияқты дыбыстардан кейін /d/ дыбысы жүреді. Мұны түсіндіру өте оңай, өйткені соңғы /t/ және соңғы /d/ дыбыс арасындағы айырмашылық сонымен бірге екіншісінің жазылмаған, ал соңғысының айтылмайтындығында. Бұл дыбыс айтылғанда естілмеген /t/ дыбыспен, ал дауысты дыбыстардан кейін /d/ дыбыспен естілетіндігін білдіреді, бұл сіздің вокалдық сымдарды «қосуға» және «өшіруге» мүмкіндік береді. Мұны студенттер әрдайым дерлік белгілі бір фонетикалық жаттығулар арқылы жасай алады.

Past perfect немесе жедел өткен шақ, өткен шақта болған бір іс-әрекеттен бұрын, оның алдында аяқталған, біткен іс-әрекетті білдіреді. Ағылшын тіліндегі бұл шақ формасы қазақ тіліндегі бұрынғы өткен шақтың формасына сәйкес келеді. Бұрынғы (жедел) өткен шақтың хабарлы, сұраулы, болымсыз сөйлем түрлерінің жасалу жолы жедел өткен осы шақпен бірдей, тек «to have»

көмекші етістігі өткен шақ формасында («had» етістігі) келеді. Мысалы: *After we had visited our relatives in New York, we flew back to Toronto.*

Жедел өткен шақта іс-әрекеттің мезгілі «by 5 (6, 9...) o'clock yesterday (on Monday...), by the (that) time, by the end of...» үстеулері, үстеулі тіркестері, белгісіздік өткен шақ формасындағы екінші бір іс-әрекет арқылы беріледі.

Past perfect progressive немесе жедел өткен созылмалы осы шақ сөйлеп тұрған уақытпен байланысты жүріп жатқан іс-әрекетті білдіреді. Ал жедел өткен шақ формасы ретінде, өткенде басталған және оның нәтижесі қазіргі болып жатқан іс-әрекетке түрткі болатын іс-қимылды білдіреді. Созылмалы (белгілі бір уақыт арасына созылатын) шақ формасы ретінде қимыл, процесс үстіндегі іс-әрекетті білдіреді. Жедел өткен созылмалы осы шақ «to have» көмекші етістігінің нақ осы шақ формасы «have been, has been» мен негізгі етістіктің есімше түрі арқылы жасалады. Жедел өткен созылмалы осы шақ төмендегідей іс-қимылды білдіреді:

– сөйлеп тұрған уақыттан бұрын (өткенде) басталған және әлі жүріп жатқан іс-әрекетгі білдіреді: *You had been waiting.*

– сөйлеп тұрған уақытқа дейін жүретін іс-әрекетті білдіреді. Бұл әрекеттің нәтижесі (себебі) қазіргі болып жатқан әрекеттен көрінеді: *We had been waiting at the airport since the 9 P. M. flight.*

Қарапайым формалардағы сияқты, «went» және «bought» тәрізді бұрыс етістіктердің айтылуы мен дұрыс жазылуы – студенттердің ең басты проблемалары. Олардың басым көпшілігі түбірімен өзгеретіндіктен, студенттер сонымен қатар қай етістіктердің дұрыс не бұрыс екенін есте сақтаулары керек. Ал көптеген студенттер «put» және «cut» сияқты «өзгермейтін етістіктерді» жаттап алып, қалғандарын да бірінші инфинитив формасына қойып қолданады.

Әдетте Past Simple мен Present Perfect шақтарын шатастырып жатады, сондықтан мен кез-келген сөйлеу ойындарында оларға «екі жыл бұрын» және «бір апта бұрын» сияқты фразаларды ұсынамын. Студенттер өз мысалдарын осы сөздерді қолдану арқылы айтып, шақты ажырата алады. Тағы бір тәсіл «сағат 7-де» және «дүйсенбіде» сияқты уақыттың предлогтары бойынша сабақ өту, бірақ «кешегі» және «өткен жылы» сияқты уақытқа байланысты ешқандай предлогсыз сөздерді де салыстырмалы түрде алып отырамын. Студенттерден бірдей предлогы бар уақыт тіркестерінің ұқсастықтарын (мысалы, «on Xmas day» және «on Monday» – бірдей, себебі олар сол бір күн туралы айтылып тұр) сұрап алу керек, содан кейін басқаларды топтастыру керек. Дәл осылай бұл қатені түзету үшін өткен етістік формаларымен «I go there yesterday» және «I went there in last year» сияқты сөйлемдер салыстырылуы мүмкін.

Студенттерді өткен шақ етістіктерін дұрыс дыбыстап әрі қатесіз жазу үшін қолданылатын ең белсенді әдіс – олармен естіген формаларына

байланысты жаттығулар жасау (кейін жауаптарын бірге талдай алады). Бұл шын мәнінде екі айырмашылықпен жұмыс істей отырып орындалатын жаттығу. Бастауыш оқушыларына бөлменің қарама-қарсы қабырғаларына жүгіруді және оларға «/ id /» және «/ d / немесе / t /» деп жазылғанын («станция» деп аталатын ойында) немесе екі картаның біреуін шапалақтап ұрып таңдауды сұрауға болатын болса, дәл солай айтылу бөлігін баса көрсету үшін «бір буынмен» және «екі буынмен» жасалуы мүмкін ұқсас жаттығуды студенттермен де жасауға болады. Олар айтылған буындар саны бар карточкаларды көтереді. Сондай-ақ, дыбысталу туралы ойындар кітабында «Pronunciation Journey» деп аталатын үлкен жұмыс парағы бар, онда оқушылар қандай дыбысқа байланысты жауап таңдап, бұтақты ағаш диаграммасының оң немесе сол жақ бетін таңдау арқылы жауап береді.

Сондай-ақ, Snap және Pelmanism карточкалық ойындарын осы мақсатта қолдануға болады. Студенттер бірдей дыбысы бар екі карта алған кезде немесе екі сөздің бірде айтылуы болған кезде Snap деп бірінші болып айқайлайды. Бұл ойындарды үш дыбыстың арасындағы айырмашылықты анықтау үшін де қолдануға болады. Сабақты қорытындылау кезінде оқушылардан карталарды бағандарға бөліп жіктеуді сұрауға болады, кейін сол карталарды оқиғаны әңгімелеу үшін де қолдануға болады. «Кеше Джон ерте оянды» сияқты сөйлемнен басталатын оқиғаны айтып және осы ойын барысында бұрыс етістіктерді де қолдануға болады.

Ағылшын тіліндегі өткен шақта қолданылатын уақытқа байланысты сөздер мен сөз тіркестерін үйретуге бағытталған «Уақытты тап» ойыны бар. Студенттер «5000 жыл бұрын» немесе «өткен жексенбіде» сияқты уақытты таңдайды және келесі студент дұрыс уақытты таппағанша сол кезде болған оқиғаларды сипаттау беруі керек. Сонымен қатар олардан өткен уақытта «бүгін таңертеңгілік» және «кешкі ас алдында» не болды деген сияқты сұрақтар сұрауы мүмкін. Ойында келесі студенттен бұрын жасаған немесе кейін жасаған нәрселерін табу керек, мұндай форманы қолдану арқылы студенттер өткен шақта біраз мысалдар келтіре алады: «I last had coffee an hour ago» және «I had one just outside the classroom door about five minutes ago, so I win».

Коммуникация ойындары кітабының бірінде «Сен қашан соңғы рет...?» деп аталатын тағы бір ойын бар. Студенттер бір-біріне сұрақты қоя отырып, айтылған оқиға туралы басқа да сұрақтарға жауап бергеннен кейін серіктестері оларды алдап отыр ма әлде жоқ па екенін таба алады (өйткені іс жүзінде олар мүлдем болмаған оқиғаны да баяндауы мүмкін).

Жоғарыда айтылған дұрыс және бұрыс етістіктерін қолдануға болатын ойындарға Snap, Pelmanism, Tennis және Stations жатады. Сюжеттік баяндау дұрыс және бұрыс етістіктерді категорияларға алдын ала бөлу арқылы

жасағаннан кейін де өте оңай болады. Мұның ең жақсы әдісі – студенттерге әрқайсысында бір инфинитиві бар карточкаларды бөліп беру және «Steven found when he woke up that he had two heads» сияқты оқиғаны бастау үшін бірлесіп жұмыс істеуді ұсыну. Мұны әр қолданылған етістікке ұпай беру арқылы бәсекеге қабілетті етуге болады.

Студенттер сонымен бірге жеке етістіктермен жұмыс жасай алады, бұл жолы олармен серіктес туралы шынайы мәлімдеме жасауға тырысып, оларды анықтап, оларды тізімнен шығарып немесе картаның қолынан алу арқылы шығарып тастай аламыз. Сыныптағы жұмыстың қарқынды болуы үшін сіз олардан берілген етістіктерге ұқсастықтарды табуды сұрай аласыз, мысалы «We both had a bath twice yesterday». Осы кезде бейнебаяндарды көрсетуге болады, мысалы студенттерге етістіктердің тізімдерін беріп, олардан фильмдерден естіген не көрген етістіктерді теріп жазуға немесе дауыстап жазуға болатынын айту керек, мысалы «The cat grew really big».

Өткен шақтағы қарапайым сөйлемдерді тудыратын ең айқын сөйлеу түрі – «A memorable day at school» немесе «My favourite teacher at primary school» сияқты тақырыптардағы шағын монолог айту. Оларға сәйкес тақырыптардың тізімін бере отырып, сіз тыңдаушыға тыңдауға болатын нәрселер тізімін бере аласыз, және олардың серіктестері «орны» және «қай жылы» сияқты сұрақтарды әңгімелеу соңында қоя алады. Сондай-ақ, олардың серіктесі монолог айтқан кезде, мысалы, реакция жасау үшін фразалар бере аласыз, мысалы «Poor you» және «That was lucky». Оларды ойынға серіктесінен «I lost my keys yesterday» сияқты бұрынғы (шынайы немесе жасалған) мәлімдемелерді алуға көмектесетін сөз тіркестерін беруге де болады.

Сонымен қатар белгілі бір ситуация туралы рөлге кіріп сөйлесуді сұрай аласыз, мысалы олардан өткен жылы қандай қорқынышты жыл немесе қуанышқа толы жыл болғанын жұппен бірге айтып беруін сұрауға болады. Бұл жаттығу түрі рөлдік интервьюларда да жақсы көмектеседі.

Көрнекі материалмен жұмыс істеу оқушыларға өз сезімдерін білдіруде әлдеқайда көп мүмкіндік береді. Осылайша, дерексіз ұғымдар әлдеқайда айқын болады. Өткен жылдары дәріс алушылар «құқық», балалар еңбегі және өнеркәсіптік революцияның салдары сияқты ұғымдарды қиын қабылдайтын еді. Ал қазіргі сандық суреттермен оқушыларға ұғымдарды зерттеу және ұсыну оңай. Егер біз бейнефильм көрсетілгеннен кейін көрнекі материалды ұсынсақ, онда оқушыларға оның мазмұнын баяндау оңай болады.

Мәселен, мұғалім өзінің бейнекамерасын ашық аспан астындағы мұражайға алып бара алады. Онда ол көрнекі материалдарды сабақ кезінде оқушылардың ақпаратты тиімді өңдеуі үшін алады. Сондай-ақ тақырып бойынша қол жетімді слайдтар пайдалана алады. Мындай жұмыс әдісі осы жобаға қатысатын барлық субъектілер үшін өте қолайлы. Мысалы, экран

үшін бейімделген роман желісі бойынша берілген суреттер. Суреттер сондай-ақ оқиғаның мазмұнын айту үшін жақсы көмектеседі.

Мұғалім ретінде біз оқу бағдарламасы аясында пәндерге арналған көрнекі материалдарды іздейміз. Алайда білім беру қандай да бір жаңалық айту алаңына айналмауы тиіс. Егер материал қол жетімсіз болса, біз оны ғаламтордан жүктеп аламыз немесе көшірмесін аламыз. Тілдік сыныптағы материалдар оқу процесін қолдау үшін пайдаланылатын барлық нәрселерді қамтиды. Бұл оқулықтар, жұмыс дәптерлері, көрнекі құралдар, диаграммалар, үстел ойындары, ас үй жабдықтары, аудио және бейнематериалдар, сондай-ақ компьютерлер, деректер проекторлары мен интерактивті тақталар болып табылады. Қазіргі уақытта оқушылар сыныпта пайдалану үшін негізгі оқулықты, сондай-ақ үй тапсырмасы үшін жұмыс кітабын (workbook) қолдана алады. Оқу кітабының өзі ауызша және жазбаша мәтіндерден, ілеспе тапсырмалардан, грамматикалық және лексикалық презентациялардан және жаттығулардан, ауызша және жазбаша тапсырмалардан және соңында грамматикалық анықтамалық бөлімнің кейбір нысанынан тұрады. Кітаптар, әдетте, аудио материалмен толықтырылады және жиі, көшірілетін ресурстармен, сондай-ақ қосымша жаттығулар мен дискімен толықтырылады. Балаларға арналған кітаптар диаграммалармен, ойындармен және түрлі түсті суреттермен шығарылады. Мұндай оқулықтар мұғалімді тақырып бойынша жаттығулар немесе аудио материалдар іздеуден құтқарады. Сондықтан студенттердің қажеттіліктері мен мүдделерін назарға ала отырып, материалдарды дұрыс таңдау және пайдалану маңызды. «Жақсы көмек терезе тәріздес, ол өзіне назар аудармауы керек, ол жай ғана жарық түсіруі керек». Оқу құралдары сабақты қайталаудың құралы болып табылады және олар студенттерге жаңа әлемде оқуға мүмкіндік береді. Оқу құралдары оқыту, түсіндіріп көрсету және сабақтарды нығайту үшін арналған.

Жақсы оқу материалдары оқушылардың тілді үйренуге деген алғашқы ықыласын нығайтуға және барлық курс бойы олардың ынтасын қолдауға көмектеседі. Оқу құралдары ретінде біз шетел тілінің оқытушысына өз оқушыларына лингвистикалық материалды ұсынуда және оны жадында бекітуде, оқушылардың сөздерді, сөз тіркестерін және грамматикалық элементтерді, оларды пайдалану дағдылары туралы білімдерін тестілеуде көмектесе алатын түрлі құралдарды түсінеміз.

Көрнекі материалдар есту және сөйлеу дағдыларын дамытуда маңызды рөл атқарады. Көрнекі материалдар оқушы тұлғасының жалпы дамуына ықпал ету үшін де пайдаланылуы мүмкін және бұл үлкен тәрбиелік мәнге ие.

Оқу құралдарын төрт кең санатқа бөлуге болады: хабарландыру тақталары; кестелер, карталар және суреттер.

Хабарландыру тақталары сыныпта қолайлы атмосфераны орнатады, алайда кеңістікті пайдалану ережесін ескере отырып, жаңа тұжырымдаманы оқыту үшін тиімді пайдалану керек. Тұжырымдаманы студенттерге көрсету кез келген уақытта ақпаратты өңдеуге мүмкіндік береді және өте пайдалы. Хабарландыру тақталарын жаңа материалды енгізуге, өткен сабақтарды қайталауға және пысықтауға, сондай-ақ студенттердің үлгерімін тексеруге қолданған жақсы.

Кестелер тұрақты негізде оқыту үшін бүкіл сынып бойынша орналастырылуы мүмкін декор бөлігі болып табылады. Сабақтың алғашқы күндерінде жаңа материалды қамтитын кестелерді көрсетіп, бірақ сұрақ-жауап немесе тест кезінде оларды алып тастауға болады. Мұғалімдер оқыту процесі кезінде диаграммаларға жиі жүгінуі тиіс, бірақ студенттерден тақырыпты түсіндермей тұрып кестелерге жүгінуді талап етпеңіз. Мысалы, жай осы шақты түсіндіріп болған соң, кестеге қарап сөйлем құрауға болады.

Карталар әдетте арифметика сыныбымен байланысты болса, мұғалімдер әр пәнде дерлік қолдану үшін оларды сатып ала алады немесе өздері жасай алады. Мысалы, картаның бір бетінде етістіктің инфинитив формасы жазылса, келесі бетінде өткен шақтағы формалары көрсетілуі мүмкін. Немесе бір жағында жаңа сөз және екінші жағында анықтамасы берілген карталар қолданылуы мүмкін. Сондай-ақ, карталар студенттер арасында жарыс ұйымдастыру үшін пайдалануы мүмкін, немесе олар қосымша тәжірибе үшін жеке студенттерге немесе шағын топтарға берілуі мүмкін.

Суреттер де етістіктерді үйретуде пайдалы әрі ығайлы. Мысалы, ситуациялық суреттер (өткен аптада болған іс-шара немесе кешегі болған жағдай). Суретер әдетте дәріс алушылардың тілдік дағдыларын дамытуда қолданылады. Сурет арқылы мыңнан астам сөз айтып, тақырыпты терең түсіндіруге болады. Қазіргі кезде мультимедианың рөлі ерекше, сондықтан жас тіл үйренушілерге жаңа нәрсені көрсету барысында түрлі түсті суреттерді тиімді қолдануға болады. Компьютер арқылы ғаламтордан керекті суреттерді іздеп тауып, оларды бейімдеп және оп-оңай көрсете аласыз. Тек мұғалімдер үшін ғана емес, студенттер үшін де компьютер қажетті ақпаратты іздеудегі ең тиімді құрал болып табылады. Ағылшын тілі сабағында көрнекі материалдарды пайдалану арқылы көптеген жақсы нәтижелерге жетуге болады.

Кестелер сияқты оқу құралдары сыныпта ілініп тұрса, студенттер оларды бос уақыттарында анықтап көре алады, ұмытып қалған жағдайда оларға қарап жаттығу жасай алады. Карталар сыныптағы студенттер арасындағы ойындар ретінде пайдаланылуы мүмкін-бұл студенттерге жеке сөздерді немесе сөз тіркестерін, анықтамаларды есте сақтауға септігін тигізеді.

Көрнекілік оқу құралдары қолдан жасалған немесе дүкенде сатып алынған болуы мүмкін. Қолдан жасалған карталар кәдімгі қағаздан не болмаса

картоннан жасалуы мүмкін. Шағын топта жұмыс істеу үшін шағын индекстік карточкаларды пайдалануға болады. Ғаламтордағы қол жетімді оқу құралдары мен көрнекілік құралдарын өз бетіңізше шығарып алсаңыз да болады.

Көрнекілік оқу құралдарын қолданудың негізгі кемшілігі оны ұқыпты сақтаумен байланысты. Сонымен қатар, көрнекілік материалмен тым көп уақыт жұмсаудан абай болыңыз. Ойындар оқытуда пайдалы, бірақ дәстүрлі тәсілдерді де оқу барысында қолданып отыру керек.

Мысал ретінде ағылшынды екінші жыл оқып жатқан студенттерге арналған (elementary level) жаттығуларды алайық. Алдымен тақтаға «Carla Brown went to London yesterday» деген сөйлем жазылады. Осы жаттығудың соңында студенттер кем дегенде 5 дұрыс және бұрыс сөйлемдерін жазу керек.

Theme: Betty's day in London (Past Simple)

Aim: to teach students to use past tense in the right form, to find out the difference between present tense and past.

Objectives: educational – to develop pupils mental abilities, creative thinking.

Cultural – to show pupils, how can we spend our holiday.

Practical – to learn new theme, to teach pupils to use words and new material.

Equipment: auxiliary visual material, words on the blackboard.

Procedure: Clara's day out.

Clara Brown went to London yesterday.

Exercise 1

True or false?

Put a tick in the correct column.

Clara had lunch in an Indian restaurant.

They went to Trafalgar Square.

She forgot to feed the cat.

She drove all the way to London.

She met a friend at the station.

They bought a lot of presents.

It was dark when she got home.

Now you write 5 more statements and ask a friend if they are true or false.

Exercise 2

Make questions in the PAST with these verbs.

Did she drive to London?

drive

read

see

meet

wear

In pairs ask and answer the questions.

ҚОРЫТЫНДЫ

Оқушылардың ағылшын тілін оқуы көптеген проблемалармен бетпе-бет келеді. Негізгі шешіміміз және біздің басты мақсатымыз - оларды көрнекі материалдардың көмегімен жақсы түсінуге көмектесу. Көрнекі материалдардың көмегімен біз студенттерді онсыз да көп ақпарат алуға үйрете аламыз. Өйткені сабақтар тек ресми жоспар бойынша болмауы керек, олар әрқашан қызықты, әр түрлі жаттығуларға толы болуы керек. Тіпті бастауыш мектептегі сабақ не жоғарғы оқу орнындағы дәріс болсын қызықты әрі тиімді өтуі тиіс. Олардың екеуіне де көрнекі материалдар қажет және олардың көмегімен мұғалім барлығына қолайлы жағдай жасай алады.

Сонымен қатар, ағылшын тілін меңгеруді жақсарту үшін сыныпта көрнекі құралдарды пайдалану студенттер үшін маңызды мәнмәтінмен қамтамасыз етіледі. Барлық осы факторлар оқушылардың топ белсендісі болуына және басқа топ мүшелерімен жақсы қарым-қатынас орнатуына алып келеді.

Ағылшын тілін үйретуде, етістіктерді үйретуде көрнекі құралдар тәжірибе көрсетіп отырғандай, студенттер мен қолданылатын оқыту әдістемесі арасында үйлесім жасай алатынын атап өткен жөн.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Jeremy Harmer.** «The Practice of English language teaching» // Person Education Limited, 2001.

2 **B. Pyish.** «The Structure of Modern English» // Мәскеу, 2005.

3 **Wakeman K.** «Grammar Three» Teachers Book // Oxford University Press, 1993.

4 **Andres, F., Marchini, D., Stotz, D.** «Ready For English» Student's Book// Klett and Balmer Verlag, Zug, 1994.

5 **Саакян, А. С.** «All about English grammar» // Менеджер, 2006.

Материал 03.04.20 баспаға түсті.

М. М. Шайжанова¹, А. Б. Нурсейт², А. Б. Нурсейт³

Английские глаголы и способы изучения

^{1,2,3}Академия транспорта и коммуникаций имени М. Тынышпаева,

г. Алматы, 050056, Республика Казахстан.

Материал поступил в редакцию 03.04.20.

Sh. Sh. Zhalmakhanov¹, M. A. Maretbayeva², A. T. Tolysbaeva³

Linguistic views of M. Tynyshpaev

^{1,2}Karaganda Medical University,

Karaganda, 100012, Republic of Kazakhstan;

³A. Yesevi International Kazakh-Turkish University,

Turkestan, 161200, Republic of Kazakhstan.

Material received on 03.04.20.

В данной статье дается обобщенный обзор английским глаголам. Останаулиқас на тинах глаголов в прошедшем времени приводятся примеры на английском языке. Студентам предоставляется информация о трудностях, возникающих при обучении глаголам прошедшего времени, способах их решения, изменениях и произношении правильных и неправильных глаголов в прошедшем времени. Упомянут набор наглядных пособий и приводятся примеры материалов, которые можно эффективно использовать в обучении, таких как рисунки или дополнительные таблицы. Современные методы обучения глаголам сосредоточены на забавных играх и техниках, таких как Snar и Pelmanism, которые используются в устных и письменных упражнениях, и приводятся примеры на выполняемые упражнения.

The article is dedicated to the consideration of etymology and history of words meaning, word-combinations, phraseologisms and historical sayings of the engineer-railwayman, historian M. Tynyshpaev. There are analyzed mainly onomastic units, used in the works of M. Tynyshpaev such as etnonyms, toponyms, antroponyms and hydronyms, bound not only with Kazakh history but also Turkic people as a whole. The analysis is done with the consideration of such criteria of etymology as: phonetic, lexical-semantic and grammatical.

As a result of research the authors maintained that the process of the discovery of etymology and origin of history of words meaning (semantic derivation) determine by historical fact influences upon one people on another as a result of close location territory of their residences.

В. А. Шнайдер¹, Ф. Қ. Резуанова²

¹ф.ғ.к., доцент, Тұран-Астана университеті, Нұр-Сұлтан қ., 010000, Қазақстан Республикасы;

²ф.ғ.к., доцент, С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Нұр-Сұлтан қ., 010000, Қазақстан Республикасы
e-mail: ¹wladimir_a@mail.ru; ²galiabanu_k@mail.ru

**ТҮРКІ ТІЛДЕРІНДЕГІ СӨЗ БАСЫНДАҒЫ
ДАУЫССЫЗ ДЫБЫСТАР ТІРКЕСІМІ**

Мақалада тіл білімінің негізгі салаларының бірі фонетикаға, соның ішінде консонантизм жүйесіне қатысты кейбір дауыссыз дыбыстардың сөз басындағы тіркесімі мәселесі сөз болады. Ең алдымен XIX ғасырдағы түркі тілдері консонантизм жүйесіндегі кейбір дауыссыз дыбыстар тіркесімінің қолданылуын сөз етіліп, соңынан олардың қазіргі қазақ тіліндегі көрінісіне талдау жасалады. Ертеректе қарастырылған зерттеу еңбектеріндегі құптайтын тұсы қайсы, келіспейтін тұсы қайсы екенін де дәлелдеп көрсетеді. Қазақ тіліне кірме сөздердің енуімен байланысты қазіргі қазақ тілінде ұяң-үнді дауыссыз дыбыстарының тіркесімі, қатаң-үнді дауыссыз дыбыстарының тіркесімі пайда болғандығы, сондай-ақ, ст, кр, пл, пр, тр, фр, фл, фт, хр, шл, гр, гл, бр, зн, кв, др, кл, ун, кн, ск, сл, см, сп дауыссыз дыбыстар тіркесімінің айтылымда қандай өзгеріске түсетіні нақты мысалдармен дәлелденеді.

Кілтті сөздер: түркі тілдері, консонантизм жүйесі, зерттелуі, дауыссыз дыбыстар, тіркесім, сөз басында қолданылуы, қазіргі қазақ тілі.

КІРІСПЕ

Түркі тілдеріндегі дыбыстар, олардың тіркесімі мәселесін зерттеу жалпы түркология ғылымында ориенталист ғалымдардан өз бастауын алып, кейінгі түрколог ғалымдардың еңбектерінде қарастырылған және қазақ тіл білімінде де Аралбаев Ж., Мырзабеков С., Айғабылов т.б. ғалымдар еңбектерінде өз жалғасын тауып, толықтырылып, айшықтала түскен. Әсіресе, соңғы кезде фонетика, морфонология мәселесі төңірегінде ауқымды зерттелу көзіне айналған нысанның бірі – сөз ішіндегі, морфема мен морфема аралығында ұшырасатын дауыссыз дыбыстар тіркесімі болып табылады.

Қазақ тілі дыбыстары жайлы тұңғыш туынды деп орыстың ориенталист ғалымы, түрколог, миссионер, өмірі мен шығармашылығын халықтың ағарту ісіне арнаған Н. И. Ильминскийдің 1860–1861 жылдары жарық көрген «Материалы к изучению киргизского наречия» атты еңбегін атаған жөн.

Н. И. Ильминский өз еңбегінде қазақ халқының тіліндегі дауыссыз дыбыстардың дыбысталу саны жағынан дұрыс анықтаған, яғни он тоғыз екенін көрсеткен: *б, п, м, у, д, т, ж, ш, з, с, н, ң, қ, ғ, к, ғ, р, л, й*. Бірақ та ол араб графикасының қазақ тіліне қолайсыз, тілдің қыр-сырын толық ашып бере алмайтындығын, дыбыстық жүйеге сай келмейтіндігін, ол үшін араб графикасынан орыс алфавитіне көшу керектігін айтқан. Тілдегі дыбыстар тіркесімі мәселесін зерттеу ісі де осы Н. И. Ильминскийден басталады. Ғасырлар бойы ауызша дамып келген қазақ тілі соңғы бір жарым ғасырда қағаз бетінен біржола орын алып болды. Тіпті үндестік заңы ескерілмей, ерсілеу жазылған сөздер де жүре-келе «жұтынып» шыға келетінінің куәсі болып жүрміз. Профессор С. Мырзабековтың пікірінше: «алғаш орыс жазуымен бағлан түрінде Н. Ильминскийдің құтты қолымен тұсауы кесілген ғл (ұяң-үнді) тіркесі дауыссыздар тіркесімін зерттеушілердің бәрінен қолдау тауып, күмән тудырмауы соның айғағы» [1, 82]. Бұл жерде, әрине, С. Мырзабековтың бұл пікірі орынды. Дегенмен, бұл пікірдің екінші жағы бар: біріншіден, Н. Ильминский дыбыстар туралы алғаш сөз қозғаған ғалым; екіншіден, ол қазақ тілін жетік білмеген. Сол себептен Н. Ильминский де түркі тілдерін зерттеген басқа да орыс зерттеушілері сияқты дауыссыз дыбыстарға қатысты біршама қателіктер жібереді.

«Қазіргі қазақ тілінде бұндай ұяң-үнді тіркестерінің кездесуіне таң қалуға болмайды. Бұдан басқа тілде қатаң-үнді сияқты да дыбыстар тіркесімі ұшырасады. Оның себебі қазақ тілінде кірме сөздердің көптеп кездесуі «Бұл сөздер біздің тілімізге соншама сіңіп кеткен, қазақ-қырғыз халқы бұлардың жат екендігін сезбейді» [2, 89]. Шынында да кірме араб-парсы сөздерін қазақ тілінің төл сөздерінен айыру өте қиын. Ол сөздер қазақ тілінің заңдылықтарына сай келетені де, бағынбайтыны да болады. «Бертінде игерілген сөздерде селкеулік, орашолоқтық анық аңғарылады. Мәселен, *кәстрөл, облыс, башмақ, басмашы, станса (поселке, шашлық)* сияқты сөздер не орысша емес, не қазақша емес, дүбәра» [3, 5]. Сондықтан қазіргі қазақ тілінде дыбыс тіркесімдерін қарастырғанда кірме сөздер деп құрамындағы дыбыстарды тіркесімге жатқызбай қою деген жок. Тек заңдылыққа қайшы келетін сөздердің ішіндегі дыбыстарды жеке шәлкес тіркестер деп алып қарастыру бар.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Жалпы түркі тілдері оның ішінде қазақ тілі фонетикалық жүйесін зерттеген келесі бір Еуропалық ғалым түркітанушы В. В. Радлов болды. Ол өзінің

«Солтүстік түркі тілдерінің фонетикасы» деп аталатын түркітану ғылымында маңызы зор, жеке ғылым ретінде қалыптасуына түрткі болған еңбегінде түркі тілдерінің вокализмдік және консонантизм жүйесінің артикуляциялық сипатын ғана зерттеп қоймай сөз ішінде, сөз бен сөз аралығында ұшырасатын дауыссыз дыбыстар тіркесімі мәселесін, үш дауыссыз дыбыстардың тіркесуі проблемасын ғылыми тұрғыдан сөз еткен болатын. Әрбір дыбыстық тіркес тек сол тіл деңгейінде ғана қарастырылып қоймай, басқа да түркі тілдері материалдарымен салыстырыла берілген. Ол жалпы түркі тілдеріндегі дауыссыз дыбыстар тіркесімін төмендегідей бірнеше топқа бөліп қарастырған:

Ғалым сөз басындағы қос дауыссыз дыбыстың тіркесімі жайында өз еңбегінде былай дейді: «Сөз басында қос дауыссыздар тіркесімінің қолданылуы түркі диалектілерінде өте сирек және де сөз басындағы қос дауыссыздардың көпшілігі кейінірек дауысты дыбыстың түсіп қалуы нәтижесінде қалыптасқан. Сөз басында қолданылатын қос дауыссыздарды келесі бес топқа бөліп қарастырамыз:

1) Үнсіз, шұғыл дауыссыздан кейін сонор **l, l, r** дауыссыз дыбыстары қолданылады, менің байқағандарым: **ql, kl, qr, kr, lp, pi, si, sr, ši.**

2) Үнді, еріндік дыбыстан кейін сонор дауыссыз **ɭ, ɣ** дыбыстары қолданылады, менің байқағандарым: **bl, bl, br.**

3) Сонор дауыссыз **l** дыбысы өзінен кейін тек шұғыл дыбыспен қолданылады. Бұған тек **lt** жатады.

4) Тіл арты, үнсіз спирант дыбыспен үнді, еріндік, спирант дыбыстың тіркесуі **xv.**

5) Үнсіз, шұғыл дыбыс пен тіл алды спирант дыбыстың тіркесімі, менің байқағандарым: **qs, ks, kš, ts, tš, ps, pš, pč.**

I топ

qr – тіркесімі қазан диалектісіндегі *Qryi* (*қыр*) сөзінде кездеседі. Бұл жеңіл (қысаң) дауыстының түсіп қалуы арқылы жасалған. Салыстыратын болсақ: *Qyr* (*қыр*), *qyryi* (*қыры*). Дауысты дыбыс түсіп қалу себебі: сөз соңындағы «yі» дифтонгісінің әсерінің басымдылығы.

kr – 1) бір дауыстының түсіп қалуы арқылы жасалған және келесі буындағы созылыңқы дыбыстың кері әсер етуінен қалыптасқан: төлеуіт, шор; *krā* (*ара*) = алтай; *kārā*, леб; *kirā* деген монғол сөзі: төлеуіт, *krā* (*шама*), *krālā* (*шамала*) = монғол сөзі.

2) кірме сөздер арқылы қалыптасқан: алтай диалектісіндегі *kräs* (*крест*) = орыстың *крест* сөзі; Қазан диалектісіндегі *krästā* (*шоқындыру*) = орыстың *крестит* сөзі; *krāšīn* (*шоқынған татарлар*) = орыстың *крещеный* сөзі.

ql -1) созылыңқы дауысты дыбыстың кері әсерінен бір дауыстының түсіп қалуы нәтижесінде қалыптасқан: төлеуіт диалектісіндегі *qlät* (*келеді*) = *kälip-jat, käl-ät, qylät, qlät.*

2) кірме сөздерде. Мысалы, алтай тілінде *qlar* (*кене*) = орыстың клоп сөзінен алынған.

kl – дыбыстық тіркесін тек кірме сөздерден байқауға болады. Мәселен, лебедь диалектісінде *kläš* (*кілт*) = *ключ*.

pr – бір дауыстының түсіп қалуы, кейінгі созылыңқы немесе дифтонгты дыбыстың кері әсері салдарынан пайда болған. Мысалы, қойбал, қатч диалектісіндегі *prai* (*бәрі*), *par* сөзінен жасалған, сол сияқты қырғыз тіліндегі *bäri* = *par-ai*, *prai* абақан сөзі; алтай, төлеуіт диалектісіндегі *prö* (*нарыз*) моңғол сөзі; *purü, prölyğ, pröla.*

pt – тіркесімі тек кірме сөздерде ғана кездеседі. Мәселен, алтай диалектісіндегі **plät** (**орамал**) = орыстың *платок* сөзі. Бұл сөз сонымен қатар *pylät* түрінде де қысаң дауысты дыбыспен айтылады.

pl – тіркесімі де тек кірме сөздерде ғана ұшырасады. Мәселен, қазан диалектісіндегі *plis*=орыстың *плюс* сөзі немесе *plaš* (*плащ*)=орыстың *плащ* сөзі.

sr – қач. диалектісінде *srär* (*сіз*) = *sizlär, birlär sirär*; алтай диалектісінде *srai* = *syrai* (*баршақы*) сөздерінде сөз басында кездеседі.

sl – қырғыз тілінде *slä* сөзін кездестіруге болады. Ол орыстың *сила* (*күш*) сөзі. Сондай-ақ, алтай, төлеуіт, лебедь, тараншы диалекттерінде де сөз басында *sl* тіркесімімен келетін сөздерді көруге болады. Мәселен, *stär* (*сіз*) = *sänlär, sällär.*

sl – тіркесімі тек кірме сөздерде ғана *slpa* (*шляпа*)=орыстың *шляпа* сөзінде де ұшырасады.

II топ

br – 1) Волга диалектісіндегі түркі түбірлі сөздерде қысаң **y, ö, ö, i** дыбыстарының түсіп қалуы арқылы жасалған сөздер жиі байқалады. Мысалы, **bräü** (**біреу**) = **biräü, braučyq** = **braučyq**=орыстың *буравчик* сөзі.

2) кірме сөздерде: *bradär* парсының = **براولو** сөзі.

bl, bl – Волга диалектісінде **br** тұлғасында қалыптасқан, алайда бұл тілде **b** мен **l** тіркесімімен келген сөздерді де, бұл екі дауыссыз дыбыстардың араларына дауысты дыбыстар қыстырылып та құралған сөздерді аңғаруға болады. Мәселен, *blä* (*біледі*)=*біла, blaq* (*бұлақ*)=*bölaq.*

III топ

lt – тек алтай сөздерінде ғана ұшырасады. Мәселен, *ltam* (*жылдам*) = *yldam, ğyldam*, ал бұл сөз қырғыз тілінде *ğybdam* түрінде келеді.

IV топ

xv – тараншы диалектісінде *xvair* (*ана*) = парсының **خوايم** сөзінен алынған кірме сөз.

Ү топ

«Қырғыз және Волга диалектілерінде шұғыл, үнсіз дыбыс пен тіл алды спирант дыбыс арасындағы қысаң дауысты дыбыстың түсіп қалуы нәтижесінде пайда болған қос дауыссыздар тіркесі:

ks – қырғыз тілінде: *ksi (kici) = kisi; ksä (kece) = kisä.*

qs – қазақ тілінде: *qsa (қысым) = qusa; qsa (құса) = qsa.*

kš – қазақ тілінде: *kši (kici) = kišī;* қырғ. тілінде: *ksurn (күшім) = küšüm;*

Волга диалектісінде **ks** тіркесімі **k + c** арқылы беріледі. Мысалы, *kšöm köšöm.*

qš – *qšuh = qyšuh.*

ts – қырғыз тілінде *tsüp (mücin) = tüsüp* және *tsün (mücin) = tüsün.*

tš – қаз тілінде *tšöp (mücin) = töšöp,* қырғыз тілінде *tšup (mücin) = tyšup.*

ps – қырғыз тілінде *psär (nicer) = pisär.*

pš – қырғыз тілінде *pšän (nišen) = pišän, pšaq (нышақ) = pyšaq.*

pč – қырғыз тілінде *pcaq (нышақ) = русaq, pcan (nišen) = pican»* [4, 172].

Жоғарыда келтірілген дауыссыз дыбыстар тіркесімін түркі тілдері сөздерінің басында қолданылуын жалпы түркі тілінің табиғатына қайшы құбылыс екенін түсінген автор өз ойын былай деп қорытындылайды: «Біз сөз басында түркі тілдеріне қайшы болып келетін қандай да болмасын күрделі қос дауыссыздардың көбіне өзгеріске ұшырайтынын байқаймыз. Бұл кірме сөздердің басындағы қос дауыссыздардың бейімделуі. Мен ертеректе бұл өзгерістерді мұқият бақылағанмын. Бұл жерде мен барлық құбылуларды бірге топтастырып отырмын:

1) Сөз алдында бір дауысты дыбыстың қосылуы нәтижесінде сөз басындағы қос дауыссыз дыбыс сөз ортасына ауады. Бұл сөз басындағы **st** және **št** тіркестеріне тән. Мысалы, қазан диалектісінде *östöl (үстел) =* орыстың *стол* сөзі; алтай тілінде *ostol;* абақан диалектісінде *ostalma* (баған)=орыстың *столб* сөзі; қазан диалектісіндегі *istänä* (қабырға) = орыстың *стена* сөзі, сол сияқты қазан диалектісіндегі *ustaqaq* (стақан) = орыстың *стакан* сөзі, *uštan* (шалбар) = орыстың *штаны* сөзі.

2) Сөз басындағы қос дауыссыздың алғашқысының түсіп қалуы арқылы өзгереді. Мысалы, абақан диалектісіндегі *razuba =* орыстың *спасибо* сөзі немесе *toroba =* орыстың *здорова* сөзі; төлеуіт диалектісіндегі *čöl =* орыстың *пчела* сөзі, алтай, қазан диалектілеріндегі *Mätträi* орыстың *Дмитрий* сөзі.

3) Сөз басындағы қос дауыссыз дыбыс арасына қысаң дауысты дыбыстың қыстырылуы нәтижесінде өзгереді. Мысалы, қазан диалектісінде *kirpış =* орыстың *крепость* сөзі, *pylat =* орыстың *платок* сөзі, *kinägä* (кітап) = орыстың *книга* сөзі.

Бұл қос дауыссыздар тіркесімінің жоққа шығуы якут тілінде де бар (Бетлинг § 68, § 152). Мысалы: 1) *icnirt, ыстан =* орыстың *спирт* және *штаны* деген сөздері; 2) *базыба, дороба =* орыстың *спасибо* және *здорова*

деген сөздері; 3) *кiнiгä, кiнäс, курупа, быраста =* орыстың *книга, князь, крупа, прости* сөздері» [4, 172].

Жоғарыда В. В. Радлов сөз басында қос дауыссыз дыбыс тіркесімінің келуі түркі тілі жүйесіне жат құбылыс екенін айта отырып, кірме сөздердің өзі түркі тіліне енгенде сөз басындағы қос дауыссыз тіркесімінің бастапқы қалпынан айрылуы заңды құбылыс екенін көрсеткен. Және нақты мысалдармен дәйектеген. Қазіргі қазақ тілі ғалымдары ғалымның жоғарыда атап кеткен қос дауыссызға байланысты құбылу үдерістерінің (әңгіме қазіргі протеза және эпентеза туралы болып отыр) қазақ тілінде орын тепкендігі жайлы баяндайды. Және де, тек бірен-саран тіркестерде ғана емес жалпы қос дауыссызға басталатын кірме сөздердің барлығы да осы заңға бағынатындығын атап кету керек. Бұл заңды құбылулар қазақ жазба тілінде де, ауызекі сөйлеу тілінде де кездеседі. Оны төмендегі мысалдардан байқауымызға болады:

ст: *станция (ыстансыя), станок (ыстанок), стратегия (ыстратегия),*

кр: *кровать (кереует), крест (кірес), кран (кыран), кросс (кыросс),*

пл: *платина (пылатыйна), плюш (пүлш/пүлүш), пластика (пыластыйка),*

пр: *прогресс (пыагресс), проза (пыроза), префикс (пiрепiйкiс), прокурор (пыракурор),*

тр: *трактор (тырақтыр), тресе (тырос), трап (тырап),*

фр: *фраза (фыраза), фракция (фыраксыя), фрезер (фiрезер),*

фл: *флот (фылот), флагман (фылагман), фланель (фыланел)*

фт: *фтор (ыфтор/фытор), фтизатор (ыфтизатор),*

хр: *храм (хырам), хрестоматия (хiрестоматия), хром (хыром),*

шл: *шлак (шылак), шлем (шiлем), шлюз (шүлүз),*

гр: *градус (гырадүс), грамота (гырамыта), граф (гыграф).*

гл: *гладиятор (гыладыйатыр), глобус (гылобус),*

бр: *брзент (бiрезент), бригадир (бiрiгäдiр), бром (быром),*

зн: *знак (ызнак / зынак),*

кв: *квас (кывас/кыбас), кванта (кыванта), квадрат (кывадырат),*

др: *квадрат (кывадырат) сөз ортасында: др-дыр,*

кл: *клоун (кылоуұн), клуб (күлүб/күлып),*

ун: *клоун (күлоуын), сөз ортасында ун-уын,*

кн: *князь (кiнäз),*

ск: *скетч (iскетч), скрипка (iскiрiпка), скиф (iскiй),*

сл: *слайд (сылайт),*

см: *смета (сiмет/iсмeтa), смола (сымала/ысмала),*

сп: *спорт (ыспорт), спринт (iспiринт), спирт (iспiрт).*

Міне, осы жоғарыда көрсетілген дауыссыз дыбыстар тіркесімінің әр түрлі құбылысқа ұшырау ерекшеліктеріне байланысты оларды іштей екі топқа бөліп те қарастыруға болады:

- 1) Протеза құбылысын құрайтын тіркестер: **ст, фт, ск, сп**
 2) Эпентеза құбылысын құрайтын тіркестер: **кр, пл, пр, тр, фл, фр, хр, шл, гр, бр, зн, кв, ур, кл, др, кн, сл**

ҚОРЫТЫНДЫ

Сонымен, қорытындылай келгенде, дауыссыз дыбыстар түркі тілдерінде тіркесім құрағанмен де, айтылымда сол тілдердің дыбыстық заңдылығына бейімделеді. Ал протеза және эпентеза құбылыстарына тек **см** және **зн** тіркестерін ғана жатқызуға болады: *ісмет-сімета, ысмала-сымала, ызнак-зынак*. Бір назар аударатын жай тек протеза құбылыстарын құрайтын тіркестер алғашқы сыңары қатаң, ызың дауыссыздан, ал соңғы сыңары қатаң, шұғыл дауыссыздан құралып қана келсе, эпентеза құбылысын құрайтын дауыссыздар тіркесімінің алғашқы сыңарлары негізінен (**б, ғ** дыбыстарын ескермегенде) қатаң дыбыстардан болып келсе, екінші сыңарлары негізінен (**в**-ны есепке алмаса) үнді дыбыстардан құралған тіркестер болып табылады. Ал үшінші топты құрайтын тіркестерде алғашқы сыңарлар қатаң не ұяң болып келсе, кейінгі сыңары тек үнді дыбыс болып келетінін байқаймыз. Бұдан жасайтын қорытынды дауысты дыбыс қатаңнан гөрі құрамында үні бар дауыссыз ұяң не үнді дыбыстармен әлдеқайда жеңіл айтылып, сол дыбыстармен, алдында тұрып тіркескенді қалайды.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Мырзабеков, С.** Қазақ тілі дыбыс жүйесі. – Алматы, 2001.
 2 **Досмұхамедұлы, Х.** Аламан. – Алматы, 1991.
 3 **Мырзабеков, С.** Сөйлеу тіліміз қазақы ма? // «Ана тілі» газеті. – 1998. № 37.
 4 **Radloff, W.W.** Phonetik der nordlichen Turksprachen. – Leipzig, 1882.

Материал 03.04.20 баспаға түсті.

В. А. Шнайдер¹, Г. К. Резуанова²

Сочетание согласных звуков в начале слова в тюркских языках

¹Университет «Туран-Астана»,

г. Нур-Султан, 010000, Республика Казахстан;

²Казахский агротехнический университет имени С. Сейфуллина,

г. Нур-Султан, 010000, Республика Казахстан.

Материал поступил в редакцию 03.04.20.

V. A. Schneider¹, G. K. Rezuanova²

The combination of consonant sounds at the beginning of a word in Turkic languages

¹University «Turan-Astana»,

Nur-Sultan, 010000, Republic of Kazakhstan;

²S. Seifullin Kazakh AgroTechnical University,

Nur-Sultan, 010000, Republic of Kazakhstan.

Material received on 03.04.20.

В статье рассматривается сочетание некоторых согласных звуков в системе консонантизма тюркских языков XIX века, применение парных согласных звуков в начале слова. Анализируются сочетание тех или иных парных звуков в начале слова в современном казахском языке. На основе конкретных примеров было доказано появление в казахском языке сочетания глухих-сонорных и звонких-сонорных согласных звуков, орфоэпические изменения таких парных согласных, как: ст, кр, пл, пр, тр, фр, фл, фт, хр, шл, гр, гл, бр, зн, кв, др, кл, ул, кн, ск, сл, см, сп.

The article discusses a combination of some consonants in the consonant system of Turkic languages of the XIX century, the use of paired consonants in early words. The author analyzes the combination of certain paired sounds at the beginning of a word in the modern Kazakh language. On the basis of specific examples, it was proved that the Kazakh language has a combination of deaf-sonorous and sonorous-sonorous consonants, orthoepic changes of such paired consonants as: st, kr, pl, pr, tr, fr, fl, ft, chr, shl, gr, gl, br, zn, kv, dr, kl, un, kn, sk, sl, sm, sp.

**Ш. Ш. Жалмаханов¹, М. Ә. Маретбаева²,
Ә. Т. Толысбаева³**

¹ф.ғ.д., профессор, «Қазақ тілі» кафедрасы, Қарағанды медицина университеті, Қарағанды қ., 100012, Қазақстан Республикасы;

²ф.ғ.к., «Қазақ тілі» кафедрасының меңгерушісі, Қарағанды медицина университеті, Қарағанды қ., 100012, Қазақстан Республикасы;

³ф.ғ.к., доцент, «Қазақ филологиясы» кафедрасы, Қ. А. Иассауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан қ., 161200, Қазақстан Республикасы

e-mail: ¹szhalmakhanov@bk.ru; ²marina-03kz@mail.ru; ³adema-28@mail.ru

**М. ТЫНЫШПАЕВТЫҢ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ
ТҰЖЫРЫМДАРЫ**

Мақалада Алаш ардагері, тарихшы, теміржолшы инженер М. Тынышпаев еңбектеріндегі сөздердің, сөз тіркестерінің, фразеологизмдер мен тарихи мәтелдердің тарихи мағынасы мен төркініне және этимологиясына қатысты ойлары қарастырылады. М. Тынышпаев туындыларындағы негізінен ономастикалық бірліктерді, яғни этноним, топоним, антропоним және гидронимдердің қазақ халқының ғана емес, түркі елдерінің тарихымен қабыстыра зерделегені талданады. Талдау этимологияның фонетикалық, лексикалық-семантикалық және грамматикалық критерийлері тұрғысында жасалады.

Авторлар зерттеу нәтижесінде сөз мағыналарының шығу тарихы (семантикалық деривация) мен этимологиясы белгілі бір халықтың келесі бір халықпен территориялық жақын көршілікте тұруының әсерлерінен болуы мүмкін деген тұжырымға келеді.

Кілтті сөздер: сөздің тарихы мен төркіні, ономастикалық бірліктер, этимологияның критерийлері, халықтардың өзара әсерлері.

КІРІСПЕ

Қазақ халқының қайраткері, тарихы, мәдениеті, тұрмыс-салты, әдет-ғұрпы және рулар шежіресінің ірі білгірі Мұхамеджан Тынышпаевтың көне дәуірден өз заманына дейінгі қазаққа арналған зерттеу еңбектерінде жер-су, ру аттары, кісі есімдері және тарихи тұрақты сөз тіркестері

мен мәтелдердің шығу төркіні мен тарихына тарихи тұрғыда талдаулар жасап, олардың мән-мағынасын, мазмұнын түбегейлі түсіндіріп, зерделеп зерттейді. Оған автордың 1998 жылы орыс тілінде жарық көрген «История казахского народа» атты жинағын [1] оқып отырып көз жеткізуге болады. М. Тынышпаевтың қазақ сөздерінің төркіні мен тарихы жинақтағы «А. П. Чулошниковтың қазақ халқының тарихынан мәліметтер» (1925 ж.), «Қазақ халқының тарихынан мәліметтер» (1925 ж.), «XVII-XVIII ғасырлардағы қазақтар («Қазақ халқының тарихынан мәліметтерге» толықтару)» (1926 ж.), «Ташкент уезі жергілікті тұрғындардың тайпалық құрамы және тарихи анықтама (Түркістандағы ұлттық араласуға мәліметтерден)» (1924 ж.), «Ақтабан шұбырынды (Қазақтардың қатерлі қасіреттерді мен ұлы жеңістері)» (1927 ж.), «Сырдария және Жетісу губернияларындағы көне қалалардың, қорғандардың орындары», «Көксу қирандылары және Қайлақ (Қойлақ) қаласы», «Қазақ ханы Тәуке және оның батыры Алдияр туралы аңыздар» атты еңбектерде сараланып сөз болады. Бұл еңбектер кезінде Ташкент, Қызылорда қалаларында жеке кітапша болып, немесе жинақтарда жарияланған, кейбір мақалалары қолжазба күйінде сақталған.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

А. П. Чулошниковтың қазақ халқының тарихы туралы еңбегіне арналған сын пікірінде көптеген сөздің мағынасын, сөз тіркестерінің мағынасын, тарихи деректердің бұрмаланғандығын саралап береді. А. П. Чулошников Х бетте қазақтар қырғыздарды «қара» деген жағымсыз мәндегі сөзді қосып «қарақырғыз» деп атайды деген негізсіз пікіріне «Қырғызды қазақ, өзбек және т.б. көршілері оларды еш үстеме сөзсіз «қырғыз» деп атайды, оларды «қарақырғыз» деп орыстар атайды» деп жөнге салады. Осы автордың «қырғыз бен қарақырғыз бір халық» деп алып, келесі бетте «қырғыз бен қаңлы, қыпшақтардың бірігуінен қарақырғыз құралған» деген қисын баянын еш сын көтермейтін ой екендігін, «қырғыз-қазақтар XV ғасырдан бері пайда болған» деген тұжырымын тарихи сорақылық деп бағалайды.

«Дулаттарға балайтындай «шу» деген жеке тайпа болмаған. Қытай тарихындағы (Аристов бойынша) «чубан» (қазір үйсіннің «суан», «чуе» деген тармақтары бар), «чумынь» («шөмен» және «шөмекей» дегендер бір рудың ғана атаулары) тайпаларының шу тайпалары болып аталуы олардың

Шу өзені бойында тұрғандығымен ғана байланысты» деген түсіндірмелер береді.

А. П. Чулошниковтің «тукиу» деген түркі тайпасы жайлы баяндағаны қытайларда «р» әрпінің (дыбысының – Ш.Ж.) жоқ екендігін білмегендіктен, бұл «түркі» сөзінің қытайша айтылуы екендігін білмегендігі деп таниды.

«Хан» деп Шығыс ұрпақтарының ғана аталғанын, ал басқа әулеттен шыққандар не «әмір», не «би» аталғанын да ескертеді.

«Автор кейде өзін қазақ тілін білетін адам ретінде көрсеткісі келетіні бар. Мысалы, Көл Мәлік, дұрысы Мәлік көлдегі ұрыс жайлы баяндайды. Қазақта, өзбекте еш уақытта «Көл Мәлік» деп айтпайды, бұл – автордың Мәлік көлін орысшадан аударған түрі. Жеме жемге келгенде, бұл Мәлік көлі емес, Мәлік шөлі, картада да осылай белгіленген».

«Автордың сары үйсіннің «қырқ» тармағы «қырғыз» деген сөзден шыққан деп сөздің соңын кесіп, түркі тілдері сөзжасамының барлық ережесіне қарама-қайшы. «Алаш» сөзін де кескілеп, содан «Алаша», «Алшын» сөздері жасалды деу де дұрыс емес. Сонымен бірге «Алықсыннан», «алчын» жасалған деу де өтірік. «Алықчын» руы Әулиеата уезінің (Талас өзенінің жоғарғы ағысы) қырғыздарының арасында әлі де бар. Мұндай ешнәрсемен негізделмеген ұқсатулар мен түсініктемелер авторда жиі кездеседі. Мысалы, автор 204-бетте қазақтың «таңба» сөзі орыстың «тамга» сөзінен шыққан деп болжағанмен, бұл жерде орыстың қазақтан алғанын дәлелдеудің өзі артық».

«Қазақ халқының тарихынан мәліметтер» атты еңбегінде біраз сөздің тарихы мен төркінін талдайды. «Біздің пайымдауымызша, Кіші орданың жетіруының құрамындағы керейт руы осы қашқан керейлердің ұрпағы болуы керек. Ғасырлар өте келе олардың шығыста қалған керейлермен байланыстары үзіліп, туысқан екенін ұмытқан. Меніңше, біреуінің тек керей, екіншісінің керейт («т») жалғауы көптік мағынаны білдіреді) аталуын осылайша түсіндіруге болады».

«Түркі» деген этнонимнің қытай жазбаларында «тукиу» болып кездесуі қытай тілінде «р» дыбысының болмауымен байланысты болса, арғын тайпасын «бай-егу» деп атауы «бай» қытайша «ұлы», ал түркіше «ұлұғ» деген мағына береді, яғни бай-егу «ұлұғ арғын» деп оқылады, Орхон ескерткіштерінде «ұлұғ-еркін» деген халық аты кездеседі. Паткановтың деректеріне қарағанда, Том округінің Шұлым болысын «Үлкен арғын» деп атайтынын, Ачин округі Енисей губерниясындағы үлкен және кіші арғын руларының санын келтіреді.

Рашид ад-диннің айтуынша, монғолдар еркек жынысын (мужской род) білдіру үшін сөзге «чин» қосады, ал бұл жалғауды алып тастап, қытай тілінде жоқ «р» қосылса, «теми» «темір» болады. Ал Говорт (3-бет) Иокиноф бойынша «Тумучин» «асыл темір» немесе «құрыш» дегенді білдіреді дейді. Осылайша Шыңғыс ханның шын аты Темучин емес, Темір болады. Тимурдың (Ақсақ Темірдің) нағыз аты басқа болып, Темір (Тимур) болып ұлы басқыншыға аты жағынан да ұқсағысы келіп, қайта атап алған шығар.

«Қыпшақтар бір кезде Қаратау бойында көшіп жүргендіктен, «қарааспандықтар» деп те аталған. Қазақ ішіндегі қыпшақта қарааспан деген тармақ та бар». Қаратау бір кезде «Қарааспан» деп аталған, «Қарааспанды суға алдырмашы» – ақырзаманда төндірме деген мағынадағы мәтел де бар.

М. Тынышпаев «қазақ» сөзінің кейбір зерттеушілердің еңбектерінде қисынсыз түсініктер беріліп жүргенін талдайды. «Мәселен, Крафт «Дала ережесіне» жазған алғысөзінде бір Қапша-Қадыр деген батыр шөлден өлейін деп жатқанда, оны «қаз-ақ» деген мейірімді аққаз пері құтқарады. Ол кейін батырға тұрмысқа шығады. Осыдан туған ұрпақтар «қазақ» деп аталып кетеді деген аңызды келтіреді. Мұндай филологиялық түсініктемеге сенген автор үлкен қате жіберген. Себебі түркі тілдерінде сын есім зат есімнің алдында келуі керек, яғни онда «қазақ» емес, «ақ қаз» болар еді» деген өзінің дәлелді уәжін айтады.

М. Тынышпаев тағы бір аңызда дінсіздерді мұсылман ету үшін бір топ жауынгерлер шабуыл жасапты. Ол жауынгерлер «ғазихақ» («әділетті сенімге берілген» деген сөз) деп аталыпты. Олардың ұрпақтары «ғазихақ немесе қысқартылып «газақ» немесе «қазақ» деп аталыпты-мыс. Тіпті аңыз мұсылмандық еңбектерде «ғазихақ» қазақтардың арғы атасы деп айтылады деп сендіргісі келеді. Мұндай деректердің еш тарихшының еңбегінде кездеспейтін айта келіп, аңыздың жасырын мақсаты да түсінікті екенін айтады. Бұл – бірінші. Екіншіден, қазақтың ата-бабасы ешқашан дін үшін соғысқан емес. Үшіншіден, сөз құрылысы тағы да қате түсіндірілген: «ғаз» – зат есім, «қақ» – сын есім, яғни нанымға шын берілген жауынгерлер, сондықтан олардың ұрпақтары «хаққаз» не «қаққаз» болып аталуы керек еді деп түйіндейді.

Бұдан соң М. Тынышпаев «қазақ» туралы деректерге хронологиялық тұрғыда шолу жасай келіп, «қазақ» деген сөздің мағынасын іздеу – орыс, араб, француз, ағылшын және т.б. сөздердің мағынасын іздеумен бірдей құр әуре болумен пара-пар» деген қорытындыға келеді.

М. Тынышпаев Рашид-ад-диннің деректеріне сүйене келіп, керейлер сахият, дубоит, тонғайт, албат, қарғыз деген тармақтардан тұратынын баяндап, осы тайпалар атауларындағы көне көпше түрдің «т» қосымшасын алып шығатынын айқындайды.

Орыс «қара татарлар» деп атайтын тубалардың, «сағай татарлар» деп атайтын сахалар бір кездегі күшті керей тайпасының рулары екендігін, ғалым Кочневтің антропологиялық зерттеулері дәлелдегендей сахалардың (якуттардың) 2 тегі болатынын, алғашқы тегі қырмұрынды, сопақ пішіндегі, бет сүйегі шығынқы емес, қастары сәл қиғаш, тұла бойы түзу таза нәсілділер қазақтарды еске түсіретінін, Серошевский, Врангель және т.б. зерттеушілер оған дәлел ретінде оңтүстік якуттар тілінде арыстан, жолбарыс, түйе, жылан,

діңек және т.б. зат атауларының сәйкес келетінін, яғни сахалардың бұл тобын Нохельсон Түркістан өлкесінен көшіп келгенін айтса, М. Тынышпаев өз тарапынан 1880 жылдары Лепсі уезі Мақаншы-Садыр болысынан адам өлтіргені үшін Сібірге жер аударылған Жақсылық деген кісімен 1905 жылы кездесіп, одан қазақ жырына ұқсас мазмұндағы Қозы Көрпеш пен Баян сұлу туралы аңыз естігенін, олар өздерін не Қозыдан, не Баяннан тарағанын баяндайды.

Жырда Қозының ауылы Баянның ауылынан ұзап көшіп кеткенде, Баянның ауылын Қодар бастаған қалмақтар басып алып, Баянның үйіне жайғасып, оны алуға бел байлағанда, Баянның ағасы Қозыны іздеуге жолға шығады. Қайтар жолынан адасып қалмас үшін жолай қолындағы заттарын әр жерді белгілеп тастап кете береді. Сандық бұрыштарының түрлі түсті қауырсындардан құрастырылған ерекше әшекей – қарқараны тастаған бір биік тау кейін Қарқаралы, алтын қазық тастаған тау қазірге дейін Алтынқазық аталады. Баянның ағасы Қозыға тастап кеткен белгілері туралы айтуға ғана шамасы жетіп, жан тәсілім етеді. Қозы келгенше тойдың күнін ұзарта тұру үшін Қодарға құдық қазып бер деп қолқа салады. Ол – қазір де бар Қодарқазған құдығы.

Сергиополь қаласының маңындағы Таңсық, Ай, Айғыз деген өзендер Баянның сіңлілерінің атымен аталыпты. «Қозы Көрпеш пен Баян сұлу» аңызының баяндалуының 2 маңызы бар, ол – қазақтың саха халқымен тарихи тамырластығы және 6 бірдей ономастикалық бірліктің баяны айтылатындығы.

Бұдан әрі М. Тынышпаев 1) «Алаш Алаш болғанда, Алаша хан болғанда», 2) «Үш жүз» немесе «Үш орда», 3) «Алты Алаш» деген тарихи сөздердің мағынасын түсіндіреді.

Автор алшын, ноғай, қазақ атауларының жазба деректерде қатар кездесетін; Алаша ханның аты, алаш ноғайлардың ұраны, алаш Алашадан бұрын болған; алшын Алтайды мекендеген кезде шығысындағы монғолдарға жиі шабуылдағандықтан, монғолдар оларды «алаш», яғни «қанышер» деп атауы мүмкін; ноғайды, қазақты немесе алшынды қалмақ «алаш» деп атауы мүмкін емес, себебі олардың, ноғай мен қалмақтың «кездесуі» XVII ғасыр басында ғана болған. Оның үстіне «алаш» ноғайларда немесе қазақтарда бұған дейін (Темір заманынан) кездеседі деген түйіндер жасайды. Алаша хан – Хақназар хан деп дәлелдейді.

Қазақ аңыздары қазақтың жүзге, ордаға бөлуін Хақназар ханға телігенмен, оған дәлелді дерек жоқ дей келіп, Батый заманына қатысты екенін дәлелдейді. Ал «жүз» сөзінің «жүз» саны, «бет», «ұрыс» деген мағыналарда қолданылғанмен, ру-тайпалық бірліктің жиынтық атауын мәнін аша алмайды. Біздің ойымызша, бұл – «дүз» немесе «доз» деген

көне түркі сөзі (қазақтар көбіне «жүз» деп емес, «дүз» деп атайды). Егер мен қателеспесем, көне түркілік «доз» сөзі «қорған», «орда» деген мағына береді» деген тұжырымын айтады. Түркі жазба ескерткіштері мен қазіргі түркі тілдерінде «дүз» түбірлі сөздің «жазық, дала, егістік, тегіс жер; тік, тура, түзу; тегіс; шын ақиқат, рас» деген мағыналары бар [2:310]. Бұдан ұлы жүз, орта жүз, кіші жүз деген тайпалық бірліктер атауындағы «жүз» сөзінде «жазық, дала» деген мағыналардың бар екендігін байқауға болады. Алты алашқа кіші, орта, үлкен ордаларды, қарақалпақ, қырғыз және қатаған, жайма т.б. руларды кіргізеді.

«XVII және XVIII ғасырлардағы қазақтар («Қазақ халқының тарихынан мәліметтерге» толықтыру)» атты еңбегінде 1627-1629 жылдары болған Есім ханның қалмақтарға екі жылдық жорығы кезінде елін аманат етіп кеткен Тұрсынның опасыздығы туралы баяндалғанда Күйік, Құтырған, Торыайғыр, Үлкен бурыл, Кіші бурыл деген жер атауларының қойылу себебі баяндалады.

Автор Тәуке хан кезінде «күшті руларға қарсы тұра алатындай болу үшін әлсіз, аз руларды одақтастырған», «әрбір жекелеген рулар мен аталарды өз билері басқарған. Олар күзде 1-2 айға Тәукенің ханабадына, яғни Ташкенттен оңтүстікке қарай 40 шақырым жердегі Ангрен өзенінің сол жағалауындағы Күлтөбеге жиналатын болған». Бұл жиын халық жадында «Күлтөбенің басында күнде жиын» деген атпен қалғанын түсіндіреді. Ал «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» деген тарихи тұрақты тіркестегі Алқакөлдің географиялық орналасуын айқындап береді. Ұлы және орта ордалар қашқан жолда екі Алқакөлдің бар екендігін, біріншісі Сырдарияның сол жағалауында Конногвардейский елді мекенінен 6 шақырым, екіншісі Сырдарияның оң жағалауында, Ташкент қаласының кең жазығында, Ташкенттен 90 шақырым және теміржол көпірінен 90 шақырым орналасқанын, халық мәтелінде айтылып отырған Алқакөл Сырдарияның сол жағалауындағы, арғы жағындағы, Конногвардейскийдің қасындағы көл, себебі сол жағалаудағы, бергі беттегі Алқакөл қауіпсіз мекен бола алмайтындығын дәлелдейді.

1723 жылы басталған қалмақтар қырғынына қатысты туған «Сауран айналған», «Қайың сауған» деген тарихи мәтелдердің мән-мағынасын ашады, географиялық мекенін, тұрмыс-тіршіліктік мәнін анықтайды. «Сауран айналған» кіші ордада айтылатынын, көне Сауранның Түркістаннан солтүстікке қарай 30 шақырым жерде орналасқанын; Кіші орда Сауран қаласын айналып, Шиелі немесе Қызылорда (Ақмейіт) станциялары арқылы Хиуаға кеткенін, «Қайың сауған» деген ашаршылық кезде «қайыңның қабығын ашып, қайыңның сөлін қорек ету» деп түсінік береді. Осының барлығы қазіргі лингвистика тілімен айтқанда, антропоцентристік және когнитивтік, тіпті этнолингвистикалық мазмұнын ашу болып саналады.

«Қалмаққырған» деген жердің (бұрынғы Қарасиыр, Торғай уезінің оңтүстік-шығысы) атын 1726 жылдың аяғы немесе 1727 жылдың басында қазақтар (Кіші орданың батырлары бастап) қалмақтарға қарсы шығып, Бұланты, Білеути өзендерінің бойында алғашқы рет жеңіске жетеді, сондықтан да осылай қойылғанын баян етеді.

«Орда басы» немесе «Бас орда» деп аталуының себебі қалмаққа шабуылға шыққан үш топтың біріккен жері, ол Шымкенттен шығысқа қарай 30 шақырым, Бадам станциясынан 5 шақырым.

Боралдай және Қошқарата өзендерінің жоғарғы ағысындағы «Үлкен орда қонған» деген жер 3 орданың Ұлы, бас ханы болып Тәуке ханның ұлы Болаттың, кіші хан болып бүкіл қазақ халқының қолбасшысы Әбілқайырдың сайланған жері, аралары 3-4 шақырым жердің «Кіші орда қонған» деп аталғанын, Түркістанның шығысына қарай, Ақыртөбе және Подгорное станцияларына қарсы бетте «Әбілқайыр үңгірі» бар екенін тарихи фактілер ретінде дәлелдейді. Бұл жерлердің бір-біріне жақын орналасуынан-ақ олардың уақытша аялдама, жаугершілік кезінде ғана тұрақ болғандығы «қонған» деген атынан байқалып тұр.

Сонымен қатар тарихшы сарт, тәжік, өзбек ұлыстарының, құрама руының анықтамасын береді. VIII ғасырда арабтардан шығыстан ығысқан түркі тайпалары (қарлұқтар, оғыздар, қара қытайлар-монғол тектес) Сырдария арқылы батысқа өтіп, 1000-жылдардың шамасында Мауреннахрдағы Иран елін басып алады. Сол кезден бастап, Мауреннахр түркі елі – Түркістан аталады. Түркі мен иран тайпаларының ұзақ уақыт аралас-құралас болуынан жаңа ұлыс сарт пайда болады. Сарттардың өмір сүру салты мен әдет-ғұрпы ирандықтарға жақын болса, тілі түркілік болды. Осылайша қала халқы сарттар, ауыл халқы өзбектер болды. Өзбек пен сартты бір-бірінен айыру үшін «Сен кімсің?» деген сұрақ қойғанда, өзбек өзі шыққан тайпасын (кенегес, катаған, барин, қыпшақ), сарт тұратын қаласын айтып жауап береді. Ал түркі (қазақ, өзбек) және монғол тайпаларынан құралған бірлікті «құрама» деп атайды. Арабтар Ангрен өзенін Илак, Түркі немесе Шыршық өзенін Чач деп атаған. Жиделі-Байсын дегендегі Жиделі – тау аты, Байсын – шығыс Бұхарадағы қала деген түсініктер береді.

Қазіргі Дүңгененің бастапқа атауы Қосағаш, ал казактар Бақанас атап кеткен жердің дұрыс аты – Бақанасты, себебі «өзен суының тереңдігі бақан бойынан асады» деген ақиқаттарды ашады.

М. Тынышпаев Генри Говорт, монғол тарихшысы Санан Сетцендер монғол руына жалайырлар да кіреді, Шыңғыс ханның атақты қолбасшысы Мукули Гован жалайырдан шыққан. 1250 жылы жалайырлар 4 топқа бөлінген, екі бөлігі Сыр бойын мекендегендер – сырманақтар, Шу бойын тұрақтағандар – шуманақтар деп аталған. Жошы ұлысының 4 000

әскеріне кірген жалайырлар Шу бойын, Балқаштың батыс және солтүстік жағалауын, Іле өзенінің жағасын мекендеген. Қарқаралы уезінің оңтүстігінде жалайырлардың тоқырауын немесе тоқырауыт деген тармағы тұрақтаған, содан жергілікті өзен «Тоқырауын» деп аталған деген нық пікір айтады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қоғам қайраткері, мамандығы теміржолшы болса да тұла бойы тарихшы М. Тынышпаевтың еңбектерінен қазақ тілінің сөз, тіл байлығының төркіні мен тарихына қатысты пікірлерін «лингвистикалық тұжырымдары» деп атауымыздың басты себебі ғалымның тілдік тұлғалар мен бірліктерге (сөз, сөз тіркесі, сөйлем, тарихи тұрақты тіркестерге, мәтелдерге) фонетикалық, лексикалық-семантикалық және грамматикалық талдаулар жасауымен тікелей байланысты. Олардың дені ономастиканың этнонимдер (туба, саха, өзбек, қазақ, татар, ноғай, түркі, сарт, құрама), топонимдер (Қарқаралы, Алтынқазық, Қодар қазған, Таңсық, Ай, Айғыз, Баянауыл, Берішкөл, Черкиш, Ачин, Алчедат, Алтын, Ромодан, Тана, Одоев, Таман, Табын, Азов, Қазақ, Алшын, Телецк, Алаша хан мазары, Күйік, Құтырған, Торыайғыр, Кіші бурыл, Үлкен бурыл, Қалмаққырған, Үлкен орда қонған, Кіші орда қонған, Аңырақай, Илак – Ангрен, Чач – Шыршық, Бенакет – Ташкент, Келтеқара, Садырмүрде, Садырсай, Садыр қамалған бұлақ, Алқакөл, Жиделі, Байсын, Алакөл, Ордабасы, Қарааспан, Қалаш, Дүңгене, Бақанасты, Тоқырауын, Екіаша, Органум, Арғын қатын, Боралдай) болып келеді. Ғалым зерттеуінде негізінен «Жердің аты – ғаламның хаты» деген қағидаға сүйеніп, этнонимдерден болған топонимдерге көп көңіл бөледі. Мәселен, Орта орданың үлкен тармақтарының бірі «арғын» атауы Ергене, Органа, Арғұна қатын, Органум, Бурятиядағы Амур теңізіне құятын Аргун өзені, Алтайдағы Катуні өзгені құятын Аргут өзені, қытайша «алунь» немесе «бай-егу», Кавказда «арғын» атаулы тау шатқалы, тау, өзен, ауыл атаулары бар, ал қырғыз тілінде «аралас» деген, яғни кодас пен сиырдың буданы деген мағына береді. Ал Кіші орданың ру атаулары этнонимдік топоним ретінде көптеп кездеседі: беріш (Сібірдегі Беріш өзені, Берішкөл, Бұрыш көлі, Ресейдің оңтүстігі мен оңтүстік-шығысындағы Барышевқа станциясы, Бирюч қаласы, Барыш өзені, Барыш теміржол станциясы, Барышовқа елді мекені, Бирючи және Құр Бирючи өзендері, Бирючевқа деревнясы, Бұрыш өзені, Барашы қаласы), алшын (Алчедат өзені, Ачинск қаласы, Алазон, алчид, үлкен ачин, кіші ачин – қызыл тайпасының рулары. Мұндағы «ачин» деген ру атындағы «л» әрпі («алшы» дегеннің орнына «ашы», «алып кел» дегеннің орнына «әкел» дегендердегі секілді) түсіп қалған да, «Алчедат» деген өзен атына «т» көптік жалғауы жалғанған, сонда «ачин» – «алчин», «алчедат» – «алчед» болып шығады деген талдама түсініктеме береді), кетре (Сібірдегі Катуні өзеніне құятын Үлкен кет, Кіші

кет өзендері), шеркеш (Сібірдегі Черкиш өзені, Ресейдің оңтүстігі мен оңтүстік-шығысындағы Черкасск қаласы, Днепр өзені бойындағы Ескі Черкасск, Жаңа Черкасск қалалары), адай (Ресейдің оңтүстігі мен оңтүстік-шығысындағы Удай өзені, Одоев қаласы), рамадан (сол өңірдегі Ромодан қаласы), алтын (Сібірдегі Алтын атты жер атаулары, Ресейдің оңтүстігі мен оңтүстік-шығысындағы Алтын станциясы, Алтын тауы, Алтын төбе), тана (Ресейдің оңтүстігі мен оңтүстік-шығысындағы Дон өзені ХІҮ ғасырға дейін «Танаис» деп аталған -ис – грек тілінің жалғауы, Азов теңізі мен Азов қаласы «Тана» деп аталған), тама (Ресейдің оңтүстігі мен оңтүстік-шығысындағы Кубань өзенінің теңізге құяр жері «Тамань» түбегі деп аталады). М. Тынышпаев жоғарыдағы тарихи тілдік фактілерден: «Бір ғажабы, бұл аймақтардағы (Ресейдің оңтүстігі мен оңтүстік-шығысындағы – Ш.Ш.) географиялық және тарихи атауларында монғол шапқыншылығына дейінгі кезеңде (тіпті ХІҮ ғасырға дейін) Үлкен орда мен Орта орда руларының аттары (қыпшақтан басқа) мүлдем кездеспейді», ал Сібір өңірінде Үлкен және Орта ордалардың арғыннан басқасына қатысты жер атаулары жоқ екенін ескертеді.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Тынышпаев, М.** История казахского народа. – Алматы : Санат, 1998. – 224 б.

2 **Севортян, Э. В.** Этимологический словарь тюркских языков. – М. : Наука, 1980. – С. 303–310. – 420 б.

Материал 03.04.20 баспаға түсті.

Ш. Ш. Жалмаханов¹, М. А. Маретбаева², А. Т. Толысбаева³

Лингвистические взгляды М. Тынышпаева

^{1,2}Медицинский университет Караганды,

г. Караганда, 100012, Республика Казахстан;

³Казахско-турецкий международный университет

имени Х. Ф. Яссави,

г. Туркестан, 161200, Республика Казахстан.

Материал поступил в редакцию 03.04.20.

Sh. Sh. Zhalmakhanov¹, M. A. Maretbayeva², A. T. Tolysbaeva³

Linguistic views of M. Tynyshpaev

^{1,2}Karaganda Medical University,

Karaganda, 100012, Republic of Kazakhstan;

³A. Yesevi International Kazakh-Turkish University,
Turkestan, 161200, Republic of Kazakhstan.

Material received on 03.04.20.

Статья посвящена рассмотрению некоторых вопросов этимологии и истории значения слов, словосочетаний, фразеологизмов и исторических поговорок инженера-железнодорожника, историка М. Тынышпаева. Анализируются преимущественно ономастические единицы, используемые в трудах М. Тынышпаева, в числе которых: этнонимы, топонимы, антропонимы и гидронимы, связанные не только с историей казахского, но и, в целом, тюркских народов. Анализ осуществляется с учетом таких критериев этимологии, как: фонетический, лексико-семантический и грамматический.

В результате исследования авторы постулируют, что процесс выявления этимологии и истории происхождения значений слов (семантическая деривация) во многом детерминирован историческими фактами влияния одних народов на другие в результате близкого расположения территорий их проживания.

The article is dedicated to the consideration of etymology and history of words meaning, word-combinations, phraseologisms and historical sayings of the engineer-railwayman, historian M. Tynyshpaev. There are analyzed mainly onomastic units, used in the works of M. Tynyshpaev such as etnonyms, toponyms, antroponyms and hydronyms, bound not only with Kazakh history but also Turkic people as a whole. The analysis is done with the consideration of such criteria of etymology as: phonetic, lexical-semantic and grammatical.

As a result of research the authors maintained that the process of the discovery of etymology and origin of history of words meaning (semantic derivation) determine by historical fact influences upon one people on another as a result of close location territory of their residences.

А. Т. Турганбекова¹, Ә. Д. Әміренов²

¹магистрант, Филология және тарих факультеті, Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті, Павлодар қ., 140002, Қазақстан Республикасы; ²ф.ғ.к., доцент, Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті, Павлодар қ., 140002, Қазақстан Республикасы
e-mail: ¹aktogai_0305@mail.ru; ²adilbek.61@mail.ru

ТӘУЕЛСІЗДІК АҢСАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫ

Мақалада XIX ғасырдың II жартысы мен XX ғасыр басындағы қазақ қоғамын отаршылдық езгіден құтқару, елдің тәуелсіздігі үшін күресі идеясын көркемдік оймен жеткізген қазақ халқының азаттық аңсарын ашып берген поэзиясы әдеби-тарихи үдеріс тұрғысынан зерделенеді.

Кілтті сөздер: тәуелсіздік, азаттық, отаршылдық, миссионерлік саясат.

КІРІСПЕ

Қазақ елі билік, шаруашылық, рухани тәуелділіктен арылып, бүтіндей тәуелсіз жеке мемлекеттік мәртебеге ие болғанына да көп бола қойған жоқ. Бары-жоғы жиырма жыл ғана. Осы аз ғана жылдың өзінде өткендеріміздің үш ғасыр бойы бодандықта жүріп ансаған егемендік аңсарының ірге тасы мықтап бекіді: еліміз болашағынан үлкен үміт күттіретін әлем елдерінің санатына қосылып, экономикалық әлеуеті жоғары елге айнала бастады; мемлекеттік саяси-экономикалық бағдарламалары мен жоспарлары тұрғысынан болсын, тағы да басқа алуан салаларымен болсын, әлем жұртшылығының назарына іліккен, қызығушылығын туғызған, ешкімге жалтақтамай өзіндік даму – Қазақстандық даму үлгісін көрсеткен мемлекет болды; еліміздің ұйтқы болуымен жер жаһандық деңгейде өтіп жатқан әртүрлі саммиттер, конференциялар, форумдар, спорттық жарыстар Қазақстанның әлемдік аренадағы беделін арттыруда; елдің әлеуметтік-экономикалық дамуы күн санап артып, халықтың тұрмыс деңгейі, тыныс-тіршілігі Орталық Азия елдерінің ішінде алдыңғы қатарға шықты. Ендігі мақсат – осы азат елдің көтерілген шаңырағын қисайтпай, биікке көтеріп, тіктеп ұстап, жаһандану толқынында жұтылып кетпей бүкіл саяси, экономикалық, рухани, мәдени, болымыс-бітімімізбен әлемдік заманауи дамудың алдыңғы қатарынан көріну. Бұл – Қазақ елінің алдына қойған перспективалы стратегиялық бағдары.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Тәуелсіздіктің оңай жолмен келмегені айтылып та, жазылып та жүр. Үлкен, қомақты ғылыми зерттеулер де жоқ емес. Дегенмен де, қазірде тілімізде жиі қолданылып жүрген «азаттық», «тәуелсіздік», «егемендік» сияқты аталымдардың тарихи-саяси мәнін, ұрпақ санасын сіндіру үшін өткендегі тарихи жадымызға қайта-қайта үңілгеніміз артық болмас. Тек қасаң фактілерге сүйенетін тарихи хронологиямен ғана шектелмей (өкінішке орай, көптеген зерттеулер осы тұрғыдан қарастырылуда Ә.Ә.), тәуелсіздік аңсардың мақсат-мүддесін, арман-тілегін бүтіндей ашып беретін рухани мәдениетімізбен, көркемдік ойдың құндылықтарымен байланыстыра терең талдап зерделегенде ғана тарихты дұрыс түсінуге болатынын байқатады. Әдебиеттанушы С. Қирабаевтің сөзімен айтсақ: «Қазақтың рухани мәдениетінің ең үлкен бір бөлігі – оның көркем әдебиеті. Ол – халық тарихының бейнелеу жолымен жасалған көркем шежіресі. Халық басынан өткен деректі оқиғалар, оларға қатысқан тарихи тұлғалар туралы мәліметтер тарихпен бірге әдебиет бетінде де көп сақталған» [1, 3]. Яғни, мәселені әдеби-тарихи процесс тұрғысынан зерделесек, тәуелсіздіктің тарихи, саяси мәнін, халқымыздың азаттық аңсарын толық ашып береміз.

Қазіргі қазақ әдебиетінің даму жолын шолып қарасақ, әлеуметтік-қоғамдық, рухани-мәдени өмірінің туыстас халықтармен біте қайнасқан ҮІІІ–ХІҮ ғасырлардағы жалпытүркілік ортақ әдебиеттен бастап, ХҮ–ХҮІІ ғасырлардағы қазақтың ұлт болып қалыптасып, дербес мемлекетке ие болған тұстағы поэзиясы, ХҮІІІ–ХІХ ғасырдағы ұлттық тәуелсіздік, отаршылдық зардабы тақырыбындағы поэзия, ХХ ғасыр басындағы отаршылдық езгіден құтқару, елдің тәуелсіздігі үшін күресі идеясын батыл көтерген поэзия, кеңестік кезеңдегі әпербақан саясаттың ығына жығылған «қып-қызыл идеядағы», тәуелсіздік санадан жұрдай болған әдебиет деп қысқаша тұжырымдауға да болады. Осы санамалап өткен кездердегі әдебиеттің идеялық-мазмұндық, көркемдік жағынан дамуына әсер еткен қоғамдық тарихи-саяси жағдай болды.

Ал тәуелсіздік, елшілдік, әлеуметшілдік сарындағы поэзияның тақырыптық-идеялық жағынан жандануы ХІХ ғасырдың ІІ жартысы мен ХХ ғасырдың басындағы әдебиетте көрініс тапты. Бұл жөнінде М. Әуезов былай дейді: «ХІХ ғасырдан бастап қазақтың жазба әдебиеті әлеумет халін ұғып, ел қамын жоқтауға кіріседі. Өлең бұрынғыша қызық, сауық сияқты ермек емес, қауым қызметін атқара бастайды. Елдің саяси пікірі мен тілек, мақсат, мұң, зар сияқты сезімдердің басын қосып, жаңадан ой негізін, салт-санасын құрай бастайды. Бұл уақытқа шейін болмаған әлеуметшілдік сарыны, азаматтық нысанасы шығады» [2, 194–195]. Яғни ұлттық намыстың тапталып, халықтың тыныс-тіршілігінің тарылып, биліктің, ата қоныстың,

казына-байлықтың, діннің, тілдің, жалпы алғанда діліңмен қоса бүтіндей орыс бодандығына беріліп, орыс патшалығына тәуелді болып отарланған осы тұстағы қазақ поэзиясы тарихи оқиғаларды, өмірлік фактілерді негізге ала отырып, көркемдік ой үлгісінде ащы ыза, улы зармен заңран болып төгілді, кейін елшілік ұранына айналып, көкейден азаттықты аңсаған жыр болып ағылды.

Қазақ еліне жүргізілген отаршылдық нәубәті жоспарлы түрде жасалып, біртіндеп сыналай еніп, өз нәтижесін берді. Алдымен қазақ сахарасындағы бұрыннан басқарылып келе жатқан дәстүрлі хандық билік жойылды. «1822–1867 жылдар аралығында хандық жойылып, аға сұлтандық ел билеу жүйесі енген соң, қазақ жерін «бөлшекте де билей бер» дейтін отаршылдық принцип негізінде көптеген әкімшілік территорияларға жіктелді. Бұл тұста ру басыларын бір-біріне айдап салып, отаршылдық саясатын оңай жүзеге асырды...» [3, 73]. Патша әкімшілік жүйесінің отаршылдық пиғылдағы бұйрығын орындататын ел ішіндегі басқарушылары аға сұлтан, болыс, старшын, билер еді. Патша шенеуніктерінің айдауымен қазақ ішіне ірткі салып, елді бұзған да осылар болды.

Бас-басына би болған өңкей қықым,
Мінекей бұзған жоқ па елдің сиқын,
Өздерінді түзелер дей алмаймын,
Өз қолыңнан кеткен соң енді өз ырқың [4, 28].

Абайдың бұл айтып отырғаны тарихи шындық, қазақ даласының тұтастығы бұзылып, болыс-болысқа бөлініп, сол болысты басқарып отырған қолдарында билігі жоқ «өңкей қықымдардың» орыс билігінің ықпалында кетіп, елдің берекесін кетіріп, сиқын қашырғанын ақын ішінен шер боп ақтарылған көркемдік оймен жеткізіп отыр. Бұларға қолымен от көсетіп, өз халқына айдап салып отырған аяр саясаттың азғырушысы орыс ұлығының да жымысқы әрекетін ақын:

Орыс айтты өзіңе ерік берем деп,
Кімді сүйіп сайласаң бек көрем деп.
Бұзылмаса оған ел түзелген жоқ,
Ұлық жүр бұл ісінді кек көрем деп [4, 26], – деп ашып береді.

Елдің іргесін сөгіп, бірлігін тайдырып, бір-біріне алауыз қылып («Алыс-жақын қазақтың бәрі қаңғып, Аямай бірін-бірі жүр ғой аңдып»), тіпті ағайын-туыс арасына от қойып («Атаны бала аңдиды, ағаны – іні, Ит қорлық немене екен сөйткен күні») отаршылдық қамытын мойнына ілдіріп мақсатына жеткен орыс отаршылдық пиғылы мен солардың сойылын соғып өз халқын құрдымға түсірген ел билеушілерінің ессіз қылығын ақын астарлы оймен жеткізеді:

Ел бұзылса салады шайтан өрмек,
Періште төменшектеп қайғы жемек.
Өзімнің иттігімнен болды демей,
Женді ғой деп шайтанға болар көмек [4, 24].

Осындағы «шайтан», «періште» деген бейнелі сөздерде терең астарлы мағына жатыр. Діни ұғымда екеуі бір-біріне қарама-қарсы мәндегі сөздер. Періште күнәсіз, пәк, адал субстанция және ол үнемі жақсылық жағымен көрінеді, ал шайтан керісінше қара ниетті, азғырушы жағымен мәлім. Бұл көркем бейнедегі «шайтан» – отарлаушылар болса, «періште» – отарланғандар. Шайтанға көмек берушілер – отарлаушылардың жандайшаптары ел басқарушылар.

Биліктен айрылып, екі жақты қанауға түсіп, берекесі кеткен елді ақын шөлге теңейді:

Берекесі кеткен ел –
Суы ашыған батпақ көл.
Құс қаңқылдап, жағалап,
Сулай алмас жазғы төл.
Оның суын ішкен мал,
Тышқақ тиіп аспас бел.
Көл деп оны кім жайлар,
Суы құрсын, ол – бір шөл [4, 91].

Ақын бұл жерде елді балама символ ретінде шөлге теңеп отыр. Яғни, суы бітіп шөл боп құрып бара жатқан көл – тоз-тозы шығып, құлдық қамытын мойнына ілген, басшысыз қалған берекесіз ел болса, шалқар көл – билік, шаруашылық, мәдени-рухани жағынан жетілген, өз билігі өз қолында тәуелсіз, берекелі ел:

Берекелі болса ел –
Жағасы жайлау ол бір көл.
Жапырағы жайқалып,
Бұлғақтайды соқса жел.
Жан-жағынан күркіреп,
Құйып жатса аққан сел.
Оның малы өзгеден,
Өзгеше боп өсер тел.

Таза қазақи танымдағы ел көрінісі, көшпенді елдің шаруашылық тұрмыс – тіршілігі, бүтін болымысы арқыл ақын берекесі кеткен ел (отарланған) мен берекелі (тәуелсіз) елдің көрінісін қатар суреттей отырып көрсетеді. Айналасында жапырағы жайқалған жасыл орманды, жан-жағынан күркіреп ағып құйып жатқан мөлдір бұлағы бар шалқар көлдің жағасында, көк майсалы шөбі шүйгін жайлауда тойынып өскен төрт түлік малдың тел өсуі

– байлықтың, дәулеттің нышаны, тал басын тербелтіп бұлғақтай соққан жел – тыныштықтың, бейбітшіліктің белгісі. Ақын аңсарындағы тәуелсіздік міне осы – әсем табиғат аясында алаңсыз еңбек етіп, мамыржай тіршілік еткен азат ел. Мұндай елді басқару да кім көрінгеннің қолынан келетін іс емес:

Көп шуылдақ не табар,
Билемесе бір кемел?

– деген риторикалық сауал тастайды ақын. Негізінен «кемел» араб тілінен енген кірме сөз. Түсіндірме сөздікте «Кемел – әбден толып жетілген, өскен, ер жеткен. Асқан шебер, жетік, алғыр» [5, 382] деп көрсетілген. Бұл түсіндірме Абайдың айтып отырған «кемелін» тарқата алмайды. Абай оны діни-ахлақтық мағынада қолданған. Діни сопылық танымда *کامل* – камил сөзі ахлақтық (мінез-құлық) ұғымда қолданылады, яғни адами жетілудің әуел бастағы құдайлық жаратылыстағы деңгейінде болу, тек сыртқы (заһири) ғибадат-құлшылық жағынан ғана емес, ішкі (батини) рухани, мінез-құлықтық тұрғыдан жан-жақты толық жетілгендікті білдіреді. Адамның ішкі рухани толысуының басты көрінісі – имандылық. Ахлақтың (мінез-құлықтың) негізгі міндеттерінің бірі – елге, туған жерге, жұртқа, отанға байланысты міндеттер: «Отанды сүю де иманнан келеді. Имансыздың жүрегінде отан сүйіспеншілік болмайды. Әр адам баласы үшін, мемлекетін және елін сүю, оның бақытты болуына, дамуына тырысу міндет болады» [6, 271], деп жазылады Ғылымхалдің «Мінез-құлық» (Ахлак) бөлімінде.

Ақынның сын тезіне түскен ел басқарушылардың барлығы әрине, отаршылдықтың «бөлшекте де билей бер» саясатының құрбандары. Мұндай атқамінерлер Абайша айтқанда имансыздар, яғни кемел, толық адамдар емес. Ондайлардың ел басқаруы да қауіпті. Сондықтан ақын елбасшысы кемел адам болу керек дейді. Халықты артынан ертіп, елін дәулетке жеткізетін басшыны «единица» деп, ерген халқын «нөл» деп арифметикалық ұғыммен астарлайды:

Единица – жақсысы,
Ерген елі бейне нөл.
Единица нөлсіз ақ,
Өз басыңдық болар сол.
Единица кеткенде,
Не болады өңкей нөл ?
Берекеңді қашырма,
Ел тыныш болса жақсы сол [4, 91].

Расында ақынның айтатын «көп шуылдақ» нөлдің алдында кемел басшы «единица» тұрмаса, маған десе қанша нөл болса да оның арифметикалық сандық мағынасы болмайтындай, әлеуметтік ұғымдағы халықтың да басшысы кемел (единица) болмаса құрдымға кететіні анық. Абайдың

тереңнен толғап, астарлап қозғап отырғаны да осы қолдан кеткен билік, сол билікті қайта қолға алу, елді кемел басшыға билету. Бірақ ақын билік тізгінін қалай қайтаруды тәпінштеп жатпайды.

Берекеңді қашырма,
Ел тыныш болса, жақсы сол.
Рас сөзге таласып,
Ақжем болма, жаным, кел [4, 92],

– деп елдің тыныштығын армандап, сол елді алға сүйрейтін, әділ билік жүргізетін кемел басшыны идеал ғып қана өтеді. Міне, ақынның тәуелсіз ел, тәуелсіз билік аңсары да осында.

Билікті қолға алған соң ендігі кезекте жер отарланды. 1968 жылғы қазақтар «Жаңа низам» деп атап кеткен «Уақытша Ереженің» 210 бабында: «Қырғыз (қазақ) көш-қоны болып табылатын жер мемлекеттік болып есептеледі, әрі қырғыздарға қоғамдық түрде пайдалануына беріледі» [7, 289], – деп жазылған. Барлық ерікті өз қолына алған патша өкіметі қазақтың атамекен, құт қонысы болған ең шұрайлы жерлерін ішкі Ресейден шұбырған қара шекпендерге таратып, қазба байлық шығатын жерлерді шетелдік өндірісшілердің қолына берді. Жергілікті халық құнарсыз, шөлейт жерлерге ығыстырылды. Өз жерінде күн көре алмаған орыс мұжықтары қазақтың шабындығы мол, сулы жерлеріне өз беттерімен орналасып қоныстанып жаппай үй салып, ауылдар тұрғыза бастады. Патша өкіметі оларға қолдау көрсетіп: «Күздік жайылым мен қыстақтар, оған жақын жердегі шабындықтар және дәл сол сияқты сонда орналасқан құдықтар мен ормандар жеке отбасылардың жеке меншігі болып табылады» [7, 290], – деп жарлық шығарады. Алайда бұрын отырықшы болмаған қазақ бұл заңның пайдасын көрмеді. Ата-бабасынан бері көшпелі тұрмыс кешкен қазақ биліктен бір айырылса, енді шұрайлы жерінен тағы айырылды.

Мұндай жағдай: «Қазақ елінің рухани құлдық қамытын киіп, отаршылдық қысымға ұшыраудан құтылуға ұмтылу – осы кезеңдегі қазақ поэзиясының өзекті сарынын тудырмай тұра алмады. Өткен замандағы Асан Қайғы, Бұхар, Махамбет, Дулат, Шортанбай, Мұрат, бергіде Абай бастаған жаңа әулет өкілдері, кітаби ақындар туындыларындағы отаршылдыққа іштей қарсылықтан туған ортақ сарынды сезінеміз» [8], – дейді М. Мырзахметов.

Жердің отарлануы, ақындар шығармашылығының негізгі тақырыбына айналып, көкіректен шер болып ағылды. Енді ата қоныстың жаз жайлауы, күзеуі, қыстауы, өзен-көлі, тіпті ағаш, талы, топырағына дейін жат жұрттық болып кеткенін шерменде болып толғаған сахараның Батысы мен Шығысының екі ақынына құлақ түрелік:

Еділді тартып алғаны –
Етекке қолды салғаны.

Жайықты тартып алғаны –
 Жағаға қолды салғаны.
 Ойылды тартып алғаны –
 Ойдағысы болғаны.
 Маңғыстауда үш түбек,
 Оны дағы алғаны.
 Үргеніш пен Бұхарға,
 Арбасын сүйреп барғаны,
 Қоныстың бар ма қалғаны?! [9, 146]

Бұл қазақтың Батысының отарлануы. Жері тарылған, қайраны таусылған, жұртының ауыр халін жырлаған Мұрат Мөңкеұлының «Үш қиян» толғауы. «Адыра қалғыр үш қиян, Қайырсыз болған неткен жер», деп амалсыздық етеді. Жеті жұрттан қалған қоныстың, қазақ жұртына құтты мекен бола ма деген арманды орыс отаршылдығы ойрандады:

Әуелі жеңіп орыс Еділді алды,
 Сарытау, Аштарханның жерін де алды.
 Артынан еділден соң Нарынды алды,
 Тоғайдың ағаш, қамыс, талын да алды [9, 150].

Осы озбырлықты Дулат ақын да өзінше толғайды. Ол халықтың азып-тозып кетуін алдымен орыс патшалығының қазақ билігін тартып алуынан, шұрайлы жерді басып алып, дуан салуынан, елдің қонысы тарылып көшпенділік тұрмыстан айырылуынан, қазақтың өзін өзі қанап, болыстыққа таласып бейбіт елді бүліктіруінен деп түсінеді. Ақын толғауларының ерекшелігі де осы – замана келбетін бар көрінісімен көрсете алған шыншылдығында:

Айтуға ауыз келе ме,
 Аягөз кімнің жері еді?
 Жер сауырын жайлауды,
 Ел сауыры дер еді.
 «Жер кімдікі?» дегенде
 Аға сұлтан, қазылар
 Не деп жауап береді.
 Сауыр жерден айырылып,
 Қазақ елі қаралы...
 Ұзын өріс қысқарып,
 Кең қонысың тарылды.
 Жеріңнің алды шұрайын,
 Дуан салып жайланып.
 Датыңды айтсаң орысқа,
 Сібірге кеттің айдалып [9, 15].

Бұл қазақтың кең көсілген Сарыарқасының талапайға түсуі. Ақын жауапкершілікті ел басшылары болып отырған аға сұлтандарға жүктейді, елдің тозуын, «кең қоныстың тарылуын», құт қоныстан айырылуының себебін солардан сұрайды. Ертеңгі ұрпақ «ата-баба жері, менің жерім қайда, мына жер кімдікі?» десе, оларға не деп жауап бересің деген сауал тастайды. Жалпы сол тұстағы қазақ ақындарынан патшаның әкімшілік аппаратының ішіндегі лауазымы жоғары болып саналатын аға сұлтанды сын тезіне салу Дулатта ғана бар.

Ақындар отарланып, халқы бодан болғанға дейінгі туған жердің тамаша көрінісін әсем бейнелейді. Мәселен Аягөз өзенінің әсем табиғатын Дулат ақын динамикалық көрініспен сипаттайды: сонау Тарбағатай тауынан тоқсан сала болып, тоғыз өзенді түйістіріп тауды екіге жарып күркіреп ағып жатқан Аягөз, қырман аққан өзеннің жүйріктей шалқып шабуы, ойға түскен өзеннің сүйріктей сумаң қағуы өзенінің жағасында майыса тербелген сұлу тал, сол талдардың саясының көкмайса шөбіне мал семіріп, тел өскені көз алдыға тірі табиғатты алып келгендей.

Аягөз сенің бойыңда,
 Несібе, ырыс тегіс қой
 Сай-салаң балғын жеміс қой.
 Қырың – малдың кіндігі,
 Ойың – өнім егіс қой,

– деп думандата жырласа Дулат ақын, Мұрат бодандалғанға дейінгі елінің әсем көрінісін халықтың тыныс-тіршілігімен, туған жерінің төсіндегі елдің дәулеті болған мың-мыңдап өрілген малын, мамыржай күй кешіп, бейқам тірлік етіп жатқан елін жырға қосады:

Қойды мыңнан өсірген,
 Жылқыны санға жеткізген,
 Арпа, қауын төктірген,
 Жеріне жеміс ектірген
 Дәулеті қалың біткен жер.
 Қырғауылдай қызыл нар,
 Қыз-келіншек жиылып,
 Қызықпенен артқан жер.
 Айыр өркеш, сары інген,
 Кілем жауып үстіне,
 Қыл арқанмен тартқан жер.
 Мыңнан жылқы айдаған,
 Жүзден нарды байлаған,
 Салтанат түзеп мырзалар,
 Тамашаға батқан жер.

Бұл Дулат ақын мен Мұрат жыраудың аңсарындағы тәуелсіз ел ғана емес бүкіл халықтың арманындағы құт қоныс. Отарланып жаттың қолына өткеннен кейінгі жердің мұндай әсем көрінісінің бірі де қалмаған, тіпті бұрынғы арқырап ағып жатқан өзеннің ағысы да өзгерген,

Жағана дуан түскен соң,

Аягөз суы қағынды.

елдің де сиқы кетіп, ақыннан ұйқы қашқан:

Шенділердің қылығы,

Елге істеген былығы,

Азған елдің ішінде,

Дулат сынды сорлыда,

Ұйқы тыныш бола ма?!

Туелсіз ел, азат жер аңсары сол тұста жасаған ақындардың барлығының да шығармаларында кездеседі. Бұл отаршылдықтың әкелген себебінен туған салдар еді. Тәуелсіздікке қалай жетудің жолын нақтылап айта алмаса да, заманның лаңын сын тезіне сала отырып бүкіл патшалық аппараттың билік басындағыларды ашық айыптады, елді бостандыққа жеткізетін кемел, әділ басшыны арман етті, орыс мұжығының қолына кетіп ту-талақайы шыққан ата қоныстың сүреңсіз көрінісі қан жылатты, бодандыққа дейінгі төскейде малы шұбырған, әсем табиғатты кең жайлау, асқаралы асқар тау, тұнық, мөлдір айнакөл, алаңсыз тірлік еткен салқар көшті елді аңсады.

Ресей патшалығы қазақ жерін тұтас отарлап алған соң, басты мақсатына көшті – ұлтың рухани жан дүниесін тоздырып, санасын улап, орыстандырудың миссионерлік саясатын жүзеге асыра бастады. «Ресей империясының шет аймақтағы бұратана халықтарды тұтас шоқындырып орыстандыру жайындағы жүргізген миссионерлік саясаты қыры мол көп салалалы, жоспарлы әрі өте күрделі, мейлінше кертартпа мемлекеттік дәстүрлі саясат болатынды» [3, 105].

Патшалық Ресей өзінің басыбайлық саясатын іске асыру жолында ештеңеден тайынбады. Олар алдымен миссионерлік барлау арқылы арнайы мағлұматтар жинастырып, қазақ халқының рухани болымысын, әдет-ғұрып, салт-санасын, мәдениетін зерттеуден бастады. Халықтың рухани болымысын отарлаудың басты мақсаты – қазақ елін шоқындыру, орыстандыру болды. Сөйтіп мүлдем мәнгүрттендіріп, халықтың рухани жадын құртып, ұлт ретінде жер бетінен жойып жіберіп, барлық жағынан өздеріне тәуелді етіп, рухани құлдықта ұстауды басты мақсат етіп қойды және осы жолда аянбай тер төкті. Ең алдымен бірнеше ғасырлар бойы халықтың санасына сіңіп кеткен ислам діні мен мұсылмандық негіздегі оқу-ағарту жұмысын реформалаудан бастады. Мұсылмандық оқудың орнына орыс оқуын алмастыру, дін танытатын араб жазуын, орыс жазуымен алмастыру, проваславие дінін

уағыздайтын қазақ тіліндегі кітаптарды тарату, қазақ балалары оқитын мектептерде христиан дінінен сабақтар жүргізу сияқты т.б. бағыттардағы жұмыстарға қызу кірісіп кетті. Бұл жұмыстар нәтижесіз де болмады.

Қазақ жерінде болған осындай өзгерістердің нәтижесінде, халықтың сана-сезіміне өзгерістер әкелді. Елде бас көтеру, оянушылық, жақсыға ұмтылу ниеттері пайда болды. Заманаға сай сауаттарын ашып, орыс мектептерінде білім ала бастаған жастардың саны көбейді, ескі оқудың орнына сол кезде мұқым түркі жұртына тарала бастаған жаңа оқу «услу-жәдид» оқуын ендіре бастады. Мұнда діни сабақтармен қатар ана тілінде тарих, жағрафия, математика, орыс тілі сияқты т.б. дүнияуи сабақтар жүргізілді.

XIX ғасырдың соңғы ширегі мен XX ғасырдың басында елдің орыстандыру саясатына қарсы қазақтың бірсыпыра оқығандары мәдени-ағарту, әдебиет майданына шықты. Олар өздерінің шығармаларында ескі оқуға, надандыққа қарсы болды, мұсылмандық білімді ана тілінде оқытып үйрететін «услу жәдид» әдісін, жаңа әдісті барынша қуаттап, өз өлеңдерімен қолдау көрсетеді. Мәселен, Мақыш Қалтаевтің сөзіне құлақ түрсек:

Жәдидпен балаларға тап осы күн,

Екі-үш жылда мұқамал танытар дін.

Өзіміздің түрікше тілімізбен,

Тез білдіру болады қай жері мін...

Ана тілмен табылса қажетіміз,

Парыз ба ескіше оқу оқу әдетіміз.

Түркі тілде жәдидпен «Ғылым халды»,

Білсек қабыл болмай ма тағатымыз [9, 14].

Сөз болып отырған «Сахарадағы мешіттер» атты өлеңінде ақын жастардың діни тәлім-тәрбие мәселесіне айрықша көңіл бөле отырып, сонымен қатар, өмірлік қажеттіктерден туындап отырған орыс тілін үйреніп, орысша білім алу керектігіне де баса назар аударады. Медреселерде дін оқуымен бірге ғылыми пәндерді, орыс тілін оқытатын тәртіп енгізілсін деген пікірді қолдайды.

Дін танытып екі-үш жылда түркімізден,

Орыс тілін білейік тұрған қамап.

Қайыршы боп жүрмейді қолын жайып,

Кәсібін өнер тапқан болар манап,

– деп ақын заманның өзі талап етіп отырған орыс тілін білу арқылы жастарымыз кәсіпке, өнерге қол жеткізіп өзгеге қор болмайды деп тұжырымдайды.

Мақыш «Өз пайдамызды білмеуіміз» атты өлеңінде дүниелік оқуға шақырған ағартушылық ойын тереңдете түседі.

Үш-төрт жыл жәдидпенен дін танытып,

Школға мұнан кейін апар таста.

Школда үш жыл барып оқыған соң,

Адам болар адымын және хаста.

Шаһадатнама берсе учительдер

Мұнан соң қайда барса қалмас әсте [9, 9],

– деген өлең жолдары ақын өзі өмір сүрген замандағы ағартушылық бағытпен үндесіп жатыр. Жастарды оқу, білімге жетелеу туралы толғанады. Мақыш өзінен бұрын Абай, Ыбырай қалыптастырып дамытқан өрісті ойды жаңа жағдайда ары қарай жалғастырады.

Мақыш жастардың оқып, білім алудағы міндеті өз халқының пайдасына жарау, ғылым, өнерден кенже қалған елін алдыңғы қатарлы елдермен теңестіру, оның прогрестік бағытта дамуына жол ашу деп біледі. Сондықтан да қазақ жастарының ендігі талаптанып оқитыны заманға сай орысша оқып, білім алу, ондағы мақсат жеке бастың қамын күйттейтін шенеуніктік қызмет үшін емес, ертеңгі ел игілігіне жарарлық өнер, ғылым, кәсіпті меңгеріп халықтың, ұлттың мүддесін ойлайтын саналы, білімді азамат болу үшін оқу керек деп, оны өлеңдері арқылы насихаттайды.

Оқысын бай, фақырдың баласынан,

Орыстардың кәмелетті данасынан.

Петербор, Мәскеулердей биік жерде,

Орыстың шаһаратты қаласынан.

Барғанымыз басқадан кейін қалмас,

Мұнда үйретіп жіберсек шаласынан.

Заманаға жарарлық ғылым, білім,

Таба алмас қазақтың арасынан.

Білсін де дін-дүние қызмет қылсын,

Табылса да «пуруснай» қарасынан [9, 29],

– деген өлең жолдарынан қазақ жастарының болашағын көздеп, олардың ғылым, білімді игеруіне жол көрсетіп, бағыт сілтеген ақынның азаматтық үнін көреміз.

ҚОРЫТЫНДЫ

Ақын шығармаларына бүгінгі күннің биік талаптарынан қарасаң да үндестік табасың. Ол адамдардың бойындағы имандылық, рухани тазалық, ұлттық мақтаныш, замана көшінен қалмай, алға қарай ілгерлеу, әлемдік дамудың озық жетістіктерін меңгеу, білім берудің жаңа сапасын жетілдіру сияқты т.б. мәселелер бүгінгі күні де өзекті.

Қорыта айтқанда, қазақ ақындарының отаршылдыққа қарсы туындаған ағартушылық идеясы егеменді еліміздің қазіргі ұстанып отырған бағдарымен ұштасып, жалғасуда. Бұның өзі өткен ғасырдағы тәуелсіздік аңсардың жаңа замандағы жаңғыруының, санаға сіңгенінің жемісі деп білген жөн.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Қирабаев, С.** Тәуелсіздік рухымен. – Астана : «Фолиант», 2002. – 504 б.
- 2 **Әуезов, М.** Әдебиет тарихы. – Алматы : Ана тілі, 1991. – 261 б.
- 3 **Мырзахметов, М.** Қазақ қалай орыстандырылды. – Алматы : Атамұра-Қазақстан, 1993. – 128 б.
- 4 Абай (Ибраһим Құнанбаев). Екі томдық шығармалар жинағы. I том. – Алматы : Жазушы, 1986. – 304 б.
- 5 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы : Дайк-Пресс, 2008. – 968 б.
- 6 Энциклопедия «Ислам». – Алматы : Қазақ энциклопедиясы, 1995. – 285 б.
- 7 Қазақстан тарихы. Очерктер. – Алматы, 1994. – 419 б.
- 8 **Мырзахметов, М.** Отаршылдық дәуіріндегі әдебиет // Жұлдыз, 1993. – № 7, 8, 9.
- 9 **Қалтайұлы, М.** Шығармалары : өлеңдер, аудармалар, мақалалар. Семей, 1998. – 137 б.

Материал 03.04.20 баспаға түсті.

А. Т. Турганбекова¹, А. Д. Амренов²

Казахская поэзия на пути независимости

^{1,2}Факультет филологии и истории,
Павлодарский государственный педагогический университет,
г. Павлодар, 140002, Республика Казахстан.
Материал поступил в редакцию 03.04.20.

А. Т. Turganbekova¹, A. D. Amrenov²

Kazakh poetry on the way to independence

^{1,2}Faculty of Philology and History,
Pavlodar State Pedagogical University,
Pavlodar, 140002, Republic of Kazakhstan.
Material received on 03.04.20.

Данная статья подробно описывает, как фундамент независимости казахского народа, который в течение трех веков находился в подданстве Российской империи, был заложен в свободолобивой поэзии II половины XIX и начала XX века. Вместе с тем, проблема независимости изучается с точки зрения литературно-исторического процесса. Ее историческое и политическое значение раскрывается посредством всестороннего анализа вольнолюбивой

поэзии, рассматривается ее связь с сегодняшним днем. Поэзия того времени, мечтающая о независимости казахского народа, переживавшего тяготы колониальной политики, является исторической хронологией тех событий. Воспетое свободолюбие становится народным девизом, находит продолжение в творчестве современных поэтов.

This article describes in detail how the foundation of independence of the Kazakh people, which for three centuries was subject to the Russian Empire, was laid in the freedom-loving poetry of the second half of the 19th and the beginning of the 20th century. At the same time, the problem of independence is studied from the point of view of the literary and historical process. Its historical and political significance is revealed through a comprehensive analysis of freedom-loving poetry, its connection with the present is examined. The poetry of that time, dreaming of the independence of the Kazakh people, experiencing the hardships of colonial politics, is a historical chronology of those events. The glorified love of freedom becomes a national motto, is continued in the work of contemporary poets.

**ПРАВИЛА ДЛЯ АВТОРОВ
НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ ПГУ ИМЕНИ С. ТОРАЙГЫРОВА
(«ВЕСТНИК ПГУ», «НАУКА И ТЕХНИКА КАЗАХСТАНА»,
«КРАЕВЕДЕНИЕ»)**

Редакционная коллегия просит авторов руководствоваться следующими правилами при подготовке статей для опубликования в журнале.

Научные статьи, представляемые в редакцию журнала должны быть оформлены согласно базовым издательским стандартам по оформлению статей в соответствии с ГОСТ 7.5-98 «Журналы, сборники, информационные издания. Издательское оформление публикуемых материалов», пристатейных библиографических списков в соответствии с ГОСТ 7.1-2003 «Библиографическая запись. Библиографическое описание. Общие требования и правила составления».

***В номер допускается не более одной рукописи от одного автора или в соавторстве.**

***Количество соавторов не более 6.**

***Степень оригинальности статьи должна составлять не менее 60 %.**

Статьи должны быть оформлены в строгом соответствии со следующими правилами:

– В журналы принимаются статьи по всем научным направлениям в

1 экземпляре, набранные на компьютере, напечатанные на одной стороне листа с полями 30 мм со всех сторон листа, электронный носитель со всеми материалами в текстовом редакторе «Microsoft Office Word (97, 2000, 2007, 2010) для WINDOWS».

– Общий объем статьи, включая аннотации, литературу, таблицы, рисунки и математические формулы не должен превышать **12 страниц печатного текста**. *Текст статьи: кегль – 14 пунктов, гарнитура – Times New Roman (для русского, английского и немецкого языков), KZ Times New Roman (для казахского языка).*

Статья должна содержать:

1 ГРНТИ (Государственный рубрикатор научной технической информации);

2 Инициалы и фамилия (-и) автора (-ов) – на казахском, русском и английском языках (*прописными буквами, жирным шрифтом, абзац 1 см по левому краю, см. образец*);

3 Ученую степень, ученое звание;

4 Аффiliation (факультет или иное структурное подразделение, организация (место работы (учебы)), город, почтовый индекс, страна) – на казахском, русском и английском языках;

5 E-mail;

6 Название статьи должно отражать содержание статьи, тематику и результаты проведенного научного исследования. В название статьи необходимо вложить информативность, привлекательность и уникальность (*не более 12 слов, заглавными прописными буквами, жирным шрифтом, абзацный отступ слева и справа 1 см, см. образец*);

7 Аннотация – краткая характеристика назначения, содержания, вида, формы и других особенностей статьи. Должна отражать основные и ценные, по мнению автора, этапы, объекты, их признаки и выводы проведенного исследования. Дается на казахском, русском и английском языках (*рекомендуемый объем аннотации – не менее 100 слов, прописными буквами, нежирным шрифтом 12 кегль, абзацный отступ слева и справа 1 см, см. образец*);

8 Ключевые слова – набор слов, отражающих содержание текста в терминах объекта, научной отрасли и методов исследования (*оформляются на языке публикуемого материала*);

кегель – 12 пунктов, курсив, отступ слева-справа – 3 см.). Рекомендованное количество ключевых слов – 5-8, количество слов внутри ключевой фразы – не более 3. Задаются в порядке их значимости, т.е. самое важное ключевое слово статьи должно быть первым в списке (см. образец);

9 Основной текст статьи излагается в определенной последовательности его частей, включает в себя:

– слово ВВЕДЕНИЕ / КІРІСПЕ / INTRODUCTION (нежирными заглавными буквами, шрифт 14 кегль, в центре см. образец).

Необходимо отразить результаты предшествующих работ ученых, что им удалось, что требует дальнейшего изучения, какие есть альтернативы (если нет предшествующих работ – указать приоритеты или смежные исследования). Освещение библиографии позволит отгородиться от признаков заимствования и присвоения чужих трудов. Любое научное изыскание опирается на предыдущие (смежные) открытия ученых, поэтому обязательно ссылаться на источники, из которых берется информация. Также можно описать методы исследования, процедуры, оборудование, параметры измерения, и т.д. (не более 1 страницы).

– слова ОСНОВНАЯ ЧАСТЬ / НЕГІЗГІ БӨЛІМ / MAIN PART (нежирными заглавными буквами, шрифт 14 кегль, в центре).

Это отражение процесса исследования или последовательность рассуждений, в результате которых получены теоретические выводы. В научно-практической статье описываются стадии и этапы экспериментов или опытов, промежуточные результаты и обоснование общего вывода в виде математического, физического или статистического объяснения. При необходимости можно изложить данные об опытах с отрицательным результатом. Затраченные усилия исключают проведение аналогичных испытаний в дальнейшем и сокращают путь для следующих ученых. Следует описать все виды и количество отрицательных результатов, условия их получения и методы его устранения при необходимости. Проводимые исследования предоставляются в наглядной форме, не только экспериментальные, но и теоретические. Это могут быть таблицы, схемы, графические модели, графики, диаграммы и т.п. Формулы, уравнения, рисунки, фотографии и таблицы должны иметь подписи или заголовки (не более 10 страниц).

– слово ВЫВОДЫ / ҚОРЫТЫНДЫ / CONCLUSION (нежирными заглавными буквами, шрифт 14 кегль, в центре).

Собираются тезисы основных достижений проведенного исследования. Они могут быть представлены как в письменной форме, так и в виде таблиц, графиков, чисел и статистических показателей, характеризующих основные выявленные закономерности. Выводы должны быть представлены без интерпретации авторами, что дает другим ученым возможность оценить качество самих данных и позволит дать свою интерпретацию результатов (не более 1 страницы).

10 Список использованных источников включает в себя:

– слово СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ / ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ / REFERENCES (Нежирными заглавными буквами, шрифт 14 кегль, в центре).

Очередность источников определяется следующим образом: сначала последовательные ссылки, т.е. источники на которые вы ссылаетесь по очередности в самой статье. Затем дополнительные источники, на которых нет ссылок, т.е. источники, которые не имели место в статье, но рекомендованы вами для кругозора читателям, как смежные работы, проводимые параллельно. Рекомендуемый объем не более чем из 20 наименований (ссылки и примечания в статье обозначаются сквозной нумерацией и заключаются в квадратные скобки). Статья и список литературы должны быть оформлены в соответствии с ГОСТ 7.5-98; ГОСТ 7.1-2003 (см. образец).

11 Иллюстрации, перечень рисунков и подрисовочные надписи к ним представляют по тексту статьи. В электронной версии рисунки и иллюстрации представляются в формате TIF или JPG с разрешением не менее 300 dpi.

12 Математические формулы должны быть набраны в Microsoft Equation Editor (каждая формула – один объект).

На отдельной странице (после статьи)

В бумажном и электронном вариантах приводятся полные почтовые адреса, номера служебного и домашнего телефонов, e-mail (для связи редакции с авторами, не публикуются);

Информация для авторов

Все статьи должны сопровождаться **двумя рецензиями** доктора или кандидата наук для всех авторов. Для статей, публикуемых в журнале «Вестник ПГУ» химико-биологической серии, требуется экспертное заключение.

Редакция не занимается литературной и стилистической обработкой статьи.

При необходимости статья возвращается автору на доработку. За содержание статьи несет ответственность Автор.

Статьи, оформленные с нарушением требований, к публикации не принимаются и возвращаются авторам.

Датой поступления статьи считается дата получения редакцией ее окончательного варианта.

Статьи публикуются по мере поступления.

Периодичность издания журналов – четыре раза в год (ежеквартально).

Статью (бумажная, электронная версии, оригиналы рецензий и квитанции об оплате) следует направлять по адресу:

140008, Казахстан, г. Павлодар, ул. Ломова, 64,

Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова, Издательство «Кереку», каб. 137.

Тел. 8 (7182) 67-36-69, (внутр. 1147).

E-mail: kereku@psu.kz

www.vestnik.psu.kz

Оплата за публикацию в научном журнале составляет **5000 (Пять тысяч) тенге.**

Наши реквизиты:

РГП на ПХВ Павлодарский
государственный университет имени
С. Торайгырова
РНН 451800030073
БИН 990140004654
АО «Цеснабанк»
ИИК KZ57998FTB00 00003310
БИК TSESKZK A
Кбе 16
Код 16
КНП 861

РГП на ПХВ Павлодарский
государственный университет имени
С. Торайгырова
РНН 451800030073
БИН 990140004654
АО «Народный Банк Казахстана»
ИИК KZ15601024100003308
БИК HSBKZKX
Кбе 16
Код 16
КНП 861

ОБРАЗЕЦ К ОФОРМЛЕНИЮ СТАТЕЙ:

ГРНТИ 396.314.3

А. Б. Есімова

к.п.н., доцент, Гуманитарно-педагогический факультет, Международный Казахско-Турецкий университет имени Х. А. Ясави, г. Туркестан, 161200, Республика Казахстан
e-mail: ad-ad_n@mail.ru

СЕМЕЙНО-РОДСТВЕННЫЕ СВЯЗИ КАК СОЦИАЛЬНЫЙ КАПИТАЛ В РЕАЛИЗАЦИИ РЕПРОДУКТИВНОГО МАТЕРИАЛА

В статье рассматриваются вопросы, связанные с кодификацией норм устной речи в орфоэпических словарях, являющихся одной из отраслей ортологической лексикографии. Проводится анализ составления первых орфоэпических словарей, говорится о том, что в данных словарях большее внимание уделяется устной орфографии в традиционном применении, а языковые нормы устной речи остались вне внимания. Также отмечается, что нормы устной речи занимают особое место в языке программ средств массовой информации, таких как радио и телевидение, и это связано с тем, что диктор читает свой текст в микрофон четко по бумажке. В статье также выявлены отличия устной и письменной речи посредством применения сравнительного метода, и это оценивается как один из оптимальных способов составления орфоэпических словарей.

Ключевые слова: репродуктивное поведение, семейно-родственные связи.

ВВЕДЕНИЕ

В настоящее время отрасль мобильной робототехники переживает бурное развитие. Постепенно среда проектирования в области мобильной ...

Продолжение текста

ОСНОВНАЯ ЧАСТЬ

На современном этапе есть тенденции к стабильному увеличению студентов с нарушениями в состоянии здоровья. В связи с этим появляется необходимость корректировки содержания учебно-тренировочных занятий по физической культуре со студентами, посещающими специальные медицинские группы в...

Продолжение текста публикуемого материала

ВЫВОДЫ

В этой статье мы представили основные спецификации нашего мобильного робототехнического комплекса...

Продолжение текста

Пример оформления таблиц, рисунков, схем:

Таблица 1 – Суммарный коэффициент рождаемости отдельных национальностей

	СКР, 1999 г.	СКР, 1999 г.
Всего	1,80	2,22

Диаграмма 1 - Показатели репродуктивного поведения





Рисунок 1 – Социальные взаимоотношения

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ

- 1 Эльконин, Д. Б. Психология игры [Текст] : научное издание / Д. Б. Эльконин. – 2-е изд. – М. : Владос, 1999. – 360 с. – Библиогр. : С. 345–354. – Имен. указ. : С. 355–357. – ISBN 5-691-00256-2 (в пер.).
- 2 Фришман, И. Детский оздоровительный лагерь как воспитательная система [Текст] / И. Фришман // Народное образование. – 2006. – № 3. – С. 77–81.
- 3 Антология педагогической мысли Казахстана [Текст] : научное издание / сост. К. Б. Жарикбаев, сост. С. К. Калиев. – Алматы : Рауан, 1995. – 512 с. : ил. – ISBN 5625027587.
- 4 http://www.mari-el.ru/mmlab/home/AI/4/#part_0.

А. Б. Есімова

Отбасылық-туысты қатынастар репродуктивті мінез-құлықты жүзеге асырудағы әлеуметтік капитал ретінде

Гуманитарлық-педагогикалық факультеті,
Қ. А. Ясави атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университеті,
Түркістан қ., 161200, Қазақстан Республикасы.

A. B. Yesimova

The family-related networks as social capital for realization of reproductive behaviors

Faculty of Humanities and Education,
K. A. Yesevi International Kazakh-Turkish University,
Turkestan, 161200, Republic of Kazakhstan.

Мақалада ортологиялық лексикографияның бір саласы – орфоэпиялық сөздіктердегі ауызыша тіл нормаларының кодификациялануымен байланысты мәселелер қарастырылады. Орфоэпиялық сөздік құрастырудың алғашқы тәжірибелері қалай болғаны талданып, дәстүрлі қолданыстағы ауызыша емлесімен, әсіресе мектеп өмірінде жазба сөзге ерекше көңіл бөлініп, ал ауызыша сөздің тілдік нормалары назардан тыс қалғаны айтылады. Сонымен қатар ауызыша сөз нормаларының бұқаралық ақпарат құралдары – радио, телевизия хабарлары тілінде ерекше орын алуы микрофон алдында диктордың сөзді қағаз бойынша нақпа-нақ, тақпа-тақ айтуымен байланысты екені атап көрсетілді. Сөздікте ауызыша сөзбен жазба сөздің салғастыру тәсілі арқылы олардың айырмасын айқындалғаны айтылып, орфоэпиялық сөздік құрастырудың бірден-бір оңтайлы жолы деп бағаланады.

The questions, related to the norms of the oral speech codification in pronouncing dictionary are the one of the Orthologous Lexicography field, are examined in this article. The analysis of the first pronouncing dictionary is conducted, the greater attention in these dictionaries is spared to verbal orthography in traditional application, and the language norms of the oral speech remained without any attention. It is also marked that the norms of the oral speech occupy the special place in the language of media programs, such as radio and TV and it is related to that a speaker reads the text clearly from the paper. In the article the differences of the oral and writing language are also deduced by means of application of comparative method and it is estimated as one of optimal methods of the pronouncing dictionary making.

**ПУБЛИКАЦИОННАЯ ЭТИКА
НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ ПГУ ИМЕНИ С. ТОРАЙГЫРОВА
(«ВЕСТНИК ПГУ», «НАУКА И ТЕХНИКА КАЗАХСТАНА»,
«КРАЕВЕДЕНИЕ»)**

Редакционная коллегия журнала «Вестник ПГУ. Серия филологическая» в своей работе придерживается международных стандартов по этике научных публикаций и учитывает информационные сайты авторитетных международных журналов.

Редакционная коллегия журнала, а также лица, участвующие в издательском процессе в целях обеспечения высокого качества научных публикаций, избежание недобросовестной практики в публикационной деятельности (использование недостоверных сведений, изготовление данных, плагиат и др.), обеспечения общественного признания научных достижений обязаны соблюдать этические нормы и стандарты, принятые международным сообществом и предпринимать все разумные меры для предотвращения таких нарушений.

Редакционная коллегия ни в коем случае не поощряет неправомерное поведение (плагиат, манипуляция, фальсификация) и приложить все силы для предотвращения наступления подобных случаев. В случае, если редакционной коллегии станет известно о любых неправомерных действиях в отношении опубликованной статьи в журнале или в случае отрицательного результата экспертизы редколлегий статья отклоняется от публикации.

Теруге 03.04.2020 ж. жіберілді. Басуға 12.06.2020 ж. қол қойылды.
Пішімі 70x100 $\frac{1}{16}$. Кітап-журнал қағазы.
Шартты баспа табағы 24,5. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.
Компьютерде беттеген: А. Елемесқызы
Корректорлар: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас
Тапсырыс № 3585

Сдано в набор 03.04.2020 г. Подписано в печать 12.06.2020 г.
Формат 70x100 $\frac{1}{16}$. Бумага книжно-журнальная.
Усл. печ. л. 24,5. Тираж 300 экз. Цена договорная.
Компьютерная верстка: А. Елемесқызы
Корректоры: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас
Заказ № 3585

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған
С. Торайғыров атындағы
Павлодар мемлекеттік университеті
140008, Павлодар қ., Ломов қ., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы
С. Торайғыров атындағы
Павлодар мемлекеттік университеті
140008, Павлодар қ., Ломов қ., 64, 137 каб.
67-36-69
E-mail: kereku@psu.kz
www.vestnik.psu.kz